Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 811.512.122'1(043)

Қолжазба құқығында

ИМАНГАЗИНА МЕРУЕРТ АНУАРОВНА

Коммуникацияның бейвербалды амалдарының вербалдануы мен аудармасының ерекшелігі (М.Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша)

«8D02307 – Қазақ филологиясы»

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының докторы,
профессор Момынова Б.Қ.
(Алматы, Қазақстан)

Шетелдік ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының докторы
Пименова М.В.
(Ресей, Санкт-Петербург)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР ... 3

КІРІСПЕ ... 5

1. КОММУНИКАЦИЯНЫҢ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ АППАРАТЫ ... 12

1.1 Бейвербалды амалдарды зерттеудің лингвистикалық негіздері ... 12

1.2 Паралингвистиканың ғылыми аппараты: пікір қайшылықтары мен шешімдер ... 26

1.3 Бейвербалды амалдарды классификациялау ұстанымдары ... 38

1.4 Бейвербалды амалдардың тіл жүйесіндегі орны ... 48

2. КОММУНИКАЦИЯНЫҢ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАРЫНЫҢ КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ ... 57

2.1 Паралингвистикалық құралдарды вербалдаудың грамматикалық құрылымдары мен лексикалық үлгілері ... 57

2.2 Паралингвизмдер – көркем мәтін элементі ... 75

2.3 «Абай жолы» роман-эпопеясындағы бейвербалды амалдардың лингвопрагматикасы ... 86

2.4 «Абай жолы» романындағы «қарау» кинемасының қазақ және орыс тілінде вербалдану ерекшелігі ... 99

3. «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНДАҒЫ ПАРАЛИНГВИЗМДЕРДІ АУДАРУДЫҢ ТІЛДІК АСПЕКТІСІ ... 108

3.1. Лингвистикалық аударматану: «Абай жолы» романының аудармалары және аудармашы құзыреттілігі ... 108

3.2 «Абай жолы» романының ағылшын тіліне сатылай аудармасындағы паралингвизмдердің аударылу сапасы ... 119

3.3 Коммуникацияның бейвербалды құралдарын аудару тәсілдері ... 130

3.4 Паралингвизмдерді аударудың қиындықтары: аудармадағы симметрия және ассиметрия ... 165

ҚОРЫТЫНДЫ ... 199

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ ... 202

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертация жұмысында төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

Аударма – бір тілдегі ақпаратты, ойды немесе мәтінді екінші тілде мағыналық және стилистикалық тұрғыдан барабар түрде жеткізу үдерісі.

Аудармадағы ассиметрия – аударма процесінде екі тілдің грамматикалық, семантикалық немесе мәдени айырмашылықтарынан туындайтын сәйкессіздік.

Аудармадағы симметрия – бастапқы және аударма мәтіндері арасындағы мағыналық, құрылымдық және стилистикалық сәйкестік.

Аудармашы құзыреттілігі – аудармашының кәсіби қызметін сапалы орындауға мүмкіндік беретін тілдік, мәдени, коммуникативтік, стратегиялық және этикалық білім мен дағдылардың жиынтығы.

Бейвербалды код – коммуникацияның бейвербалды амалдарының белгілі бір жүйеге түсіп, белгілі әлеуметтік-мәдени ортада ақпарат жеткізуге, қарым-қатынас жасауға қызмет ететін таңбалық кешені.

Бейвербалды коммуникация – адамдардың сөзсіз жолмен — ым, ишара, мимика, көзқарас, дауыс ырғағы, қашықтық, дене тұрысы және қозғалыс арқылы хабар алмасуы.

Бейвербалды сигнал – коммуникант тілдік бірліктерді қолданбай-ақ, коммуникацияның бейвербалды амалдары арқылы жеткізетін ақпараттық белгі.

Бейвербалды мінез-құлық – коммуниканттың қарым-қатынас барысында сөзден тыс амалдар арқылы (ым, мимика, поза, дауыс ырғағы, көзқарас, қашықтық сақтау, т.б.) өзін, эмоциясын, ниетін, әлеуметтік мәртебесін білдіруі және оны қабылдаушыға жеткізу тәсілдері.

Жағдаят – вербалды акт бөлігі болып табылатын, объективті шындықтың үзіндісі.

Коммуникацияның бейвербалды амалдары – сөз субъектілерінің коммуникативтік діттемін орындау мақсатында жұмсалатын вербалды арнамен синхронды, кейде одан тыс қолданылатын тұлғааралық қатысымда жұмсалатын бейвербалды хабарды жеткізуші құралдар.

Контекст – дискурс барысында көрінетін және коммуникативтік акт кезінде өзекті болып табылатын, шынайы көрініс табатын, жағдаяттың бөлігі болатын имплицитті және эксплицитті түрде берілетін ойлар.

Көркем аударма – көркем шығармаларды (поэзия, проза, драма) эстетикалық және көркемдік ерекшелігін және мағыналық дәлдігін сақтай отырып, басқа тілге аудару түрі.

Лакуна – бір тілде немесе мәдениетте бар, бірақ екінші тілде тікелей баламасы жоқ ұғым.

Лингвомәдени компетенция – адамның өзге мәдениетті тіл арқылы дұрыс түсініп, тиімді қарым-қатынас орната білу қабілеті.

Паралингвизм – коммуникацияның бейвербалды амалдарының тілдегі вербалданған нұсқасын білдіретін тілдік құрылымдар.

Паралингвистика – коммуникацияның бейвербалды амалдарын лингвистикалық аспектіде зерттейтін тіл білімінің бір саласы.

Перлокутивті акт – адресанттың интенциясының адресатқа әсері.

Проксемикалық бейвербалды амалдар – коммуникация кезінде адамдар арасындағы кеңістік пен арақашықтықты сақтау ережелері.

Просодикалық бейвербалды амалдар – интонация, дауыс ырғағы, қарқыны, кідіріс, екпін сияқты акустикалық құралдар арқылы сөйлеушінің эмоциясын, көңіл күйін және бағасын білдіретін бейвербалды элементтер.

Сөйлеу актілерінің теориясы – сөйлеуді әрекет ретінде қарастыратын Дж. Остин ұсынған коммуникация теориясы.

Такесикалық бейвербалды амалдар – коммуниканттар денесінің жанасуы арқылы хабар беретін қарым-қатынастың бейвербалды құралдары.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Бейвербалды амалдар – кез келген халықтың қатысым мәдениетінде тілмен (сөйлеумен) қатар қолданылатын коммуникацияның басты бірлігі. Параэлементтер тек коммуникативтік актіде ғана емес, сонымен қатар вербалдану арқылы сөз, фразеологизм, метафора түрінде сөздік құрамда да көрініс табады. Көркем мәтінде жазушы шығарманың эмоционалды-экспрессивтік реңін күшейтіп, оқиға желісін оқырманның көз алдына елестетіп, визуалды әсер тудыру үшін қолданатын бірден-бір тәсіл – кейіпкерлердің бейвербалды амалдарын вербалдап жеткізу.

Шығармадағы паралингвистикалық құралдар тек түпнұсқа мәтінде ғана емес, аударма мәтінде де қызметі мен қуатын жоғалтпауы аса маңызды. Бұл басқа халықтардың оқырман ретінде шығарманы қабылдауы мен бағалауына, шығарма мазмұнының толық ашылуына, автор идеясы мен прагматикасының дұрыс жетуіне және ең бастысы шығарманың «ұлттық», «халықтық» сипатын сақтауына тікелей әсер етеді. Антропоөзекті парадигма кең құлаш жайған заманауи лингвистикада тілді өз ішінде, яғни интралингвистикалық тұрғыда ғана емес, басқа тілдермен байланыста – интерлингвистикалық бағытта зерттеу өзекті болып отыр. Тіларалық зерттеулердің бір бағыты аударма мәтіндерді нысанға алады. Осы орайда, зерттеу жұмысында бейвербалды амалдар мейлінше мол қамтылған әрі әлем әдебиетінің алтын қорына енген көркем туынды М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы назарға алынып отыр.

«Абай жолы» роман-эпопеясы әдебиеттану тұрғысынан М.Байтанаевтың «М.Әуезовтің «Абай жолы» романының көркемдік ерекшеліктері» зерттеу еңбегінде жеке қарастырылса, шығарма мәтінінің прагматикалық ерекшеліктері «Қазақ көркем проза мәтіндерінің прагматикалық әлеуеті» докторлық диссертациясында ішінара талданған, одан бөлек бірқатар магистрлік диссертациялар мен ғылыми мақалалар бар. Алайда «Абай жолы» роман-эпопеясындағы паралингвистикалық құралдар және олардың орыс тіліндегі аудармасы кешенді түрде қарастырылмаған.

Диссертацияның алғашқы тарауында бейвербалды амалдардың зерттелуі мен ғылыми аппараты талданса, екінші тарауда роман-эпопеядағы бейвербалды амалдардың вербалдану жолдары мен көркем мәтіндегі қызметі, ал үшінші тарауда аудармашы құзыреттілігінің аударма сапасына ықпалы қарастырылды. Сондай-ақ, зерттеудің өзектілігін аша түсу мақсатында «Абай жолы» романының ағылшын тіліне сатылай аудармасындағы лакуна құбылысы да жеке сөз болды. Шығармадан жиналған екі мыңнан астам тілдік деректің негізінде паралингвизмдердің орыс тіліне аударылу тәсілдері нақты мысалдар арқылы анықталып, көркем мәтіндегі бейвербалды амалдарды аударудың қиындықтары аудармадағы «симметрия» және «ассиметрия» бинарлы оппозициясының негізінде айқындалды.

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі жаһандану заманында Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде ұлттық тіл, ұлттық діл және ұлттық бірегейлікті сақтау ең маңызды мәселенің бірі болып отыр. Әсіресе, ақпараттық және жасанды

интеллект технологияларының дамуы ғажап деңгейге жеткен төртінші революция ғасырында ұлттық құндылықтарды сақтау тіпті өзекті бола түсті. Ұлттық құндылықтардың таңбаланып, хатқа түскен үлгілерінің біршамасы жазба мәтінде – көркем шығармада көрініс тапқаны белгілі. Әр ұлт өз әдебиетінде сан ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетаным ерекшелігін, рухани және материалдық мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін бейнелейді. Ал ұлттық әдебиетті әлем тілдеріне аудару арқылы «ұлттық менін» әлемге танытады, таратады.

Адамзат әдебиетінің алтын қорына қосылған «Абай жолы» роман-эпопеясы қазақ халқын әлем кеңістігіне танытушы, дәріптеуші мәдени мұра саналады. Алайда «Абай жолы» романының тілдік құндылығы мен сол құндылықтың аудармадағы көрінісі жеке зерттеу нысаны ретінде терең қарастырылмаған. Қазақ халқының этнопсихологиясы мен ұлттық коммуникативтік мінез-құлқын көрсетуге қызмет етіп тұрған романдағы паралингвизмдер – шығарманың түпнұсқа мәтіні үшін ғана емес, аударма мәтінінде де маңызды коммуникативтік, танымдық және семантикалық жүкті арқалаушы құрылымдар. Параэлементтерді қолданудың әр халыққа тән қатысым моделі, мәдениеті мен жүйесі бар.

Шығарманың басқа шет тілдерге аудармасы тікелей орыс тілі арқылы жүзеге асқан. Тақырыптың өзектілігі де осы тұстан анық көрінеді. «Абай жолы» романының орыс тіліндегі аудармаларын салғастыра талдау арқылы роман-эпопеяның жалпы аудармаларының мәдени-тілдік құндылығы айқындалады. Көркем мәтіндегі бейвербалды амалдардың аударма тілдегі көрінісінің бұрмалануы – шығарманың мағыналық дәлдігінің бұзылуына, көркемдік қуатының төмендеуі мен ұлт мәдениеті көріністерінің солғындауына тікелей әсер етуші фактор.

Тілдесімнің көмекші құралдарын аудармасымен салғастыра зерттеу тілдер мен мәдениеттердің бір-бірінен ерекшелігін айқын тануға жол ашады. Қазақ тілтанымында бейвербалды амалдарды бірнеше тіл материалы негізінде қарастыру, аудару ерекшеліктері мен қиындықтарын анықтау сынды мәселелер бұрын-соңды зерттеу нысанына алынбауы зерттеу жұмысының өзектілігін танытады. Бұдан бөлек, бейвербалды коммуникация саласы жаңа ғылыми жаңалықтармен толығып, паралингвизмдерді тану мен іріктеудің заманауи көзқарастары пайда болды. Мұндай байытылған жаңа білімдер тұрғысынан қазақ паралингвистикасында зерттеу мен бағалау жұмыстарын жүргізу де жұмыстың теориялық әрі практикалық құндылығын көрсетеді.

Зерттеудің нысаны. «Абай жолы» роман-эпопеясының түпнұсқа және орыс тіліндегі аударма мәтіндеріндегі коммуникацияның бейвербалды амалдарының вербалды үлгілері.

Зерттеудің пәні. Коммуникацияның бейвербалды амалдары және олардың орыс тіліндегі аудармалары.

Зерттеудің мақсаты. Зерттеу жұмысы «Абай жолы» романының түпнұсқасындағы паралингвизмдердің вербалдану ерекшеліктеріне және олардың орыс тіліне аударылу сапасы, аударылу тәсілдері мен қиындықтарына талдау жасау арқылы қазақ халқына тән бейвербалды құралдардың танымдық,

коммуникативтік және этикеттік ерекшеліктерін анықтауды, сондай-ақ «Абай жолы» роман-эпопеясының орыс тіліндегі аудармаларындағы қазақ ым-ишараларының мәдени-тілдік құндылығының сақталу деңгейін бағамдауды көздейді.

Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін мынандай нақты **міндеттер** орындалды:

- паралингвистиканың ғылыми аппаратына қатысты пікір қайшылықтарын саралай отырып, көркем мәтіндегі паралингвизмдерді сұрыптау критерийлерін теориялық негіздеу;

- бейвербалды амалдар арқылы көрінетін танымдық, мәдени ұғымдардың аударылуындағы ұлттық сипаттың сақталу деңгейін анықтау;

- халық санасы мен қатысым мәдениетінің тілдегі көрінісі саналатын бейвербалды амалдардың вербалдану тәсілдерін роман-эпопея материалы негізінде анықтау;

- шығарманың ағылшын тіліне орыс тілі арқылы жасалған екіншілік аудармасының лингво-мәдени құндылығын сараптау;

- бейвербалды құралдардың орыс тіліндегі аудармаларын талдай отырып, параэлементтердің әр халыққа тән қолданылу ерекшелігін, аудармаға кері әсерін тигізетін лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларды көрсету.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі. Зерттеудің теориялық тұғыры ретінде:

- паралингвистиканың теориялық мәселелерін қарастырған шетелдік зерттеушілер И.Н. Горелов, Г.В. Колшанский, Г.Е. Крейдлин, Е.С. Никитина, Т.М. Николаева, А.Пиз, R.L. Birdwhistell, E.T. Hall, A. Kendon еңбектері;

- отандық бейвербалды коммуникация мамандары Б.Қ. Момынова, С.Б. Бейсембаева, А.Д. Сейсенова, Ж. Нұрсұлтанқызы, С. Мағжан, М.П. Ешимов, В.Д. Нарожная, Ш. Зекенова т.б. еңбектері;

- паралингвизмдердің көркем мәтіндегі көрінісін зерттеген Е.Д. Боева, В.В. Ганина, И.А. Голованова, Е.А. Зуева, Ю.В. Иванова, О.В. Кобзева, Т.Л. Музычук, Н.В. Накашидзе, Я.В. Покровская, Е.А. Русина т.б. зерттеу жұмыстары;

- аударма теориясын зерттеген Дж. Кэтфорд А. Федоров, Ньюмарк, В.Н. Комиссаров Ж. Мунэн, О. Каде, К. Райс, Я.И. Рецкер, В.Н. Комиссаров, А.Д. Швейцер, С. Талжанов, Ә. Сатыбалдиев, Ө. Айтбаев, А. Алдаш зерттеулері;

- коммуникация теориясының мамандары Дж. Остин, Дж. Серль, В.В. Богданов, В.В. Красных, Г.Г. Почепцов, Н.И. Формановская, Ф.Ш. Оразбаева, З.К. Темиргазина, Д.А. Әлкебаева т.б. зерттеу жұмыстары;

- тілдік бірліктердің мәдени аспектісі туралы Ю.Е. Прохоров, И.А. Стернин, В.А. Маслова, М.В. Пименова, Н. Уәли, Ж. Манкеева, З. Ахметжанова, Ғ. Әнес т.б. еңбектері пайдаланылды.

Зерттеу әдістері. Зерттеуде сипаттамалы-семантикалық әдіс арқылы бейвербалды амалдардың мағыналары ашылды. Семантикалық-құрылымдық, компоненттік әдістер бейвербалды амалдарды вербалдау тәсілдерін анықтауға мүмкіндік берді. Коммуникативтік талдау негізінде параэлементтердің қатысым барысындағы рөлі көрсетілді. Бейвербалды амалдардың қазақ халқына тән лингвомәдени ерекшелігін анықтауда орыс тіліндегі баламалары назарға алынып

салғастырмалы талдау әдісі, сипаттамалы әдіс, интерпретация әдісі қолданылды. Паралингвизмдердің вербалды формаларына қатысты статистикаларды жасауда математикалық лингвистика әдістері негізге алынды. Қарым-қатынастағы параамалдардың ұлттық және әмбебаптық ерекшілігін нақтылау үшін салғастырмалы әдіс, этнолингвистикалық, бақылау әдістері қолданылды.

Зерттеудің дереккөздері. Зерттеудің негізгі дереккөзі ретінде қазақ халқының тұңғыш эпопеясы – М.Әуезовтің «Абай жолы» романының «Жазушы» баспасынан шыққан төрт томындағы паралингвизмдер, роман-эпопеяның орыс тіліндегі Л. Соболев жасаған бұрынғы аудармасы (1997, «Ана тілі» баспасы) мен А. Ким жасаған жаңа аудармасындағы (2012, «Жібек жолы» баспасы), сондай-ақ ішінара ағылшын тіліндегі Л. Наврозов аудармасындағы (1953, «Литературы на иностранных языках» баспасы) паралингвизмдердің аудармалары пайдаланылды. Барлығы 2000-нан астам тілдік қолданыс (қазақша және орысша үлгілер) жиналып, зерттеу материалы ретінде талдауға алынды.

Зерттеудің ауқымы мен болашағы. Коммуникация компоненттерінің ішінде бейвербалды амалдар – адам санасының сыртқы көрінісін дәл беретін және көп жағдайда адамның өзіне бағына бермейтін ерекше сигналдар. Бейвербалды амалдарды зерттеу арқылы адамның әлеуметтік әрекетін жүйелеуге, коммуникативтік мақсатын толық орындауға және интенциясын анықтауға қажет ақпаратқа қол жеткізуге болады. Ал бейвербалды амалдардың тілдегі көрінісін зерттеу, тілдік фактілерге сүйену арқылы ұлттық тілдің мәдениетаралық коммуникация контексіндегі ерекшелігін ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалықтары:

- зерттеу жұмысында «паралингвизм» термині жаңа мәнде жұмсалып, алғаш рет бейвербалды амалдардың көркем мәтіндегі вербалды үлгілерін атайтын ұғым ретінде қолданылды;

- зерттеу жұмысында туыс емес тілдердегі бейвербалды құралдардың вербалды үлгілері салғастырмалы аспектіде зерттеліп «транслатема» ретінде қарастырылды;

- қазақ қатысым мәдениетіндегі тілдесімнің көмекші құралдарының ұлттық ерекшелігі мен бірегейлігі, бейвербалды құралдарға жасырылған ұлттық аялық білім паралингвизмдерді орыс тіліне аудару процесін күрделендіретіні тілдік материал арқылы дәлелденді;

- шығармадағы паралингвизмдерді ағылшын тіліне орыс тілі арқылы аудару салдарынан екіншілік аударма мәтінде көлемді лакуналар пайда болып, бейвербалды амалдардың мәдени мәні солғындағаны анықталды;

- паралингвизмдердің аудармалары «симметрия» және «ассиметрия» бинарлы оппозициясы арқылы талданып, лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың аударма сапасына әсері сарапталды.

Зерттеудің теориялық маңызы. Ұсынылып отырған зерттеу нәтижелері тіл білімінің жаңа бағыттарын тереңірек зерттеуге, пәнаралық ізденістерді

кеңейтуге мүмкіндік беріп, қазақ халқының ым-ишараларын лингвомәдени және салғастырмалы аспектіде қарастыратын зерттеулерге теориялық-әдіснамалық негіз бола алады. Түпнұсқа және аударма мәтіндердегі тіл бірліктерін салғастырмалы талдау арқылы интерлингвистикалық зерттеу жасаудың маңызы мен тәсілін айқындап береді. Диалогтардағы, микродиалогтар мен автор нарративіндегі паралингвизмдердің шығарма кейіпкерлерінің образын жасаудағы, кейіпкерлер лингвопрагматикасын айқындаудағы және шығарма тілінің экпрессиясын арттырудағы рөлін саралап көрсетеді, сол арқылы көркем мәтіндегі паралингвизмдерді талдаудың жаңа үлгісін ұсынады. Параллель мәтіндер ішкорпусын пайдалана отырып корпустық зерттеу жүргізудің артықшылығын танытады. «Абай жолы» роман-эпопеясының тілі және аудармалары жайлы ғылыми ойды тереңдетеді.

Зерттеудің практикалық құндылығы. Зерттеу нәтижелерін тіл біліміндегі паралингвистика, этнолингвистика секілді жаңа бағыттарды, лингвистикалық аударматану, коммуникация теориясы, мәдениетаралық коммуникация, лексикология, лексикография сынды негізгі және арнайы курстарды оқытуда қолдануға болады. Зерттеу барысында жинақталған паралингвизмдердің эмпирикалық қоры ым-ишаралардың параллель ішкорпусын дайындауға, паралингвизмдердің қазақша-орысша веб-сөздігін және қазақ тіліндегі паралингвизмдер сөздігін жасауға, «Абай жолы» романының паралингвизмдер сөздігін жасауға, қазақ қатысым моделін танытатын ЖИ-ға негізделген құралдарды жүзеге асыруға пайдалы база бола алады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар.

1. Паралингвистика – коммуникацияның бейвербалды амалдарын және олардың вербалды үлгілерін зерттейтін тіл білімінің жаңа бағыты, ал бейвербалды семиотика – коммуникацияның бейвербалды амалдарымен қатар басқа да қосымша ақпарат беретін семиотикалық таңбалар мен графикалық көріністерді назарға алатын ауқымды макросала.

2. Көркем мәтіндегі паралингвизмдер – вербалды хабарды толықтырып, нақтылайтын, ұлттық қатысым мәдениетінің бейвербалды құралдарын тілде бейнелейтін, мәтіндегі танымдық контексті құрайтын, автордың индивидуалды дүниетанымынан, оқиғаға арқау болып отырған халықтың мәдени, әлеуметтік құндылықтар жүйесінен хабар беретін лексика-фразеологиялық құрылымдар.

3. Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің мәдени, этикеттік және коммуникативтік сипатының аудармада толыққанды сақталмауы және жеткізілмеуі шығарманың мазмұндық, образдық-идеялық және прагматикалық тұтастығының бұзылуына әсер етеді.

4. Шығармадағы паралингвистикалық құралдарды аударуда нақтылау, функциялық аударма, сөз қосу және сөзбе-сөз аударма тәсілдері біршама ұтымды болса, мағынаны жалпылау және лакуна құбылысы салдарынан паралингвизмдердің контекстегі мәні бұрмаланып, мәдени мәні солғындайды.

5. «Абай жолы» романының орыс тіліндегі аудармасындағы бейвербалды амалдардың сәтсіз аударылуына лингвистикалық (лексикалық, грамматикалық

және этномәдени ассиметрия) және экстралингвистикалық факторлар (аудармашының тілдік құзыреттілігінің төмендігі, аудармашының мәдени құзыреттілігінің төмендігі, жолма-жол аударманы пайдалануы, науқаншылдық және идеологиялық мәселелер) себеп болған.

Зерттеу нәтижелерінің жарияланымдары. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары шетелдік және отандық журналдарда 10 ғылыми мақала түрінде жарық көрді. Оның ішінде Scopus деректер базасына енетін халықаралық рецензиялайтын басылымда – 1 (бір) мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған тізімге енетін журналдарда 5 мақала, халықаралық ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конференция жинақтарында 4 мақала жарияланды. Халықаралық ғылыми конференцияда 2 баяндама жасалды.

Scopus деректер базасына енетін халықаралық ғылыми басылымда жарияланған мақалалар:

1. Mamynova B.K., Slyambekov Q.B., Soltanbekova A.A., Imangazina M.A., Ramazanov T.B. The fourth generation of academic Kazakh grammar // Новые исследования Тувы. 2024. №3. С. 326-340. https://doi.org/10.25178/nit.2024.3.20

ҚР ҒжЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған мақалалар тізімі:

1. Imangazina M., Pimenova M., Develi H. Language representation of nonverbal means: peculiarities of verbalisation in the Kazakh and Russian languages. Tiltanym. 2024(2):111-124. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-2-111-124

2. Имангазина М.А., Момынова Б.Қ. Ұлттық мінез-құлықтың коммуникацияда бейвербалды амалдар арқылы көрінуі. Абылай хан Хабаршысы. Том 73 (2) 2024. https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.73.2.006

3. М.А. Имангазина. Аудармадағы коммуникант эмоциясы: түр-түс атауларының қызметі мен семантикасы. Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. №3 (2024). 41-52 бб. https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-3.04

4. Имангазина М., Момынова Б. «Абай жолы» романындағы бейвербалды амалдардың аудармасы: ерекшеліктері мен кемшіліктері. Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің Хабаршысы, Филология сериясы, 2024, №1, 121-135 бб. https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp121-135

5. М.А. Имангазина. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы бейвербалды амалдардың тақырыптық топтары. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. №2 (147) 2024 97-107 бб. https://doi/org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-97-107

Халықаралық конференция материалдары жинағында жарияланған мақалалар:

1. Имангазина М. Бейвербалды амалдар – коммуникацияның көмекші құралдары// «Ұлттық ономастика феномені: ел тарихы, жер тағдыры» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: ЖК «Асыл», 2022. – 268 бет. 254-258 бб. ISBN 978-601-269-159-7

2. Имангазина М. «Абай жолы» романындағы «күлу» бейвербалды амалының коммуникативтік ерекшелігі // «Отандық тілтаным дамуының құрылымдық, коммуникативтік, антропоөзектік модустары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары – Алматы: 2023. – 515 бет. – 104-110 бб. ISBN 978-601-7293-98-7

3. Имангазина М. Бейвербалды коммуникацияны зерттеудің кезеңдік ерекшеліктері // Академик Шора Шамғалиұлы Сарыбаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Жаһандану дәуіріндегі тіл ғылымы, филология және түркітанудың өзекті мәселелері» атты халықаралық конгресс материалдары. – Алматы: 2025.

4. Имангазина М. Contradictions in the terminological apparatus of paralinguistics // Материалы международного форума «Русистика и тюркология: литературные традиции, культурный трансфер и перевод», посвященного 95-летию Бухарского государственного университета. – Бухара: 2025. – 651 с. – С. 285-290.

Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияларда оқылған баяндамалар:

1. Имангазина М.А. Невербальные элементы коммуникации в романе «Путь Абая» и особенности перевода // XXXXVI Международная научная конференция «Когнитивная лингвистика и лингвокультурология XXI в.» 26.06.2024 г. Бишкек, Кыргызстан.

2. Imangazina M. Nonverbal Communication and its Role in the Kazakh Culture // Applied Research International Conference on Multidisciplinary Studies & Education. 2024. Oxford, U.K.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу жұмысы анықтамалар мен кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 КОММУНИКАЦИЯНЫҢ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ АППАРАТЫ

1.1 Бейвербалды амалдарды зерттеудің лингвистикалық негіздері

Адамзат қоғамының дамуы мен тілдің дамуы – әрдайым қатар жүріп отыратын бір-біріне тығыз байланысты үдеріс. Сол себепті XX ғасырдың екінші жартысынан бастап әлем ғылымы адамның ішкі дүниесіне қызығушылық танытып, тілді «таңбалар жүйесі» деп қана қарастырмай, оның адам өміріндегі орны мен қызметін басты назарға алатын антропоөзектік парадигма негізінде зерттеу тіл білімінде кең өріс алды.

«XX ғасырдың басынан тіл білімінде үстемдік еткен құрылымдық парадигма біртіндеп антропоөзектік, этноөзектік және коммуникативтік тұжырымдамалардың ықпалымен алдыңғы орыннан шегіне бастады. Бұл жаңа бағыттардың басты зерттеу нысаны – адамның сөйлеуі және оның адамға қатысы болды» [1, 60]. Этноөзектік турасында ф.ғ.д. М.В. Пименова мынандай маңызды ой айтады: «Этнический ренессанс» нового времени привел к тому, что самыми актуальными и дискуссионными в науке стали вопросы этнической и социальной идентичности, роль и место языка в процессе этногенеза. В то же время определить роль языка без обращения этнической культуре невозможно» [2, 102]. Адам тілді өзін және әлемді тану үшін зерттейтінін ескерер болсақ, адамды, ұлтты негіз етіп алатын жаңа парадигманың дүниеге келуі – заңды құбылыс.

Ф.ғ.д. Ғ.Әнес антропоөзектік әдіске *психолингвистикалық, прагматикалық, деривациялық, коммуникативтік* және *жанрлық-стильдік* бағыттарды жатқызады [3]. Бұл бағыттар адамның ойында, ауызша сөзінде және таңбада өмір сүретін тілдің табиғатын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Қазақ тіл білімінде тілдік қатынас мәселесін әр қырынан қарастырған ғалым Ф.Оразбаева антропоөзектік әдісті «тілді субъективті құрылым ретінде мойындатқан суперпарадигма» деп бағалайды [4, 42]. Антропоөзектік суперпардигманы негізге алатын зерттеулер тілдің адам ойымен, халық санасымен байланысын анықтаудан басталып, тілді басқару, тілді дұрыс қолдану арқылы қоғамдық қатынасты жақсартуды мақсат ететін зерттеулерге ұласты. Тілтанушылардың бір тобын И.М. Кобозева атап өткендей: «Әлеуметтік қатысым кезінде туындайтын түрлі коммуникативтік мақсаттарды толық орындау үшін тілді қолдану механизмі қандай?» [5, 13] – деген сұрау қызықтырды. Нәтижесінде, тілдің коммуникативтік қызметі лингвистикаға ғана емес, психология, психолингвистика, социолингвистика, антропология, мәдениеттану, философия, социология, семиотика және т.б. салаларға ортақ тақырыпқа айналды. Мұндағы әр ғылым саласы коммуникацияны өзінің негізгі ұстанымдары бойынша зерттеді. Атап айтқанда, *психологияда* қарым-қатынас әртүрлі психологиялық процестерге негізделген мінез-құлықтың белгілі бір түрі деп есептелсе, *әлеуметтануда* қоғамдағы маңызды әлеуметтік факторлардың бірі ретінде, ал *антропологияда* қарым-қатынас, ең алдымен, мәдениетті дамытуға, сақтауға және өзгертуге көмектесетін құрал ретінде қарастырылды.

Тілдің коммуникативтік қызметін пәнаралық тұрғыдан зерттеу тіл білімінде жаңа бағыттың – *паралингвистиканың* қалыптасуына негіз болды. Коммуникацияның бейвербалды амалдарына деген қызығушылықты тілдің жұмсалымдық қызметінің адам өміріндегі маңызды орнымен байланыстыруға болады. Әлем халықтарының тілі әртүрлі болғаны секілді қатысым кезінде сөзіне кейде екпін беретін, кейде ойын жеткізуде көмекші болатын бейвербалды амалдары да, оларды қолдану жүйесі мен мәдениеті де әртүрлі болып келеді. Сол себепті кез келген халықтың бейвербалды құралдарына негізделетін паратілі дыбыстық тілі секілді терең зерттелуі қажет.

Паратілді зерттеудің негізгі бағыттарының бірі – коммуникативтік аспектіні назарға алу. Қазіргі таңда тілдің фонетикалық, грамматикалық, лексикалық деңгейлерін де қатысым барысындағы рөлі тұрғысынан зерттеу кең қолдау тауып келеді. Мәселен, қазақ грамматикасының жаңа кезеңіндегі зерттеулер тілдік бірліктерді тек құрылымдық жүйе ретінде емес, коммуникациялық қызметі тұрғысынан қарастыруды ұсынады. Сонымен қатар Ресейлік лингвистердің жаңа буыны академиялық грамматика әдеби тілмен қатар ауызекі тілдің деректерін де пайдалануы керек деп есептейді [6, 334]. Мұндай функционалдық бағыт бейвербалды әрекеттердің де тіл арқылы сипатталуын, яғни вербалдану процесін талдауға мүмкіндік береді. Себебі бейвербалды амалдар – ауызекі тілдің маңызды компоненті.

Тілдік емес құралдардың қатысым кезіндегі маңызы туралы алғашқы ой-тұжырымдарды ежелгі грек және рим ғұламаларының кітаптарынан кездестіруге болады. Мысалы, Аристотель, ым-ишараны бұқара халыққа әсер етудің бірден-бірі жолы деп есептесе, Цицерон адам сөзінің ым-ишаралармен сүйемелденіп отыруының артықшылығын баса атап өткен.

Антика дәуірінің философтарының ішінде бұл мәселеге тереңдеген испан риторы М.Ф. Квинтилиан «Наставления оратору» кітабында лебіздің дауыс (vox) және қимылдан (motum) тұратыны туралы сөз қозғайды. Ғұлама қимыл дегеннің орнына кейде *gestus* (қазіргі «жест», яғни «ишара») терминін қолданады. Ғалым кітаптың шешендердің ым-ишарасына қатысты бөлімінде дене қалыбы, бас қимылы, мимика, көзқарастың қызметін айта келе, әсіресе қол қимылының сөйлеушінің сөзімен тығыз байланысты екеніне назар аударды [7, 17].

Әр кезеңде бейвербалды амалдар сол кезеңнің өзекті тақырыптарының төңірегінде зерттелген. Аталған саланың негізін қалаушылардың бірі А.Кендонның сөзімен айтқанда: «Адам ойын білдірудің «табиғи» әрі «әмбебап» формасы саналатын ым-ишаралар ежелден-ақ өзіне назар аудартып келеді. Аяқ астынан пайда болған спонтанды құбылыс секілді болып көрінгенімен, шын мәнінде, ым-ишаралар белгілі бір әлеуметтік шарттарға бағынады және соған сәйкес реттеліп отырады. Демек, ым-ишараларды зерттеу адам ойын жеткізетін тілдік емес бірліктердің әлеуметтік үдерістер арқылы жалпыға ортақ коммуникативтік кодтарға айналу жолын түсінуге мүмкіндік береді» [7, 3].

Күнделікті қатысым барысында бейвербалды амалдар лебіздің эмоциялық бояуын арттырып, коммуниканттардың өзара түсінісуін жақсартады. Қатысым кезінде маңызды рөл ойнайтынына қарамастан, бейвербалды амалдарды арнайы

зерттеу лингвистика аясында бірден жүзеге аспады. Десе де бұл сала антропологиялық, биологиялық, әлеуметтік, психологиялық аспектіде ғалымдардың қызығушылығын тудыра білген. Тілдесімнің көмекші құралдары туралы ғылыми ойдың дамуын хронологиялық тұрғыдан ***алғашқы ғылыми ойлар кезеңі, жеке сала ретінде қалыптасу кезеңі, институционалдану кезеңі*** және ***қазіргі кезең*** деп төрт кезеңге бөлуге болады**.**

I. Алғашқы ғылыми ойлар: эмоция және эволюция теориясы (XIX ғ. ортасы – XX ғасырдың басы). Бейвербалды құралдар туралы ғылыми ойды алғаш боп қалыптастырған антрополог ғалымдардың эмоция туралы зерттеулері еді. Осы кезеңде бейвербалды амалдардың бір түрі – «мимика» эволюция теориясының маңызды бөлшегі ретінде қарастырылды. Атап айтқанда, XIX ғасырдың екінші жартысында философ-эволюционист Г. Спенсер, биолог-эволюционист Ч. Дарвин, психолог әрі тілтанушы В. Вундт тілдік емес құралдардың адам эмоциясын білдірудегі рөліне назар аударады.

Г.Спенсер «Психология ұстанымдары» (1855) кітабында мимика мен эмоцияның санамен байланысын қарастырып, адамның әртүрлі психикалық күйі белгілі бір қимыл-әрекетке итермелейтінін анықтайды [8, 596]. Бейвербалды амалдарды психологиялық аспектіде тереңірек талдаған және мимика мен эмоцияның байланысына кеңірек тоқталған *Ч. Дарвин* «Адам мен жануарлардың эмоцияны білдіруі» (1872) еңбегінде адам мен жануардың мимикасын сипаттап қана қоймай, айналасындағы адамдардың ым-ишараларын хатқа түсіріп, тіркеп отыру арқылы әртүрлі халықтардың бейвербалды құралдарды қолдану ерекшелігін және олардың мән-мағынасын анықтауға тырысқан [9, 247].

XIX ғасырдың орта тұсындағы бейвербалды құралдар туралы ғылыми ойдың тағы бір бағыты *дыбыстың ым-ишарадан шығуы туралы теорияға* негізделеді. Ол тіл шығуының одағай теориясына ұқсағанымен, екеуі екі түрлі ұстанымға сүйенеді. Неміс филологы Л. Гейгер алғашқылардың бірі болып дыбыстық тілдің негізінде адамның бет-жүз мимикасы жатыр деп тұжырымдаған. Л. Гейгер тілдің шығуы және ойдың дамуы туралы еңбегінде ежелгі замандарда адамдар хабарды ең алдымен визуалды түрде қабылдаған, алайда уақыт өте келе дыбыстар мимикадан ажырап дербес қолданыла бастаған деген болжам жасай отырып, ым тілін ой мен тілдің эволюциясындағы бастапқы саты деп бағалайды [10]. Неміс психологы әрі тілтанушысы В. Вундт та алғашқы адамдардың тілдесуінің екі жолы болғаны туралы «бірі – дыбыстық тіл, екіншісі – ым тілі» деген ойды қолдайды [11]. Ым тілінің мұндай тарихи рөлі туралы тұжырымдар XX ғасырда Я. Ван-Гиннекен, Леви-Брюль, Н.Я. Марр, В.В. Бунак зерттеулерінде өз жалғасын тапқан.

II. Жеке сала ретінде қалыптасу кезеңі (1950–1970 жж.). Бейвербалды құралдарды коммуникация компоненті ретінде қарастыру XX ғасырдың ортасындағы фонологиялық зерттеулер нәтижесінде жүзеге асты. Қатысымның көмекші құралдарына қатысты құнды ғылыми тұжырымдар жасалып, салалық терминологияның қалыптасуы да XX ғасырдың екінші жартысының еншісіне тиеді. Нақтырақ айтқанда, бейвербалды коммуникацияның *параті̇л, кинесика, проксемика* сынды түрлері осы кезеңде анықталған.

«Паратіл» ұғымын алғаш тілтанушы А. Хилл енгізген деген пікір орныққан. Америка үндістерінің тілін зерттеумен кеңінен танымал Дж. Трейгердің 1958 жылы жарық көрген паратіл (paralanguage) туралы трактаты вокалды белгілерге арналған көптеген кейінгі зерттеулерге жол ашқан маңызды еңбек болды. АҚШ ғалымы паралингвистикалық интонацияны (питч) таза лингвистикалық интонациядан ажыратып алу қажет екенін айтқан [12, 18]. Мұндағы *лингвистикалық питч* деп отырғаны сөздердің мағынасын өзгертуге қабілетті дыбыс сапасы болса, *паралингвистикалық питч* – сөз мағынасын өзгертпейтін, алайда оған эмоциялық реңк сыйлайтын просодикалық белгілер. Мақалаларында (1958, 1960, 1961) дыбыстық тілдің фонологиялық белгілері сипаттай отырып Трейгер адамның түрлі эмоциясы кезінде көрініс табатын қосымша дыбыстар мен шулардың бар екенін анықтайды және оларды «вокализациялар» деп атайды. Трейгер мұндай қосымша дыбыстарды өзіне дейін Л. Пайктың (Kenneth L. Pike) 1943 жылы «лебізден тыс дыбыстар» (non-speech sounds) терминімен атағанын еске салып өтеді [12, 18].

«Паралингвистика» терминін ғылымға енгізіп, теориялық тұрғыдан негіздеген А. Хилл десек те, А. Хиллге дейін Э. Сепир зерттеулерінде тілсіз коммуникация туралы тұжырымдар айтылғанына назар аударған жөн. Э. Сепир «Тіл» деп аталатын еңбегінде тілдің құрылымдық мәселелерін қарастыра келе, соңғы екі тарауында тілді антропологиялық аспектіде талдайды. Еңбектегі «Символизм» және «Коммуникация» деп аталатын мақалаларда тілдің семиотикалық табиғаты, нақтырақ айтқанда, түрлі сигналдар, ым-ишаралар, ұрыптар, этикет және т.б. сөз болады. Ғалым ым-ишараның жай ғана қимыл емес екенін дәл танып, бейвербалды амалдардың қатарына ым-ишарамен бірге интонацияны да жатқызады. Бұл турасында Э.Сепир: «Ишаратқа адамның дене мүшелерінің қозғалысы ғана жатпайды. Дауыс интонациясы да жұдырық түю, қол бұлғау, иықты сілку, қасты көтеру амалдары секілді біздің сезімдеріміз бен ойымызды жеткізе алады» - дейді. [13, 211]. Аталған еңбек 1921 жылы жарық көргенін ескерер болсақ, онда интонацияның паралингвистикалық сипатын Трейгер (Trager, 1941), Пайк (Pike, 1943), Уелс (Wells, 1945) сынды зерттеушілерге дейін байқаған ғалым Э.Сепир екені даусыз.

Лингвист-антропологтар Дж. Трейгер мен Х. Смиттің паратіл туралы баяндамалары басқа да ғалымдардың бейвербалды амалдарды зерттеуіне ықпал етті. Аталған екі ғалымның зерттеулерінен соң АҚШ антропологы Р. Бердвистелл дене тілінің (body language) хабар беру, яғни коммуникативтік қызметіне назар аударған. Ол 1952 жылы жарық көрген «Кинесикаға кіріспе» оқу құралында алғаш рет адамның бет-жүзі және денесі арқылы жасалатын ым-ишараларды зерттейтін саланың негізін қалап, оған «кинесика» деген атау береді. Оқу құралында Р. Бердвистелл коммуникация барысындағы бейвербалды амалдарды тіл сияқты жүйелі, мәдени тұрғыдан кодталған құрылым ретінде қарастырды әрі кинесиканы үш ірі категорияға бөлді. Олар – кинемалардың психологиялық негізін қарастыратын *пре-кинесика* (pre-kinesics), морфологиялық кластарын қарастыратын *микро-кинесика* (micro-kinesics), әлеуметтік рөлін қарастыратын *әлеуметтік кинесика* (social kinesics) [14, 3].

1970 жылдары Р.Бердвистелл бастаған ғалымдар тобы кинесика туралы түсінікті жетілдіре келе, дене тілінің қолданбалы жағын зерттеуді қолға алады. Зерттеушілер арнайы түсірілген бейнежазбаларды «кинесикалық әдіс» арқылы талдап, ондағы кейіпкерлердің коммуникативтік мінез-құлқын танытатын бейвербалды кодтарды ашады. Тыңғылықты зерттеудің нәтижесінде Р. Бердвистелл және оның әріптестері адамның бет-жүзі 250 000-ға жуық кейіпке (*кинеморфқа*) ене алатынын анықтайды [14, 9]. Бейвербалды коммуникацияны «үнсіз тіл» (Silent language) деп атаған антрополог Э.Холл хабар берудің бір арнасы саналатын кеңістік пен қашықтықтың мәдени маңызын анықтап, бұл құбылысты «проксемика» деп атауды ұсынды.

Екінші кезеңнің басты артықшылығы – бұл кезеңде бейвербалды коммуникацияны *тілтану, антропология, әлеуметтану* және *психология* ғылымдары пәнаралық бағытта зерттеуге кіріскен.

III. Институционалдану кезеңі (1970–2000 жж.). XX ғасырдың 50-70 жж. бейвербалды амалдардың терминологиялық аппараты қалыптасып, жеке сала ретінде іргетасы қаланса, XX ғасырдың соңғы ширегінде алдыңғы зерттеулер тереңдеп бұл саланың күрмеулі мәселелері алға қойылды. Әсіресе, М. Аргайл «Bodily Communication» зерттеуінде *вербалды арна мен бейвербалды арнаның арақатынасы, коммуникацияның бейвербалды амалдары мен бейсаналы бейвербалды сигналдар, бейвербалды коммуникацияның функциялары, бейвербалды коммуникацияны зерттеудің практикалық маңызы* секілді сұрауларға жауап берді. М. Аргайл бейвербалды амалдардың адамның әлеуметтік мінез-құлқын қалыптастырудағы рөлін, саяси, діни сипатын талдады. Ғалымның: «Таңбалар тілінің бейвербалды коммуникацияға еш қатысы болмағандықтан, біз бұл мәселені ұсынып отырған зерттеуімізде талқыламаймыз» [15, 6] – деген пікірі бейвербалды коммуникацияның зерттеу нысанына қатысты мәселенің басын ашып берді.

XX ғ. 70 ж. бастап бейвербалды амалдарды атнропоөзекті парадигмада, яғни мәдени контексте зерттеу одан әрі кең өріс алды. Жоғарыда сөз болған М. Аргайлдың «Bodily Communication» (1975) еңбегі, Э. Холлдың «Beyond Culture» (1976) еңбегі, А. Кендонның «Studies in the Behavior of Face-to-Face Interaction» кітаптары тілдесімнің көмекші құралдарының мәдени ерекшелігі мен мәдениетаралық коммуникациядағы рөлін көрсеткен құнды зерттеу саналады.

Осы кезеңнің белді зерттеушілерінің бірі – Джудит А. Холл бұл саланы социолингвистикалық бағытта зерттеп, бейвербалды амалдарды декодтаудың гендерлік аспектісіне назар аударады, нәтижесінде, *ер адамдарға қарағанда әйел адамдардың бейвербалды сигналдарды дәлірек түсініп, қабылдайтыны туралы* [16, 854] маңызды қорытындыға келеді.

АҚШ психологы әрі эмоция саласының эксперті П. Экман адам мимикасы мен микромимикасының сөзімен және ойымен сәйкестігін терең зерттеп, *әмбебап мимикалар теориясын* дүниеге әкелді. П. Экман мен В. Фризен жасап шыққан мимемалар арқылы сөйлеушінің жалған сөйлеп тұрғанын немесе шындықты айтып тұрғанын мүдірмей анықтайтын FACS (1978) кодтау жүйесі бейвербалды амалдарды автоматты танудың алғашқы әрі үздік үлгісі деп

есептеледі. Қолданбалы зерттеулер Калифорния университетінің профессоры А. Мерабианның «Silent Messages» еңбегінде өз жалғасын тапты. Нақтырақ айтқанда, А. Мерабиан бейвербалды амалдарды эксперимент негізінде зерттеу арқылы коммуникация мазмұнын модельдейді. Ғалым коммуникант эмоциясы үш компоненттен – сөз, дауыс және ым-ишарадан тұратынын анықтайды. Осыған қатысты зерттеушінің ұсынған «7-38-55» формуласы коммуникация теориясында өте кең тараған.

Үшінші кезеңнің тағы бір ерекшелігі бейвербалды коммуникацияға арналған арнайы ғылыми журналдар ашылып, жоғары оқу орындарында пән ретінде оқытыла бастады. Мәселен, бейвербалды коммуникация курсына Калифорния, Мичиган, Пердью университеттерінің сұранысы жоғары болды [17, 17]. Сондай-ақ паралингвистика мәселелеріне арналған «Human Communication Research», «The Journal of Personality and Social Psychology», «Journal of Nonverbal Behavior, Gesture» сынды ғылыми журналдардың негізі қаланды.

Үшінші кезеңді бейвербалды амалды коммуникативтік аспектіде зерттеу кең өріс алған, әлеуметтік рөліне жете мән берілген, зерттеу әдістері күрделенген, зерттеушілердің географиясы кеңейген кезең деп бағалауға болады.


IV. Қазіргі кезең (2000 жылдан бері). Кейінгі ізденістерде бейвербалды амалдар туралы антропосемиотикалық тұрғыдан, яғни «адам-адам» коммуникациясы аясында сөз бола бастады. Бұл параэлементтерді лингвистика аясында когнитивтік, мәдени және прагматикалық аспектілерде тереңірек зерттеуге мүмкіндік берді.

Тілдесімнің көмекші құралдарын зерттеудің заманауи тәсілдеріне *психолингвистикалық, нейролингвистикалық бағыттарды, ЖИ негізіндегі зерттеулер* мен *корпустық зерттеулерді* және *компьютерлік паралингвистиканы* жатқызамыз. Жаңа буынның белді өкілдері ретінде A. Özyürek, M. Gullberg, Sotaro Kita, C. Müller, S. Goldin-Meadow т.б. психолингвистерді атай аламыз.

Соңғы кезде «co-speech gesture generation», яғни *«сөзді сүйемелдейтін ым-ишараларды генерациялау»* бейвербалды коммуникацияны озық технологиялар арқылы зерттеуде кеңінен танымал ұғымға айналды. Қазіргі таңда батыс зерттеушілері аудиодағы және мәтіндегі вербалды ым-ишараны бейвербалдап, визуалды кейіпкер орындайтын іс-әрекетке айналдыратын «SemGes» (semantic-gesture) сынды ақылды модельдерді жасауға күш салып жатыр. Зерттеушілердің басты мақсаты – тілдесім барысында өзін адаммен тең дәрежеде ұстап, сөзі мен іс-қимылы, ым-ишаралары бір-бірімен толық үйлесіп тұратын визуалды кейіпкерді әрі көмекшіні жасап шығу [18].

Бейвербалды белгілерді, көз қозғалысын тіркеу (eye-tracking), бетті тану жүйелері, бейвербалды коммуникацияны модельдеу сынды мәселелер мен бейвербалды құралдардың цифрлық ортадағы баламаларын, яғни эмодзи, смайлик, қаріп ерекшеліктері, GIF-анимациялар, мемдер, тыныс белгілері секілді экранда көрініс табатын бейвербалды белгілер жүйесін зерттеу паралингвистиканың жаңа бір тармағы *компьютерлік паралингвистика* нысанына айналған. Интернет-коммуникацияның паралингвистикалық құралы

жайлы Д. Кристалдың «Тіл және интернет» еңбегінде жан-жақты сөз болды. Д.Херринг чат пен форумдардағы паралингвистикалық белгілерді, Т.Шмелева, Е.Земская, Н.Кузьмина интернет дискурстағы тілдік және тілдік емес құрылымдардың арақатынасын, графикалық символдардың паралингвистикалық ерекшеліктерін талдайды (Сызба 1).



Сызба 1 – Бейвербалды амалдарды зерттеу хронологиясы

Қазіргі кезеңде бейвербалды амалдар қолданбалы лингвистика мамандарының ерекше қызығушылығын тудырып отыр. Заманауи зерттеушілер тіл мен бейвербалды амалдарды «біртұтатас хабар беруші сигнал» (composite signal) деп, тіл үйренушілер екінші тілді меңгеруде толық коммуникативтік құзыреттілікке ие болуы үшін тек грамматика мен сөздік құрамды ғана емес, бейвербалды құралдарды да игеруі керек деп есептейді [19, 108].

Ым-ишараны зерттеудің алғашқы кезеңдерінде ғылыми ой тұрғысынан психолог және антрополог мамандар алға озса да, тілдесімнің көмекші құралдарының вербалдану мәселесі соңғы уақытта көбірек тілге тиек етіле бастады. Бейвербалды құралдар біз ұсынған хронологиялық классификация бойынша үшінші кезеңнен бастап, яғни жарты ғасырдан бері тілтанушылардың назарына ілігіп, үздіксіз зерттеліп келеді. Лингвистикалық зерттеулердің басым бөлігі аталған саланың әдіснамалық негізін қалыптастыруға, лингвомәдени және мәдениетаралық коммуникациядағы орнын бағалауға және әлеуметтік сипатын талдауға бағытталған. Бұл мәселелер *орыс паралингвистері* – А.В. Филиппов, Т.М. Николаева, А.А. Акишина, Е.В. Красильникова, Л.Н. Капанадзе, Г. Крейдлин, Г.В. Колшанский, Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров, И.Н. Горелов, Э.Г. Куликова зерттеулерінде, *өзбек тілтанушылары* – А. Нурманов, М.М. Саидхонов мақалаларында, *татар паралингвисі* – Л.А. Хисамова, *башқұрт паралингвисі* – Ф.Ф. Султанова, *түрік психолингвисі* – А. Өзюрек, *қырғыз зерттеушісі* – А. Ботобаева еңбектерінде ұлттық тіл тұрғысынан сөз болып жүр. Қазақ тіл білімінде қатысымның көмекші құралдарын зерттеумен айналысқан *Б.Момынова, С. Бейсембаева, Ж. Нұрсұлтанқызы, С. Мағжан, М. Ешимов, Г.Камешева, В. Нарожная, Ш. Зекенова, А. Оналбаева* т.б. еңбектері қазақ паралингвистикасының негізін құрайды.

Ш. Зекенованың зерттеуі бойынша, түркі әлемінде ым-ишаралар туралы алғашқы тұжырымдар әл-Фараби, М. Қашқари еңбектерінде көрініс тапқан. Ал қазақ ғылымында ым-ишаралардың маңызы жайлы М. Жұмабаевтың «Педагогика», Ж. Аймауытовтың «Психология» оқулықтарында сөз болғаны, сондай-ақ профессор Қ.Жұбановтың да пікір білдіргені белгілі. Сонымен қатар «тәжім ету» секілді кейбір этнокинемалардың сипаттамасын этнограф ғалым Ш.Уәлихановтың шығармалар жинағынан табуға болады [20, 152].

Ж.Аймауытов «сыртқы мүшелердің болар-болмас қозғалысының өзі қырағы бақылаушыға ішкі мүшелерінің қозғалысын ашып береді» [21, 38] – деп ым-ишаралардың кісі сезімін жеткізудегі рөлін дөп басып көрсетеді. Осы еңбегінде автор: «Бет құбылыстың өзі, маңдайдың қатпары, сызығы, қастың қимылы, көздің қарасы, танаудың, мұрынның желбіреуігі, еріннің төменгі жақ сүйегінің қозғалыстары мінезді едәуір көрсетеді. Бастың, иықтың, еңсенің қозғалысы да көп нәрсені айтып береді», – дейді [21, 38]. М. Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде жанның жайын жарыққа шығару жолы туралы сөз қозғай келе, оның екі құралы бар екенін атап өтеді: «Біреуі – мимика, біреуі сөз. Мимика дегеніміз – жанның сырының дене арқылы сыртқа білінуі (бас изеу, күлу, жылау сықылды). Мимика тілін әркім-ақ ұғады. Бірақ мимикамен бар

нәрсені ұқтырып болмайды», - дей келе автор мимиканы «ішкі сезім тілі» деп бағалайды [22, 97]. М.Жұмабаев жанда болған әрбір ішкі сезім сыртқа шықпай, яғни денеге әсер бермей қоймайтынын айта келе, қазіргі таңда біз бейвербалды құралдардың түрлері ретінде қарастырып жүрген бет, дауыс және дене сынды референттерге тоқталып, «ұялғанда бет қызарады, қорыққанда дауыс, дене дірілдейді» - деп нақтылай түседі [22, 102].

Т. Қордабаев: «Паратілдік құралдар да дыбыстық сөздер сияқты өте тиімді және ыңғайлы болып есептеледі. Шынында да, адамдар бір-бірін белгілі бір дыбыстар арқылы ғана емес, қимылдар арқылы да түсінісе алады» [23, 124] – деп тілдік емес құралдар да адамдардың тілдесуінің бір жолы екеніне тоқталған. Ә. Хасенов: «Тілдің эмотивті қызметін... тілдің аффективті, эмоционалды, волюнтативті қызметі деп те атай береді. Өйткені, тіл адамның еркі, ішкі күйініш-сүйініш, түйсігі мен сезімдерін де білдіре алады. Орыс, қазақ тілдерінде мұндай ұғымдарды жеткізу үшін одағайлар, еліктеуіш сөздер, кішірейту, еркелету қосымшалары (жұрнақтары), бұйрық етіс формалы, интонация мен сөздердің орын тәртібі, тәсілдері т.б. қолданылады» [24, 54] – деп тілдің эмоцияны жеткізу қызметі жөнінде айтқан пікірінде вербалды тәсілдердің қатарына интонацияны да қосады.

Қазақ тіл білімінде бейвербалды құралдар туралы алғаш пікір білдірген М.Мұқанов, С.Татубаев, А.Сейсенова, К.Қажығалиева зерттеулері ым мен ишараттарды әртүрлі қырынан, фрагментарлы қарастырған ізденістер деп бағаланады. Қазақ паралингвистикасындағы зерттеулер осы уақытқа дейін лингвомәдени, құрылымдық және социолингвистикалық аспектіде жүргізілді, ал бейвербалды құралдардың аудармасы туралы ізденістер саусақпен санарлық, негізгі зерттеулер аясында айтылған пікірлер ғана кездеседі (Сызба 2).



Сызба 2 – Қазақ паралингвистикасының зерттелу бағыттары

Бейвербалды амалдарды мәдени контексте, яғни *лингвомәдени аспектіде* қарастыру – әлем тілтанушылары да, қазақ тілтанушылары да ерекше мән берген бағыттардың бірі. Б. Момынова, С. Бейсембаева, М. Ешімов, Ж. Нұрсұлтанқызы, Г. Камешева. З. Нуржанова, Р. Бердалиева зерттеулерінде қазақ халқына тән ым-ишаралардың лингвомәдени қырлары, жұмсалым ерекшелігі қарастырылады. Профессор Б. Момынова монографиясында ым-ишаралардың қатысым мәдениетіндегі және сөйлеу этикетіндегі рөлі, бейвербалды амалдарды зерттеудің психологиялық, семиотикалық аспектілері, адам эмоциясы мен ым-ишараты арасындағы байланыс сынды мәселелер талқыланады. С. Бейсембаева қазақ қатысым мәдениетінің бейвербалды компоненттерін сипаттай келе, қазақ халқының әдепті білдіретін бейвербалды амалдары және тыйым салынған табу бейвербалды амалдары бар екенін анықтап, тілдік фактілермен дәйектеген. Р. Бердалиева ым-ишаралардың этикеттік сипатын, Ш. Мажитаева, А. Муратова қазақтың бейвербалды амалдар арқылы жасайтын құпия тілдесімінің феномендігі турасында зерттеу жүргізген. С. Кенжеғалиева, Д. Айтжанның ғылыми мақалаларында қазақы дәстүрдегі бейвербалды амалдар ұлттық код ретінде танымдық, этнолингвистикалық аспектіде талданады.

Бейвербалды амалдардың *құрылымдық* жағын қарастырған Г. Камешева ым-ишараларға қоса таңбаны, белгіні, символды жазба және сөйлеу тілдерімен қатар қолданылатын қосымша қарым-қатынас құралы ретінде таниды және олардың мән-мағынасын ашуға күш салады. Омоним және синоним бейвербалды амалдардың эмотивті-коммуникативтік сипатын зерттеген Ш. Зекенова әскери құрылымдарға тән параэлементтерді жинастырып, ым-ишаралардың жаңа қыры – кәсіби жұмсалымы туралы тың тұжырымыдар ұсына білді. Бейвербалды амалдардың көпмағыналылығы мәселесімен айналысқан С. Мағжан «паратілдік мәтін» және «паратілдік мәнмәтін» ұғымдарын қолдана отырып, қазақ тіл білімінде бұл мәселе бұрын-соңды сөз болмағанын атап өтеді және бейвербалды құралдардың мәтіндегі қолданысын зерттеуде бұл екі ұғымның аражігін ашып алу қажет екеніне баса назар аударады.

Әлеуметтік лингвистика секілді жаңа бағыттардың өзектілігінің артуы бейвербалды коммуникация туралы зерттеулерге де әсерін тигізді. А. Оналбаеваның «Стратификация невербального общения в социокультурном контексте» атты докторлық диссератациясы (2010) бейвербалды амалдардың социолингвистикалық ерекшеліктерін тереңнен талдаған – құнды зерттеу. Ф.ғ.д. А. Оналбаева ғылыми жұмыстарында бейвербалды коммуникацияны стратификациялау кезінде коммуникатвитік жағдаят, қатысым ортасы, сөйлеу әрекетінің түрі секілді коммуникация параметрлері ескерілуі қажет екенін айтады және бейвербалды қатысымның вербалды қатысым секілді қоғамның әлеуметтік стратификациясымен тығыз байланысты екеніне назар аударады [25, 103]. Ал В. Нарожная зерттеуінің ерекшелігі зерттеуші социолингвистикалық сауалнамалар арқылы қазіргі қазақ социумындағы бейвербалды амалдардың мәдениетаралық, ұлтаралық қатысым кезіндегі жұмсалымын, Қазақстандағы этностардың өзара тіл табысуына тигізер ықпалын, мәдени диалог орнатудағы рөлін бағамдауға тырысады. А. Келмағанбетова жастарға тән бейвербалды

амалдарды, З.Нуржанова бейвербалды коммуникацияның гендерлік ерекшеліктерін қарастырғанын да атап өткен жөн. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ғана емес этносаралық қатынас тілі ретінде де жұмсалуы мақсат етілген Жаңа Қазақстан контекстінде тілдесімнің бейвербалды амалдарын әлеуметтік лингвистика аясында зерттеу өзекті екені сөзсіз. Сондықтан тілдесімнің көмекші құралдарының әлеуметтік рөлі үздіксіз зерттеліп отыруы тиіс маңызды тақырып деуге болады.

Толық бейвербалды коммуникацияға арналған зерттеулермен қатар, басқа да теориялық еңбектерде бейвербалды құралдар әр тұрғыдан тілге тиек етіліп отырды. Мәселен, ғалым Ф.Ш. Оразбаева тілдік қатынасқа арналған зерттеуінде бейвербалды амалдардың коммуникативтік қызметі туралы құнды тұжырымдар жасайды. Тілші-ғалым қарым-қатынас екі түрлі жолмен жүзеге асады дей келе, тілдік қатынас пен тілсіз қатынастың айырмашылықтарын және ұқсастықтарын саралап көрсетеді және бейвербалды коммуникацияда ым-ишараттар, таңба-белгілер негізгі тілдесім қызметін атқара алады деген қорытындыға келеді [26, 78]. Бейвербалды құралдардың сөйлеу актісіне қатысатын коммуникация компоненті ретіндегі қызметі З. Темиргазинаның еңбегіне арқау болған. З. Темиргазина тілдесімнің параэлементтерін коммуникативтік аспектіде қарастыра келе: «Коммуниканттың тілдік мінез-құлқының құрамына вербалды компоненттермен қатар бейвербалды құралдар, яғни кинескиа, мимика, ишара, түрлі дыбыстық белгілер жатады. Мұндағы бейвербалды құралдар деп отырғанымыз жеке адамның ерекшеліктері емес, белгілі бір қоғамда толық қабылданып, бекіген конвенционалды ым-ишаралар» - деген ой айтады [1, 50]. Бұл бағыттағы ізденістер қазақ тіл білімінде аса көп емес. Тілдесімнің көмекші құралдарының табиғатын тануға көмектесетін маңызды фактілерге қол жеткізу үшін бейвербалды амалдардың лингвопрагматикалық сапасы әлі де талдануы, талқылануы тиіс мәселе екені даусыз.

Г.В. Колшанский көрсеткендей, *бейвербалды құралдарды тіл білімі аясында зерттеу – олардың тілдегі көрінісін, яғни вербалды үлгілерін зерттеу*. Е.М. Верещагин: ««Бейвербалды құралдардың тағы бір қызық қыры олардың, әдетте, тұрақты вербалды сипаттамалары болады және мұндай сипаттамалар тілдің маңызды әрі ауқымды қабатын құрайды», - деп [27, 392] бейвербалды құралдардың тіл корпусындағы орнына назар аударады. А. Акишинаның орыс тіліндегі ым-ишараттардың елтанымдық сөздігі, Ю.В. Иванова 20-21 ғасырдағы француз әдебиетіндегі паралингвизмдер негізінде құрастырған «Словарь фразеологизмов, отражающих жест», «Словарь вербализованных паралингвизмов, извлечённых из французской прозы XX века», «Словарь вербализованных паралингвизмов, извлечённых из произведений М.Дюрас», «Частотный словарь фразеологических оборотов, отражающих жест, у Дюрас», «Словарь вербализованных паралингвизмов, извлечённых из произведений Т. Бен Желлуна», «Частотный словарь фразеологических оборотов, отражающих жест, у Бен Желлуна» сөздіктері [28] және қазақ көркем туындыларындағы ым-ишаралар жинақталған Б. Момынованың *«Қазақ ым-ишараттарының түсіндірме сөздігі», «Қазақ ым-ишараттарының суретті түсіндірме сөздігі»,*

М. Ешімовтің *«Қазақ ым-ишараттары» лингвомәдениеттану сөздігі»* сынды лексикографиялық еңбектердегі паралингвистикалық лексиканың мол қоры Е.М. Верещагин пікірін дәйектей түседі.

Паралингвистикалық лексика жиі көрініс табатын мәтін түрі көркем мәтін екені белгілі. Коммуникацияның вербалды және бейвербалды компоненттері ауызша тілдесімде ғана емес, жазбаша коммуникацияда, соның ішінде көркем мәтінде біртұтас коммуникация құралдары ретінде қатысады. Көркем мәтіндегі оқиға желісінің шынайы өмірмен ұштасып жатуы, шынайы өмірдің проекциясы сынды әсер қалдыруы ондағы вербалданған бейвербалды құралдардың қолданысымен тығыз байланысты.

Тіл білімінде көркем әдебиеттегі бейвербалды құралдардың қызметі 1975 жылы орыс тілтанушысы А.В. Филипповтың «Жесты и их отображение в тексте художественного произведения» атты ғылыми мақаласында алғаш рет сөз болды. Десе де бұл бағыттағы толыққанды зерттеулер XX ғасырдың 80-жылдары канадалық антрополог Ф. Поятостың «Бейвербалды коммуникация пәнаралық ғылымы» атты 3 томдық еңбегінен бастап жүйелі түрде жүргізіле бастады. ***Көркем мәтіндегі бейвербалды құралдар*** *Е.Д. Боева* (көркем мәтіндегі бейвербалды құралдардың прагматикалық аспектісі), *В.В. Ганина* (ағылшын әдебиетіндегі паралингвизмдердің гендерлік ерекшеліктері), *Е.А. Зуева* (неміс көркем әдебиетіндегі бейвербалды амалдардың вербалдануы), *Т.Л. Музычук* (кейіпкер дискурсының бейвербалды компоненттері), *Н.В. Накашидзе* (кинемалардың ағылшын әдебиетіндегі вербалдану жолдары), *Л.М. Шелгунова* (орыс әдебиетіндегі бейвербалды амалдардың кейіпкер образын жасаудағы рөлі), *Е.А. Ярусова* (драмалық шығармалардағы бейвербалды құралдардың функционалды-семантикалық ерекшеліктері), *Ж. Фэй* (А. Чехов шығармаларындағы бейвербалды құралдардың көрінісі) т.б. орыс филологтарының диссертацияларында қарастырылған. Қазақ тілтанушылары Б. Момынова, Ш. Зекенова, С. Мағжан, М. Ешімов, Г. Камешева зерттеулерінде тілдік материал ретінде көркем шығармалардағы паралингвизмдер алынған. Ал жеке автор шығармашылығы негізінде бейвербалды құралдарды талдау бойынша Ж.Нұрсұлтанқызы «О.Бөкеев шығармаларындағы бейвербалды амалдар» (2006) атты кандидаттық диссертациясын жазды.

Көркем мәтіндегі паралингвизмдер – вербалды хабарды толықтырып, нақтылап қана қоймай, сонымен қатар мәтіндегі танымдық контексті құраушы ақпараттан, автордың индивидуалды дүниетанымын танытатын, оқиғаға арқау болып отырған халықтың мәдени, әлеуметтік құндылықтар жүйесінен хабар беретін тілдік қабат. Т.Л. Музычуктың пікірінше, тілдесімнің параэлементтерін көркем мәтін негізінде талдау тіл біліміндегі жетекші парадигмаға айналған антропоөзекті парадигманың ұстанымына сай сөйлеуші «Мен» және тыңдаушы «Сен» арасындағы қатынасқа жаңа қырынан қарап, зерттеушілерге тілді жүйе, ал мәтінді тіл бірлігі ретінде қарастырып қана қоймай, көркем мәтінді коммуникативтік-танымдық әрекетті жүзеге асыратын жоғары деңгейдегі коммуникативтік бірлік ретінде тануға мүмкіндік береді [29]. Көркем мәтіндегі вебалданған бейвербалды амалдардың семантикасы мен прагматикасын орыс

тілі мен француз тілінің материалдары негізінде зерттеген О.В. Кобзева бұл турасында: «Паралингвистикалық элементтерді зерттеу жалпы білім беру саласында (жоғары оқу орындарында риторика мен стилистиканы оқытуда), сондай-ақ прозалық көркем мәтіндерді лингвостилистикалық талдау мен оларды интерпретациялауда практикалық стилистика үшін жаңа мүмкіндіктер ашады», - деген ой айтады [30]. Шын мәнінде, көркем мәтіндегі паралингвизмдер коммуникативтік-танымдық қызметімен қатар стилистикалық қызметі арқылы да көркем мәтін тілінде маңызды рөл ойнайды, шығармадағы оқиға желісі ең алдымен, кейіпкерлердің ым-ишараларын бейнелеу арқылы жанданады.

Орыс тіл біліміндегі екі мыңыншы жылдан бері қарайғы зерттеулерде әдеби шығармалардағы бейвербалды амалдарды зерттеудің жаңаша үлгісі қалыптасқанын көруге болады. Нақтырақ айтқанда, орыс тілтанушылары бейвербалды құралдарды интралингвистикалық тұрғыдан ғана емес, интерлингвистикалық бағытта зерттеуді қолға алған. Паралингвизмдерді интерлингвистикалық аспектіде, яғни бірнеше тіл деректері негізінде зерттеуде тілтанушылар эмпирикалық материалдың екі түріне сүйенеді. Тілтанушылардың бір тобы көркем мәтіндердің түпнұсқасы мен аудармаларындағы бейвербалды амалдардың вербалды үлгілерін назарға алса, зерттеушілердің екінші тобы бірнеше тілдің фразеологиялық қорындағы паралингвистикалық лексиканы салғастырмалы зерттеуге басымдық береді. Мәселен, Е.Д. Боева *орыс-неміс-француз тілдерінің*; О.В. Кобзева, Ю.В. Иванова *орыс-француз тілдерінің*; Ж. Фэй *орыс-қытай тілдерінің*; Е.А. Русина, О.Е. Носова, Р.А. Бирюков *орыс-ағылшын тілдерінің*; И.А. Голованова *орыс-неміс тілдерінің*; Ю.В. Дмитриева *ағылшын-неміс-орыс тілдерінің* паралингвизмдерін салғастыра зерттеді.

Көркем мәтін кеңістігінде бейвербалды құралдар коммуникативтік, лингво-мәдени және танымдық әлеуеті жоғары тіл бірліктерінің қатарына енеді. Сол себепті көркем аударма жасау кезінде бейвербалды құралдарды аудару мәселесі – аудармашылар үшін реалий сөздер мен фразеологизмдерді аудару секілді күрделі міндет. Көркем мәтіндегі бейвербалды амалдардың аударылу ерекшелігі Ф.Поятостың «Мәтін аудармасы мен жанды аударма: Әдебиет, театр және кинодағы бейвербалды коммуникацияны зерттеу тәжірибесінен», «Бейвербалды коммуникация және аударма» еңбектерінде кешенді түрде қарастырылады. Бұл мәселемен орыс тілтанушылары өткен ғасырдың соңынан бастап айналыса бастаған және қазіргі уақытта да мұндай тіларалық зерттеулер өзекті деп саналады. *К.В. Боровикова, М.Ф. Третьякова* ағылшын тіліндегі көркем туындының орыс тіліне аудармасындағы бейвербалды құралдардың прагматикалық әлеуеті қаншалықты сақталғанын, *Н.И. Гетьманенко* бейвербалды амалдарды аударудағы мәдени мәннің сақталуы мен бұрмалануының мәдениетаралық коммуникацияға әсерін, *Г.Ш. Оразгалиева* орыс тіліндегі фразеологиялық паралингвизмдердің ағылшын тіліне аударылу ерекшеліктерін қарастырады. Е.А. Русина аудармаларды салғастыра зерттеулер арқылы тіларалық эквиваленттілікті көруге, троптарды жасаудағы бейвербалды амалдардың үлесін шамалауға және шығармадағы ұлттық сипат пен жеке автор тіліне тән ерекшеліктерді анықтауға болады деп есептейді [31].

Бейвербалды құралдар – ұлттық тілдегі тілдесімнің ғана емес, мәдениетаралық коммуникацияның да маңызды компоненті. Г .Крейдлин ұлттық мәдениеттердегі ым-ишара этикетіне қатысты зерттеулердің аздығының салдарынан мәдениетаралық коммуникациядағы шиеленістерді шешетін нұсқаулықтардың жоққа тән деп тұжырымдаса [32], Е.Д. Боева өзге мәдениетке тән кинесикалық жүйені дұрыс түсінбеу және қолданбау сәтсіз коммуникацияның басты себептерінің бірі екенін айта келе бейвербалды амалдардың аударылуы мәселесі лингвистика аясында қарастырылуы тиіс деген қорытынды жасайды [33].

Бейвербалды құралдардың аударылуын қарастыру бейвербалды амалдардың әртүрлі мәдениет пен тілдердегі қолданылу ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Е.Р. Потапова паралингвистикадағы зерттелуі тиіс мәселелерді санамалай келе, лингвистикалық әдебиеттерде паралингвистикалық құралдардың коннотациялық ерекшеліктерін көрсететін жүйелі эмпирикалық сипаттамаларға негізделген тіл білімінің және аударматанудың практикалық мәселелерін шешетін коннотация теориясы жоқ екенін және оның әсіресе салғастырмалы түрде жүзеге асуы қажет екенін айтады [34, 7]. Ал мұндай теория мәтіндегі вербалданған бейвербалды құралдардың ұлттық, танымдық, әлеуметтік, психологиялық ерекшеліктерін анықтау арқылы және оны өзге тіл материалымен салғастыру арқылы ғана жасала алады.

Қазақ тілтанымында бейвербалды құралдарды адекватты аудару тәсілдері мен шешімдерін ұсынатын зерттеулердің кездеспеуі бұл тақырыптың өзектілігін танытса керек. Бейвербалды құралдардың аударылуы туралы бірнеше ғылыми мақала болғанымен, кешенді зерттеулер жоқтың қасы. Қазақ тілі материалын (паралингвизмдерін) өзге тілдермен салғастыра қарастыру бағытындағы еңбектер ретінде Б. Момынова мен С. Бейсембаева құрастырған *«Қазақ ым-ишараттарының қазақша-орысша сөздігін» (2003)* және аталған авторлар қытай тілтанушысы Жан Диң-Джиңмен бірлесіп шығарған *«Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша-қытайша түсіндірме сөздігін» (2017)* атай аламыз. Сөздік авторлары дене тілі, ым мен ишарат – тілдің әлеуметтік, психологиялық лингвистика сынды салаларының фактілерін салыстыра, салғастыра отырып, кешенді зерттеуге қол жеткізуге болатын, бірақ қазақ тіл біліміндегі теориялық тұғыры әлі толық анықтала қоймаған жаңа сала екенін еске салады және қазақша-орысша-қытайша сөздіктің алыс шетелдік мамандармен бірлесе жасалған тұңғыш еңбек және осы саладағы алғашқы тәжірибе екенін атап өтеді [35, 9-10].

А. Алдашеваның «Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер» тақырыбындағы докторлық диссертациясында, С. Бейсембаеваның кандидаттық диссертациясында қазақ ым-ишараларының орыс тіліне аударылуы туралы негізгі тақырып аясында қысқаша талдаулар жасалған. Бұл тақырыпқа қатысты тұжырымдарды Ж.Киыноваңың І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясындағы, Д. Шакеноваңың «Абай жолы» романындағы бейвербалды амалдардың орыс тіліне аудармасы туралы ғылыми мақалаларынан кездестіруге болады. Алайда қазақ тіліндегі ым-ишараларды салғастырмалы талдау, соның

ішінде аударылуы мәселесі осы уақытқа дейін көлемді зерттеу жұмыстарының нысаны болмаған.

Зерттеу жұмысына арқау болып отырған «Абай жолы» роман-эпопеясы тіліндегі паралингвизмдердің зерттелуіне қатысты кешенді ізденістер кездеспейді. Қазіргі ғылыми айналымда «Абай жолы» роман-эпопеясындағы фразеологимздердің аударылуы («Аударматанудың заманауи мәселелері» ұжымдық монографиясында), шығармадағы эпитеттердің орыс тіліне аударылуы (Г.К. Сарсикеева, М.Н. Балкымбекованың ғылыми мақаласында), реалий-сөздерді аударудағы қиындықтар (А.Х. Бекбосынова, Н.А. Шахметованың ғылыми мақалаларында) туралы ғылыми ойлар бар. «Абай жолы» роман-эпопеясының тілін алғаш зерттеген Е. Жанпейісов еңбегінде шығармадағы сөздердің лексикалық қабаттары, олардың шығу тегі, мәдени негіздері мен қолданылу ерекшеліктері талданса, эпопеядағы тілдік қолданысты қарастырған Ә.Байтанаев шығармадағы автордың: «сөз тізбектегіш шеберлігін»:

1. Романда кездесетін мақал-мәтелдер саласы;
2. Романда кездесетін таңдаулы сөз тізбектер саласы;
3. Романда кездесетін тек Әуезовке тән сөз тізбектері;
4. Романда кездесетін афоризмді тізбектер.
5. Философиялық ойға құрылған моменттер» [36, 140], - деп жүйелейді. Алайда бұл еңбек авторлары бейвербалды амалдарды жеке лексикалық қабат ретінде танып, талдауды қажет деп таппайды.

Роман-эпопеядағы маңызды коммуникативтік әрі мәдени компонент болып табылатын бейвербалды амалдарды аударудың ерекшелігі ұсынылып отырған диссертация жұмысында алғаш рет зерттеу нысанына алынып, ғылыми тұрғыдан негізделіп отыр. Берілген диссертация жұмысы коммуникацияның бейвербалды амалдарын аудару тәсілдері мен қиындықтарын анықтауға және аударудың ұтымды жолдарын ұсынуға арналған, бейвербалды амалдарды салғастырмалы әдіс арқылы зерттеп ұлттық табиғатын тереңірек тануға бағытталған тұңғыш кешенді ізденіс болмақ.

1.2 Паралингвистиканың ғылыми аппараты: пікір қайшылықтары мен шешімдер

Бейвербалды амалдар – коммуниканттар арасында эмоционалды байланыс орнатуға негіз болатын, вербалды хабарды сүйемелдейтін қатысымның бөлінбейтін маңызды компоненті, вербалдану арқылы тілдің сөздік қорынан үлкен орын алатын құрылым әрі халықтың коммуникативтік мәдениетінің көрсеткіші. Сондықтан, коммуникацияның бейвербалды амалдары – «тіл» (вербалды арна) секілді жеке әрі жан-жақты зерттеуді қажет ететін ауқымды тақырып. Бейвербалды амалдарды тілдік тұрғыдан зерттеу – «паралингвистика» ғылымының айналысатын мәселесі.

«Паралингвистика» атауы өткен ғасырдың қырқыншы жылдары А. Хилл енгізген және Дж. Трейгер мағынасын орнықтырған «паратіл» (paralanguage) терминінің негізінде қалыптасқан. О.С. Ахмановаың: «Паратіл (грек. para — жанында, сыртында) – сөйлеумен қоса жүретін, бірақ вербалдық емес, дауыс

қаттылығы, кідіріс (пауза), дауыс модуляциясы, ым-ишара, қимыл, сөйлесушілер арасындағы көру қатынасы және т.с.с. паралингвистика қарастыратын ұғым» [37] - деген анықтамасынан «паратіл» атауының уақыт өте келе мағынасы тарылғанын көреміз, яғни қазіргі таңда «паралингвистика» мен «паратілді» тең деп қарастыруға келмейді. Паралингвистика лингвистиканың бір тармағы саналады, ал паратіл паралингвистиканың аясында қарастырылады. Нақтырақ айтқанда, дыбыстық тіл – лингвистиканың, ал паратіл – паралингвистиканың объектісі.

Қазіргі тіл білімінде паралингвистика термині үш түрлі мағынада қолданылып жүр (Сызба 3).



Сызба 3 – Паралингвистиканың зерттеу нысанына қатысты көзқарастар

Г.В. Колшанский пікірін қолдайтын бейвербалды коммуникация мамандары паралингвистиканы коммуникация кезінде тілден тыс құралдардың функционалды қолданысын зерттейтін тіл білімінің бір саласы [38, 69] деп таниды және аталған саланың құрамына мәтінді безендіруші графикалық белгілерді (қалың қаріп, қаріп түсі, үлкен қаріп, курсив т.б.) де жатқызады. Зерттеушілердің пікірінше, *паралингвистикалық графика* ақпараттың маңыздылығы жайлы хабар береді [38, 57].

Екінші топтың белді мүшесі Г. Крейдлин барлық тілден тыс таңбаларды қарастыратын саланы *бейвербалды семиотика* деп, ал ақпараттың дыбыстық жағын назарға алатын, тілдесімге қосымша ақпарат беретін дыбыстық кодтарды зерттейтін бейвербалды семиотиканың бір тармағын *паралингвистика* деп таниды [39, 27]. Г. Крейдлинмен ұстанымы ортақ Е.М. Верещагин мен Г.В. Костомаров зерттеуінде «пара» сөзінің грек тілінде «жанында, қасында» деген мағынаны білдіретінін айта келе, «вербалды арнаны әрдайым сүйемелдейтін фонациялық ерекшеліктерді ғана бұл саланың нысанына жатқызуға болады, ал ым-ишаралар *кинесиканың* нысаны», - деп топшылайды [27, 395].

Қазақ тіл білімінде Г. Крейдлиннің пікірін жақтаушылар ретінде Ш. Зекенова мен Г. Камешеваны атауымызға болады. Ш. Зекенова бұл турасында: «Бүгінгі күні бейвербалды амалдар семиотикалық таңбалардың бірі ретінде қарастырылып, жаңа атауға ие болып, бейвербалды семиотика ғылымы болып қалыптасты» [40, 6] – деген ой айтады. Г. Камешева тілдесімнің көмекші құралдарының аясында креолданған мәтіндерді де қарастырып, жазба

материалдардағы сөзден басқа сурет, сызба, кесте сынды компоненттердің рөліне де назар аударады және «креолданған мәтіндер екі бөліктен: вербалды (дыбыстық тіл таңбалары) және бейвербалды (семиотикалық таңбалардан, паралингвистикалық белгілерден) бөліктерден тұратын мәтіндерді айтамыз. Креолданған мәтіндерге семиотикалық таңбалар арқылы күрделенген мәтіндер, жарнама мәтіні, карикатура мәтінімен бірге көркем және деректі фильмдерді де жатқызуға болады. Себебі олар да суретті және вербалды бөліктерден тұрып, ақпарат алу, ақпарат қабылдаудың, яғни **тілдесімнің көмекші құралдары** болып табылады», - [41, 76] деп тұжырымдайды. Ал С. Мағжан: «Паралингвистикалық және кинесикалық құбылыстардың шегі шартты және олардың тілмен қарым-қатынасы да әртүрлі», - деп бұл мәселенің әлі де күрмеуі шешілмегенін дәл байқайды [42, 9].

Паралингвистика терминінің мағынасына қатысты үшінші көзқарас бойынша «Паралингвистика дегеніміз: 1) хабарланатын ойдың, пікірдің вербалды (сөзбен берілу) тәсілдерімен қоса сөйлеу үстінде қолданылатын вербалды емес (тілден тысқары) амалдармен берілуін зерттейтін тіл білімінің саласы; 2) сөйлеу кезінде қолданылатын вербалды емес тәсілдердің жиынтығы» [43]. Бұл пікір қазақ тіл білімінде кең тараған. Мәселен, «Тіл білімі терминдерінің сөздігінде», «Әлеуметтік лингвистика сөздігінде» паралингвистиканың мағынасы осылай анықталған [44, 168]. Сондай-ақ тілші-ғалым Б. Момынова «паралингвистика» терминіне қатысты айтылған түрлі пікірлерді түйіндей келе, «паралингвистиканың лингвистикалық жүйеде өз орны бары, көмекшілік қызмет атқаратыны, сонымен қатар тілдік емес құралдардың нақты бір сөйленіс кезіндегі жұмсалымдық қызметін, мағыналық жақтан түрленімін зерттейтін функционалды сала екені анықтала бастайды» - [45, 21] деп тұжырымдайды. Берілген диссертация жұмысында паралингвистика ұғымы үшінші көзқарасқа сай қолданылып отыр, яғни біз **паралингвистиканы** *коммуникацияның бейвербалды амалдарын және олардың вербалды үлгілерін зерттейтін тіл білімінің жаңа бағыты* деп есептейміз. Ал **бейвербалды семиотиканы** *коммуникацияның бейвербалды амалдарымен қатар басқа да қосымша ақпарат беретін семиотикалық таңбалар мен графикалық көріністерді назарға алатын ауқымды макросала* ретінде танимыз.

Қазіргі таңда «пара» сөзі бұрынғы «қасында, жанында» деген лексикалық мағынасынан бөлек, «коммуникативтік мәнге ие» деген жаңа терминдік мағынаны білдіретін формантқа айналған. Соның нәтижесінде паралингвистиканың метатілінде *паракинема, парапроксема, парасемема* деген жаңа атаулар қалыптасқан. Аталған терминдерді ұсынған А. Хроленконың айтуынша, «*паракинема* – коммуникативтік мәнге ие ишараларды білдіретін сөз немесе сөздер тобы. Паракинемалар мен парапроксемалар деп кез келген ым-ишара мен мінез-құлық түрін түсінуге болмайды. Олар тек шынайы және виртуалды диалог кезінде көрінеді және физиологиялық әрекеттердің атауы болып табылмайды. Ал *парасемема* деп отырғанымыз – белгілі бір коммуникативтік ишараның мәтіндік көрінісіне нұсқайтын сөз немесе сөздер тобы» [46, 9].

А.Т. Хроленко ұсынған «паракинема», «парапроксема» және «парасемама» терминдері паралингвистикадағы осы уақытқа дейін мән берілмей келген мәселенің бір шешімі болып отыр. Атап айтқанда, лингвистикалық әдебиеттерде бертінге дейін бейвербалды құралдардың тілдегі көрінісін атайтын термин болмағаны белгілі. Көбінесе «бейвербалды құралдардың вербалдануы», «тілдегі репрезентациясы», «тілдегі манифестациясы», «тілдік бейнесі» сынды тіркестер осы мәнде жұмсалып жүрді. А.Т. Хроленко ұсынған терминдер бейвербалды құралдардың жеке түрлерінің вербалды үлгілеріне қатысты қолданыла алғанымен, коммуникацияның бейвербалды амалдарының барлығына ортақ жалпы атау бола алмайды. Паралингвистикалық лексика тілдің сөздік құрамының едәуір бөлігін алады. Сондықтан бұл олқылықтың орнын толтыруға қатысты біздің де өз ұсынысымыз бар. Ол үшін Г. Крейдлин зерттеуіне сүйеніп отырмыз. Г.Крейдлин еңбегінде коммуникативтік мәні бар үнсіздік пен кідірісті және сол секілді вокалдық белгілерді паралингвистикалық жүйенің негізі екенін айтады және оларға «паралингвизмдер» деген атау береді [39, 28]. Біздің ойымызша, Г.Крейдлин қолданған бұл термин зерттеушінің ұстанымына сай тым тар мағынада қолданылған, десе де аталған терминнің мағынасына мынандай бірнеше өзгеріс енгізу арқылы кең мағынада қолдануға болар еді. *Біріншіден*, паралингвизм атауын фонациялық кодтарға ғана қатысты емес, тілдесімнің көмекші құралдарының бәріне қатысты қолдану қажет. *Екіншіден*, паралингвизм атауындағы «лингвизм» деген бөлікке мән беріп, паралингвизмдерді бейвербалды амалдардың өзін емес, олардың тілдегі көрінісін білдіретін тіл бірліктерін атайтын термин ретінде тану қажет. Сонда **«паралингвизмдер»** ұғымын жаңа мағынада *коммуникацияның бейвербалды амалдарының тілдегі репрезентациясын білдіретін атау* деп қабылдауға болады. Біз зерттеу жұмысымызда алғаш рет «паралингвизм» терминін паралингвистикалық лексиканы білдіретін ұғым ретінде жұмсамақпыз.

Лингвистикалық әдебиеттерде паралингвистиканың ғылыми аппаратындағы *пара тіл, соматикалық тіл, кинетикалық тіл, сөзсіз тіл, бейтілдік қолданыс* секілді атаулар бір-бірімен жарыса қолданылап жүргенін байқауға болады. Алайда «бір термин – бір мағына» ұстанымына сүйенетін болсақ, онда әр ұғымның мағыналық ерекшелігін анықтап алу қажет. Паратілді кейде «дене тілі», «соматикалық тіл», «кинетикалық тіл» деп те атайды. Батыстық әдебиеттерде «body language», яғни «дене тілі» термині жиірек қолданылады. Е.М. Верещагин мен Г.В. Костомаровтың анықтамасына сәйкес «соматикалық тіл деп, біріншіден, соматизмдердің жиынтығын (яғни вербалды тілдегі сөздік құрамға сәйкес келетін қорын), екіншіден, олардың орындалуы, бір-бірімен үйлесуі, сөйлеу жағдайына қатысуы және адресат тарапынан қабылдануы тәрізді ережелер жүйесін атаймыз» [27, 394]. Соматикалық тіл «соматизм» сөзіне негізделіп тұрғандықтан, тікелей дене мүшелері арқылы орындалатын коммуникативтік мәні бар амалдарды білдіреді. Сонымен қатар соматикалық тіл тілдесім кезіндегі соматизмдердің ақпарат беруіне қатысты ұғым ғана емес, оған қоса коммуникант имиджін ашуға бағытталған түрлі амал-әрекеттер де соматикалық тіл элементтері деп саналады.

В.И. Кодухов паратіл терминімен қатар «кинетикалық тіл» терминін қолданады. Зерттеуші ымдау тілі мен пантомиманы тілдің көмекші құралы ретінде қарастырып, оған «кинетикалық» тіл деген анықтама береді [47, 49]. «Кинетикалық тіл» паралингвистиканың бір саласы – кинесика атауының негізінде қалыптасқыны айқын. Сондықтан бұл термин фонациялық белгілерді қамтымайды, тек ым-ишараларды, яғни кинемалардың ақпараттық қызметін білдіреді. Кинетикалық тіл де адамның дене мүшелері арқылы берілетін коммуникативтік хабарға қатысты болғандықтан, мағынасы жағынан «дене тілі» және «соматикалық тіл» терминдеріне жақын. Ал В.А. Лабунская қолданысындағы «*сөзсіз тіл*» (несловесный язык) [48, 9] атауы бейвербалды коммуникация маманы Э. Холдың «Silent language», яғни *үнсіз тіл* деген терминінің бір нұсқасы деуге болады. «Сөзсіз тіл» мен «бейвербалды тіл» мағынасы жағынан тең ұғымдар, олардың әрқайсысы «паратіл» терминіне толық балама бола алады. Алайда біз жоғарыда аталған терминдік атаулардың ішінен паралингвистика атауына тұрпаты жақын болып келетін «паратіл» терминін негізгі, доминант термин деп санаған жөн деп ойлаймыз.

Паралингвистиканың терминологиялық аппаратына *бейвербалды коммуникация, бейвербалды код, бейвербалды сигнал, коммуникацияның бейвербалды амалдары, бейвербалды мінез-құлық, мимика, жест, дене қалыбы, өң өзгерісі, просодика, проксемика, такесика, кинесика, окулесика* т.б. атаулар енеді. Бұл ұғымдардың терминдік мағынасы және жарыспалы қолданыстарын былайша көрсетуге болады (Кесте 1):

Кесте 1 – Паралингвистиканың негізгі терминдері және олардың жарыспалы нұсқалары

Термин	Мағынасы	Жарыспалы нұсқасы
Паралингвистика	Коммуникацияның бейвербалды амалдарын лингвистикалық аспектіде зерттейтін тіл білімінің бір саласы	Паратіл
Бейвербалды коммуникация	Коммуниканттардың вербалды арнаның көмегінсіз бейвербалды амалдар арқылы қарым-қатынас жасауы	Бейвербалды қарым-қатынас, бейвербалды қатысым
Паратіл	Сөздің көмегінсіз коммуникацияның бейвербалды амалдары арқылы қарым-қатынас жасауға арналған құрал	Соматикалық тіл, кинетикалық тіл, дене тілі, тән тілі, үнсіз тіл, бейтілдік қолданыс
Паралингвизм	Коммуникацияның бейвербалды амалдарының тілдегі вербалданған нұсқасын білдіретін тілдік құрылымдар	Бейвербалды құралдардың вербалдануы, бейвербалды амалдардың тілдегі репрезентациясы, бейвербалды амалдардың тілдегі манифестациясы, бейвербалды амалдардың тілдік бейнесі

Кесте 1 жалғасы

Коммуникацияның бейвербалды амалдары	Коммуникация барысында хабар беретін сөзден тысқары амалдар (ым-ишара, дене қалыбы, дауыс өзгерісі, өң өзгерісі т.б.)	параамалдар, параэлементтер, парақұралдар, бейвербалды амалдар, тілдесімнің көмекші құралдары, паралингвистикалық белгілер
Мимика	Коммуниканттың бет бұлшықеттерін қимылдату арқылы коммуникативтік мәні бар хабарды жеткізуі	Ым, беттің ымы
Өң өзгерісі	Коммуниканттың ішкі күйіне әсер еткен коммуникативтік мәні бар факторлар нәтижесінде сөйлеушінің жүзінде, өңінде пайда болатын өзгерістер, тері түсінің өзгеруі	Тері реакциялары
Ишара	Коммуниканттың басы, денесі және қолымен түрлі қимылдар жасау арқылы коммуникативтік мәні бар хабарды жеткізуі	жест, ишарат, ым-ишара
Дене қалыбы	Коммуниканттың тілдесім барысында денесін түрлі қалыпта ұстау арқылы коммуникативтік мәні бар хабарды жеткізуі	Поза, дене тұрқы
Проксема	Кеңістіктің коммуникативтік қызметін танытатын бірлік	Парапроксема
Кинема	Ым-ишаралардың коммуникативтік қызметін танытатын бірлік	Паракинема, кинетема
Бейвербалды код	Коммуникацияның бейвербалды амалдарының белгілі бір жүйеге түсіп, белгілі әлеуметтік-мәдени ортада ақпарат жеткізуге, қарым-қатынас жасауға қызмет ететін таңбалық кешені	
Бейвербалды сигнал	Коммуникант тілдік бірліктерді қолданбай-ақ, коммуникацияның бейвербалды амалдары арқылы жеткізетін ақпараттық белгі	
Бейвербалды мінез-құлық	Коммуниканттың қарым-қатынас барысында сөзден тыс амалдар арқылы (ым, мимика, поза, дауыс ырғағы, көзқарас, қашықтық сақтау, т.б.) өзін, эмоциясын, ниетін, әлеуметтік мәртебесін білдіруі және оны қабылдаушыға жеткізу тәсілдері.	

Халықаралық «бейвербалды коммуникация» терминінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде **«бейвербалды қарым-қатынас»** тіркесін де кездестіруге болады. Мәселен, мәдениаралық қарым-қатынас сөздігінде: «*Бейвербалды қарым-қатынас* – белгілі бір тілдік емес белгілермен және символдармен – бейвербалды хабарлармен алмасу, сонымен қатар оларды түсіну,

интерпретациялау» [49] – деген анықтама берілген. Десе де ғылыми зерттеулерде *бейвербалды қарым-қатынас, бейвербалды қатысым* дегенге қарағанда бейвербалды коммуникация термині жиірек қолданылады. Біз де жұмысымызда осы нұсқаға басымдық беріп отырмыз.

«Бейвербалды мінез-құлық» ұғымы бейвербалды амалдарды психологиялық, социологиялық аспектіде қарастыратын зерттеулерде жиі кездеседі. Десе де В.А. Лабунская еңбегінде бейвербалды мінез-құлық лингвистика нысаны ретінде сипатталған. Зерттеуші бейвербалды-мінез құлыққа акустикалық, оптикалық, тактильді-кинестетикалық және ольфакторлық белгілерді жатқызады (Кесте 2).

Кесте 2 – В.А. Лабунскаяның бейвербалды мінез-құлық құрылымын сипаттайтын кестесі

Адамның бейвербалды мінез-құлқын көрсететін негізгі жүйелер					
Акустикалық		Оптикалық		Тактильді-кинестетикалық	Ольфакторлық
Экстралингвистика	Просодика	Кинесика		Такесика	Иістер
Кідіріс Жөтелу Күрсіну Күлу Жылау	Темп Тембр Қарқын Дауыс	Мимика Жест Поза Жүріс Көзқарас	Физигномика Бет-әлпет Дене бітімі	Қол алысу Сүю Сипау Қағу	Денеден шығатын иістер Бет бояуының иісі

В.А. Лабунская анықтаған бейвербалды мінез-құлық құрылымынан бұл ұғымның коммуникацияға тікелей байлаулы болмайтынын аңғарамыз. Себебі адамның физиогномикасы, сырт келбеті, дене бітімі және басқа да тұлғалық ерекшеліктері коммуникация процесінің компоненті бола алмайды. Бейвербалды мінез-құлық – коммуникацияның бейвербалды амалдары мен адамның физиологиялық ерекшеліктерінің тілден тыс тұрпатына, вербалданбаған қалпына қатысты ұғым және ол – коммуниканттардың әлеуметтік мінез-құлқының бір бөлігі. Ал коммуникацияның бейвербалды амалдарының құрамына ым-ишара, дауыс өзгерісі, дене қалыбы, мимика мен өң өзгерісі және солар арқылы орындалатын түрлі амалдар енеді. «Жест – бұл мағыналы қимыл, оның көмегімен адам еріксіз түрде өзінің ішкі жан күйін білдіреді немесе қарым-қатынасқа түсушілер бір-біріне саналы түрде ақпарат жеткізеді. Мимика – бұл адамның бет қимылы арқылы жасалатын мағыналы қозғалыстар. Поза – адамның дене қалпының мағыналы түрі» [50, 104].

Паралингвизмдердің француз әдебиетіндегі көрінісін зерттеген Ю.В. Иванованың: «Жест – коммуниканттардың мимикалық, пантомимикалық (позаларды қоса алғанда), жестикуляциялық және визуалды (көздің қимылы, қарау бағыты) амал-әрекеттерінде көрініс табатын коммуникацияның ерекше түрі» [28, 5] деген анықтамасында *жест* мимика мен дене қалыбын қоса қамтитын күрделі амал ретінде сипатталады. А. Кендонның 2004 жылғы «Gesture: Visible Action as Utterance» кітабында «Амал-әрекетті жест деп тану

үшін қандай белгілеріне сүйенуіміз қажет?» [7, 10] деген сауалды ортаға тастауынан бұл тақырыпқа қатысты пікір қайшылықтары бар екенін байқаймыз.

Ең алдымен, ескеретін нәрсе, мимика тек беттегі өзгерістерді қамтиды, В. Верещагин айтқандай, бас изеудің өзі мимика емес, ишара, яғни жест боп саналады [27, 393]. Ж. Аймауытов қолдың ақпар беру әлеуетін ишарамен шектелмейтінін байқап: «Қол мен аяқты алғанда, тілдірегі қолдар. Саусақтары жазық төмен салбыраған қол да бізге талай әңгімені кейітеді (жай түсірілген, шаршаған, тыныққан, күйгелектенген, не дірілдеген қол). Беттің құбылуы ішкі сезімдерге қандай айғақ болса, саусақтар да сондай айғақ», - деп кісінің ішкі сезім-күйінен де хабар бере алатын күшін дәл көрсетеді [21, 42].

«Жест» (gestus) атауы рим риторы Квинтилианның еңбегінен бері қолданылып келе жатқан халықаралық термин болғанымен, қазақ тілінде оның орнына *ым-ишара* немесе жай ғана *ишара, ишарат* деп атау жиі кездеседі. Қазақ тілінің әмбебап электрондық сөздігінде «ишара» ағылшын тіліндегі «gesture» ұғымының баламасы деп көрсетілген және мағынасы «түрлі ым-белгі, тұспал, нышанмен ойын жеткізу тәсілі» деп түсіндірілген [51]. Қазақ тілінің синонимдер сөздігінде «ишара» ұғымының «белгі», «ишарат», «нышан», «тұспал» сынды синонимдері келтіріліп олардың мағынасы «айтпақ ойды жорамал, болжам арқылы білдіру» делінеді [52]. Берілген синонимдер ішінен қазіргі таңда терминдік мағынасы бекігені осы «ишара» атауы деп есептеуге болады.

«Ишараны» жесттің қазақша баламасы деп алар болсақ, онда ишара, жоғарыда атап өткеніміздей, адамның басы, денесі және қолы арқылы орындалатын қатысымдық ақпараты мол амалдарды қамтымақ. Тілдесім барысында қол ең жиі қолданылатын соматизм болып саналады. Е. Верещагиннің: «Жест – қабылдаушыға бағытталған коммуникативтік жүгі бар мәнді қимылдар, жест көбінесе қол арқылы орындалады» [27, 393] – деген пікірі ойымызды дәйектей түседі. Коммуникация кезінде ишара вербалды хабарға жуық және кейде оған пара-пар хабарды, ойды жеткізуге қабілетті болып келеді. Бұл ишараның басқа бейвербалды амалдардан басты артықшылығы деуге болады. D. McNeill адамдардың жүзбе-жүз тілдесімі кезінде айтылған ойдың жетпіс бес пайызын ишаралардың, яғни жесттің сүйемелдейтінін анықтаған [53].

Тілдесім барысында хабар беруде адамның бет-жүзі де үлкен рөл ойнайды. Әдетте, бет бұлшықеттерін құбылту арқылы көрінетін бейвербалды амалдарды *«мимика»* деп атайды. Бұл турасында Ж. Аймауытовтың қазақ тілінде жазылған алғашқы оқулықтардың бірі «Психологияда»: «Кісінің қылығын қимылына қарап сыйлаймыз, көзге өте көп көрінетін қимыл беттікі», - деп мимиканы «беттің ымы», оны зерттеуді «келбет ілімі» деп атағаны белгілі [45, 84]. Ж. Нұрсұлтанқызы О. Бөкеев шығармаларында кездесетін мимика түрлерін мынандай 8 топқа бөледі: қабақ соматизміне байланысты кинемалар, қас соматизміне, көз, ерін немесе ауыз, тіс, тіл, таңдай, бет (иек) [54], яғни мимика адамның бетіндегі түрлі соматизмдердің қозғалысына негізделеді.

Мимиканың ишарадан басты ерекшелігі – коммуникация барысында хабар беруден гөрі эмоцияны жеткізуге қабілетті келетіні. 2300 жылдан астам уақыт бойы философтар мен ғалымдар адамның эмоцияны бет бұлшық еттерін жиыру

және босаңсыту арқылы арқылы жеткізетінін айтып келді [55, 3582]. Қазіргі таңда да адамның бет-әлпеті арқылы эмоцияны тану өз өзектілігін жойған жоқ. Бет-әлпеттегі өзгерістерді классификациялауда бірқатар зерттеушілер *кинестетикалық сомативатер* деген терминді қолданады [56, 177]. Қазіргі ғылыми айналымда эмоцияны «бет бұлшықеті арқылы» және «бет бұлшықетінің қатысынсыз көрінетін эмоциялар» деп бөлу кең тараған [57, 29]. Орындалуына қарай бет бұлшықеттерін жиыру арқылы жасалатын, коммуникативтік қызмет атқаратын бейвербалды амалдарды *мимика* деп түсінгеніміз жөн.

Адам жүзінде көрініс табатын әрі ішкі күйінен хабар беретін бейвербалды сигналдың тағы бір түрі бар. Ол – *адам өңінің өзгеруі.*

Мысалы, «*– Күйігің не? О не деген сөзің? Сенде қандай күйік болушы еді? – деп, Мәкіш Абайға кінәлай да, сынай да қарады. Інісінің қабағы шытынды да,* ***өңі тағы қуаң тартты»*** [58, 21] – деген микромәтінде Абайдың өңінің қуаң тартуы кейіпкердің ішкі дүниесіндегі ауыр мұңнан, уайымнан хабар беріп тұр.

Адам өңінің өзгеруі – сөйлеушіге бағынбайтын процесс. Оған екі түрлі фактор әсер ете алады. *Біріншісі* – коммуниканттың ішкі дүниесіндегі түрлі эмоциялардың жарыққа (теріге) шығуы, *екіншісі* – адамның денсаулығына байланысты пайда болатын симптомдар (ыстығы көтерілу, бозару т.б.). Тілтанушы Г.Ш. Оразгалиева өз зерттеуінде адам өңіндегі өзгеріске *немқұрайлық, уайым, үнсіздік, бозару, денсаулық, ұялуды* жатқызған [57, 29-34]. Л.И. Петрова соматикалық бейвербалды амалдарды *биологиялық түрде пайда болған* және *адамның әлеуметтенуі кезінде жүре қалыптасқан* деп екіге бөліп, соның ішінде өздігінен орындалатын соматикалық тілге адамның қарашығының үлкеюі, ернінің қисаюы секілді белгілермен қатар бозару, қызару секілді өң өзгерістерін жатқызған [59, 135] Э. Бронтенің туындыларын талдай келе Ф. Поятостың шығармадағы «тері реакцияларын» жеке топ ретінде тануы [60, 45], Е.М. Верещагин мен В.Г. Костомаровтың соматикалық тіл ретінде жест, мимика, дене қалыбы, адамның ішкі күйін білдіретін түрлі симптомдар мен қимылдар секілді параэлементтерді санамалай келе, бет-әлпеттегі өзгерістерді мимикадан бөлек қарастыруы адам түсінің өзгеруі арқылы берілетін қатысымдық ақпараттың ерекшелігіне қатысты болса керек [61, 158-159]. Себебі эмоцияға байланысты пайда болатын терідегі өзгерістер – коммуниканттың ішкі күйін бүкпесіз көрсететін ең негізгі сигнал. Паралингвистикада жиі айтылмағанымен, өң өзгерісі – мимика мен ишарадан бөлек бейвербалды хабарды жеткізуші арна. Сол себепті зерттеуде мимика және өң өзгерісі екі түрлі топ деп танылып отыр.

Адамның денесін түрлі қалыпта ұстауы да коммуникативтік хабар беруші амалдың бірі болып саналады. *Дене қалыбы* – ишараның, ал адам өңінің өзгеруі – мимиканың статикалық күйі [27, 393]. М.Ю. Коваленко коммуникация кезінде адамның дене қалыбын *тілдесімнің кезеңдеріне* (тілдесім басындағы және соңындағы дене қалыбы), *коммуниканттардың бір-біріне деген қарым-қатынасына* (симпатия-антипатия, басыңқы-бағыныңқы, жақындық-бөтендік) *психофизиологиялық күйіне* (қысылып тұру – жайбарақат тұру, белсенді – немқұрайлы), *коммуниканттардың дене қалыбының бір-бірімен сай келуіне* (синхронды – синхронды емес), *дене қалыбының бағытына* (жүзбе-жүз қарап

тұру, теріс қарап тұру, қырын қарап тұру), *дене қалыбының экпрессияның басқа элменеттерімен сай келуіне* (үйлесімді – үйлесімсіз) қарай топтарға бөледі [62, 157]. Дене қалыбы коммуникация барысында ақпарат беру мүмкіндігі мол әрі кинесикалық әрі проксемикалық амалға жатады.

Диссертация жұмысында «коммуникацияның бейвербалды амалдары» (КБА) деп алынып отырған термин паралингвистикада әлі толық орнықпағанын да айта кеткен абзал. Бейвербалды коммуникацияның компоненттері турасында тілші-ғалым Б. Момынова: «Сөйлеудің көмекші құралдары бірнеше бөліктерден, атап айтқанда, таңбалар жиынтығынан, дыбыстық қосалқы құралдардан, дене арқылы жасалатын қимыл-әрекеттер мен ым-ишараттардан құралады», - дей келе олардың *параамалдар, параэлементтер, парақұралдар, бейвербалды амалдар, тілдесімнің көмекші құралдары* деп түрліше аталатынын ескертеді [45, 17]. Мәселен, Б.Ғ. Тамаева қатысымның көмекші құралдарына берген: «Адамдар арасындағы қарым-қатынаста белгілі бір ұғым-түсініктерді жеткізу мақсатында қарым-қатынас мазмұнын толықтыра түсетін, ауызекі сөйлеу үрдісінде адамның дене қимылдары арқылы орындалатын қосалқы мазмұн – паралингвистикалық белгілер болып табылады» [63, 51-52] – деген анықтамасында «*паралингвистикалық белгілер*» терминін қолданғанын көруге болады.

Бір ұғымға бірнеше атау беру – көбінесе зерттеушілердің сөз қайталауын болдырмау үшін перифраздап қолданатын тәсілі. Десе де бұлардың ішінен біз «коммуникацияның бейвербалды амалдары» терминін бейвербалды коммуникация бірліктерін жалпы атайтын негізгі термин ретінде қолданып отырмыз. Бұл тіркестегі «коммуникацияның» деген анықтаушы компоненті – қатысым әрекетіне байлаулы амалдар жайында сөз болып жатқанынан хабар беретін басты индикатор. «Коммуникацияның бейвербалды амалдары» күрделі термині адамдар арасындағы қарым-қатынас кезінде көрініс табатын әрі коммуникативтік жүк арқалайтын тілден тыс құралдарды меңзейді.

Паралингвистикалық құралдар, паралингвистикалық элементтер тіркесімен қатар кейде *экстралингвистикалық құралдар* қолданысы да синоним ретінде жұмсалып жатады. Алайда ғылыми контексте бұл екі ұғым бірінің орнын бірі баса алмайды. «Экстралингвистикалық факторларға қоғам өмірі мен тілдің өзара әрекеттестігі, халық мәдениеті мен тілдің байланысы, ұлтаралық қатынастардың тілге ықпалы және басқа да социолингвистикалық құбылыстар, материалдық заттар мен олардың атауларының (номинация) арақатынасы сынды тіл жүйесінің жалпы қызмет етуі мен дамуына қатысты мәселелер жатады. Ал паралингвистикалық факторлар тек нақты айтылымға қатысты болады және тілдесім кезіндегі хабарды қалыптастыруға қатысады» [64, 15].

Сондай-ақ халық арасында бейвербалды амалдарды *ым-ишаралар, белгі, мезірет, таңба, нышан* деп те атап жатады. Мұндағы *белгі, мезірет, нышан* сөздері нақты терминдік мағынаға ие емес. Ал «таңба» атауына келер болсақ, оның коммуникативтік қызметінен гөрі, графикалық мәні басым. Мысалы «Абай жолында»: *«Абай қора ішінде келе жатып, әр топтың тұс-тұсында байлаулы тұрған аттарына қарап, сандарының **таңбаларын** көріп, ештен танып келеді. Анау: **«көз таңба»** дейтін қос дөңгелек – Арғын. Бошан аттары. Мына біреу*

***«ашамай» таңба**. Керей. Ал, ана біреу көк ат ше? Е, е ол **«шөміш» таңбалы** Найман екен ғой... Екі жерде арабтың «шын» әрпіне ұқсаған **Төре таңбасын** да таныды»* [58, 40] - деген үзіндіден таңбаның белгілі бір материалға салынатын графикалық бейне екенін ұғынуға болады. Тіл еңбектен, қарым-қатынастан бастау алса, жазу таңбадан, ал таңба меншіктен басталады, таңба салудағы негізгі мақсат бір заттың немесе мүліктің кімге тиесілі екенін білдіру болса, екінші бір мақсат – одан да маңызды әрі көлемді түрлі ақпар беру. Оған ерте кездегі тастағы таңбаларды, пиктографиялық жазуды жатқызуға болады. Осындай ерекшеліктерін ескере келе, таңбаны паралингвистиканың емес бейвербалды семиотиканың талқылайтын мәселесі деуге болады. Осы орайда, «*көркем мәтінді тілдік талдау барысында қандай бірліктерді паралингвизмдер деп танимыз?»* деген сұрау туындайды.

Кейбір зерттеушілер мәтіндегі тыныс белгілер мен басқа да графикалық компоненттерді, түрлі артефактілерді, кеңістіктегі заттарды, кейіпкерлердің киім киісі, шаш үлгісі, әшекей бұйымдарын, айналадағы түрлі түстерді де параэлемент қатарына қосу қажет деп санайды [65, 122]. Бұл пікірді қолдайтын зерттеушілер (М.Аргайл, В.Д. Нарожная, Н.М. Калашникова, Н. Гетьманенко, Г. Камешева) киім денені жабу және жылуды сақтау қызметін ғана атқармайтынын, сонымен қатар мәдени маңызға ие екенін, киім киісі адамның жағдайын, мәртебесін және қаржылық әлеуетін көрсетіп тұратынын социокод екенін алға тартады және киім арқылы берілетін психосемиотикалық, социосемиотикалық ақпаратқа баса назар аударады [15, 1], [68, 31], [69, 325]. Сондай-ақ, мәтін кеңістігіндегі әлеуметтік маңызы бар заттарды, бұйымдарды, «мәдени нышандарды» – киімдерді, автомобильдерді және көлік жүргізу тәсілдерін, арнайы жол белгілерін, беттегі бояуды және т. б. – субъект туралы белгілі бір мәдени ақпаратты арқалайтын барлық артефакті арқылы берілетін хабарды ұлттық сипаттағы бейвербалды амалдар ретінде қарастырады [66]. Десе де ұлттық бұйымдарға тән семиотикалық мәнді тілдесім процесіндегі коммуникативтік мәннен ажырата білген жөн. Сол себепті тек қана символдық, семиотикалық ақпарат берумен шектелетін заттарды «коммуникацияның бейвербалды амалдарымен» теңестіре алмаймыз.

«Киім этникалық (рулық, жүздік, аймақтық т.б) және жалпыұлттық ерекшеліктерді бейнелейді. Киім арқылы әсіресе сол киім иесінің қандай әлеуметтік-экономикалық топқа жататынын айқындауға болады» [67, 121].

Г. Камешева қарым-қатынасқа қатысушылар тарапынан білдіретін семиотикалық бірліктерді *вокалды-акустикалық сигналдар* және *дене-визуалдық белгілер* деп жіктей келе, екінші топқа әңгімеге қатысушылардың табиғи сипатын (морфотипін, физиологиясын, бойын т.б.) бейнелейтін *сыртқы кейпі* (имиджі), кейін пайда болған сипатын (әжім, тырнақ, күнге тотығу т.б.), «қосалқы» сипаттарын (киімі, әшекейлері, боянуы, қымбат бағалы заттары т.б.) жатқызады [41, 51]. Мұндай сыртқы белгілер коммуникация орын алып жатқан сәтте емес, одан көп бұрын пайда болған статикалы сипаттамалар болғандықтан, коммуникацияның бейвербалды динамикалы элементтерімен қатар қоя алмаймыз. Мұнда «коммуникативтік қызметі жоқ» деген шарт аса маңызды.

Себебі бейвербалды амалдардың барлығы сомативті орындала бермейді. Түрлі артефактілер мен объектілер де хабар беруге қатысатынын жағдайлар болады.

Сонымен қатар, сыртқы тұрпаты жағынан тілдесімнің бейвербалды амалдарына ұқсас болып келетін физиологиялық белгілердің де коммуникация компонентіне жатпайтынын ескерген жөн. «Коммуникант арқылы жеткізілуге тиісті ақпараттың мазмұнына тигізетін әсері болмайтын, субъектінің биологиялық ерекшеліктеріне жататын және тілдік жүйеге әсері жоқ, оның құрылымына ықпалы жүрмейтін, тілдік параметрлерді құруға қатыспайтын мұндай ерекшеліктерді медицина, анатомия, психология сияқты ғылым салалары зерттейді» [45, 17]. Е.Д. Боева ым-ишаралардың физиологиялық қимылдардан басты ерекшелігінің бірі ретінде географиялық және мәдени кеңістікке және уақытқа қарай мағынасын өзгерте алуын айта келе, бұл мәселенің лингвистикада терең зерттелмегеніне баса назар аударады [33].

Кейде бейвербалды амалдар сыртқы сипаты жағынан қарапайым амал-әрекеттерге ұқсас, тіпті, олармен бірдей болатын кездері де ұшырасады. Айталық, адам кісіге құрмет көрсету мақсатында «орнынан тұрған кезде», бүкіл денесі бейвербалды хабарды жеткізуші референтке айналады.

Тілдесімнің көмекші құралдарын, яғни бейвербалды амалдарды басқа амал-әрекеттерден ажыратудың жолы – тіл философиясын зерттеуші лингвист Дж. Серльдің «мағына» (meaning) туралы тұжырымын негізге алу. Дж. Серль тілдегі мәнсіз дыбыстар мен таңбалардан «лебіздің», яғни мәнді тілдік құрылымдардың ең басты айырмашылығы мағынаның (meaning) болуы деп есептейді [70, 155]. Дәл сол секілді коммуникацияның бейвербалды амалдарының да ең негізгі белгісі – коммуникативтік акті барысында мағынаны жеткізе алу қабілеті. «*Бейвербалды амалдар деп – вербалды амалдарды толықтырып, оларға қосымша мағына үстейтін, коммуникативтік актіні жалғастыруға қызмет ететін, адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз етуге көмектесетін қарым-қатынастың түрін айтамыз*» [54, 21], яғни бейвербалды құралдар «коммуникацияның бейвербалды амалына» айналу үшін коммуникативтік актіде хабар беру мүмкіндігіне ие болуы керек. Мысалы, «*Бұның 15-17 жастағы, жаңа өзі атап шақырған Әсма, Бибісара деген жіңішке, сұңғақ бойлы екі қызы* ***аталарының алдынан есік ашты***» [71, 65] – деген сөйлемдегі «есік ашу» үйден шығу немесе кіру үшін орындалатын қарапайым әрекеттен «коммуниканттардың құрметін білдіретін» бейвербалды амалға айналған.

Түйіндей келгенде, паралингвистиканың зерттеу нысаны болып табылатын коммуникацияның бейвербалды амалдары (КБА) – нақты шегарасы бар салалық термин. Бейвербалды амалдар коммуникация компоненті болғанда ғана лингвистикалық талдаудың нысанына айнала алады. КБА – сөз субъектілерінің коммуникативтік діттемін орындау мақсатында жұмсалатын вербалды арнамен синхронды, кейде одан тыс қолданылатын хабар беру құралы. Оның құрамына енетін бірліктерге жест немесе ишара, мимика, дауыс, кеңістік және жанасу арқылы орындалатын басқа да әрекеттер жатады.

«Паралингвистика лингвистикалық жүйеде өз орны бар, көмекшілік қызмет атқаратын, сонымен қатар тілдік емес құралдардың нақты бір сөйленіс кезіндегі жұмсалымдық қызметін, мағыналық жақтан түрленімін зерттейтін, функционалды сала» [45, 34], яғни бейвербалды амалдар дегеніміз:

- коммуникацияның көмекші құралы;
- көркем шығарма тіліне экспрессия беруші негізгі элемент;
- кез келген ұлттың танымын жеткізе отырып, әлемнің тілдік бейнесін жасаудың құралы;
- адамның түрлі көңіл күйі мен эмоционалдық жағдайын білдіретін параэмотивті элемент [66, 124].

Паралингвистиканың ғылыми аппаратына, зерттеу нысанына және мәтіндегі паралингвизмдерді сұрыптауға қатысты пікір қайшылықтарының кездесуі аталған жүйенің қаншалықты күрделі және заманауи көзқарастар тұрғысынан әлі де зерттелуі қажет екенін аңғартады.

1.3 Бейвербалды амалдарды классификациялау ұстанымдары

Паралингвизмдер берілу формасы жағынан вербалды хабарға қарағанда көпқұрамды болғандықтан, коммуникацияның бейвербалды амалдарын классификациялаудың әртүрлі үлгісі жасалған. Паралингвистикада бейвербалды амалдарды классификациялау зерттеушінің зерттеу бағытына қарай түрленіп отырады. Мәселен, паралингвистер бейвербалды амалдарды *ақпарат беру түріне, орындалу тәсіліне, вербалды арнаға қатысына, ұлттық сипатына, әлеуметтік ерекшелігіне, коммуникациядағы рөліне* қарай топтастырған.

КБА жіктеудің ең алғашқы үлгісін Д. Эфронның 1941 жылғы «Ишара және қоршаған орта» («Gesture and Environment») еңбегінен кездестіруге болады. Д. Эфрон ым-ишараны былайша топтастырады [72]:

1. *Физиографиялық ым-ишаралар*: заттың көлемін, сыртқы бейнесін бейвербалды түрде сипаттайтын ым-ишаралар;
2. *Идеографиялық ым-ишаралар:* абстрактілі ойды бейвербалды түрде жеткізу үшін қолданылатын ым-ишаралар;
3. *Дейктикалық ым-ишаралар:* нұсқау үшін қолданылатын ым-ишаралар;
4. *Ырғақтық ым-ишаралар:* интонацияны күшейте түсу үшін қолданылатын ым-ишаралар.

Ғалымның бұл классификациясы паралингвизмдердің бір түрі – кинемаларды ғана қамтығанына қарамастан, өзінен кейінгі зерттеушілердің көбіне ықпалы зор топтастыру болды.

Мимиканы терең зерттеген П. Экман мен В. Фризен (1969) Д. Эфронның ұсынған топтарын одан әрі жетілдіре түседі. Паралингвистикада кең тараған бұл классификацияда зерттеушілер ым-ишараның бес түрін көрсетеді. Олар:

1. *Эмблемалар* – сөздің, сөйленімнің орнына қолданыла алатын, орнын алмастыра алатын ым-ишаралар;
2. *Иллюстраторлар* – ойды нақтылау үшін қолданылатын ым-ишаралар;
3. *Аффективті көрсеткіштер* – эмоцияны, адамның ішкі күйінің сыртқы репрезентаттары саналатын мимика, өң өзгерісі, ым-ишара т.б.

4. *Реттеушілер (регуляторлар)* – тілдесім барысын жүйелеп отыру үшін қолданылатын түрлі ым-ишаралар. Оған коммуниканттың серігін тыңдап отырғанда басын изеп немесе шайқап өз ойын білдіруін жатқыза аламыз.

5. *Адаптерлер* – әдетке айналған, бейсаналы түрде орындалатын ым-ишаралар. Бұлар да көбінесе адамның ішкі күйімен байланысты болып келеді. Мәселен, желкені қасу, қаламды ауызға салу т.б. [73].

П. Экман мен В. Фризен классификациясындағы иллюстраторлар қатарына Д. Эфронның физиографиялық және дейктикалық ым-ишараларын біріктіргенін көруге болады. Осыған ұқсас классификацияны американдық психолингвист Д. Макнил 1985 жылы ұсынған [74]. Сонымен қатар орыс зерттеушісі Ю.В. Иванованың көркем мәтіндегі вербалданған ым-ишараларды*: 1) символдық; 2) эмоционалдық; 3) реакциялық; 4) дейктикалық; 5) реттеуіштік; 6) адаптерлік* деп жіктеуінен [28, 5], Г.Крейдлиннің кинемаларға қатысты «*эмблемалар* (вербалды баламасы бар кинема), *иллюстратор* (коммуникацияның белгілі бір бөлшегін көрсетуші), ***реттеушілер*** (коммуникативті процесті басқарушы, коммуникацияны орындаушы, толықтырушы немесе аяқтаушы)» [32, 183] деген бөліністерінен де Д. Эфрон қалыптастырған кластардың өзгеріссіз берілгеніне куә боламыз.

Д.Эфрон классификациясы ым-ишаралардың қызметін, жұмсалымын назарға алса, М.Данези коммуникация арналарының ерекшеліктеріне қарай коммуникация бірліктерін былайша жіктеуді ұсынады [75]:

1. Аудио-вокал (audition-vocalism). Аудио немесе ауызша арналар арқылы қарым-қатынас жасау: жалпы ауызша сөйлесу, қосымша дыбыстар (жөтелу, түшкіру т.б.), просодика (эмоцияны білдіру үшін дауыс тонын жоғарылату), дауыстағы әртүрлі модуляциялар т.б.

2. Визуал (Visuality). Көру арналары арқылы қарым қатынас жасау: жазу, таңбаларды пайдалану, суреттер т.б.

3. Тактильдік (Tactility). Жанасу арқылы қарым-қатынас жасау: қол алысу, шынтақпен түрту т.б.

4. Дене қалыбы (Corporeality). Денені түрлі қалыпта ұстау арқылы қарым-қатынас жасау: ым, дене тұрқы т.б.

5. Ольфакция (Olfaction). Иіске тән ерекшеліктер негізінде қарым-қатынас жасау. Оған айналадағы түрлі иістер, химикаттардың өткір иісі де жатады.

6. Густация (Gustation). Дәм, татым негізінде қарым-қатынас жасау. Түрлі тағамдардың дәміне беретін реакциялар жатады.

7. Кеңістік (Spatiality). Кеңістіктегі орын негізінде коммуникация жасау. Оған адамдардың арақашықтық сақтауы секілді проксемикалар жатады.

Зерттеушінің жалпы коммуникацияға қатысты деп ұсынған бұл мультимодальділік компоненттері вербалды хабардан гөрі бейвербалды хабарға қатысты екені анық байқалады. Қазіргі таңда паралингвистикада бұл классификация кең тарап отыр. Мәселен, бейвербалды семиотика маманы Г. Крейдлин аталған саланы іштей бірнеше субсалаға бөліп шығады. Бұл жіктелісте автор бейвербалды дыбыстық кодтар *паралингвистиканың*, ым-ишаралар *кинесиканың*, көз арқылы берілетін хабарлар *окулесиканың*, есту арқылы

орындайтын амалдар *аускультацияның*, жанасу арқылы жеткізілетін бейвербалды хабарлар *гаптиканың*, дәм және тағам арқылы берілетін бейвербалды кодтар *гастиканың*, иіс арқылы берілетін бейвербалды сигналдар *ольфакцияның*, кеңістіктің коммуникативтік қызметі *проксемиканың*, уақыттың коммуникативтік қызметі *хронемиканың*, адамдардың айналасындағы объектілерді орналастыруы, олардың коммуникативтік мәні *системологияның* нысаны деп сипаттайды [76]. Ал Е.Л. Васильева бейвербалды амалдарды *фонациялық, кинесикалық, проксемикалық, ішкі реакциялар* деп жіктейді [77, 4].

В.А. Лабунскаяның классификациясының басты ерекшелігі – паралингвизмдердің қызметін жалпы атайтын үлкен топтарды анықтауы. Зерттеуші сәлемдесу, қоштасу кезінде және т.б. коммуникативтік жағдаяттарда қолданылатын ым-ишараларды *коммуникативтік* деп, адамның ішкі ойын, пікірін білдіру үшін орындалатын «бас изеу», «басын шайқау» секілді амалдарды *модальді* деп, ал белгілі бір коммуникативтік жағдаятта немесе контексте ғана түсінікті болатын сипаттау мәнінде қолданылатын амалдарды *сипаттаушы* деп атайды [48].

Орыс парамаманы Т.М. Николаева ым-ишараттарды 1. *Шартты ым-ишаралар* – әр халық әртүрлі түсінетін бейвербалды амалдар; 2. *Әмбебап ым-ишаралар* – барлық халық бірдей түсінетін бейвербалды амалдар; 3. *Нақтылаушы ым-ишаралар* – жеке тұрғанда еш мағынасы болмаса да, вербалды хабарды түсінуге, толықтыруға атсалысатын бейвербалды құралдар; 4. *Ырғақты ым-ишаралар* – сөйлеушінің лебізін толық қамтып, айтар ойының нобайын ұғуға көмектесетін параэлементтер. Мысалы сөйлеушінің кібіртіктеп сөйлеуі – ішкі психикалық күйінің тұрақсыздығынан, уайым немесе немесе қорқынышынан хабар береді [79] – деп бөлген.

Т.М. Николаеваның классификациясында автор нақты бір ұстанымға сүйенбегені байқалады. Себебі шартты және әмбебап ым-ишаралар бейвербалды амалдардың мәдени ерекшелігін, нақтылаушы ым-ишаралар коммуникация мазмұнына қатысын, ал ырғақты ым-ишаралар жасалу формасын басшылыққа алып тұр (Сызба 4).

Е.Верещагин паралингвистикалық құралдардың вербалды хабарға қатысына қарай: «1) сөзді сүйемелдейтін бірақ коммуникативтік жүгі жоқ амалдар; 2) сөзді алмастырып, хабар бере алатын амалдар» деп жіктейді [80]. Осыған жақын топтастыруды Е.А. Маслыко да ұсынған. Зерттеуші тілдесім барысында хабар бере алатын бейвербалды амалдарды *паралингвистикалық* деп, сөйлеуді әрдайым сүйемелдейтіндерді *псевдопаралингвистикалық* деп және эмоцияны жеткізушілерді *аралық бейвербалды амалдар* деп атайды [81].



Сызба 4 – Бейвербалды амалдардың ғылыми классификациялары

Қазақ тіл білімінде бейвербалды амалдарды ең алғаш болып коммуникативтік тұрғыдан топтастыра білген зерттеуші ретінде С. Бейсембаеваны атай аламыз. Зерттеуші ым-ишараларды бірнеше критерийді


басшылыққа ала отырып қабылдаушыға әсеріне қарай *визуалды, визуалды-акустикалық* және *визуалды-тактильді* деп, проксемикалық сипатына қарай *қашықтан* (дистантный) және *жүзбе-жүз* (контактный) орындалатын деп жіктеген [82, 12-13]. Тілтанушы Б. Момынова қатысымның тілдік емес құралдарының «*оптокинетикалық* (ишарат, ым, пантомимика, көзқарас бағыты, визуальды контакт, терінің қызаруы мен қаны қашуы, моторика стереотиптері); *паралингвистикалық* (қарқындылық, діріл, дауыс екпіні, дауыс сапасы, дауыс диапазоны, дауыс тональдылығы); *экстралингвистикалық* (кідіріс, сөйлеу қарқыны, сөйлеудің байласымдылығы, күлкі, жөтелу, тұтығу); *проксемикалық* (қарым-қатынастың физикалық арақашықтығы); *заттық, контактілік, тактильдік әрекеттер*; *ольфакторлық* – иіспен байланысты құралдар» деген алты түрін атап көрсетеді. Сондай-ақ тілші-ғалым алғаш рет паралингвистикалық құралдарды мәдени мәніне қарай күнделікті тұрмыста қолданылатын ым-ишараттар, амандасу, қоштасу ишараттары, кешірім ишараттары, тыйым, тоқтау салу ишараттары, өлім-қазаға байланысты орындалатын дәстүрлі ишараттар деп топтастырып, ұлттық ерекшеліктерін жан-жақты талдаған.

Ш. Зекенова кинемаларды гендерлік ерекшеліктеріне орай – *жеке ерлерге* және *әйелдерге тән кинемалар* деп қарастырған. Зерттеуші: «әйелдерге тән кинемаларды ерлердің қолдануы ерсі, ерлерге тән кинемаларды әйелдердің қолдануы әдеп, дәстүр бойынша тыйым салынған» - деп топшылайды [83, 40].

В.Д. Нарожная ым-ишараларды *коммуникативтік* және *симптоматикалық* деп бөлуді ұсынады [65]. Зерттеуші коммуникативтік ишараларға коммуникация кезіндегі түрлі қимыл-қозғалыстарды енгізсе, симптоматикалыққа коммуникант көңіл күйін бейнелейтін ым-ишараларды, мимиканы жатқызады.

Жоғарыдағы классификацияларды саралай келе (Сызба 4), коммуникацияның бейвербалды амалдарын топтастырудың түрлі ұстанымдары мен тәсілдері бар екеніне көз жеткіздік. Зерттеуімізге негіз болып отырған «коммуникацияның бейвербалды амалдары» коммуникативтік актіге белсенді қатысатын әрі коммуникация элементі бола алатын тілдік емес құрылымдарды, атап айтқанда, проксемика, кинесика, окулесика, такесика, просодика салаларын қамтитынын ескере келе, біз бейвербалды амалдарды классификциялаудың мынандай үлгісін ұсынамыз (Сызба 5):

Коммуникацияның бейвербалды амалдары орындалу формасына қарай, ең алдымен, *визуалды* және *акустикалық* деп екі үлкен топқа бөлінді. Бұлар – бейвербалды хабарды берудің негізгі арналары. Визуалды арнаның бейвербалды құралдарына кинесикалық, окулесикалық, проксемикалық және такесикалық бірліктер жатады.



Сызба 5 – Коммуникацияның бейвербалды амалдарының түрлері

Кинесика. Визуалды арна паралингвизмдерінің алғашқы тобы – коммуниканттың денесі, басы, қолы т.б. мүшелері арқылы орындайтын ым-ишаралары, мимикасы, өң өзгерісі мен дене қалыбы жататын кинесикалық амалдар. Кинесиканың құрамына кіретін бейвербалды амалдарды *кинемалар* деп атайды. Бұл атау гректің κινέω «қозғалту, қимылдату» сөзінен келіп шығады.

Кинесикалық бейвербалды амалдардың такесикалық амалдардан ерекшелігі субъектінің өзі ешкіммен жанаспай орындайтын, жеке ым-ишаралары, қимыл-қозғалыстары мен мимикаларын қамтиды. Кинесикалық амалдар – коммуникация барысында ең жиі көрініс табатын және просодикалық белгілер секілді үздіксіз болып отыратын бейвербалды амалдар.

Окулесика. Көз арқылы берілетін сигналдардың хабар беру ауқымы мен фонациялық белгілер секілді коммуникация процесіне үздіксіз қатысатынын ескере келе, жеке топ окулесикалық амалдар ретінде бөліп алдық. Окулесикалық амалдарға көзқарастың барлық түрі, көзді сығырайту, ашып-жұму, көзді жай ғана жұму, көздің жасаурауы, көздің қанталауы, көз арқылы белгілі бір бағытты нұсқау және т.б. жатады.

Окулесикалық паралингвизмдер сөйлеушінің эмоциясын, жай-күйін жеткізіп қана қоймай, құптау, қарсы болу секілді толық коммуникативтік мәнге ие хабарларды бере алуымен ерекшеленеді. Мәселен, *көзді ашып-жұму* мағынасы жағынан бас изеуге (мақұлдау мақсатында) жуық болса, *көзді сығырайту* күмәндануды білдіре алады. Көз арқылы белгілі бір бағытты, затты не субъектіні нұсқау окулесикалық құралдардың дейктикалық басқа да амалдарға ұқсас қызметін танытады. Мысалы, *Жауаптан іркіліп отырған Тойсарының жүзіне Жұмақан* ***қырын қарап, суық көз тастады*** [58, 526] немесе *Жыл сайын, ай сайын, кейде, тіпті, күн сайын көргеніміз бір тепкі. Көз ашылар бар ма, сірә, бұл дерттен!?— деп қайнай сөйлегенде, кесек жүзіне діріл кіріп,*

көздері да намыскер ызадан жасаурап кетті [84, 15] - деген сөйлемдерде коммуниканттың ішкі күйі, өзгелерге деген қарым-қатынасы көзінен байқалады.

Проксемика. Коммуниканттың кеңістіктегі орналасу ерекшелігі (қатар тұру, қарама-қарсы тұру, алдыда немесе артта тұру, оң жақта немесе сол жақта орын алу т.б.) және арақашықтығы (жақын, алыс т.б.) коммуникация кезінде коммуниканттардың хабар алмасуын ұйымдастырушы факторлардың бірі саналады. Мысалы, тілдесім барысында жақындау, жабысу, түйісу, қашу, қатарласу, алшақтау, қарама-қарсы отыру секілді амал-әрекеттер коммуникант діттеміне қарай таңдап алынады. Паралингвистикада бұл құбылысты «проксемика» деп атайды. Проксемика «proximity – жақындық» деген мағынаны білдіретін латын сөзінен шыққан. Коммуниканттардың кеңістік арқылы жеткізетін коммуникативтік хабарлары – *проксемалар*. Бұл ұғымның мәнін А.И. Галичев: «проксемалар физикалық сипаттамасы бар және қатысым шарттарына сай коммуниканттар ұстанатын арақашықтық, бағыт, орын секілді кеңістік бірлігі» [85, 8] – деп дәл сипаттайды.

А. Пиз өзінің еңбегінде адамның қарым-қатынасындағы төрт түрлі ара қашықтықты көрсетеді:

1) Интимдік арақашықтық (15-46 см);

2) Жеке арақашықтық (46 см – 1-2м);

3) Әлеуметтік арақашықтық (1-2 м – 3-6 м);

4) Қоғамдық арақашықтық (3-6м жоғары) [86, 25].

Г. Вилсон мен К. Макклафлиннің пікірінше, тілдесім барысында коммуниканттар арақашықтыққа мән бергенімен, көбінесе арақашықтықты сақтау – бейсаналы түрде болатын процесс [87, 70].

Коммуникация кезіндегі арақашықтыққа коммуниканттардың әлеуметтік (жасы, жынысы, мамандығы), мәдени (ұлты), діни, психологиялық факторлары әсер етеді. Л. Шаньлин проксемаларды *коммуникантқа қарай жақындауға негізделген* және *коммуниканттан алшақтауға негізделген амалдар* деп жіктейді [46, 18]. А. Мерабиан адамдардың өзіне ұнайтын нәрсеге қарай жақындайтынын, ал өзіне ұнамайтын дүниеден барынша алшақ тұруға тырысуын «жеделдік принципі» (immediacy principle) деп атайды [88, 1]. Шын мәнінде, адам өзі жақын тартатын адамға барынша жақын болуға тырысып, бар денесімен бұрылуға сол арқылы өзінің көңілін білдіруге тырысады. Ал керісінше тілдескісі келмейтін адамнан барынша алшақ тұруға тырысады, сонымен қатар денесін де бұрмай, көзіне қараудан қашады. Мысалы, *Тағы осы жиын ішінде, өздерінің бұл жерде болуымен Абайды таң қалдырған Жігітектің екі атқамінері – Бейсембі, Әбділда отыр. Олар жиынның шетінде. Ешкімнің аман-жаманымен, әзіргі сөзімен ісі жоқ. Суық қабақпен, иықты төмен салып,* ***көпке қырын отыр*** [58, 536] немесе *Осы сәтте Абай* ***жонын жұртқа беріп отыра берді*** *де, Майбасар мен Тәкежанның Дәркембайдың жағасына жабысып отырған қолдарын қатты жұлып-жұлып алып, серпіп жіберді* [58, 15] – деген сөйлемдердегі «көпке қырын отыру» және «жонын жұртқа беріп отыру» бейвербалды амалдары – кейіпкердің басқаларға деген ренішін, қарсылығын, сөйлескісі келмейтінін, коммуниканттар арасындағы шиеленісті білдіріп тұрған проксемикалық

компонент. Бұны келесі мысалдағы проксемамен салыстыру арқылы анық аңғаруға болады: *Құнанбай Ұлжанға қарай* ***бар денесімен бұрыла түсіп, бет беріп сөйледі*** [58,16] Берілген үзіндіде сөйлеушінің тыңдаушыға денесін толық бұрып сөйлеуді таңдауы, керісінше, сөйлеушінің тыңдаушыға деген ықыласын, сөйлесуге деген ынтасын байқатады.

Такесика. Бейвербалды амалдарға субъекті жеке орындайтын амалдар ғана емес, сонымен қатар бірнеше субъектіні қамтитын амалдар да жатады.

«Такесикалық амалдар коммуникацияға көп жағдайда екі адамның қатысуын қажет етеді, екі адамның іс-әрекетімен іске асады және екі дене мүшесінің (соматиканың) қимыл-қозғалысы арқылы жасалады» [42, 9].

Такесика кезінде бір субъект доминант болуы, яғни бейвербалды амалдың екінші субъектіге бағытталуы немесе коммуниканттар тең дәрежеде қатысып, бейвербалды амалды екі субъекті бір-біріне бағыттауы мүмкін. Мәселен, төс *қағыстырғанда, қол ұстасқанда* сөйлеуші екі жақ бірдей қатысатыны белгілі.

Такесикаға жанасудың кез келген түрі сүю, құшақтау, иіскеу, ұру, сипау, шымшу т.б. жатады. Такесикалық амалдарды, проксемалар секілді әр халықтың мәдени ерекшелігін ескере отырып қолданған абзал.

Жанасу қазақ мәдениетінде түрлі жағдаяттарда қолданылады. Атап айтсақ, амандасу, қоштасу, жақсы көретінін білдіру, жазалау, күтім жасау т.б. такесикалық көріністері бар. Мәселен, «*Кішкене бөбектерден әлі көзін ала алмаған Абай балалардың* ***бастарынан сипап****, аттарын сұрады. Үлкені — Асан, кішісі Үсен екен. Аттарын өздері ақырын ғана шала сыбырлап, тымауратқан үнмен айтып берді*» - [58, 78] деген мысалда Абай балаларға деген ілтипатын *бастарынан сипау* арқылы білдіріп тұр [89, 101].

Қазақ халқының төс қағыстыру, шаш сипату, қол ұстату, беташар, тұсау кесу, етік тартар сынды дәстүрлерінің басым бөлігі такесикалық бейвербалды амалдарға негізделген. Коммуникацияның бейвербалды амалдарының екінші макротобы – *акустикалық амалдар*. Акустикалық амалдар адамның сөйлеу әрекетімен, дыбыс шығару аппаратымен тығыз байланысты. Вербалды хабарға қатысына байланысты акустикалық амалдарды іштей просодикалық және вокалдық деп екіге бөлдік.

Просодикалық белгілер. Сөйлеу – адамды басқа тіршілік иелерінен ерекшелейтін қабілет және адамға биологиялық тұрғыдан тән сипат. Адамның фонациясына физикалық сөйлеу аппараты және коммуникация кезінде көрініс табатын фонематикалық белгілер тән. Олар биологиялық тұрғыдан бір тұтас жүйе болғанымен, қызметі жағынан бір емес. Сөйлеу аппараты адамның сөйлеу әрекетін жүзеге асырып, вербалды хабарды дүниеге әкеледі. Әр адамның өзіне тән дауыс тоны, ырғағы, миллизмасы болғанына қарамастан, қатысым кезінде адам дауысын айтылып жатқан хабардың мазмұнына қарай құбылта алады. Мақсатты түрде немесе эмоционалды түрде болатын бұл өзгерістер, просодикалық белгілер коммуникацияның бейвербалды амалдарына жатады. Фонетист-ғалым З. Базарбаева сөйленімдегі интонацияның функциясы жөнінде: «Интонацияның тональды және темпоральды параметрлері бар. Интонация мазмұн ажырататын қызмет атқарады, тағы бір қызметі – әртүрлі эмоцияларды

айқындау» [90, 202] – дейді. Просодикаға дауысқа қатысты қарқын, жиілік, кідіріс, дауыс күші, тембр т.б. амалдар жатады. П. Мартин адам еркіне бағынатын интонацияны экпрессивті деп, ал сөйлеуші еркінен тыс болатын интонацияны экспрессивті емес (бағынбайтын) деп атайды [91].

Просодикалық амалдар дауыс пен дыбыстың түрлі өзгерістері арқылы қосымша ақпарат береді: *аз тоқтап, қатты зекіп, қатты сөйлеп, сыбырлай күбірлеп, ашық дауыспен, дауыстап алды, күбір етіп, күңк етіп, қатты әмір етіп, зіркілдеп сөйлеп, ұрыса сөйледі, ақырын дауыспен, қатты ақырып, арс-арс етіп, сыбырмен, сыбырлап, саңқ етіп, қатты ұрсып* т.б. [66, 123].

Л. Кулиш сөйлеудің дыбыстық жағына тән мынандай белгілерді атайды: 1) дикция, 2) мәнерлілік, 3) эмоция 4) дауыс қаттылығы, 5) екпін, 6) дауыс күші, 7) тембр, 8) басыңқы тон, 9) сөйлеудегі дефектілер [92, 15]. Сөйлеудегі дефектілерден басқа сөйлеушінің ырқына бағынатын дауыстағы құбылыстар просодикалық бейвербалды амалдардың тууына ықпал етеді.

Вокалдық белгілер. Адам өз ойын дыбыстағанда артикуляциялық аппарат тіл дыбыстарымен қатар дыбыстық мағынасы жоқ бірақ адамның жай-күйін, эмоциясын білдіруге қатысатын шуларды да жасайды. Оған *күлу, жылау, айқайлау, жөтелу, түшкіру, ыңырану* секілді бейвербалды амалдар жатады. Мысалы, *Бұндағы жайды өзгеден бұрын Көкбай түйген екен. Енді Шұбарға қарап,* ***қарқ-қарқ күледі*** [84, 12] - деген сөйлемдегі күлкінің сипаты коммуниканттың өз эмоциясын ашық жеткізіп тұрғанын және рахаттанып күлгенін білдіріп тұр.

Е. Түйте вокалдық белгілерге вокалдық кедергілерді де қосады. «*Вокалдық кедергілер* – сөйлеу мәнерін бұзатын артық дыбыстар немесе сөздер. Бұл кедергілер артық саналып, өзіңе назар аудартып, тыңдаушыларға айтылған хабарламаның мәнін түсінуге кедергі жасайды. Күнделікті өмірде біздің сөйлеу мәнерімізде көптеп кездесетін мынадай кедергілер бар: е-е-е, м-м-м, жаңағы және түсінесіз бе?, деген секілді т.б. Бұл кедергілер айтушының (баяншының) сөз болып отырған мәселесін толыққанды түсінбегендігінен, білмегендігінен т.с.с. жағдайларынан туындайды. Вокалдық кедергілер осындай жағдайлардың «орнын басатын сөйлем» ретінде, сөйлем арасында паузаны толықтыру негізінде, үнсіздікті жою үшін қолданылады, яғни өзімізге қажетті деген «сөзімізді» іздеу үшін немесе ойымызды аяқтамаған жағдайда, әрі қарай толықтыру мақсатында қолданамыз» [93, 20] – дейді зерттеуші.

Вокалдық белгілер әрдайым коммуникация элементі бола бермейді. Мәселен, адамның тамағы ауырған кезде жөтелуі мен кіріп келе жатқанын білдіру мақсатында есік сыртында жөтелуі – екі түрлі амал.

Шығармадағы бейвербалды амалдарды орындалу бағытына қарай *жеке субъекті негізді, субъекті-субъекті негізді, субъекті-объекті негізді, объекті негізді* деп жіктеуді ұсынып отырмыз.

Жеке субъект негізді КБА – тілдесім барысында басқа адамдардың қатысуынсыз (жанасуынсыз) орындалатын әрі хабар беретін бейвербалды сигнал. *«Бала деген қорқар болар еді. Ес бар ма өзіңде, пәруәрдігер, - деп Байтас бабын таба алмай* ***басын шайқайды»*** [94, 4] - деген мысалдағы Байтастың басын

шайқауы сөз субъектісінің өзі орындап тұрған әрі екінші коммуникантқа қатысты таңданысын білдіріп тұрған параамал.

Субъект-субъект негізді КБА – тілдесім барысында коммуниканттардың мақсатты түрде бір-бірін түртуі немесе жанасуы т.б. арқылы орындалатын әрі сол арқылы коммуникативтік жүк арқалайтын бейвербалды сигнал. «Қалиқа деген бір жеңгесі: «- *Телғара! Айналайын Телғара! Соқталдай азамат боп кетіпсің-ау! - деп, мойнынан* ***құшақтай алып, бетінен сүйді****»* [94, 10] – деген үзіндіде жеңгесінің Абайды құшақтап алған сәтінде бейвербалды амалға екі жақ та қатысып тұрды. Бұл ситуацияда бейвербалды амалды бірінші орындаған коммуникант доминант болады да, орындалған амал да сол субъектінікі болып саналады. Субъект-субъект негізді коммуникацияның бейвербалды амалдары кейде екі жақтың тең интенциясы арқылы жүзеге асады.

Субъект-объект негізді бейвербалды амалдар – коммуниканттардың бір-біріне хабар беруде, ішкі интенциясы мен эмоциясын жеткізуде белгілі бір объектіні көмекші құрал ретінде пайдалануы. *Сүйіндік Абайдың* ***шынысын өзі әперіп:*** *- Жеп іш, Абай! - деп, енді* ***қонағының алдына жент пен майды да, бауырсақты да молырақ ысырып қойды****. Әкесінің жас қонаққа жасаған осындай бейілін де Тоғжан сезіп отыр* [94, 141]. Бұл үзіндіде үй иесінің қонағына деген ілтипаты әрі вербалды жолмен «Жеп іш» сөзі арқылы, әрі бейвербалды жолмен кесесін әперіп, тәтті-дәмдіні қонағының алдына қарай ысыруы арқылы көрініп тұр. Кейіпкердің дастархан басындағы сипатталған әрекеті – жалпы қазақ халқына тән қонақжайлықтың көрінісі.

Объект негізді бейвербалды сигнал – тілдесім барысында белгілі бір объектінің субъектінің қатысынсыз-ақ қатысымдық ақпарат беруі. *Сүйіндік Абай сөзін қатты ықыласпен тыңдады. Алдындағы* ***шайы ішілмей, кесесі суып қап еді.*** *Тоғжан әкесінің соншалық тыңдағанын енді байқады. Ол Абайға таңдана қарап, бірталайға дейін көз алмады...* [94, 141]. Берілген мысалда Сүйіндіктің Абайға, оның сөзіне деген ықыласын автор суып қалған шайды бейнелеу арқылы жеткізіп тұр. Бұндай көрініс күнделікті коммуникацияда да жиі кездеседі. Себебі бейвербалды амалдардың қатысым барысындағы маңызды қызметінің бірі – коммуниканттардың бір-бірін тыңдап отырғанын сөздің көмегінсіз тілдесім процесін үзбей, оған кедергі келтірмей білдіруі.

Бейвербалды амалдарды танылу деңгейіне қарай ұлттық, әмбебап және индивидуалды деген топтарға бөлуге болады. Ұлттық бейвербалды амалдар этнолексика секілді тек сол халық өкілдеріне ғана түсінікті болып, мәдени мәні анық көрінеді. Ұлттық бейвербалды амалдар этномәдени және этнопсихологиялық ерекшеліктерге негізделеді. Этнобейвербалды амалдар қазақ халқының сан ғасырдан бергі таным-тәжірибесінің нәтижесі, қатысым мәдениетінің ажырамас бөлігі. Олардың бір тобы тіліміз бен мәдениетімізде тұрақтанып, символданып салт-дәстүр компонентіне айналған. Енді бір тобы коммуникация кезінде тек қазақ халқы ғана орындайтын және мәнін дәл декодтайтын коммуникацияның белсенді компоненттері болса, тағы бір тобы қазақ халқының ұлттық-коммуникативтік мінез-құлқы мен әдебінен хабар беретін тілдік емес белгілер.

Бейвербалды амалдардың қатарында кірме бейвербалды амалдар да кездеседі. Мәселен «Абай жолында» мынандай үзінді бар: *Осы оба фәләкәті келерден бұрын «адам өлмеді», «жаназа болмады», «фидия, садақаға тойымсыз терең қалтам толмады» деп* ***табыт қаққан*** *кісілер бар. Солардың қара тілегі бүгін халық басына мұншалық зор апатты, соншалық көп өлімді әкеліп отыр! Кімдер сол* ***табытты қаққандар****! Қай күні, қай кеште, қай намаздан кейін* ***табыт қақты****?* [71, 32].

Бұл үзіндіде «табыт қағу» ритуалы туралы сөз болған. Алайда жаман ырым саналатын мұндай ғұрып қазаққа да, мұсылман қауымына да жат әрекет. Ә. Диваев жерлеу рәсімінде табытқа салу жайлы: «Мұсылмандар табытқа салып жерлемейді, оларда зират басында орналасқан қоғамдық табыт болады, қажет болған жағдайда оны барлық қоғам пайдаланады; өлген адамды кебінмен ғана қояды. Табыттың қақпағы болмайды» [95, 273] – дейді, яғни «табыт қағу» ғұрпы ғана емес, табыт түсінігінің өзі мұсылмандар арасында кең тарамаған.

Бейвербалды амалдардың адам бойындағы көрінісі оның әрі туабітті берілетін қабілет екенін әрі жүре келе қалыптасатын стереотип екенін көрсетеді. Дүниеге келген нәрестенің ата-анасымен тілдесуі тілі шыққанға дейін ең алдымен бейвербалды формада, жылау, күлу, ойнау, түрлі қылықтары, қол, аяқ, бас қимылдары арқылы жүзеге асады. Адам баласы қандай тілдік ортада туылса сол тілде сөйлейді. Дәл сол секілді туабітті бейвербалды амалдардан басқа тілдесудің көмекші құралдарының бәрі адам бойына өзі өскен мәдени ұжым арқылы сіңеді. Бейвербалды амалдардың коммуникация кезінде атқаратын қызмет ерекшелігіне, мәдени мәніне, лексика-семантикалық сипатына қарай да түрлі топтарға бөлуге болады. Бейвербалды амалдардың зерттеуде ұсынылған кластары көркем мәтіндегі паралингвизмдердің эмпирикалық базасын талдау негізінде жасалған бұл топтастыруды паралингвистикалық бағыттағы ізденістердің барлығында қолдануға болады.

1.4 Бейвербалды амалдардың тіл жүйесіндегі орны

Бейвералды коммуникация – вербалды коммуникация секілді адамдардың сәтті коммуникация орнатуының, қатысым мәдениетін қалыптастырудың құралы. Ал сәтті коммуникация – демократиялық, яғни бір-бірін құрметтейтін, ыждағатпен тыңдайтын және ойын нық жеткізе алатын қоғам құрудың негізгі тетіктерінің бірі. Адам баласы өзі қаласын-қаламасын әрдайым, үздіксіз ақпарат алу қызметін атқарады, оның басым бөлігін бейвербалды сигналдар құрайды.

Тіл білімінде тілдік және тілдік емес амалдарды алғаш боп салыстырған тұжырымды Э.Сепир мақаласынан кездестіруге болады. Ғалым вербалды жүйенің толықтай саналы түрде жүзеге асатыны, ал бейвербалды жүйенің толығымен бейсаналы сипатта болуы мүмкін деген болжам жасайды және екі арнаның басты ерекшелігі ретінде тілдік коммуникация ишараттық коммуникацияға қарағанда қоғам мүшелері толық мойындаған әрі ресми болып келетінін айтады. Ғалымның пікірінше, ым-ишаралар психологиялық тұрғыдан сөздерге қарағанда шынайырақ сигналдар саналады [13, 211]. Коммуникация теориясында бейвербалды хабарлардың вербалды хабарға қарағанда ақиқатқа

жақын әрі шынайы болатыны жиі айтылады. Сондықтан екеуі бір-біріне қарама-қарсы хабарды білдірген жағдайда, КБА арқылы берілген сигналдарға ерекше мән беру қажет. Себебі адам өзінің тілсіз құралдарын белгілі бір дәрежеде басқара алғанымен, ұсақ мимемаларын толықтай игеріп тұруы мүмкін емес. Бұл турасында З. Темиргазина: «Серігінің жүзіне көз тастағанда сөйлеуші ондағы кішкентай өзгерістерді, көзінің, бет бұлшықетінің қозғалысын аңғарып қояды әрі санадағы бұл процесті тоқтату мүмкін емес» - дейді [1, 51]. О.В. Тимашева да бұл турасында: «Көру түйсігі көру мүшесімен қатар мида да үздіксіз жүріп жатады, сондықтан перцепция көбіне жай ғана стимулға реакция емес, интерпретация» [96, 174] – дейді. Вербалды арна және бейвербалды арна жеке-жеке зерттеліп жүргенімен, сәтті коммуникация аталған екі арнаның үйлесімді қолданысы арқылы ғана жүзеге асатыны даусыз.

Тіл білімінде коммуникативтік актідегі тілдік және тілдік емес құралдарды өзара салыстыру кең тараған. Бірқатар зерттеушілер тілдік бірліктер мен бейвербалды бірліктерді параллель алып қарастырады. Мысалы Ж. Нұрсұлтанқызы зерттеуінде бейвербалды амалдарды тілдің лексика деңгейімен салыстыра келе, *кәсіби бейвербалды амалдар, вариантты бейвербалды амалдар, диалект бейвербалды амалдар* сынды түрлерін анықтайды [54, 27]. Ал А.В. Филиппов бейвербалды амалдардың *окказионалды, кірме, көнерген, неологизм* сияқты түрлері бар екенін айтады [97, 25].

Паралингвистиканы лингвистикамен параллель алып қарайтын болсақ, онда бейвербалды амалдар тілдің лексика қабатымен пара-пар қызмет атқарады деп шамалауға болады. Себебі коммуникацияның көмекші құралдары сөздік құрам секілді түрлі компоненттерден құралып қана қоймай, сол секілді түрлі өзгерістерге ұшырап отырады. Қолданылу аясына қарай бейвербалды амалдарда тілдегі лексикалық бірліктер секілді үздіксіз дамып, өзгеріп отырады. Бірқатары белсенді қабатты құраса, енді бір тобы көнеріп пассивтене бастайды. Ж. Нұрсұлтанқызы қолданыстан шығып, мағынасы күңгірттене бастаған мұндай амалдарды архаизм-бейвербалды амалдар деп атайды: «Қоғамның өзгеруіне қарай тұрмыста сирек қолданылып, бірт-бірте қолданыстан шығып қалған бейвербалды амалдар бар. Бұндай амалдар қарым-қатынас кезінде қолданылу тәжірибесінен шығып қалған архаизм-бейвербалды амалдар болып саналады» [54, 25] дей келе олардың қатарына *ат құйрығын кесу* (ежелгі кезде араздасқан, бірін-бірі көрместей болған адамдар кетіскенде өз аттарының қыл құйрығын кесіп, артына қарамай аттанып кететін болған), *отының басын сабау* (ел ішінде әлі келгендер әлсіздерге не жетім-жесірлерге шектен тыс тізесін батырған кездер болған. Содан кеткен есесін шамасы келмейтін әлсіздер зорлық қылғанның ауылына барып, оның үйін, от басын сабап, күлін шашқан), *артынан топырақ шашу* (қатты жек көріп, көңілі әбден қалған адамға қарсы әрекет) т.б. жатқызады.

С.Б. Бейсембаева тілдің лексикалық қабатымен бейвербалды амалдарды теңестіре келе «мономағыналы», «полимағыналы», «синоним бейвербалды амалдар», «антоним бейвербалды амалдар», «омоним бейвербалды амалдар», «архаизм-бейвербалды амалдар», «табу-бейвербалды амалдар» бар екеніне назар аударып, мысалдармен дәйектейді. Сондай-ақ, грамматикалық жақтан

бейвербалды компоненттер тілге аналог бола алмайтынын, жай ғана сәйкестіктер табуға болатынын морфологиялық және синтаксистік деңгейлермен көрсетеді.

Тілдегі грамматика ұғымы күрделі құрылымға негізделетінін естен шығармаған жөн. Паралингвистикалық құралдар ара-тұра грамматикалық құрылымдарға ұқсас қызметтерді атқара алғанымен, «тілдің грамматикасы» секілді толыққанды жүйе ретінде қарастыруға келмейді. Тілдердің грамматикасын толық сипаттайтын академиялық грамматикалар бұл ойымызға айқын дәлел бола алады. Себебі, «академиялық грамматика тілдерді біртұтас жүйе, органикалық тұтастық ретінде қарастырады және лингвистикалық мәселелерді бір-бірімен өзара байланыста шешеді. Бұл морфологияға қатысты мәселелерді синтаксистік деңгейдегі тілдік парадигмалар арқылы қарастыруға мүмкіндік береді, ал сөзжасам мәселелері морфологиялық категориялар арқылы шешілуі мүмкін. Академиялық грамматиканың өзіндік құрылымы бар — ол тіл білімінің деңгейлеріне қарай тарауларға бөлінеді. Бұл тарауларда баяндалған идеялар бір-біріне қайшы келмеуі тиіс; керісінше, олар өзара сәйкес келіп, біртұтас жүйе ретінде синтезделуі қажет» [6, 331].

Зерттеуші А.Т. Оналбаева: «Тілдік жүйе мен бейвербалды қарым-қатынас жүйесі – екі бөлек жүйе, сондықтан олар бір-біріне толық сәйкес келуі мүмкін емес. Оларды біріктіретін жайт – екеуінің де басты қызметі – коммуникативтік функциясы. Алайда тілдік жүйе – негізгі, ал бейвербалды жүйе – тілдік жүйені толықтырушы қосымша жүйе» [25, 90], – дей келе, *тілдік және тілдік емес құралдар қатар қолданылу арқылы тіл коммуникативтік функциясын толық атқарады* деген қорытындыға келеді. Дәл сол секілді А. Кендон зерттеуінде ойды жеткізудің аталған екі формасы интеграцияланған түрде ортақ коммуникативтік мақсатқа қызмет ететіні айтылған [7, 3] Бұл пікір паралингвистикада кең тарағанын да атап өткен жөн. Осыған қатысты Г.В. Колшанский «паралингвистика» тілсіз коммуникацияны зерттейтін ғылым саласына айналғанымен, бейвербалды амалдарды тілмен байланыстыра отырып, яғни вербалды коммуникацияның аясында қарастырғанда ғана толық лингвистиканың объектісі бола алатынын, олай болмаған жағдайда психология мен физиологияның тоғысындағы сала ретінде шектелетініне назар аударады [65, 6]. Профессор А. Тымболова да: *«Тілдік құбылыстардың табиғатын жете түсінуде бейвербалды элементтерді зерттеу қажет екендігі анық»* [98, 202] – деп тұжырымдайды. Яғни, *паралингвистиканы зерттеу дегеніміз* – бейвербалды амалдарды олардың вербалданған түрімен біртұтас қарастыру.

М.Аргайл вербалды және бейвербалды арнаның өзара байланысына тоқтала келе, вербалды ақпаратты бейвербалды жолмен толық жеткізу мүмкін бола бермейтіні секілді, вербалды хабардың бейвербалды хабардың орнын баса алмайтын тұстары да болатынына назар аударады [15, 3]. Сондықтан бұл екі арнаны өзара салыстырғаннан гөрі, олардың әрқайсысы өзіне тән хабар беру ерекшелігі бар уникалды жүйе деп мойындаған жөн.

Коммуникацияда тілмен қатар қолданылады деп айтқанымызбен тілдік емес құралдардың тілге қатысы әрі оған тәуелділігі әртүрлі деңгейде. Бұл жағынан тіл және коммуникация мазмұнын бөлек алып қарастырған абзал.

Себебі тіл ауыздан шыққан жүйелі сөздер тізбегі болса, **коммуникация мазмұны** тілдесім кезеңіндегі вербалды және бейвербалды хабарды қамтиды. Г. Камешева осындай ерекшелігіне қарай тілдесімнің көмекші құралдарын *тілсіз өмір сүре алмайтын бейвербалды амалдар, пікір айтумен қоса жүріп, онсыз мағынасы болмайтын бейвербалды амалдар* және *тілден тыс қолданылса да өз мағынасын сақтайтын элементтер* деп бөліп қарайды [41, 43]. Ал Ж. Фэй бейвербалды амалдарды коммуникация процесіндегі рөліне қарай *коммуникативтік жағдаятқа байланысты бейвербалды құрылымдар* және *коммуникативтік жағдаятқа қатысы жоқ бейвербалды құрылымдар* деп екіге бөледі [99, 5]. М. Серғалиев коммуникативтік акті ұғымының орнына «ауызекі сөйлеу тілі» деген терминді қолдана отырып: «Ауызекі сөйлеу тілінің экстралингвистикалық белсенді бір түріне бет-пішіні, дене қимылы, бас шұлғу, иық қағу сияқты әрекеттер де жатады. Мұның өзі бір қарағанда, музыкалық аспаптардың айтылып жатқан әнді сүйемелдегендей әсер береді» [100, 62] – деп, бейвербалды амалдардың ауызекі сөйлеу тілінің бір түрі екенін айтады. Ғалым атап өткендей, антропосемиотикалық тұрғыдан ым-ишаралар ауызекі сөйлеу тілінің элементі, алайда бейвербалды амалдарды лингвистика аясында зерттеу олардың мәтіндегі көрінісін зерттеу арқылы ғана жүзеге асады.

Бейвербалды коммуникация мен вербалды коммуникацияның негізгі айырым белгілеріне тоқталсақ, ол, ең алдымен, **бейвербалды арнаның мақсатты түрде де, мақсатсыз түрде де хабар бере алуы**. Вербалды хабар дайын күйінде жұмсалғанымен, коммуниканттың саналы шешімі нәтижесінде ғана сыртқа шығып, ойдан сөзге айналады (Кесте 3).

Кесте 3 – Вербалды және бейвербалды хабардың ерекшеліктері

Вербалды хабар	**Бейвербалды хабар**
Мақсатты	Спонтанды
Эксплицитті	Имплицитті
Икемді	Шынайы / ақиқатқа жақын
Саналы	Бейсаналы
Сөйлеу актісінің элементі	Коммуникативтік акті элементі
Күрделі ойды жеткізеді	Эмоцияны, көңіл күйді, сөйлеуші интенциясын т.б. қарапайым ақпаратты жеткізеді


Вербалды және бейвербалды арналардың аталған ерекшелігін ескере келе, Е.М. Мартынова коммуникация терминіне мынандай анықтама береді: *«коммуникация бұл – мақсатты және симптомды ақпаратты алмасу процесі»* [101, 18-19]. Мұнда зерттеуші *мақсатты* деп вербалды қатынасты, ал *симптомды* деп бейвербалды құралдарды меңзеп тұр.

Вербалды арнадан бейвербалды амалдың тағы бір ерекшелігі – *бейвербалды хабар сөйлеу актісі басталғанға дейінгі және кейінгі кезеңде де белсенді қолданылады.* Қазақ халқының бейвербалды амалдарын зерттеуші М.П. Ешімов: «Қарым-қатынас сөйлеу әрекетінің басталуынан бұрын туындайды, демек, оған дейін қарым-қатынас жасаушылар белгілі бір арақашықтықты

сақтап, дене қалыбын ұстайды. Осы жағдайға лайық бет әлпетін өзгертіп, сәлемдесу дистантты дене қимылдарымен (қол алысу, бас изеу т.б.) алмасады. Осы аталған формалар сөйлеу әрекетіне түсу үшін қолайлы жағдай жасап, қарым-қатынас жасаушылардың қарым-қатынас орнатуға дайын екендігін анықтауға мүмкіндік жасайды» [102, 91-92] – дейді. Бұл турасында Н.Р. Формановскаяның коммуникативтік жағдаяттың қатысым орнату, оны жалғастыру және тоқтату фазаларынан тұратыны жайлы ойы да өте орынды айтылған [103, 55]. Қазақ тіл білімінде бейвербалды амалдардың сөйлеу әрекетіне дейінгі дайындық кезеңін, сөйлеу әрекеті барысы мен сөйлеу әрекетін түйіндеу кезеңдеріне қатысатынын ең алғаш К. Қажығалиева былайша көрсеткен еді: «Сөйлеу әрекеті, әдетте, коммуниканттардың вербалды әрекетіне негізделеді, бірақ сонымен бірге коммуниканттардың сөйлеу қарым-қатынасын бастауға немесе аяқтауға деген ниетін айқын көрсететін бірқатар бейвербалды компоненттер де бар. Олар коммуникацияға дейінгі кезеңде де, оның барысында да, аяқтау сәтінде де көрінуі мүмкін. Мұндай бейвербалды компоненттерге алыстан немесе жақыннан жасалатын танысу, амандасу мен қоштасу ишаралары, соған сәйкес бет әлпетінің өзгеруі, қолайлы қашықтық орнату, сондай-ақ қарым-қатынас кезіндегі дене қалыбы жатады» [104, 23]. Бейвербалды құралдардың бұл түрін зерттеуші «тілден тыс контакторлар» (неречевые контакторы) деп атайды. Зерттеушінің бұл тұжырымынан коммуникативтік акті мен сөйлеу әрекетін ажыратып алу қажет екенін байқаймыз.

Сөйлеу актісі – коммуникация процесінің негізгі мазмұнын (вербалды және бейвербалды хабардан тұратын) қамтыса, коммуникативтік акті сөйлеу актісі басталғанға дейінгі және кейінгі кезеңін де қамтиды. Сөйлеу актісіне дейінгі кезеңде коммуникация коммуниканттардың көзқарасынан басталады. Коммуниканттар бір-бірімен ең алдымен көзі, түрлі мимикасы мен ишаралары арқылы тілдесіп алып, одан кейін вербалды хабарға көшеді. Бұл процесс көбіне бейсаналы түрде жүреді.

Бейвербалды хабардың келесі бір ерекшелігі – *тілдесім барысында барынша қарапайым хабарды жеткізуге бейім келуі.* Вербалды жүйе де, бейвербалды жүйе де хабар беру қызметін атқарғанымен, олар жеткізетін хабардың өзіне тән белгілері бар. Г. Почепцов қатысым *вербалды арна арқылы* және *визуалды арна арқылы* жүзеге асады дей келе: «Вербалды хабар әлемдегі реалийлерге сай келетін, соны бейнелейтін лексикалық бірліктерге негізделеді, ал ол кезегінде сөздіктегі сансыз көп сөздер арқылы жеткізуге болатын шексіз хабарларды тудырады» [105, 16] – деп вербалды арнаның үлкен көлемде хабар беруге қабілетті екеніне ерекше назар аударады (Сызба 6).



Сызба 6 – Бейвербалды амалдардың қатысым әрекетіне қатысу кезеңдері

Вербалды арна арқылы еш қиындықсыз кез келген хабарды беруге болады, яғни хабардың көлемі үлкен, құрылымы күрделі, уақыт тұрғысынан ұзаққа созыла алады. Arizona университетінің зерттеуі бойынша адам баласы күніне шамамен 16000-18000 сөз (әйелдер ~ 18 443, ерлер ~ 16 576) сөйлейді екен [106]. Мұндағы сөз саны жеке лексемаларды білдіргенімен, олар арқылы берілетін хабардың көлемі де аз емес екені түсінікті.

Визуалды арнаның басты материалы – сөзді (вербалды хабарды) әрдайым сүйемелдейтін, толықтыратын, кейде оның орнына жұмсалатын *коммуникацияның бейвербалды амалдары.* Бейвербалды амалдар арқылы берілетін хабардың ақпараттық жүгі ауыр болмайды. С. Бейсембаева зерттеуінде кинетикалық қордың аз болуына әрі грамматикалық жүйесінің жетілмегеніне байланысты түрлі терминдер мен абстрактілі түсініктерден құралған ойды ишараттық тіл арқылы жеткізу мүмкін емес деген қорытынды жасайды [107, 12].

Параэлементтердің қатысым кезіндегі қолданылу жиілігіне қатысты нақты статистика болмағанымен, тілдік емес құралдар да адамдардың хабар алмасу процесіне үздіксіз қатысады. 1950 жылдары дене тілінің зерттелеуіне зор үлес қосқан А. Мерабианның анықтауынша адам біреуді ұнататынын (liking) жеткізгенде, хабардың 7%-ын вербалды құралдар (сөздер), 38%-ын вокалды элементтер (дауыс тоны, интонациясы т.б.), ал 55%-ын бейвербалды амалдар арқылы білдіреді екен [88, 75-80]. Р. Бердвистелл де жүзбе-жүз сөйлесу кезінде коммуникацияның 65%-дан астамы бейвербалды түрде жүзеге асатынын айтқан. Сондай-ақ, бейвербалды коммуникация эксперттері Алан және Барбара Пиздің сауда саласындағы мыңдаған сұхбатты талдау негізінде жасаған қорытындысы бойынша, бизнес саласында дене тілінің адресатқа ықпал ету коэффиценті 60-80%-ды құраған [108, 28].

Бейвербалды амалдар адамның эмоциясын, көңіл күйін жеткізуде вербалды хабарға қарағанда белсенді әрі шынайы деп саналады. Бейвербалды амалдардың психологиясын зерттеген С.А. Гарькавец тілдік емес құралдарды «ақпарат берудің эмоционалды арнасы» деп атайды [109, 6]. П. Булл адамдардың коммуникация процесі кезінде бір-бірінің эмоциясын дәл танып, декодтауын *бейсаналы коммуникация* деп бағалайды [110, 644]. Тілдесім кезінде үлкен рөл ойнайтын эмоцияның экпрсесивтік қызметімен қатар, эмоция коммуникативтік мақсаттың тез орындалуына ықпал ететін күшке ие.

Қатысым кезіндегі эмоцияны білдіру мәселесіне ерекше мән берген О.В. Тимашева эмоцияның жасандылығы мен шынайы болатынын ескере келе «эмотивті коммуникация» және «эмоционалды коммуникация» ұғымдарын бөліп қарастырады. Зерттеуші: *эмотивті коммуникацияны* эмоцияларды саналы түрде сыртқа шығару, көрсету арқылы сөйлеушінің коммуникативтік діттемін орындау үшін қолданатын тактикасы десе, *эмоционалды коммуникацияны* адамның ішкі психобиологиялық күйінен хабар беретін сигналдар деп түсіндіреді [96, 173]. В.И. Шаховскийдің пікірінше, «тілді эмоциялық қырынан зерттемейінше, коммуникативтік лингвистика арнасында жүргізілетін ешбір зерттеу толық бола алмайды, өйткені эмоциялар – адам мен оның сөйлеу қызметінің ажырамас бөлігі, оның маңызды сипаттарының бірі. Себебі эмоцияның тілде бейнеленуі арқылы адамның өзі де тілдік тұлға ретінде танылады» [111].

«Бейвербалды қатынас амалдары – эмоцияның бейнелік көрсеткіші. Демек ол: эмоцияны білдіру және қабылдау үшін; қатынас үрдісін қалыптастыруға және коммуникация кезінде психологиялық байланыс орнату үшін; сөз арқылы берілетін мағынаны толықтырып, түсіндіру үшін қолданылады» [40, 12].

Тағы бір назар аударатын мәселе – *бейвербалды амалдардың ақпарат беру формалары вербалды арнаға қарағанда әлдеқайда көп.* Бейвербалды амалдардың негізгі қызметін коммуникативтік-ақпараттық қызметі деп атауға болады. Бейвербалды коммуникацияның құрамына визуалды, аудиалды және комплементарлы (қосымша, толықтырушы) ақпарат кіреді. Визуалды арналарға оптика, вегетатика, кинесика жатса, аудиалды арналарға просодика, вокализация, үнсіздік енеді. Ал комплементарлы арнаға олардан басқа проксемика, гаптика, ольфакция, гастика және хронемиканы қоса аламыз.

Параэлементтердің лингвистикалық функция атқаратынын Лунд университетінің профессоры М.Галлберг былайша дәлелдеуге тырысады: «Ишаралар көп жағдайда сөйлеушілерге тән, яғни адамдар тілдесім кезінде ишара жасайды. Тағы да қызығы – ишаралар лингвистикалық қызмет атқарады. Тілдің кейбір бөліктері ишаралардың мағыналы болуын талап етеді. Мысалы, дейктикалық «мынау» деген сөздің мазмұны ишара арқылы жеткізіледі. Ишаралар сондай-ақ сөз таптары сияқты қызмет етеді. Ишара сөйлемде етістік ретінде жұмсала алады, бұған «аралас синтаксисті» мысал етуге болады. Сондай-ақ кей ишаралар жеке тұрып сөйлеу актісі ретінде, яғни тұтас бір сөйлем не сұрақ ретінде қызмет етеді» [19, 106].

М. Галлберг пікіріндегі «аралас синтаксис» мәселесі ерекше назар аударуды қажет етеді. *Аралас синтаксис* (mixed syntax) — ауызша сөйлесімде сөздер мен бейвербалды амалдардың (ым-қимыл, ишара, көзқарас, бағыт көрсету, т.б.) бір синтаксистік бірлікке бірігіп, мағынаны бірге құрауы. Бұл терминді румын психолингвисі Т. Слама-Казаку 1976 жылғы ғылыми мақаласында алғаш рет ым-ишараға қатысты қолданады. Т. Слама-Казаку «аралас синтаксис» деп хабар тізбегінде (message sequence) вербалды және бейвербалды компоненттердің қатар келуі, жиі кездесуін атайды [112]. В.В. Виноградов бұндай құрылымдарды «толымсыз сөйлемдер» деп есептейді [113, 29]. Ал тілші-ғалым И.В. Горелов бейвербалды хабардың вербалды хабарға ықпалын кейде лингвистикалық ақпаратты толықтырады, ал кейде лингвистикалық ақпаратты ысырып тастау арқылы сөз арқылы өрбитін коммуникацияны бұзады деп бағалайды [114, 23]. Аралас синтаксис кезінде бейвербалды амал вербалды хабардың кетігін бітеу үшін жеке лексемаға тең бірлік ретінде де, бейвербалды хабарды нақтылаушы бірлік ретінде де жұмсалады.

Аралас синтаксис ол сөйлемнің емес тілдесімнің құрамына қатысты ұғым болғандықтан, бейвербалды амалдарды лингвопрагматикалық аспектіде зерттеуде маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Тілдік қатынас кезінде кейбір бейвербалды амалдар вербалды хабармен жымдасып кететіні соншалық адам баласы оларды бейсаналы түрде қолданса да оған аса мән бере бермейді. Мысалы, қатысым барысында мақұлдау, келісу мәнінде «иә» сөзін дыбыстағанда міндетті түрде басымызды изейміз, ал «жоқ» дегенде керісінше басымызды шайқаймыз. Сол секілді білмеймін дегенде де бас шайқау немесе иығымызды сілку – автоматты түрде орындалатын іс-әрекеттер. Бұндай бейвербалды амалдар вербалды компоненттерсіз де қолданыла береді және әлемнің көптеген халқына ұғынықты әмбебап бейвербалды құралдар қатарына енеді. Г.В. Колшанский бір ғана мағынаға ие болып, қолданысы әбден тұрақтанған бейвербалды амалдардың бұл түрін «типтік ишаралар» деп атауды ұсынады [64, 73].

Вербалды арна мен бейвербалды арнаның осылайша бірге жұмсалуын американдық зерттеушілер Уильям С. Кондон мен Уильям Д. Огстон ғылыми негіздеген. Аталған құбылысты фильмдерді микро-талдау барысында байқаған зерттеушілер оған «Self-synchrony» (өз-өзіңмен синхрония) деген атау берген. Self-synchrony, бір сөзбен айтқанда, адамның сөзі (дыбыстауы, екпіні, буын ырғағы) мен дене қимылының (бас изеу, қолдың соққысы, көзқарас т.б.) бір мезетте қабысуы, үйлесуі. Бейвербалды коммуникациядағы «mixed syntaxis», «self-synchrony» ұғымдарының қалыптасуына неміс психологы және тілтанушысы К. Бюллердің «Тіл теориясы» еңбегі зор ықпал еткен. Ғалым тілдің екі негізден дейктикалық өрістен және символдық немесе атауыштық өрістен тұратынын айтқан. Мұндағы дейктикалық өріс – мәтінде және мәтіннен тыс көрініс табатын ым-ишараны, уақыт пен кеңістікті қамтитын күрелі категория [115, 94].

С. Мағжан бейвербалды құралдардың мәтінге тәуелсіз түрлері бар екенін айта келе, олардың дербес, лексикалық мағынасы бар толық мәнді жеке-дара

тұрып білдіре алатын атауыш сөздер секілді қызмет атқаратынына назар аударады. Мәтінге тәуелсіз, мәтінге байлаулы болмайтын бейвербалды элементтердің түрін *эмблематикалық ишараттар* немесе *эмблемалар* деп атайды. Зерттеушінің ойынша, «эмблематикалық бейвербалды амалдар екі түрге бөлінеді: А) оның бірінші түріне сөздің аналогы болып келетін ишараттар жатады: Бас шайқау – Болмайды! Жоқ. Мүмкін емес. Керек емес т.б. Ә) сөйленістің аналогы (сөйленіспен тең дәрежеде бола алатын) бола алатын ишараттар жатады: Арқадан қағу – Жарайсың, саған өте ризамын! Сенікі дұрыс. Бәрекелді!» [42, 10-11].

Бейвербалды құралдар лингвистикамен қатар психологияның да зерттеу нысаны. Дегенмен лингвистикалық зерттеулердің ерекшелігі – тілдік емес құралдардың тілдік жағын, яғни тілде вербалданған түрін қарастырады. Адамның физикалық ерекшеліктерін зерттейтін ғылымды «физикатика» деп атаса, ал олардың формасы, яғни сыртқы сипаты және оның адам психологиясымен байланысы «физиогномика» саласында тереңірек талданады. Физиогномиканы «адамның жүзін болжау» ғылымы деп те атайды [116, 3]. Физиогномиканың мақсаты – адамның бет-әлпеті арқылы прагматикасын, ішкі ниетін, жай-күйін анықтау, болжау, сол арқылы сәтті коммуникация орнату немесе қандай да бір ақпаратқа қол жеткізу, жағымды имидж қалыптастыру. Сол себепті халықпен етене қарым-қатынас жасайтын тұлғалар, сақшылар (криминалистер), саяси лидерлер, оқытушылар мен кәсіпкерлер бұл саланы меңгеруге зор қызығушылық танытады.

Ым-ишаралар табиғи тілмен тең түсетін және коммуникацияның толық мүшесі, негізі болатын жағдаяттар да және коммуникацияға көмекші құрал ретінде қатысатын жағдаяттар да кездеседі. Алғашқы қызметіне сөйлеу қабілеті жоқ (мылқау, саңырау) субъектілердің тілдесімін қамтамасыз ететін дактильді тілді жатқызуға болады. Дактильді тіл – табиғи тіл секілді таңбалардан құралған, өзіндік ережесі бар жүйе, яғни тіл. Сол себепті дактильді тілді зерттеу көбінесе психолог, нейролог мамандарға жақын тақырып. Ал лингвистика аясында қарастырылатын параамалдар – сөйлеуге қабілетті коммуниканттардың қарым-қатынасына тікелей немесе жанама түрде қатысатын құралдар.

Түйіндей келгенде, бейвербалды арналар вербалды коммуникацияға дейінгі, вербалды коммуникация барысында және вербалды коммуникациядан кейінгі кезеңде хабар беру мүмкіндігіне ие болып, бірқатар прагматикалық функцияны атқарып тілдесімнің сәтті, сапалы әрі жылдам жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Тілдесім жоқ жерде бейвербалды коммуникация да болмайды. Коммуникацияның бейвербалды амалдары – тілге қарағанда аз зерттелген, алайда сөз субъектілері туралы хабар беруде тілге қарағанда әлдеқайда жылдам әрі шынайы ақпарат көзі саналатын тілдесімнің көмекші кейде негізгі құралы.

2 КОММУНИКАЦИЯНЫҢ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАРЫНЫҢ КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ

2.1 Паралингвистикалық құралдарды вербалдаудың грамматикалық құрылымдары мен лексикалық үлгілері

Коммуникацияның бейвербалды амалдарына коммуникативтік мәнге ие амалдар, яғни мимика, бас қимылдары, дене қалыбы, дене және қол қимылдары, жанасу, аяқтың орналасуы мен қозғалысы, тұлғааралық көзқарас, тұлғааралық қашықтық, адамдар арасындағы синхронизм немесе мимика, дискретті тілдік емес вокалдық дыбыстар (мысалы, күрсіну), сондай-ақ дауыс қарқыны, қаттылығы, дауыс тонындағы басқа да өзгерістермен қатар белгілі бір коммуникативтік жағдаятта коммуникативтік мәнге ие болатын амал-әрекеттердің басқа да түрлері жатады.

«Паралингвистикалық ерекшеліктер халықтардың барлығына да тән және олар этнос мәдениетінің бір көрінісі. Өнер үлгілерінің басқа түрлерінде (мәселен, сахна, кино өнерінде) сөйлеу этикетінің вербалды емес белгілерін жеткізу тым қиын емес. Ал жазба нұсқаларда коммуникативтік актінің барысында ақпарат-пікір алмасудың толыққанды дәрежесіне қол жеткізуге дәнекер қызметін атқаратын паралингвистикалық компоненттер тексте тілдік тұлғалармен (сөз, сөз тіркесімен) белгіленеді» [117, 18]. Мәтіндегі вербалданған бейвербалды құрылымдар – бейвербалды коммуникацияны лингвистикалық аспектіде зерттеудің негізгі нысаны.

С. Бейсембаева ым-ишараларды сөзбен жеткізу адамдардың күнделікті қарым-қатынасы кезінде, яғни ауызша сөзінде бейвербалды амалдарды өз көзімен көрмеген басқа бір субъектіге хабарлау барысында, коммуникативтік акті орын алғаннан кейін баяндау арқылы жүзеге асатынын айтады [107, 12]. Параэлементтер тек коммуникативтік актіде, ауызша қатысымда ғана емес, сонымен қатар вербалдану арқылы сөз, фразеологизм, метафора түрінде сөздік құрамда да көрініс табады.

«Жазба мәтін ойлаудың күрделі формаларын күрделі тілдік бірліктер арқылы жеткізе алады. Жазба мәтіндерде күрделенген құрылымдар, бірыңғай сөйлем мүшелері, параллелизмдер, көп бағыныңқылы құрмалас сөйлемдер, экспрессивті синтаксистік фигуралар және т.б. мол көрініс табатыны белгілі» [118, 9]. Ал табиғатынан тілден тыс болып келетін коммуникацияның бейвербалды амалдарын сөзбен жеткізу кезінде бұл процесс одан сайын күрделене түседі. Мәселен, адамның бір ғана эмоциясын түрліше вербалдауға болады. Сондай-ақ бейвербалды ақпарат барлық вербалды мағынаны бере алмайтыны секілді бейвербалды кодтарды сөзбен толықтай сипаттаудың да өз қиындықтары бар. Р. Бирюковтың сөзімен айтқанда, «бейвербалды амалдарды адамның сезім-күйінің, эмоциясының әрбір қыртысы толық әрі нақты көрінетіндей етіп вербалдау мүмкін бе, әрине, жоқ» [119, 10].

О. Кобзева бейвербалды амалдардың вербалдануы мәселесі әртүрлі тілдер бойынша зерттеліп келе жатқанымен, лексика-семантикалық, лингвомәдени және прагматикалық аспектілеріне қатысты әлі де қарастырылмаған, қарастырылса да күрмеуі шешілмеген біраз мәселенің бар екенін еске салады [30,

4]. Сондай түйіннің бірі – коммуникацияның бейвербалды амалдарының тілдегі көрінісін білдіретін барлық зерттеуші бірізді қолданатын терминнің болмауы. Сол себепті паралингвистикалық әдебиеттерде тілші-ғалымдар көбінесе вербалдану процесін сипаттайтын еркін тіркестерге жүгінеді. Мәселен, О.С. Ахманова *«ишараның тілдік манифестациясы»* (языковая манифестация жеста); Е.М. Верещагин мен В.Г. Костомаров *«айтылым»* (речение); В.Г. Хлыстова «*кинематикалық айтылым»* (кинематическое речение); Е.Я. Кедрова *«ишараның номинациясы»* (номинация жеста), *«ишараны білдіретін сөз формулалары»* (словесные формулы, выражающие жест), *«ишараның вербалды көрінісі»* (вербальное обозначение жестов); О.В. Кобзева *«кинеманың вербалды репрезентациясы»* (вербальная репрезентация кинемы); Е.Д. Боева *«ишараның сөзбен сипатталуы»* (словесное описание), *«вербалданған ишара»* (вербализованный жест), *«вербалданған кинема»* (вербализованная кинема); А.Т. Хроленко *«паракинема»;* Р.А. Бирюков *«адам мінез-құлқының сыртқы формаларының лексикалық номинациясы»* (лексическая номинация внешних форм поведения человека) сынды атауларды қолданған. Алдыңғы тарауда айтып өткеніміздей, берілген диссертация жұмысында коммуникацияның бейвербалды амалдарының вербалды үлгілерін «паралингвизмдер» терминімен атап отырмыз.

Бейвербалды коммуникация мамандарының еңбектерінен (Г. Крейдлин, О. Кобзева, Б. Момынова, С. Бейсембаева, Ш. Зекенова, С. Мағжан, М. Ешімов, А.А. Блинова, Р.А. Бирюков, Ю.В. Иванова, Е.Л. Васильева, Л. Шаньлин, Ж. Фэй, Ж. Нұрсұлтанқызы) паралингвизмдерді зерттеуде сүйенетін негізгі мәтін түрі көркем мәтін екенін анық көруге болады. Көркем шығармадағы бейвербалды амалдар – ұлттың психологиялық, танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік ерекшеліктерінің тілде вербалдануының нәтижесі. Әр халықтың әлемді тануы басқа халықтардан бөлек болатыны секілді сол танымды тілде бейнелеу жолы да ерекше болмақ. Е.А. Русинаның пікірінше, «көркем мәтіндегі паракинетикалық және парафонациялық амалдардың көрінісі – екіұдай үдеріс. Бір жағынан ол ауызша қатынастағы бейвербалды амалдарды түсініп қабылдау болса, екінші жағынан, оларды ой елегінен өткізіп, интерпретациялау және мәтінде вербалды құралдар арқылы бейнелеу болып табылады» [31], яғни бейвербалды құралдардың вербалдануы – түсіну, қорыту және вербалдайтын тіл бірліктерін таңдау сынды логикалық процестердің нәтижесі.

О.Кобзева кинемалардың вербалды репрезентациясы семантикалық құрылымы жағынан еркін тіркес түрінде де, фразеологиялық тіркес түрінде де көріне алатын лексиканың ерекше қабаты деп бағалайды [30, 8]. Алайда паралингвизмдердің тіл лексикасындағы нақты санын анықтау мүмкін емес. Ым-ишара сөздіктерінде фразеологиялық тұрпаттағы бейвербалды амалдардың бір парасы қамтылғанымен, автордың вербалдау тәсіліне байланысты болатын және тіркесу заңдылықтары әралуан болып келетін еркін тіркес түріндегілерінің тілдегі үлесін дәл көрсету өте қиын. Десе де Е.А. Зуева коммуникацияның тілден тыс компоненттерін вербалдаудың шектеулі модельдері бар және олар актіге деген реципиенттің көзқарасын білдіретін факультативті элементтер арқылы түрленіп отыруы мүмкін деген гипотеза жасайды және зерттеуінде осыны

дәлелдеуге тырысады [120, 4]. Шын мәнінде, паралингвизмдерді зерттеудің эмпирикалық материалы жинақталған шығармалар негізінде модельдеп шығуға болатыны рас. Алайда бұндай модельдер әр автордың, әр шығарманың тіліне қарай өзгеріп отырмақ. Шығармаларда жалпы халыққа ортақ, формасы мен мағынасы тұрақтанған параамалдар мол ұшырасқанымен, автордың шығармашылық шеберханасында бейвербалды амалдар құрылымы жағынан түрліше құбылады. Көркем мәтінді тудырушы автор – бейвербалды амалды вербалдаушы тұлға. Бір ғана ұғымды (бейвербалды элементті) шығармада әртүрлі тілдік бірліктер арқылы беру – жазушы қаламына тән ерекшеліктің бірі.

Кез келген бейвербалды амал орындалу формасы мен сол формаға тән мағынадан құралатындықтан, бейвербалды амалдарды білдіретін тілдік бірліктер осы екі сипаттың кемінде біреуін қамтуы қажет. Мұны басқаша мазмұн межесі (план содержания) және тұрпат межесі (план выражения) деп айтуға да болады. Мысалы, «жұдырығын көрсету» паралингвизмінің тұрпат межесі – жұдырығын түйіп жоғары ұстау амалы болса, мазмұн межесі – «сыбағаңды аласың» деген мән.

«Абай жолы» роман-эпопеясындағы бейвербалды амалдарды жинақтау және вербалды құрамын лексика-грамматикалық тұрғыдан талдау барысында шығармадағы паралингвизмдердің вербалдануына мынандай уәждер ұйытқы болғаны анықталды: *1) форманы вербалдау, 2) форма мен мағынаны қатар вербалдау, 3) екеуін де атамай, жалпы сипаттау (нақты атамау)*.

1) Бейвербалды амалдың формасын вербалдау арқылы жасалған паралингвизмдер. Паралингвизмдердің бұл тобына мағынасын сипаттамаса да формасы арқылы семантикасы анық көрініп тұратын бейвербалды амалдардың вербалды үлгілері жатады. Оған мысал ретінде, *қабақ шыту, езу тарту, мұрнын шүйіру, иек қағу, санын шымшу, жерге түкіру* т.б. амалдарды атай аламыз. Шығарма тіліндегі мұндай амалдар мағынасын нақтылайтын көмекші құрылымдарсыз-ақ оқырманға түсінікті болады: *Абай оларға қарап **езу тартты** да, Дәмежанды өз қасында бөгей тұрды* [71, 5].

Берілген мәнмәтіндегі «езу тарту» паралингвизмі күлу, сүйсіну, сүйіну, қуану мағынасында жұмсалғаны болып жатқан оқиға желісінен, коммуниканттардың бір-біріне деген қарым-қатынасынан аңғарылып тұр. Сонымен қатар контекстен тыс та «езу тарту» тіркесі *жымию* мағынасын білдіретін фразеологиялық бірлік ретінде қалыптасып кеткен.

Формасын сипаттау арқылы тілде бейнеленген ым-ишараларды түсіну оқиғаға арқау болып отырған халық мәдениеті мен тұрмыс-салтын жетік білуді қажет етеді. Мәселен, «*Байтас бұған күліп, енді іріленіп қарап: - Не бетімді айтушы ем? Сорлы қатын алыстан әнмен арыз айтып жатқанға шыдасын ба? Келсем, **алдымнан өзі шығып, атымды байлап жатыр**, - деп, Жұмабай жаққа қарап, иек қағып қойды*» [94, 6] – деген үзіндіде «алдынан шығу» және «атын байлау» паралингвизмдерін қолдану арқылы Байтасты әйелі құрметпен қарсы алғаны аңғарылып тұр. Мәтіннен бөлек алғанда да бұл паралингвизмдердің мағынасы мәтіндегіге толық сай келеді. Алайда оларды дәл осы мағынада түсіну үшін оқырманның бұл жайлы түсінігі, ұлттық қатысым мәдениеті жайлы білімі

болуы қажет. Себебі қонақты бұлайша қарсы алу – тек қазаққа тән ұлттық сипаттағы бейвербалды амал. Алдыңғы мысалдағы эмоцияға қатысты кинемаларды декодтауға қарағанда мәдени мазмұнға ие мұндай бейвербалды амалдың мағынасын түсіну қиынырақ болып келеді.

2) Бейвербалды амалдың орындалу жолын және оның мағынасын қатар сипаттау. Бейвербалды құралдарды вербалдаудың бұл тәсілін автор әртүрлі мақсатта қолданады. Мәселен: «*Не көрмеген басым! Телі-тентегің «бір сойқанды бастауға дәл осы дәмнің үстінде бекінді» деп біл, Дәке!—деді де, Базаралы дастарқаннан»* [84, 72] - деген үзіндіде автор «***бір түйір ірімшікті алып, ант ырымен жасағандай болып, аузына салды***» паралингвизмінің екінші бөлігі арқылы бейвербалды амалдың мәнін нақтылап өткісі келгені байқалады. Қазақта ант берудің түрлі жолдары бар, соның бірі – асты ұстау, ауызға алу арқылы ант беру. Көбіне нан ұстап ант беру кең тараған. Ауызша коммуникация кезінде «нан ұстаймын» деген фразеологиялық қолданысты жиі естуге болады.

Нақтылау мақсатында вербалданған бейвербалды амалдың тағы бір үлгісі *Хазірет: - Бәрәкалла, бәрәкалла... бирахматика я арха-мәррахимин, - деп отырып, Абайға* ***қол жайып бата берген-ді*** [94, 25] сөйлеміндегі «қол жайып бата берген-ді» паралингвизмі. Бұл паралингвизм мағынаны нақтылаушы компонентсіз-ақ «бата беру» мәнін жеткізе алады. Десе де вербалдаушы тұлға автор болғандықтан, мәтіннің кей тұсында екеуін қатар беру арқылы нақтылыққа ұмтылады.

«- Бала деген қорқар болар еді. Ес бар ма өзіңде, пәруәрдігер, - деп Байтас ***бабын таба алмай басын шайқайды*** [94, 4] - деген мәтін үзігінде «бабын таба алмай басын шайқау» паралингвизмі қолданылған. «Басын шайқау» амалының мағынасын айқындап тұрған «бабын таба алмай» анықтаушы компоненті кейіпкердің ішкі күйінен, ойынан хабар беріп тұр. Мағына мен форманы қатар вербалдау берілген сөйлемдегі «бас шайқау» ишарасы секілді омоним бейвербалды амалдардың мағынасын ажыратуға көмектеседі. Мәселен, «Қазақ ым-ишараттарының түсіндірме сөздігінде» «бас шайқау» параамалының он үш түрлі мағынасы берілген [121, 53-55]. Коммуникативтік жағдаятқа қарай «бас шайқау» жақтыртпау; келіспеушілікті білдіру; қарсылық таныту, жоққа шығару; таңдану, таң қалу; таң қалу әрі аяушылықты білдіру; сенімсіздік білдіру; жаны ашу, аяу, мүсіркеу; келіспеу, мойындамау әрі жақтыртпау; өтіну, сұрау, жалыну; өкіну; амалсыздықты білдіру көну; сүйсіну, құшырлану, тамсану; ұялу мәнінде жұмсала алады.

3) Бейвербалды амалдың орындалу сипатын нақты атамау. Кейіпкерлер арасында коммуникативтік акті орын алған кез келген мәтін бөлігіне бейвербалды құралдар қатысады. Алайда автор оларды әрдайым тура атап, сипаттай бермейді. Мәнмәтіннің ерекшелігіне қарай бейвербалды амалды нақты атамау, меңзеп қоя салу арқылы да паралингвизмдер жасалады. Оларды контекске тәуелді паралингвизмдер деп бағалауға болады. Себебі контекстің көмегінсіз нақты қандай ым-ишара туралы сөз болып жатқанын түсіну қиын болады. Мысалы: «*Келген қонақтар жайын естіген үй иесі әйелдің* ***үні тез өзгерді.*** *– Ойпыр-ау, Абай ағам ба? Қазір, қазір ашайын! – деп қақпасын аша*

берді» [71, 4] деген мәтін үзігінде «үні тез өзгерді» деген паралингвизм арқылы автор біріншіден, әйелдің сасып қалғанын, екіншіден, Абайға деген құрметін аңғартып тұр. Контекстен тыс «үні тез өзгеру» паралингвизмі негативті, яғни «дауысы бұзылды» деген мәнде жұмсала алады. Мұндағы «өзгеру» етістігі нақтыдан гөрі, абстрактілі сипатқа ие.

«Ұлжан басында ол сұрауын елеусіз қалдырып, артынан тағы бір айналғанда:

- Е, жүр-дағы жынды неме. Бүгін осында маза бермеген соң әжең екеуміз қуып шыққамыз, - деп әжесіне ***нұсқады***» [94, 11] деген бөлікте де «нұсқады» паралингвизмі дейктикалық бейвербалды амал екені түсінікті. Алайда оқырман бұл паралингвизмнің нақты қалай орындалғанын өзі болжауы тиіс. Әдетте, нұсқау қол, бас, иек, көз, қас соматизмдері арқылы орындалады. Мұндағы нұсқау амалы бас немес иек арқылы орындалған деп шамалауға болады. Себебі, қазақ мәдениетінде қолмен нұсқау ерсі, тіпті тыйым салынған ишара саналады.

Бейвербалды амалдарды нақты атамай вербалдаудың тағы бір тәсілі ретінде «Абай жолы» роман-эпопеясында автор «ым», «ишара», «ишарат», «белгі» сынды бейвербалды амалды жалпы атайтын лексемаларды қолданады. Мұндай лексемалар «ишара қылу», «ишарат қылу», «ишара жасау», «ишарат ету», «ым жасау», «белгі ету» сынды тіркестер түрінде беріледі. Мысалы: *«Құнанбай «Жетті, доғар» дегендей* ***ишарат қылды*** *да, Қарабасты тоқтатып тастады»* [94, 139] – деген сөйлемдегі *«Жетті, доғар» дегендей* ***ишарат қылды»*** деген паралингвизмнің бейвербалды формасы қалай және қандай соматизмдер арқылы көрініс табатыны нақты айтылмаған. Десе де ұлттық коммуникация мәдениетінен хабары бар адам оның «қолды бірден жоғары сермеу» түрінде болатынын ойша топшылай алады.

«Әжесі өзіне байланысты бір нәрсеге ***ишара қып отырғанды*** *көріп:*

- Не дейді? Не деп жатырсыңдар, естімедім, - деп еді, Абай Оспан жайын айтып кеп, қатты сөйлеп:

- Әже-ау, былтыр мұндай емес ең... Құлағыңа не болған, неге естімейсің? - деді. Көптің ортасында отырса да, еріксіз жапа-жалғыз боп оқшауланып қалған әжесіне жаны ашып, құшақтап алдына жантайды» [94, 11] - деген үзіндідегі «ишарат қылу» амалының алдыңғы мысалдағыдан бөлек екенін мәнмәтіннен байқай аламыз. Мұндағы бейвербалды амал дейктикалық сипатта екенін, «әжесіне байланысты ишарат қылынып отырғанын» түсінуге болады, яғни мұндағы «ишарат қылу» нұсқау мәніне жақын.

Мәтіндерде кездескен нақты аталмайтын паралингвизмдердің тағы бір үлгісі – бейвербалды амалдың референті (орындаған соматизм) аталғанымен, амалдың қалай орындалғаны сипатталмауы. Мәселен: *«Құнанбай жұрттың күбірі көбейіп бара жатқанын енді сезді. Өлтіргеннен де қинау бататын тәрізді. Ол* ***қолымен қатты ишарат қып****, түйені шөгер деп бұйырды»* [94, 36] - мысалындағы «қолымен қатты ишарат қып» паралингвизмінде бейвербалды амалдың қол соматизмі арқылы орындалғаны, амалдың қарқыны қатты, күшті болғаны туралы ақпарат анық берілген. Бірақ қол арқылы қандай әрекет жасалғаны «ишарат қылу» тіркесімен бүркемеленіп тұр. Мәтіндегі

коммуникативтік жағдаятқа сүйене отырып мұнда да Құнанбайдың қолын көпке қарата сермеу амалын орындады деп шамалай аламыз. Себебі қол арқылы ишарат қылу шығарманың өн бойында Құнанбай жиі орындайтын ым-ишараға жатады. Бұл ишараның нақты орындалу үлгісін *«Түсіне ашу, көзіне жас толған Айғыз, дірілдеген үнменен: - Қарашығым, балапаным-ай, сормаңдай жетімегім-ай! Не қарғысқа ұшырап туып ең? - дей беріп еді, Құнанбай* ***сол қолын шұғыл көтеріп қап: «Доғар!» дегендей ишарат қылды.*** *Қарғыс шарпуынан бетін қорғаған сияқты қозғалыс*» [94, 167] және «***Екі қолын*** *жұртқа: «аулақ-аулақ», «тоқтат» дегендей* ***сырт қарата сілкіп-сілкіп тастап****, айналып жүре берді»* [71, 31] сөйлемдерінде автор толық сипаттаған.

Нақты атамау әрдайым мағына мен форманың екеуіне бірдей қатысты бола бермейді. Көбінесе мағынасы ашық берілгенімен, формасы жасырын сипатта болады. Ойымызға «*«Әжесі шала есітті. Ұлжан үн қатпай, Абайға жауап та айтпады. Бірақ, енесі бұған қадалып, тізесінен түртіп,* ***«не дегенін айт» дегендей ишарат еткен*** *соң ернін Зеренің құлағына тақап:*

- Әкесін айтады. Қатал екен, неге аямады дейді, - деді» немесе *«Сармолланы* ***сәл ғана белгі етіп*** *оқшаулап алды»* [94, 45] мысалдары дәлел бола алады.

Сонымен қатар, мағына мен форманың арасындағы байланыс бір сөйлем ішінде емес микромәтін көлемінде көрінетін мысалдарды да кездестіруге болады. *«Баймағамбетке есік жақты көзімен белгі етті. Бөтен кісі кірмесін дегендей ым жасап еді* [71, 81] – деген микромәтінде алғашқы сөйлемдегі «есік жақты көзімен белгі етті» паралингвизмінің мәні екінші сөйлем арқылы ашылған. Сол секілді *Ұрты салбыраған қызыл қабақ Әзімбай жуан ақтаяқты өткір қара пышақпен жонып отырып, ұялмастан* ***ернін шығарды да, мырс етіп күліп қойды. «Сенгенім-ақ» дегендей, ішінен жауыққандай сес білдіреді*** [84, 74] деген үзіндіде Әзімбайдың ернін шығаруы мен мырс етіп күлуіне негіз болған интенциясы келесі сөйлемде сипатталған.

Қытай тіліндегі параамалдардың тілдегі репрезентациясын қарастырған зерттеуде паралингвизмдер құрылымына қарай *бір сөзден тұратын, сөз тіркесінен тұратын, сөйлемнен* және к*үрделі синтаксистік тұтастықтан тұратын* деп бөлінген [46, 11] Ж. Фэй А.Чехов шығармаларында кездесетін тілдік емес құралдардың вербалдану сипатын қарастыра келе, оларды біркұрамды (однословные) және біркұрамды емес (неоднословные) деп жіктейді [99, 6]. Көркем мәтіндегі параамалардың вербалдануын морфологиялық, синтаксистік және тұтас мәтін деңгейінде талдау керек деп есептейтін зерттеуші Ю. Иванова орыс тіліндегі паралингвизмдер *паралингвизм-етістік, паралингвизм-зат есім, паралингвизм-көсемшелі/есімшелі етістік, паралингвизм-айқындауыш* грамматикалық құрылымдары арқылы жасалады деп қорытындылайды [28, 7].

Ал қазақ тіліндегі бейвербалды амалдардың вербалдану тәсілдерін зерттеген С. Бейсембаева кинетикалық сөзді ауызша сөзген айналдырудың мынандай бірнеше тәсіліне тоқталып өтеді:

1) Ым-ишараны бір тілдік бірлік арқылы вербалдау («жымию», «бажыраю»);

2) Ым-ишараны фразеологиялық бірлік арқылы вербалдау («санын соғу», «қол жаю», «қол алысу»);

3) Ым-ишараны еркін тіркеспен вербалдау («қос қолын көтеру») [82, 15].

Зерттеушілердің пікірлерін және «Абай жолы» романынан жиналған тілдік фактілердің ерекшелігін ескере отырып, шығармадағы паралингвизмдер вербалдану тәсіліне қарай *дара сөз арқылы вербалданған паралингвизмдер, күрделі сөз арқылы вербалданған паралингвизмдер, фразеологимздер арқылы вербалданған паралингвизмдер, еркін тіркес арқылы вербалданған паралингвизмдер* және *троптар арқылы вербалданған паралингвизмдер* деген бес топқа бөлінді.

Бұл жітемеде үш топ паралингвизмдердің грамматикалық құрылымын, ал екі тобы лексикалық құрамын негізге алады. Вербалдану процесі тіл-тілдің грамматикалық және лексикалық ерекшелігі негізінде жүзеге асады.

1. Дара сөз арқылы вербалданған паралингвизмдер көбінесе бейвербалды амалды атайтын етістіктер болып келеді және олар сөздіктерде көрініс табатын тіл лексикасының бір бөлігін құрайды. Кез келген бейвербалды амал белгілі бір процеске, өзгеріске, әрекетке негізделетін динамикалық құбылыс болғандықтан, вербалдау процесіндегі ең көп жұмсалатын лексика-грамматикалық топ – етістік. Француз әдеби туындыларындағы паралинвизмдердің бейвербалды формаларын құрылымдық талдау арқылы жасалған морфологиялық статистика бойынша, шығармаларадағы бейвербалды амалдардың алпыс пайызға жуығы етістіктер арқылы вербалданған. Зерттеу авторы «паралингвизмдердің, ең алдымен, вербалданған әрекеттер екенін ескерер болсақ, онда бұл көрсеткіш өте орынды» [28, 8] – дейді.

Бейвербалды құралдар дара етістік арқылы және етістікті тіркестер арқылы вербалданады. Жеке етістік ретінде кинесикалық етістіктер қолданылады. Ондай етістіктер номинативті және адвербиалды бола алады. Номинативті етістіктер әрекетті атаумен шектелсе, адвербиалды етістіктер қимылдың өту сипатына қатысты семаны қамтиды. Мысалы, «Абай жолында» дара құрамды *зеку, ақыру, айғайлау, қызару, бозару, сазару, мысқылдау, күңкілдеу, сыбырлау* т.б. паралингвимздер кездеседі.

«– Әлбәттә, әлбәттә, Ибраһим мырза, тұман жоқ, сіздікі тура. Ғарибыңыз өзін ғайыпты санайды! – деп Сармолла ***қызарды*** *да,* ***бөрік киген басын төмен иді****»* [71, 18] - деген үзіндіде «қызарды» паралингвизмі дара тұрып кейіпкердің ұялғанынан хабар берсе, «Үн қатпай ***сазарды*** да, өз ішінде жұмылып қалды» [84, 57] сөйлеміндегі «сазарды» паралингвизмі кейіпкердің ішкі қарсылығының сыртқы репрезентаты болып тұр.

Шығармадағы бейвербалды құралдардың кейбірі жеке тұрғанда коммуникативтік мәні болмағанымен, контекст арқылы коммуникацияның бейвербалды амалына айналған. Мәселен *«Өзге әнші жастар «өнерпаздың бәрі айтады» дегенде Әйгерімге* ***қарасты****. Көптен оның әнін естімегендіктен сағынысқандай»* [84, 62] деген үзіндіде әнші жастардың бәрі бірден Әйгерімге

қарауы Әйгерімнің де өнерпаз екенін әрі Әйгерім де ән айтса деген көптің тілегін, айта ма деген сұрауларын білдіреді. Сол себепті мұндағы «қарасты» етістігі мәнмәтіндік паралингвизм болып тұр.

«Абай жолы» романына дара құрамды паралингвизмдер кейпікердің өңіндегі және даусындағы өзгерістерді сипаттайтын тұстарда қолданылған. Алайда мұндай паралингвизмдер мәтінде аса көп емес. Бейвербалды амалдар динамикалы сипатта болатындықтан тек бір сөзбен вербалдануы сирек кездеседі, себебі автор амалдың өзін ғана атап қоймай, оның қарқынын, күшін, жиілігін білдіретін көмекші компоненттермен мағынасын толықтырып отырады.

2. Күрделі паралингвизмдер – тұрпаты жағынан морфологиядағы күрделі сөздерге ұқсас болатын, ал мағынасы белгілі бір бейвербалды амалды білдіретін құрылымдар.

«Қазақ тілінде кейбір аффикстер жіктелу немесе түрлену ережелеріне толық бағынбайды және қосарлы қызмет атқарады. Мұндай аффикстер «екі қызметті», double-functional немесе көпфункционалды деп аталады. Мысалы, -дай/-дей аффиксі қажет жағдайда сөйлемде сөздерді байланыстыру қызметін атқарады және атау септігіндегі жекеше зат есімдерге жалғанғанда сын есім тудырады деп көрсетілген. Сонымен қатар ол басқа жағдайларда әртүрлі сөз тұлғаларын жасауға да қатысады. Басқа аффикстер де осыған ұқсас сипатта түсіндіріледі. Морфология тілдің грамматикалық құрылымының бір бөлігі (яғни грамматиканың саласы) болғандықтан, оның негізгі зерттеу нысандары тіл құрылымының және сөздердің грамматикалық табиғатын көрсететін элементтер болуы тиіс» [6, 338].

Мұндай элементтердің бір тобына күрделі паралингвизмдерді жасаудың ең белсенді тәсілдері саналатын аналитикалық формалы етістіктер мен еліктеуіш-бейнелеуіш түріндегі паралингвизмдер жатқыза аламыз.

Аналитикалық форма – бейвербалды амалды вербалдауда маңызды компонент. Себебі аналитикалық формамен тіркестірмесе кей бейвербалды амалдардың мәні ашылмайды. Мысалы: «*Ашаң аппақ* ***жүзі қып-қызыл боп ду ете түсті****. Ол дағдысынан тыс қызына сөйлеп еді*» [71, 42] деген сөйлемдегі «беті ду ету» паралингвизмін сөйлемде «бетті ду етті» деп беруге келмейді. Себебі бұл өзгеріс адамның жүзінде бір сәтте, тез пайда болады. Сондықтан оны әрекеттің аяқастынан әрі жылдам орындалғанын білдіретін «-е қал» формантымен вербалдау қажет.

Аналитикалық формалар – түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне тән ерекше грамматикалық құрылым. Т.Л. Музычук зерттеуінде орыс тілінде аналитикалық формаларға бара-бар қызметті етістіктердің тіркесі мен лексикалық мағыналары атқаратыны айтылған. Автордың пікірінше, орыс тілінде амалдың өту сипатын білдіру үшін «бастау» мәніндегі етістіктер, салыстыру мәніндегі етістіктер (вскочить как от выстрела в упор), белгілі бір бағыттағы белсенді қозғалысты білдіретін етістіктер (шагнутъ, идти, бегать, доскочить, броситься), салыстыра бейнеленген белсенді қозғалыс етістіктері (бросилась точно, сорвалась, кинулась, как бешенная), белсенді қозғалысты білдіретін етістіктің ерекше формасы мен кеңістікке назар аудартатын

локализатордың тіркесі (подойдя чуть не в упор) [29] сынды құрылымдар қолданылады. Десе де, бұларды аналитикалық формалармен тең деуге келмейді, себебі мұндай мәндер қазақ тіліндегі қозғалыс етістіктерінің семантикалары арқылы да беріле алады. Грамматист Л. Әлімтаева қозғалыс етістіктерінің семантикалық категорияларына бағытты, ортаны және тәсілді жатқызады және оларды іштей қозғалыстың сыны, қозғалыстың қарқыны тәрізді субкатегорияларға жіктейді [122, 15]. Зерттеуші қозғалыс етістіктеріне тән қарқын субкатегориясының жылдам қарқынды, орта қарқынды және жай қарқынды етістіктерге бөлуге болатынын айтады [122, 19]. Әрекеттің қарқыны контекстен тыс етістік жайлы ақпаратты толықтырса, контекст ішінде коммуникативтік жағдаят жайлы, соның ішінде коммуниканттардың ішкі интенциясы, жай-күйі, бір-біріне деген көзқарасы жайлы хабар береді. Мәселен, *«Құлыншақ Абайға **қарай түсіп**, үлкен сар шақшасын тырнағымен сыртылдата кағып отырып, бір кезде көк бұйра насыбайын екі танауына құшырлана тартып қойды»* [94, 137] сөйлемінде «қарай түсіп» паралингвизмінің құрамындағы «-й түс» аналитикалық форманты әрекеттің екпіндете орындалғанын білдіреді, берілген мәнмәтінде «қарай түсу» анықтап қарау, ұзақ қарау мағынасында жұмсалған. Ал оның коммуникативтік уәжі Құлыншақтың Абайдың жүзі арқылы сырын болжағысы келгені деуге болады.

Қодар мен Қамқаның жазалану сәтіне куә болған Абайдың күйін автор *«Жиреншенің алдында келе жатып **еңіреп қоя берді»*** [94, 41] деген сөйлемде «еңіреп қоя берді» аналитикалық формалы етістігі арқылы жеткізеді. Мұндағы аналитикалық форма іс-әрекеттің кенеттен орындалғанын ғана емес, Абайдың ішіндегі жан айқайының жиналып келіп сыртқа бір-ақ сәтте атып шығуынан да хабар береді. Бұл паралингвизм бала Абайдың жүрегінің жұмсақтығын, қатыгездікке қарсылығын, әке мінезіне деген жиренішін де танытып тұр.

*«Торғайды айтқанда Майбасар шыдай алмай **күліп жіберді** де, Құнанбайдың **ашулы түсіне имене қарап,** тәуба қыла қалды»* [94, 104] дегендегі «күліп жіберді» паралингвизмі іс-әрекеттің абайсызда орындалғанын ғана білдіріп қоймай, Майбасардың Құнанбай алдында өзін әрең ұстап отырғанын, күлмеуге барынша тырысқанын да байқаймыз. Дәл осы амал аналитикалық формасыз келер болса, онда коммуниканттар позициясы басқаша ұғынылар еді. Нақтырақ айтқанда, Майбасар Құнанбай алдында Құнанбайға жақпайтын әңгіме қозғалып жатқанда күлуі оны мазақ қылғанымен тең деп бағаланар еді.

Эмотивті бірліктер сөйлеу тіліне ғана емес, ым-ишараларды вербалдау кезінде де жиі қолданылады. Сондай лексика-грамматикалық топтың тағы бір түрі – еліктеу сөздер. Еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер мәтінде көбінесе етістікті тірек сыңармен қатар қолданылып немесе қайталама қос сөз түрінде келіп, экспрессивті қызмет атқарады. Мәселен, шығармада *сылқ-сылқ күлу, дір-дір ету, жалт қарау, саңқ ету, арс-арс ету, қарқ-қарқ күлу* т.б. еліктеу сөздер бар.

Романдағы *«**Жиын ортасында**, жалғыз **көзі бұған оқтай қадалып** тұрған Құнанбайды танып, соған қарап түйіліп, қатты ақырып:*

- Уәй, Құнанбай, мені құдайдың жылатқаны аз ба еді? Бұ не қырсығың?.. - дей бергенде Майбасар бастаған әулекі жуандар:

- Тарт тіліңді!

- Қысқарт!

- Жап аузыңды! -деп ***арс-арс етті*** [94, 35] деген үзіндіде Құнанбайдың айналасындағы жандардың Қодардың сөзіне деген қарсылығын автор «арс-арс етті» еліктеу сөзі арқылы жасалған паралингвизм арқылы вербалдайды. Әдетте «арс-арс ету» қабаған иттің дауысын бейнелейтін еліктеуіш, алайда автор осы мәнді ескере отырып Құнанбайдың жақтастарының өздерін Құнанбай алдында жақсы көрсету үшін Қодарға қарсы айтқан сөздерін иттің арсылдағанына теңеп, кейіпкерлерінің әрекетіне деген бағасын, астарлы ойын жеткізеді.

Адамның эмоциясы тым қатты болған кезде жүзінен ғана емес, тұла бойынан көрініс табатыны белгілі. Сондай бейвербалды амалдың бірі – *діріл*деу. Мәселен, *«- Ендеше міне, зауал уақты... сал мойныма арамымды! - деп, Түсіп* ***дір-дір етіп, жүгініп алды»*** [94, 74] деген сөйлемде «дір-дір ету» бейнелеуіші кейіпкердің ашуын ғана емес, шарасыздығын да танытады.

3. Еркін тіркес арқылы вербалданған паралингвизмдер. Етістікті тіркестерде етістік қимыл әрекетті, зат есім сол қимылды орындайтын соматизмді атайды. Кей жағдайларда зат есім әрекетті атаушы сөз болуы, ал етістік нейтралды мағынаны білдіруі мүмкін.

Коммуникацияның бейвербалды амалдарын вербалдаудың бір қиындығы ым-ишараттардың тілдегі, әсіресе, мәтіндегі көрінісі тек қана оларды атаумен (қол берді, басын шұлғыды, арқасынан қақты) шектелмеуі қажет, әрдайым мағынасын, орындалу сипатын сол арқылы орындаушының ішкі ойынан хабар беретін анықтаушы элементтермен толықтырылып отыруы қажет. «Бейвербалды амалдардың мәнмәтіндегі қолданысына қарай кинемалық параллелизм құбылысын байқаймыз. Көптеген авторлар кинемаларға соматикалық сипаттама берумен қатар, кейіпкердің іс-әрекетіне қарай сенсуалдық сипаттаманы да қолданған» [40, 21].

Вербалданған ым-ишараның мағынасын нақтылаушы бірліктерге үстеу, сын есім және солар арқылы жасалатын күрделі құрылымдар енеді. Нақтылаушы элементтер ым-ишараның ұзақтығын, жиілігін, әсерін бейнелеу үшін қолданылады. Нақтылаушы құрылымдарды Е.А. Зуева «факультативті элементтер» деп атайды. Зерттеуші тілдік емес құралдарды вербалдаудың базалық моделі фразеологиялық сипаттағы «етістікті-есімді тіркестер» екенін айтады. Ал анықтауыш қызметін атқаратын зат есім мен сын есімдер және предикативті үстеулерді лексика-грамматикалық модельдің қосымша элементтеріне жатқызады және олардың бейвербалды амалдың вербалды үлгісінің құрамында паралингвистикалық актінің сипатын танытатын негізгі семантикалық жүкті арқалайтынын айтады [120, 5].

Еркін тіркес түріндегі паралингвизмдер ым-ишарадан гөрі коммуникативтік мәнге ие амал-әрекеттерді бейнелеуде жиі қолданылады. Еркін тіркес түріндегі паралингвизмдер етістікпен қатар есімдер арқылы да жасалады. Мысалы: «*Бұл уақытта Жиренше соңғы атқа шідер салып, отқа жіберіп*

жатыр екен. Есік ашылған жерден Абайды көрді де, ***ақырын дауыспен:*** *- Абай, бері кел, мұнда кел... – деді»* [94, 25] деген немесе «*Кейін жиын тарқарда Абай жіберген інілер ренжіп кетпесін деп, далаға Базаралы әдейі ере шығып,* ***жақсы қабақпен ырза қош айтысып****, өз көзінше барлық топты аттандырып салды»* [84, 61] деген үзінділерде «ақырын дауыспен» және «жақсы қабақпен» паралингвизмдері сын есім мен зат есімнің тіркесі арқылы берілген. Алғашқысы екі коммуниканттың жасырын тілдесіп жатқанынан хабар берсе, екіншісі коммуниканттың, яғни Базарбайдың басқаларына деген көзқарасының жақсы екенін, ізгі ниетін танытып тұр.

Бейвербалды компоненттердің вербалдануында мәнмәтін маңызды рөл ойнайды. Тек мәнмәтінде ғана ым-ишараның толық табиғаты ашылады. Омоним бейвербалды амалдардың мағыналық дифференциясы контекст арқылы ғана ажыратылады. Бұл туралы қол ым-ишараттарын терең зерттеген М.Ешімов: «Қарым-қатынас барысында қол алысу кинемасы көп қолданылады, себебі оның беретін семантикалық сипаты ауқымды. Мысалға *қол алысу* сәлемдесу және қоштасу, алғыс білдіру, құттықтау, танысу, келісімге келу, шартқа отыру, растау, қолдау және бәстескен кездегі сияқты дене қимылдары этикет ұғымымен ұштасып жатады, сол себепті бұл кинема лексикалық элементке қосымша мағына беріп отырады» [123, 126] - дейді. «Абай жолы» романында бір амалдың әр мәнмәтінде әртүрлі мәнде қолданылуы жиі кездеседі (Кесте 4). Мысалы:

Кесте 4 – Омоним сипатты паралингвизмдер

Абай ***қып-қызыл боп кетіп***, шұғыл ойланып отырып қалды [94, 114].	Ашулану
Шай құйып отырған Манастың келіншегі, әсіресе, ырза болды білем, ***қып-қызыл боп, қатты күліп жіберіп***, Абайға ***жалт етіп қарап***, тамсанып қойды [94, 138].	Қатты күлу

Жоғарыда көрсетілген мысалдардың алғашқысында «қып-қызыл болу» ашулану мәнін білдірсе, екінші мысалда қатты күлуді сипаттап тұр.

4. Фразеологимздер арқылы вербалданған паралингвизмдер. Коммуникацияның бейвербалды амалдарын вербалдаудың тіл-тілдің бәрінде ең кең тараған тәсілі – фразеологиялық бірліктер арқылы вербалдау. Тілдің сөздік қорында фразеологиялық тіркес ретінде бекіген ым-ишаралардың вербалды үлгілерін Г. Крейдлин «ишараттық фразеологизмдер» (жестовые фразеологизмы) [40] деп атаса, тілші-ғалым Г.Смағұлова дене қимылына негізделіп жасалған тұрақты сөз тіркестерін «кинетикалық фразеологизмдер» деген атауды қолданып, оған *табанынан тік тұру, қол қусыру, құрақ ұшу, санын сабалау* т.б. сияқты фразеологиялық бірліктерді жатқызады [124, 62-63]. А.В. Филиппов кинетикалық фразеологизмдердің қалыптасуының басты бір себебі бейвербалды амалдарды атайтын сөздердің құрамының тұрақталуы, яғни үнемі белгілі бір бірліктерді қолдану арқылы вербалдануы деп есептейді [97, 185-194].

Тіліміздегі бейвербалды амалға негізделген фразеологизмдердің басым бөлігі бейвербалды амалдың мағынасының тұрақтануы арқылы пайда болған.

«Ым-ишаралар негізінде қалыптасқан фразеологизмдердің мағынасы әдетте арқау болып тұрған бейвербалды амалдың мағынасына тығыз байланысты болып келеді. Ал егерде ым-ишараның мағынасы өзгерсе, не болмаса қолданыстан шығып қалып жатса, онда оның фразеологиялық көрінісі де өз уәжінен айырылады. Мәселен, біз ауыз жаласу», «бетке басу», «төбесіне көтеру», «қолтыққа дым (су) бүрку», «қол ұшын беру» сынды фразеологизмдерді қолданған кезде бұл ым-ишаралар шын мәнінде орындалып жатыр дегенді білдірмейді. Алайда мұндай фразеологизмдердің құрамына қарап ондай ым-ишаралар бір кезде қолданыста болған деген болжам жасауға болады» [107, 13]. Оның бір дәлелі ретінде мына мысалдарды айтуға болады (Кесте 5):

Кесте 5 – Фразеологизмдерге негіз болған бейвербалды амалдардың үлгілері

Зере Жиреншеге де, үлкендерге де қатты ұрсып, ж***ерге түкірген*** [94, 45]. Бұл сөздерге жарыла жаздап, **жерге түкіріп**, бәддұғасын ішінен оқып, тулап отырған жаңағы қари мен мәзін қатар дүрсе қоя берді [71, 19].	**Жерге түкірді** — Түңілді. (Өзімен кетсін, беті аулақ деген мәнде) [125]
Ұлжанның жай, салқын айтқан сөзі бұған ұрысқаннан да, ұрғаннан да жеңіл тиген жоқ. Қысылғаннан, біраз ***жер шұқып тұрып***, қонақ үйге қарай қайта бұрылды [94, 44].	**Жер шұқыды** — Қатты ұялып, төмен қарады; қарауға беті шыдамады [125].
Өтірік сұрқияланып, түршіккен кісі болып **жағаларын ұстап**, «астағфиралла», «сүбіханалла» дей берген болды. Содан басқа түк айта алмай жым болысты [71, 32].	**Жағасын ұстау** – 1. Таңданды, айран-асыр болды (Ауызекі тіл). 2. Қатты түңілді, күдер үзді, жерге түкірді [125].
Осы кезде ***бұлқынып*** бұрылып қалған Казанцев ***санын бір соқты да***, әйеліне бұрыла беріп: «Провалили!» деді [84, 50].	**Санын соғу –** Қатты өкінді; алданып, опық жеді. Қынжылды, көп ойланды [125].
Көзі шарасынан шыққандай шаншыла қарап, оқыстан шаңқ етіп айқайлап: «Как так!» деп қалды [84, 50].	**Көзі шарасынан шығу** - Қатты қорықты, үрейленді. [125].

Берілген мысалдардағы «жерге түкіру», «жер шұқу», «жағасын ұстау», «санын соғу», «көзі шарасынан шығу» паралингвизмдері оқиға барысында кейіпкерлер орындаған бейвербалды амалдарды атап, тура мағынасында қолданылған. Алайда уақыт өте келе олардың мағынасы тұрақталып фразеологизмге айналғанын екінші бағаннан көруге болады. Бірінші мысалдағы

«жерге түкіру» паралингвизмінің Ш. Зекенова екінші компоненті – «түкіру» кинемасының қолданылу аясын саралай келе, төрт омонимдік қатарын анықтайды: 1.түкіру – құлшыну, бел буу, мақтану; 2.түкіру – ашулану, ызалану, қарғау, жақтырмау; 3.түкіру – көз тимес үшін сақтану, магиялық наным бойынша; 4.түкіру – мазақтау, келемеждеу, қорлау [40, 13]. Мұндағы «жерге түкіру» қатты ашулану мәнінде жұмсалып тұрғанын алдындағы «жерге» сөзі арқылы аңғаруға болады. Ал: «*Артынан Сүйіндік осы сөздің мәнісін сұрағанда:*

- Келінімен жақын екен ол кәпір... Маған не қыл дейсің? Қасыма алып жүрсем, ертең ***бетіме түкірмеймісін****? - деп ақталған-ды»* [94, 32] мысалындағы «бетіне түкіру» паралингвизмінің қорлауды білдіретінін тіркестің алғашқы компоненті нақтылап көрсетіп тұр.

Екінші мысалдағы «жер шұқу» паралингвизмінің ерекшелігі – оның әсірелеу мәніндегі ауыспалы мағынадағы сөздер арқылы вербалдануында. Мұндағы «шұқу» етістігі жерді шын мәнінде қандай да бір затпен шұқуды емес, қатты ұялғаннан көзін төмен салып қадалып қалуды білдіреді. «Мағыналас фразеологизмдер сөздігінде» аталған фразеологизмінің «жерді көзбен шұқу» деген нұсқасы да бар [124, 51].

Ю. Иванова фразеологизм арқылы берілген ым-ишаралар амалдың кинесикалық бейнесін сөзбен сипаттап қана қоймай, оның мағыналық өрісін кеңейте алатынын және кинетикалық фразеологизмдердің кейіпкерлердің ишараттық сипаттарын бейнелеуде жазушы қолданатын басқа паралингвизмдерге қарағанда әлдеқайда өнімді, тіпті негізгі тәсіл болатынын атап өтеді [28, 7]. Шығармада *езу тарту, қабақ түю, бас шайқау, бас изеу, мырс ету, қаны қашу, көз алмау, көз қиығын тастау, көз салу, мұрнын шүйіру* сынды фразеологиялық паралингвизмдердің мол шоғыры бар (Кесте 6).

Кесте 6 – Фразеологиялық паралингвизмдердің үлгілері

Майбасар Қаратайға **көз тастап, бір езуін тартып, басын шайқады.** - Қап, мына абыройсыз, бар абыройдан бір-ақ айрылды-ау! - деді. Қонақтардың кейбірі **ақырын күліп қалды** [94, 16].
Тоғжан ұзағырақ қадалып, **көз алмай отырып** ақырын **қызғылт тартқандай** болды да, **көзін тайдырды** [94, 141].
Тоғжан әкесінің соншалық тыңдағанын енді байқады. Ол **Абайға таңдана қарап,** бірталайға дейін **көз алмады**... [94, 141].
Табақшының біразы да бұған елең етті. Абай да барып, есікті біраз ашыңқырап қарап, **көз салды**... [94, 121].
Алшынбай үн қатқанда түрегеп тұрған Майыр Құнанбайға **көз қиығын бір тастап** байқап өтті [94, 105].
Жиренше **қабағын бір шытып**, **қозғалақтап қалды** [94, 18].

Берілген мысалдардағыдай бейвербалды амалдарды фразеологизмдер арқылы вербалдаудың артықшылығы бейвербалды амалды дәл сипаттауға, мағынасын толық жеткізуге және халық санасында сақталған ұғымдар арқылы жеткізуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда «қарады» дегеннен гөрі «көз қиығын

тастады», «көз алмады», «көз салды» деген әлдеқайда әсерлі екені, стильдік бояуы қанық екені сөзсіз. Кей контексте автор фразеологизмдердің ортасына нақтылаушы элементтерді қосу арқылы мағынасын нақтылай түсуге тырысады. Мәселен автор төмендегі мысалдарда «көз қиығын тастау» фразеологизмін «көз қиығын бір тастау» деп, ал «қабағын шыту» фразеологизмін «қабағын бір шыту» деп мағыналық тұрғыдан толықтырғанын, сол арқылы амал әрекеттердің тез әрі қысқа орындалғанын жеткізген. Бірінші мысалдағы «көз қиығын бір тастау» паралингвизмі арқылы автор Майырдың Құнанбайдың реакциясын, қабағын танығысы келгенін, сондай-ақ Құнанбайға ұзақ қарауға батылы бармайтынын да байқатып тұр. Фразеологизмдер бейвербалды амалдың түрлі мағыналық реңктерін бойына сыйдырады. Сол себепті де болса керек автор шығармада кейіпкердің тілдік емес амалдарын бейнелеуде фразеологиялық қолданыстарға жиі жүгінеді.

5. Троптар арқылы вербалданған паралингвизмдер. Мәтіндегі бейнелі паралингвизмдер – оқырманға кейіпкерлердің эмоционалды-психологиялық қарым-қатынасын сезінуге мүмкіндік беретін және шынайы өмірді объективті түрде сипаттайтын құрылымдардың бірі. Ю.В. Иванова әрбір ым-ишараның вербалды үлгісінде автордың индивидуалды дүиетанымының ізі бар екенін айта келе троп-паралингвизмдер осы тұрғыдан өте ұтымды құралдар екенін атап өтеді. Зерттеушінің ойынша, троп-паралингвизмдерде автордың ассоциативті ойлауы мен көркемдік әлемі көрініс табады [28, 10]. «Абай жолы» романында автор шығарманың эмоционалды-экспрессивті қуатын арттыру үшін троптардың басқа түрлерімен қатар троп-паралингвизмдерді де көп пайдаланған. Троп арқылы вербалданған паралингвизмдердің ерекшелігі ым-ишаралар жай ғана аталып қоймай троп жасаушы тәсілдер арқылы мағынасы байытылады. Шығармадағы метафора, теңеу және эпитет арқылы жасалған паралингвизмдер жиі кездеседі.

Метафора-бейвербалды амалдар. Автор ым-ишараларды бейнелі түрде метафоралы қолданыстар арқылы сипаттап болып жатқан оқиғалардың және кейіпкерлердің қарым-қатынасының эмоциялық бейнесін жасауға тырысады (Кесте 7).

Кесте 7 – Метафоралы паралингвизмдердің үлгілері

– Бұл қайдан алған ұйқасың, қазақ естімеген сөзді қайдан сүйреп әкелдің, Кәке-ау? – деді. Кәкітай олардың күлкісін біраз еркіндетіп жіберіп, **екі көзі күлімдеп**, өзі де лекіте күлді де, енді жауаптасып, дауға кірісті [84, 5].
Олардан қазір Манас қана үйде отыр. Бұл «қасқа» десе дегендей, еңгезердей екен. Жалпақ мандайлы, нұр жүзді, балуан тұлғалы жас жігіт Құлыншақтың немересі еді. Үндемей отырып, домбырасын тыңқылдатып тартады да, қонақтарға **салқын қарап** қояды [84, 136].
Ұлжан бұған **суық қарап**: – Бықсымай қой әрман! – деді [94, 94]. Осы кезде Абай мен анасының құлағына ерекше бір жат, **суық үн** естілді [94, 46].
Сармолла **қып-қызыл боп тұтана түсті .**

«Абай жолы» роман-эпопеясында автор ең көп қолданатын соматизм – көз. Кей үзіктерде «көз» сөзін қолданса, енді бір үзіктерде «қарау» кинемасының түрлі сипаттарын бейнелейді. Бұл қазақ халқының «көз – жүректің айнасы», «көзінен таныды» деп көздің жан-дүниедегі бар құбылысты, өзгерісті сыртқа білдіріп тұратын, жасыра алмайтын ерекше қызметін тануынан да шықса керек. «Көз» арқылы бейнеленген бейвербалды амалдың бірі – *екі көзі күлімдеу.* Шын мәнінде, адам күлгенде немесе жымиғанда эмоциясы бет бұлшықеті арқылы ғана емес, көзі арқылы да білініп тұрады. Адам қанша езуін екі жаққа жеткізсе де, көзі күлмесе, күлкісі жасанды, шынайы емес деп саналады. Бұдан түйетініміз, «екі көзі күлімдеу» метафоралы қолданыс болғанымен, оның ар жағында шын мәніндегі көздің өзгерісі туралы сөз болып тұр. Көз күлімдегенде айнадай жарқырап, жайнап кетеді. Автор романда «көзге» қатысты бір бейвербалды амалды әртүрлі вербалдайды. Мысалы, *екі көзі күлімдеу* дегенді «***Күлімсіреп қараған үлкен көздерінде*** аса бір қызулы жалын көрінгендей еді» [94, 117] деген сөйлемде «күлімсіреп қараған көздер» деп бейнелеген. Мағыналық жағынан бұл екі қолданыс өте жақын. Алайда вербалдануы әртүрлі, бірінші мысалда «күлімдеу» баяндауыштық, ал екінші мысалда анықтауыштық қызмет атқарып тұр.

Эпитет-бейвербалды амалдар. Көркем мәтін кеңістігінде автор белгілі бір коммуникативтік жағдаятқа оқырманның ерекше назарын аударғысы келгенде кейіпкердің паралингвистикалық сипаттамаларын эпитет қолданыстар арқылы бейнелеуге тырысады. «Абай жолында» эпитет паралингвизмдер кейпікердің психикалық күйі мен эмоциясын әсерлі бейнелеудің құралы ретінде қолданылған (Кесте 8).

Кесте 8 – Эпитет бейвербалды амалдардың үлгілері

Сармолланы сәл ғана белгі етіп оқшаулап алды. Бес-алты сәлделі дінбасылар өздері ғана болып оңашалана бергенде, бағанадан күйіп болған хазірет енді Сармоллаға аса **суық ажармен** сөз қатты [71, 31].
Өзгелерден бұрын жеткен Кәкітай жаңағы қызу үстіндегі **ашы үнімен** Абайға дауларының жайын мәлімдеп келеді [84, 6].
– Абай қайда өзі? – деп еді, Ұлжан Абайдың жатып қалғанын айтып, Жиреншеге біраз наразы **салқын жүзбен** қарады [94, 44].
Абай әкесінің жаңағы «дарға асу» деген жердегі **аяздай суық пішінін** еске алды. Үндемей біраз тұрып, қабағын шытып, қатты күрсінді де, айналып жүріп кетті [94, 26].
Абай іркілген жоқ. Дәрменге қызыққандай, **жылы шыраймен қарады** да: «Оқы!..» - деді [84, 8].
Қастарына Абай келіп сәлем бергенде, бұл үлкендер бұрынғыдай емес, **оң шыраймен** амандасты. Байдалы мен Сүйіндік, Зере мен Ұлжанның амандық-саулығын сұрап, жас жігітке қастарынан **орын берісті** [94, 249].

Эпитеттік сипат алған «суық», «салқын» сын есімдері негативті коннотацияға ие. «Суық ажар», «салқын жүз», «аяздай суық пішін» паралингвизмдері жақтыртпау, қолдамау, ескерту мәнінде жұмсалса, «суық үн» жағымсыз деген сипатпен қатар жаман хабардың да белгісі саналады. Бұл эпитеттерге қарама-қарсы мәнде «жылы үн», «жылы шырай» сынды тіркестерді атауға болады.

Бұл мысалдан «суық» пен «жылы», «оң» мен «теріс» оппозициясы тек жеке лексема кезінде ғана емес, эпитеттік қолданыс кезінде де бір-біріне қайшы сипаттарын сақтайтыны анықталады.

Теңеу-бейвербалды амалдар. Бейвербалды амалдар мәтінде кейіпкердің эмоциясын әсірелеп, әсерлі етіп жеткізу үшін теңеу түрінде вербалданады. Теңеу-паралингвизмдердің бір парасы тіліміздегі тұрақтанған тіркестер болса, енді бір парасы – автордың сөз шығармашылығының нәтижесінде туындаған авторлық қолданыстар (Кесте 9).

Кесте 9 – Теңеу-паралингвизмдердің үлгілері

Құнанбай босаңсыған пішіндердің барлығына **жалғыз көзін оқтай қадап, атып жібергендей қарайды** [94, 132].
Екі көзі сексеуілдің шоғындай жайнап тұр екен өзінің... – деді [94, 113].
Құнанбай бұған **атып жіберетіндей боп жалт қарап** тұрып, бұзылған түсін анық таныды. Бірақ өз дегенінен қайтқан жоқ [94, 87].
Ернін тістеп, қабағын тастай түйіп ап, шыдай бермек болды. Тыста мұның **қолын артына байлап,** бір семіз шабдар атқа мінгізді де, артына Төлепберді қарғып мініп алды. Ашулы топ Қарашоқыға қарай тасырлатып, шапқылап жөнелді [94, 77].
- Ақ, қарамды тексермедің бе, өңшең қан жұткан, қара бет?! - деп, **қанталаған көзімен Құнанбайға бұрылып, атып жібергендей қарады** [94, 35].

Берілген мысалдарда кейіпкер көзқарасын сипаттап тұрған «оқтай қадап» «сексеуілдің шоғындай жайнап», «атып жіберетіндей боп» сынды теңеулер – басқа да шығармаларда кездесетін, халық арасында кең тараған құрамы тұрақтанған тіркестер. «Оқтай қарау», «атып жіберетіндей қарау» паралингвизмдерінің мәні оқ секілді тесіп өтердей қадалып қарауды білдірсе, «сексеуілдің шоғындай жайнау» деген көзқарастың ашық, анық екенінен хабар береді.

Автор мәтін түзуде кейіпкердің бойына түрлі ым-ишараларды өз ойынан қосуы, тудыруы мүмкін. Сондықтан ұлттық қордан бөлек, жеке таным-түсінігі негізінде де түрлі қолданыстарды дүниеге әкеледі. Бейвербалды компонеттерді вербалдауда автор бейвербалды амалдың орындалу тәсілін, не болмаса білдіретін мағынасын, реципиентке тигізген әсерін, бейвербалды амалдың өту сипатына қатысты белгілердің бірін немесе бірнешеуін актуалдандырады. Бұл автордың интенциясына байланысты. Авторлық теңеу арқылы жасалған

паралингвизмдердің құрамы көбінесе еркін тіркеске негізделеді және контекспен, шығарманың оқиғалар желісімен тығыз байланысып жатады (Кесте 10).

Келтірілген мысалдардағы «*ішінде ой шырағы жанғандай боп, салмақпен қараған көздері*», «*екі көзі қанталап, Майбасар мен Тәкежанды жарып өткендей от шашып тұр»* кез келген мәтінде қолдануға келе бермейтін индивидуалды теңеу-паралингвизмдер. Алғашқы теңеуден автордың өз кейіпкеріне деген бағасын байқасақ, екінші мысалда Абайдың ашу-ызасының Майбасар мен Тәкежанға бағытталғанын және оның қаншалықты қатты екені бейнеленген.

Кесте 10 – Мәнмәтіндік теңеулер арқылы жасалған паралингвизмдер

Ішінде ой шырағы жанғандай боп, салмақпен қараған көздері анда-санда қарсыдағы терезеге қадалады [58, 565].
Дәркембайдың көзі Абайға түскенде, **оның жүзі боп-боз боп, екі көзі қанталап, Майбасар мен Тәкежанды жарып өткендей от шашып тұр екен** [58,15].
Осы сөзді айтқанда сары жүзіне қызыл қан ойнап шығып, Есентай **анық төбелеске шыққан кісідей құтыра қарады** [71, 83].
Жүріп келе жатқан топ **намаздағы имамдай қып**, аяңшыл торыны, зор денелі **Құнанбайды алға салып келеді**. Бірен-саран жастардың аттарының басы оқыс ілгерілеп кетсе, қасындағы үлкендері зекіп, күбір етіп: «тарт, шегін!» деп, тойтарып тастайды. Құнанбай жалғыз көзімен оңды-солын шолып алған [94, 63].
Ішқұстадан уланғандай боп, сыртына шығармай, дертті қабағын түйіп жүз толғанады [84,109].
Тәкежан қамшысын ердің қасына көлденең салып, екі қолын сол қамшы сабына таянып, үзеңгісін шіреніп тұрып, Базаралыны **жер қылардай кекесін жүзбен қарады**. О да қысқа сөйлемек [84, 83].
Нұрғанымды білетін, Құнанбайға өші-кегі бардың бәрі де дәл осы арада **бүркіті түлкі алғандай мәз болысып, жымың қағысты** [84, 55].

Туындыдағы теңеу-паралингвизмдердің ішінен астарлы мәнді жеткізуге бағытталған мысалдар да табылды. *«Түсіне ашу, көзіне жас толған Айғыз, дірілдеген үнменен: - Қарашығым, балапаным-ай, сормаңдай жетімегім-ай! Не қарғысқа ұшырап туып ең? - дей беріп еді, Құнанбай **сол қолын шұғыл көтеріп қап: «Доғар!» дегендей ишарат қылды.** Қарғыс шарпуынан бетін қорғаған **сияқты қозғалыс**»* [94, 167] – деген мәтін үзігінің соңғы сөйлемі бір қарағанда анық теңеу болып көрінбегенімен, мәнмәтін арқылы авторлық теңеудің үлгісі екенін аңғару қиын емес. «*Қарғыс шарпуынан бетін қорғаған сияқты қозғалыс*» паралингвизмі көркемдік мақсат та ғана емес, автордың кейіпкердің әрекетіне деген бағасын білдіру үшін де қолданылған. Шығармадан бұл бейнелі паралингвизмнің әкенің өз қызы Кәмшаттың обалына қалғанын мойындау және

оған көндіге алмау, шарасыздық пен өкініш және соны көрсетпеуге тырысқан тәкаппарлық барлығы осы теңеу-паралингвизмге жасырылғанын көреміз.

Ақпаратты берілу жолына қарай вербалды және бейвербалды деп бөле аламыз. Сондықтан вербалдану процесімен қатар бейвербалдану процесі бар екені сөзсіз. Бейвербалдану – сөз арқылы беруге болатын ақпаратты тілсіз құралдар арқылы жеткізу. Алайда бейвербалды тіл вербалды тілге қарағанда шектеулі. А.Тымболова вербалды және бейвербалды құралдардың қатынасын «не» және «қалай» деген екі сұрау арқылы былайша түсіндіреді: *«Бейвербалды қатынас құралы сөздерді алмастырмайды, бірақ тілдік құралдың қажетті құрамдас бөлігі болып табылады. Сөздің «мәнін» түсінудің міндетті шарты – адамның «не» айтқаны емес, оны «қалай» айтқаны болып табылады. «Қалай» деген сұрақтың астарының өзінде де келісу және қарсы болу, қызығушылық танытпау және жоққа шығару, махаббат және жиіркеніш, екпін, көзқарас, күйініш, күлкі, үзіліс (пауза) т.б. сезім сигналдары тұнып жатуы мүмкін»* [98, 197].

Бейвербалдану ол тек сөзге ғана тән құбылыс емес. Бейвербалдану ең алдымен адамның интенциясының және эмоциясының, яғни адам ойының адам бойындағы репрезентациясынан тұрады. Себебі бізді қоршаған ақпараттың барлығын вербалдаудың аса қажеті жоқ. Мысалы қатысым кезінде адам өзінің қуанып тұрғанын айтуы міндетті емес, жай ғана жымиып, күліп білдіре алады. Сол секілді ашуланып тұрған адамның жүзінен-ақ эмоциясын танимыз. Түрлі этикет нормаларын сақтау кезінде вербалды қосымша мәлімет беріп жатудың қажеті жоқ, яғни біздің қарым-қатынасымыз үшін сөздің орны қандай болса, оның айналасындағы түрлі бейвербалды кодтардың да мәні одан кем емес. Сөз бен бейвербалды компоненттер арасындағы байланысты Ш.З. Зекенова былайша сипаттайды: «сөздер тәрізді бейвербалды амалдар әртүрлі қолданылады және мағыналары әртүрлі түсіндіріледі; сөздер тәрізді бейвербалды белгілердің денотативті (тікелей) және коннотативті (ассоциациялық) мағынасы бар; сөздер тәрізді бейвербалды белгілер көңіл, билік және реакция білдіру кезінде белсенді рөл атқарады» [126, 177].

Шығармадағы бейвербалды амалдарды вербалдау тікелей авторға, автордың жазушылық шеберлігіне, эстетикалық танымына байланысты. Сол себепті шығармадағы вербалды компоненттерді вербалдаушыға қарай авторлық және халықтық деп қарастырған жөн. Халықтық бейвербалды амалдар әр халықтың тұрмыс-тіршілігіне сіңіп кеткені соншалықты олардың орнын басу немесе алып тастау мүмкін емес жағдайлар да болады. Сондай-ақ ұлттық мәнге ие бейвербалды амалдардың бұл тобын әр мәдениет өкілі өзінше интерпретациялайды. Мысалы «иіліп сәлем беру» – қазақ мәдениетінде әдептіліктің, зор құрметтің белгісі саналады. Сол секілді жапон, корей халқы да әдептіліктің, кішіпейілділіктің көрінісі ретінде иіліп сәлем береді. Американдық қоғам үшін иіліп сәлем беру – төмендеуді білдіресе, еуропада орта ғасырларда иіліп сәлем беру діни ғұрып саналған.

2.2 Паралингвизмдер – көркем мәтін элементі

Кез келген сөздің қолданысын зерттегенде міндетті түрде көркем мәтіндер назарға алынады. Себебі көркем мәтін кеңістігінде сөз түрліше құбылып, мағыналық, стильдік бояуларға ие болады. Лингвистикалық зерттеулердің басым бөлігі шығарма тілінің ерекшеліктерін қарастыруға арналған. Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымында ақын-жазушылардың тілін, сөз қолданысын зерттеп, жазушының даралық қолтаңбасын қарастырған, әрбір тілдік құралдың стильдік қызметін ашып, қолданылуының мәнін көрсеткен ғылыми еңбектер аз емес. Оның ішінде жеке автор шығармашылығын назарға алған Қ.Жұмалиевтің «Абай поэзиясының тілі», Е.Жанпейісовтің «Қазақ прозасының тілі», Х.Кәрімовтің «Б.Майлин әңгімелерінің тілі», М.Белбаеваның «С.Торайғыров шығармаларының тілі», Б.Манасбаев «С.Мұқанов поэзиясының тілі», Б.Хасановтың «С.Сейфуллин прозасының тілі», С.Хасанованың «Ы.Алтынсарин әңгімелерінің тілі», С.Ғұбайдуллиннің «Ә.Кекілбаев шығармаларының тілі», М.Жұманазарованың «М.Әуезов әңгімелерінің тілі», Г.Кәріпжанованың «Ж.Аймауытұлы прозасы тілінің көркемдік ерекшелігі», З.Османованың «Жансүгіров поэзиясының тілі», Б.Момынованың «Шәкәрім шығармаларының тілі» т.б. деп жалғастыра беруге болады.

Көркем мәтінді тілдік тұрғыдан талдаудың басында академик Р. Сыздық еңбектері тұр. Ғалымның айтуынша, бұл бағыттағы зерттеулерін жүргізуге жазушы М.Әуезов себепші болған. М.Әуезов жазушы ғана емес, мықты әдебиеттанушы ретінде әдебиет пен тілдің, әдебиеттану мен лингвистиканың байланысын терең сезініп «Әдебиет – тілмен әдебиет» деген тұжырым жасаған. Қазіргі таңда да әдеби шығармаларды жазу бір сәтке де тоқтаған емес, яғни көркем мәтін шығармашылығы үздіксіз жалғасатын құбылыс болып қала бермек. Олай болса көркем мәтін тілін зерттеудің өзектілігі ешқашан жойылмайтыны анық. Тек көркем мәтінді зерттеу әр кезеңнің ерекшеліктеріне қарай түрленіп, сол реалийлерге сай жаңарып отырады.

Көркем туындыларда шығарманың *коммуникативтік әлеуетін* танытатын құрылымдардың бірі – *мәтіндегі вербалданған бейвербалды амалдар.* Ауызша коммуникация жазбаша формада көрініс тапқан кезде бейвербалды компоненттер жазба тілдің элементіне айналып, мәтін кеңістігінде вербалданады.

«Бейвербалды құралдардың қолданысы міндетті боп келетін ауызша қатысымға қарағанда, жазбаша формада бейвербалды құралдарды қолдану не болмаса қолданбау – тікелей автордың еркіндегі дүние. Қандай тіл бірліктерін таңдап алып мәтіннің өн бойына қосатынын және қалай қосатынын да автор шешеді. Коммуникацияның маңызды бөлігін құрайтын бейвербалды құралдар көркем әдебиет тілінде де көрініс тауып отырады. Себебі көркем мәтіннің эстетикалық қызметіне сай мәтін кеңістігінде автор өз көзімен шынайы өмірді көрсете алуы тиіс» [45, 3]. Шынайы өмірді мәтінге айналдыруда кинесикалық құрылымдар көркем мәтіннің маңызды әрі қажет элементі саналады. Авторға қойылатын басты талаптың бірі – оқиғаны жай ғана баяндау емес, оқырман өзі сол оқиғалардың ортасында жүргендей күй кешетіндей етіп әсерлі қылып

жеткізу. Ю. Иванова ым-ишараны көркем мәтін құрылымындағы маңызды бірақ бағыныңқы компонент деп бағалайды. Зерттеушінің айтуынша, паралингвизмдер автордың бейвербалды жағдаятқа деген көзқарасын ғана білдіріп қоймай, сонымен қатар жазушының барлық коммуникативтік тәжірибесінен хабар береді; автордың индивидуалды стилі мен сөзсаптау мәнерінің ым-ишараның вербалдауында алатын орны зор [28, 11].

Р.А. Бирюков орыс және ағылшын тілдеріндегі мәтіндерде паралингвистикалық құралдар мәтіндегі мәнмәтіннің қызметін, коммуникативтік, эмотивті, репрезентативті қызметтерді атқаратынын, ал вербалды хабарға қатысты үнемдеу, толықтыру және ысырып тастау мақсатында жұмсала алатынын анықтаған [119, 21-22]. Мұндағы ерекше назар аударатын қызметі ретінде мәнмәтіндік қызметі деп есептейміз. Себебі мәтінде, соның ішінде көркем мәтінде кейіпкер сөзінің коннотациясы, мәні, сипаты автор нарративіндегі бейвербалды амалдар арқылы ғана білінеді.

Мәтіндегі коммуникативтік жағдаяттың рөлін «контекст» атқарады. Контекстен тыс бейвербалды амалдардың мағынасын дәл тану қиын. Мысалы, «бас шайқау» ишараты әрі келіспеу мәнін, әрі таңданысты білдіреді. Сол секілді бейвербалды амалдың вербалдануы сол амал қатысатын мәнмәтінге, ондағы диалогқа, оқиға көңіл-күйіне тікелей тәуелді. Бейвербалды амалдардың мәнін түсіну үшін мәнмәтіннің маңызын алғаш атап көрсеткен Р. Бердвистел бұл турасында: «Адамның ешбір қимылы себепсіз, өз бетінше жүзеге аспайды. Әр қимыл – мәнді құрылымның бір бөлшегі. Ешбір қимыл өз-өзімен тұрып мәнге ие болып, мағына бермейді. Мәнді тудыратын контекст» [14, 10] – дейді.

Паралингвизмдердің мәні толық көрінетін мәтін бөлігін С. Мағжан паралингвистикалық мәнмәтін деп атайды. Зерттеушінің топшылауынша, «коммуниканттардың физикалық күйлерінің сипаттамасы, дауыс модуляциясының ерекшеліктері, кинесика, ым, оларды қоршаған заттар – бәрі де паралингвистикалық мәнмәтінді құрайтын элементтер. Тілдік бірліктердің де, паралингвистикалық бірліктердің де нақты бір мәнде қолданыс табуы, бір мәнге бағындырылуы ақпараттың нақты болуын, ойдың тура, дәл жеткізілуін қамтамасыз етеді» [42, 15]. Орыс зерттеушісі Е.А. Зуева да паралингвизмдердің көркем мәтіндегі қолданысына қарай диалогқа қатысты және диалогтан тыс деп жіктей келе, бейвербалды амалдардың мәні белгілі бір паралингвистикалық мәнмәтінде ғана ашылатынын айтады [120, 10].

Осы орайда «паралингвистикалық мәнмәтін» мен «мәнмәтіндік паралингвизмнің» ара жігін ашып алу керек. Мәтіндерде айқын бейвербалды элементтермен қатар, *«мәнмәтіндік бейвербалды амалдар»* да кездеседі. «Мәтіндегі параамалдардың нақты қай мәнде жұмсалып тұрғаны көп жағдайда көркем шығармаларда автор сөзінен көрінеді» [42, 17]. Мәнмәтіндік бейвербалды амалдардың ерекшелігі өзі қолданылған үзіндіде ақпараттық, прагматикалық мәнге ие болады да, мәтіннен тыс, жеке лексема күйінде номинативті мағынасы сақталады. Мысалы *«Сүйіндікке қадалып отырған жалғыз көзін енді төрдегі Байсалға аударды. Одан өзінің **оң жағында** отырған Бөжейге қадалды»,* - деген сөйлемде *оң жағында* тіркесі проксема қызметін

атқарып тұр. Себебі Бөжейдің Құнанбайдың оң жағында отыруы оның қоғам алдындағы беделін, Құнанбай алдындағы абыройын, билікке ие, сөз тоқтайтын кейіпкер екенін танытады. Осындай коммуникативтік жағдаятта немесе мәнмәтінде «хабар беру» әлеуетіне ие болатын бейвербалды амалдарды «мәнмәтіндік бейвербалды хабарлар» деп атауға болады. Алайда мәтіннен тыс «оң жақ» нақты коммуникативтік мәнге ие емес. Демек, тіл білімінде бейвербалды коммуникацияны зерттеу дегеннің өзі тілдік емес құралдардың мәтіндегі, соның ішінде көркем мәтіндегі қызметін, вербалдану жолдарын зерттеу дегенге саяды. Себебі мәтін – лингвистикалық талдау жасаудың негізгі дерегі, мәтінді талдау арқылы тілдің түрлі қырларын зерттеуге мүмкіндік туады.

Зерттелетін мәтін түрлері көп болғанымен, тілдік талдау үшін ең ыңғайлысы және кең ауқымдысы – *көркем мәтін*. Көркем мәтінде сөздің табиғаты толық ашылады. «Қазақ тіл білімінде көркем шығарма тілін стилистикалық тұрғыдан қарастырумен бірге коммуникативтік, танымдық жағынан зерттеу ерекше орын алады. Осы тұрғыдан келгенде жазушы тілінің коммуникативтік табиғатын зерделеу тілдік қатынас мәселесімен тығыз байланысты» [54, 4].

Қазақ қатысым мәдениетіндегі бейвербалды амалдардың барынша мол қоры жинақталған шығармалардың бірі – М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы. «Абай жолы» роман-эпопеясы – XIX ғасырдың II жартысынан XX ғасырдың басына дейінгі халық өмірі арқау болған көркем туынды. Романның бас кейіпкері – қазақ даласының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы. Сан қырлы ақын, философ тұлғаның өмір жолына негізделуі бұл туындының қазақ әдебиетіндегі және әлем әдебиетіндегі орнын даралай түседі. Шығарманың басты ерекшелігі романда қазақ халқына тән барлық ұлттық феномендер, стереотиптер мен мінез-құлық, тұрмыс-салты мен қоғамдық-әлеуметтік жүйесі, қазақтың таным-түсінігі, ұлттық психологиясы толық сипатталады. М. Қаратаев шығарманың ұлттық ерекшелігі яғни жағдай мен кейіпкерлердің ұлттық характерлер ерекшелігі, олардың өзіндік өзгеше қалпына, сөздеріне, жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, әдетіне байланысты ерекшеліктің түрлері шындықты көркем бейнелеудің ең қажетті құралы болып тұрғанын айтады [127, 49].

Шығармада автор шебер қолданған құрылымдардың бірі – бейвербалды амалдар. Тілдесімнің көмекші құралдары туындының өн-бойында мол ұшырасады, сол арқылы *оқиға желісіндегі коммуникативтік актіні жандандырып, автор прагматикасын жеткізу, кейіпкер мінез-құлқын бейнелеу, шығарманың көркемдік қуатын арттыруда* маңызды рөл ойнайды. «Абай жолы» дәуірнамасындағы тілдік емес құралдар бұрын-соңды жеке зерттеу нысаны ретінде терең қарастырылмаған. «Абай жолындағы» бейвербалды амалдарға профессор Б.Момынованың «Қазақ ым-ишараттары: сөйлеу этикеті мен қатысым мәдениетінде» монографиясында, Ж. Ибраимованың «Қазақ тіліндегі тұрмыстық лексиканың қатысымдық сипаты (М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы киім атаулары негізінде)», Г. Камешеваның «Қазақ тілдесімінің көмекші құралдары» кандидаттық диссертацияларында бірқатар мысалдар келтіріліп, ішінара талданады. Роман-эпопеядағы бейвербалды

құралдар толық жинақталып, вербалдануы, көркем мәтіндегі қызметі, стильдік ерекшеліктері мен аудармасы сынды мәселелер ешбір зерттеуде кешенді түрде қарастырылмаған. Шығарманың тілдік әлеуетін ескерер болсақ, эпопеядағы тілдік бірліктерді жан-жақты талдау ешқашан ескірмейтін, өзектілігін жоймайтын тақырып болып қала берері анық.

Бейвербалды амал көркем мәтінге автор нарративі ретінде енеді де, кейіпкер образын жасауда негізгі құралдың біріне айналады. Себебі кез келген көркем туындыда кейіпкер түрлі бейвербалды амалдарды орындайды. А.А. Блинова көркем шығарма тілін зерттеу әрқашан мәтінді лингвистикалық талдаудың негізгі бағыты болып қала беретінін айтады. Сондай-ақ зерттеуші: «Көркем мәтінде кейіпкерлердің сөзі вербалды субстрат түрінде көрінеді, онда тек авторлық ұстанымға сәйкес келетін белгілер ғана тіл заңдылықтарына бағына отырып тіркеледі. Тілдік емес факторлар, ауызша сөйлеудегі бейвербалды қимылдар оның контекстін құрайды, әрі мәтінде олар авторлық баяндаудың бір бөлігін құрайды» [128, 32] – дейді. М.Әбікенов С.Шаймерденов шығармаларының тіліне тән ерекшеліктердің бірі «динамизм, кейіпкерлерін жазушы үнемі қозғалыс үстінде суреттейді» - деп көрсетеді [129, 119-120]. Дәл сол секілді «Абай жолы» романының кейіпкерлері түрлі эмоцияны бастан кешіп, сөзден гөрі іс-әрекетімен тілдесетін тұстары көп кездеседі.

«Абай жолы» романындағы паралингвизмдердің көркем мәтінге қосып тұрған үлесін, шығарманы ұйымдастырудағы рөлін саралай келе, М.Әуезов бейвербалды құралдарды мынандай мақсаттарда қолданғанын байқадық:

- *Кейіпкер портретін жасау үшін;*
- *Кейпікер эмоциясын сипаттау үшін;*
- *Кейіпкердің тілсіз сөзін жеткізу үшін;*
- *Коммуникативтік жағдаятты сипаттау үшін.*

Кейіпкер портретін жасау. Кейіпкер көркем туындының жаны дер болсақ, онда бейвербалды құралдар көркем шығарма тілінің маңызды элементі болмақ. Әдебиеттанушы З. Қабдолов әдеби қаһарман туралы: «Бір романда әрі жинақтала, әрі даралана көрсетілген жүз кейпікер болатын болса, олардың жүз түрлі сөйлеу мәнері болуға тиіс» [130, 240] – дейді. Ғалымның бұл пікірін жүз түрлі сөйлеу мәнерімен қатар жүз түрлі болмысы мен мінез-құлқы да көрініс табуы қажет деп түсінуге болады. Көркем туындыда бейвербалды амалдар автор нарративінде кейіпкер образын жасау үшін белсенді қолданылады. Мысалы кейіпкер бойындағы ерекше күш-қуат пен жастық жалынның бар екенін білдіру үшін автор: «Екі беті кешкі аяздан қып-қызыл. Үлкен көзінің ***ақ-қарасы ап-айқын боп, жалт-жалт етіп***, ширақ бір ***оттылықпен қарайды***...» [94, 114] немесе «Кінәлап, ренжіген жазықсыз баланың ***отты көздері жарқ етіп***, Байсалға қадала қарады» [94, 112] - деген үзікте кейіпкердің көзқарасын барынша әсерлі бейнелейді.

Кейіпкер портретін жасау – оқиға желісін оқырманның көз алдына елестетуге мүмкіндік беретін экпрессиясы жоғары амалдың бірі. «Портрет» ұғымы кейіпкердің сыртқы бейнесін, түр-әлпеті мен дене бітімін, киім киісі мен жүріс-тұрысын сипаттаудан ғана тұрмайды. Сонымен қатар шығарма

кейіпкерінің түрлі жағдаяттардағы мінез-құлқы, қимыл-әрекеті, ым-ишаралары да портретті құрайды, яғни «адам тұлғасын, бет-бейнесін, келбет көркін сипаттауда жазушылар кейде әрбір ым-ишарасын, емеурінін, болмыс бітіміндегі өзгерістерді, қимыл әрекеттерімен ауызекі сөзімен үйлестіреді» [131, 298].

А.Чехов тіліндегі паралингвизмдерді қарастырған Ж.Фэй бейвербалды амалдардың көркем мәтіндегі түрлерін *процессуалды* және *процессуалды емес* амалдар деп жіктей келе екінші топқа кейіпкер образын жасайтын түрлі артефактілерді жатқызады. Зерттеуші процессуалды емес бейвербалды амалдар кейіпкердің коммуникативті мінез-құлқын білдірмейтінін, керісінше процессуалды бейвербалды амалдар әрдайым коммуникативті жағдаятқа байланысты қолданылатынын атап өтеді.

Кейбір жағдайда автор кейіпкер есімін атау орнына оның ерекше белгілерін айту арқылы да портрет тудырады. Г.Сәрсеке шығармадағы бейвербалды амалдарды «кинетемалық лексика» деп атай отырып: «Кинетемалық лексика тобына кейіпкердің бет-өзгерісін (мимика), ым, дене қимылын (жест) және дене тұрысын (поза) сипаттайтын сөздер, сөз тіркестері енеді. Кинетикалық лексика – портреттік суреттеулердің құрамдас бөліктерінің бірі» - деп кинетемаларды кейіпкерлерді мінездеуші тілдік-стильдік тәсіл екенін айтады [132, 105].

Б.Әбдуова кейіпкер образын жасауда кейіпкер сөзі, авторлық ремарка, ирониялық сарказм, психологиялық параллелизм, қос үнді сөзімен қатар кейіпкерлердің іс-әрекетін бейнелеу тәсілі де көркемдік амалға жататынын айтады [133, 40].

Автор кейіпкер портретін жасау барысында бейвербалды амалдарды пайдалана отырып кейіпкердің мінез-құлқын сипаттайды және басқа кейпікерлердің қарым-қатынасын сипаттау арқылы да образды аша түседі. Кейіпкердің өзі арқылы жасалған портретке мысал ретінде жазушының Құнанбайдың жалғыс көзіне екпін түсіріп, әрдайым оқырманның назарын аударып отыруын айтуға болады: ***Жалғыз көз*** *шұңет емес, томпақша. Тесіле, сыздана қарайды. Кірпігін де сирек қағады. Иығына бота ішігін жамылып,* ***шалқия отырып сөйлеген*** *Құнанбай, осы үйде* ***әркімге қарамайды***. ***Қарсысына таман отырған Сүйіндікке ғана қадалып сөйлейді*** [94, 18].

Берілген үзіндіде Құнанбайдың жалғыз көзімен «тесіле, сыздана қарайтынын» бейнелеген, дәл осылайша сипаттау шығарманың өн бойында мол ұшырасады, сол арқылы кейіпкер портреті жасалған. Оқырман Құнанбайды жай ғана жалғыз көзді кейіпкер ретінде емес, жалғыз көзі от шашқан, сұсты кейіпкер ретінде тани алады. Құнанбай қатысатын әрбір үзіндіден оның көптен бөлініп тұратын бөлек болмысын, көшбасшылық қырын, сөзі өтімді, беделді адам екенін аңғарамыз. Жоғарыдағы үзіндінің өзінде автор Құнанбайдың доминант екенін «шалқия отырғанын», «әркімге қарамайтынын» бейнелеу арқылы білдіріп тұр. Г.Вилсон мен К.Макклафлин доминант тұлғалардың доминант екенін бірден көрсететін өздері тұрақты түрде орындайтын бейвербалды амалдар жүйесі бар екенін айтады [87, 100]. Ал В.В. Богданов: доминанттылықтың кез келген түрі коммуникативтік жағдаятта көрінетінін айта келе, «коммуникант

энциклопедиялық, лингвистикалық және қатысымдық құзыретке ие болса онда ол коммуникативтік көшбасшылыққа да ие екенін білдіреді» [134, 183] – деп коммуникациядағы доминанттылықтың коммуникативтік көшбасшылықтың көрінісі екенін атап өтеді. Шығармада Құнанбайдың доминант коммуникант екенін көрсететін басты белгі – кейпікердің бейвербалды амалдары. Ж.Аймауытов бұл жөнінде «Кісінің қылығын білгіңіз, оқығыңыз келсе, алдымен оның әлеумет ішіндегі жай-жапсарын біліңіз» - деп әлеуметтік мәртебенің кісінің мінез-құлқына ықпалы барын байқатқан [21, 46].

Құнанбайға қатысты проксемикалық сипаттамалар да Құнанбайдың доминант тұлға екенін айғақтап отырады. Қазақ халқында сыйлы адам киіз үйдің төрінде отырса, топтың ортасы мен алдында тұрады (Кесте 11):

Кесте 11 – Құнанбай образын жасаушы паралингвизмдер

Қодардың алдында жүз қаралы жиын тұр. ***Ортасында***: Құнанбай, Бөжей. Байсал, Қаратай, Сүйіндік, Майбасар - бәрі бар. ***Алдағы*** осылар да, ***артынан*** ентелеп тұрған ақсақал, қарасақал. Әр рудың, көп рудың адамдары. Ылғи атқамінері ғана. Ішінде жұпыны киімді біреу жоқ [94, 35].
Жиын ортасында, жалғыз ***көзі бұған оқтай қадалып*** тұрған Құнанбайды танып, соған қарап түйіліп, қатты ақырып... [94, 35].
Сақал-шашы бір реңдес, қара бурыл Сүйіндік ***оқта-текте бір қарап қойғаны болмаса, Құнанбайға тесіле қарамайды. Көзін төмендете береді*** [94, 18].
Құнанбай ұзақ сөйлеп отырған кезде Бөжей ***қыбыр етіп қозғалған жоқ. Көзін де төмен салған қалпынан бір көтермеді.*** Сондықтан оның ұйықтап отырғаны, я ойланып отырғаны мәлім емес. Қалың етті, салбыраңқы қабағы кішкене көзін көрсетпей, тасалап алған сияқты [94, 18].
Үндемей түйіліп, сұп-сұр боп отырған *Құнанбай ол сөздерге көп шіміркенген жоқ. Қайта, теріс көргендей* ***мойын бұрып, Абайға қарап:*** *- Одан да, не күтсеңдер де осы жаман қарадан күтсеңдерші! - деді* [94, 14].
Құнанбай естімеген сияқты, ***ешбір белгі бермеді.*** *Бұл сияқты сөз оны мен Байсалдардың* ***қабағына қарағанда*** *ұзаққа бармайтын тәрізденді* [94, 15].

Басқа кейіпкерлердің іс-әрекетін сипаттау арқылы да Құнанбай портреті айшықтала түседі. Мәселен, Құнанбайдың мысы басып кететінінің, басқалардың оған қарсы шығуға дәті жетпейтінін көрсету үшін автор шығармадағы сөз ұстаған абыройлы тұлғалардың Құнанбай алдындағы әрекеттеріне назар аударады. Сондай тұлғаның бірі – Сүйіндік. Үзіндіде көрсетілгендей Сүйіндік Құнанбай алдында «көзін төмендетіп» тура қарай алмайды:

- *Көзін төмендету* – бойұсынған кейіпте төмен жаққа қарап, кірпігін жоғары көтермеу.

«Қазақ ым-ишараттарының түсіндірме сөздігінде» бұл амалдың ұялып, қысылғанда, қорыққанда және ізеттілік білдіру мақсатында орындалатынын айтады. Берілген үзіндідегі бұл окулесиканың мәні – қарауға бата алмау, жасқану.

Берілген сөйлемде Сүйіндіктің «оқта-текте бір қарап қоятыны» да айтылған. Бұл кинеманың мәні сөйлеушінің түсін бағу, сол арқылы көңіл-күйін, қабағын тануды білдіреді. Ал болымсыз мәнде берілген «тесіле қарамайды» деген қолданыс арқылы автор кейіпкердің ішкі күйін одан әрі әсірелей түседі. Себебі «тесіле қарау» бейвербалды амалы коммуникант бойындағы сенімділікті білдіреді. Ал Сүйіндік Құнанбайға олай батыл қарай алмайтынын «тесіле қарамайды» тіркесі айқындап тұр. Дәл осындай бейнеде отырған тағы бір кейпікер – Бөжей.

Көп алдында абыройлы, көпке сөзі өтетін белді тұлға бола тұра, Бөжейдің де Сүйіндік секілді Құнанбайдың алдында өзін төмен ұстайтынын автор «көзін де төмен салған қалпынан бір көтермеді» деп көрсетеді. Көзқарасына қоса Бөжейдің Құнанбай сөйлеп отырғанда артық қимыл жасамағанын *«қыбыр етіп қозғалған жоқ»* деп атап өтеді:

«Қыбыр етіп қозғалмау» – біреуден қорыққан жағдайда немесе сөйлеушіге құрмет көрсеткен кезде көрініс табатын қозғалыссыздықтың бір түрі. П.М. Ершов коммуниканттың мінез-құлқына қатысты қатысымның мықты және әлсіз қатысушылары деген дихотомияны қолданады [135]. Біздің жағдайымызда, Құнанбай қатысымның мықты қатысушысы болса, одан басқаларының бәрі әлсіз топқа жатпақ.

Бейвербалды амалдар әрдайым динамикалы бола бермейді, қозғалыссыздық, үнсіздік секілді «әрекетсіздік» түрлері де контекстке және коммуникативтік жағдаятқа байланысты түрлі хабарды жеткізіп, бейвербалды амалға айналады: *Абай енді байқады, әкесі сөзін аяқтап келеді екен.*

- Қодар сұмның қылығы сырт елдің алдында менің бетіме салық болса, осы елге, өз келеңе келгенде, осы отырған бәрімізге салық. Мынау отырған сендерге салық! - деп ***аз тоқтап****, Сүйіндікке* ***қадалып отырған жалғыз көзін енді төрдегі Байсалға аударды.*** *Одан өзінің оң жағында отырған Бөжейге* ***қадалды****.*

Бірақ Бөжей мен Байсал ***мызғыған жоқ.*** *Өзге отырғанның барлығы сөздің салмағымен түйінін өз арқаларынан сезгеңдей боп* ***қозғалақтап, ырғалып қалысты*** [94, 19].

Бұл үзіндіде коммуникация қатысушыларының деңгейі олардың әлеуметтік мәртебесімен өлшенетінін де байқауға болады. Бөжей мен Байсалдан басқаларының қозғалақтап қалуы айтылған сөзді өздеріне қатысты қабылдап тұрғанын аңғартады.

Құнанбайдың сөзге сараң, айтса әр сөзін оқтай қадап-қадап айтатынын да автор портрет жасау барысында байқатады. «Үндемей түйіліп, сұп-сұр боп отырған Құнанбай ол сөздерге көп шіміркенген жоқ» [94, 14] немесе «Құнанбай естімеген сияқты, ешбір белгі бермеді. Бұл сияқты сөз оны мен Байсалдардың қабағына қарағанда ұзаққа бармайтын тәрізденді» [94, 15] деген үзіктерде берілген «үндемей түйіліп, сұп-сұр боп отырған», «естімеген сияқты, ешбір белгі бермеді» сынды бейвербалды амалдар арқылы кейіпкердің болмысы ашыла түскен.

Американдық доктор Джеральд Клор әріптестерімен бірге коммуникантардың антипатиясын білдіретін алты түрлі бейвербалды амалды анықтаған. Оларға *қабағын түю, серігінің көзіне қарамау, бір орында отырмай ары-бері жүру, есінеу, мысқылдау, тісін шұқу, басын шайқау* мен *тырнағын тазалап, шұқылап кетуді* жатқызады [88, 113] Бұл қатарды әрі қарай толықтыра беруге болатыны даусыз. Мәселен, жоғарыда аталған үнсіздік, яғни естімеген сияқты кейіп таныту, мойын бұрмай, теріс қарауды да қосуға болады.

Құнанбай портретін айшықтай түсетін қырларының бірі – қатал әке образы. Автор әсіресе Қодар-Қамқа оқиғасын талқылаған жиын кезіндегі Құнанбайдың Оспанға деген қарым-қатынасы арқылы шығарманың басында-ақ кейіпкердің айбарлы басшы ғана емес, отбасында қатал әке екенін танытады. Мысалы Оспанға ашуланып «шұғыл бұрылып, жалт қарауы», «жұлқып, сүйреп, жақтан тартып-тартып қалуы», «итеріп қалуы» секілді амалдарын айтуға болады (Кесте 12):

Кесте 12 – Құнанбай образын жасаушы паралингвизмдер

Енді тентек Оспанның дағдылы мінезі қутырып, үдей бастаған соң **ашуланып, шұғыл бұрылып, жалт қарады** [94, 16].
Құнанбай өз алдындағы мына бейбастыққа қатты ашуланып, Оспанды **сол қолымен өзіне қарай жұлқып сүйреп алды да, жақтан тартып-тартып қалды** [94, 16].
Құнанбай атшабарға **қатты әмір етіп:** - Бар, алып кет қарғыс тигенді! - деп Оспанның **бетін бұрды да, итеріп қалды** [94, 16].
Енді тентек Оспанның дағдылы мінезі құтырып, үдей бастаған соң **ашуланып, шұғыл бұрылып, жалт қарады** [94, 16].
Құнанбай өз алдындағы мына бейбастыққа қатты ашуланып, Оспанды **сол қолымен өзіне қарай жұлқып сүйреп алды да, жақтан тартып-тартып қалды** [94, 16].
Оспан **екі беті нарттай жанып, үлкен көздерімен әкесіне шоктай қадалып, сазарып тұрып алды**. Ұрғанына **титтей міз бақкан да, қалт еткен де жоқ.** [94, 16]
Бұның бәрін көріп отырған Сүйіндік Байсалға **күбір етіп**: - Жаным-ау, каскыр бала мынау ғой! - деді. - Құж, десеңші. Мынадан ба, мынадан шығар-ау! - деп Байсал да **күңк етті** [94, 16].
Құнанбай атшабарға **қатты әмір етіп:** - Бар, алып кет қарғыс тигенді! - деп Оспанның **бетін бұрды да, итеріп қалды** [94, 16].
Майбасар Қаратайға **көз тастап, бір езуін тартып, басын шайқады.** - Қап, мына абыройсыз, бар абыройдан бір-ақ айрылды-ау! - деді. Қонақтардың кейбірі **ақырын күліп қалды.** Қаратай, Байсалдар Оспанның кетісін өз іштерінде: «қорқып кеткен жоқ, егесіп кетті» - деп бағалаған. Құнанбайдың бұрыннан да **түйіліп**, айтар сөзін бастамай ызаланып отырған қалпы бар еді [94, 16].

Кей іс-әрекеттер жеке тұрған кезде коммуникативтік акті жайлы хабар бермегенімен, мәнмәтінде «мәнділікке» ие болып, бейвербалды компонентке айналып жатады. Соның бірі – «бұрылу» амалы. *Бұрылу* кез келген

коммуникацияда орын алатын дағдылы әрекеттің бірі болғанымен, алғашқы мысалдағы «шұғыл бұрылу» кейіпкердің эмоциясын, ашуын білдіріп тұр. Ал «жалт қарау» кинемасы коммуниканттың белгілі бір хабарға немесе оқиғаға деген реакциясын білдіреді. Ол таңғалу, ашулану т.б. болуы мүмкін. Кейпікердің бейвербалды мінез-құлқын сипаттау арқылы оның коммуникативтік жағдаятқа деген көзқарасы да көрінеді.

Дәуірнаманың алғашқы оқиғалар желісінен бастап ерекше көзге түсетін, есте қалатын кейіпкердің бірі – Оспан. Оспанның қайтпас-қайсар мінезін танытуда автор бала Оспанның тентек әрекеттерін сипаттауға жиі жүгінеді. Әсіресе Абай елге оралған кездегі үлкен жиынға Оспанның аяқастынан кіріп келіп, көп алдында үлкен кісі сияқты салмақты кейіпте отырған бала шәкіртті бала арпалыстырып жіберуі, ондағы жиналғандардың бәрі көзіне тура қарауға бата алмай отырған әкесі Құнанбайды елеп, сескенбеуі сынды әрекеттері Оспан образын айшықтай түседі. Аталған үзіндіде «Құнанбай өз алдындағы мына бейбастыққа қатты ашуланып, Оспанды сол қолымен өзіне қарай жұлқып сүйреп алды да, жақтан тартып-тартып қалды» [94, 16] деп Құнанбайдың Оспанды баспақ болғанына қарамастан «Оспан екі беті нарттай жанып, үлкен көздерімен әкесіне шоктай қадалып, сазарып тұрып алды. Ұрғанына титтей міз бақкан да, қалт еткен де жоқ» [94, 16] деп Оспанның әкенің бұл мінезінен еш қорықпайтыны, керісінше өршелене түскені баяндалады.

Шығармадағы ым-ишарасы арқылы тұтас образы жасалған кейіпкерлердің бірі – Есентай. Автор Есентайдың кез келгенді алдап кететін айлакерлігін сырт бейнесімен ұштастыра сипаттайды: Әсіресе даңғойлау, есерсоқ, аңғалдау адамдар болса, Есентайдың қолына түссін. Ол **бітік көзін жұма беріп, маңғаз, биік бойдағы сырын сездірместен сызданып отырып алады**. **Бірде-бір езу тартып, жылы жүз беріп күлген, жылыған, жібіген ажар көрсетпейді.** Сырт қалпында адамды алдар деген титтей белгі болмайды. Бірақ сөйте отырып, талайларды алдап соғады. Мысқыл етеді, мазақ қып кетеді [71, 81].

Есентайдың **«бітік көзін жұмуы» «маңғаз, биік бойымен сызданып отырып алуы», «езу тартып, жылы жүз беріп күліп, жылыған, жібіген ажар көрсетпеуі»** сынды паралингвизмдер арқылы оқырман Есентайды бірден көз алдына елестете алады. Бұл сипаттаулар ым-ишаралардың портрет жасау әлеуетін анық танытып тұр. Алайда аталған паралингвизмдерді орыс тіліне дәл аудармау салдарынан аударманы оқыған өзге тілді оқырман үшін Есентай образы, сырт-келбеті, ым-ишарасы беймәлім болып қалмақ. Паралингвизмдерді мәтінге қатыстырмау немесе баламалаудың кейпікерлер портретін жасауға кері әсер ететінін екі аудармадан көріп отырмыз.

Кейіпкер эмоциясын сипаттау кейіпкердің бейвербалды амалдарын бейнелеу арқылы жүзеге асады. Себебі кез келген эмоция ішкі және сыртқы күйді қатар қамтиды. Ішкі күйдің сыртқы репрезентациясы бейвербалды амалдар арқылы көрініс табады. Осы орайда Г.Пірәлиева: «Бейвербалды ишараттар сондайлық ұсақ-түйек секілді көрінгенмен де адам психологиясын ашуда, кейіпкердің жан дүниесіне «қол сұғуда» сұмдық көп көркемдік, психологиялық қызмет атқаратынын мойындамасқа лаж жоқ» [136, 179] – дейді. «Кинетемалар

кейіпкерлердің алуан түрлі сезім дірілін, психикалық, эмоциялық жай-күйін танытады. Кейіпкердің бет өзгерісін, қимылы мен іс-әрекеттерін суреттеу арқылы кейіпкердің мінез-құлқын, ішкі сезімін береді» [132, 105].

Шығармада эмоцияны білдіруде дауыс, бет-әлпет, дене тұрқы т.б. қолданылады. О.Х. Аймаганбетова эмоцияның 20000 астам сипаттамасы бар екенін айтады. Осындай үлкен көлемді классификациялау үшін әдетте П.Экманның FAST (Facial Affect Scoring Technique) жүйесі қолданылады. Мимика арқылы берілетін эмоцияларға П.Экман *қуану, таңқалу, ашу, жеккөру, қайғыру, қорқу* сынды 6 түрлі эмоцияны жатқызады [137, 175].

Эмоцияны дәл беру – жазушы шеберлігін танытатын құралдардың бірі. Мысалы Л.Толстой өз туындыларында күлкінің 97 түрін сипаттаған [138, 92]. Л.Васильева ағылшын көркем шығармаларындағы эмоцияны бейнелейтін бейвербалды компоненттерді бейнеленетін эмоция түріне қарай бейвербалды компоненттерді позитивті (яғни жағымды эмоцияларды білдіретін: мысалы, жымию, сыпайы иілу, нәзік сөйлеу және т.б.), нейтралды (мысалы, біреуге қадалып қарау, сұқ саусағын көтеру және т.б.), негативті-агрессивті (ашулы, қатқыл сөйлеу, белін таяну) және негативті-астеникалық (жабығу, қорқыныш, күйзеліс сияқты жағдайларды білдіретін көзін тайдыру, жылау) сынды түрлерге бөледі [77, 8].

Шығармада паралингвизмдер кейіпкердің эмоционалды-психологиялық күйін бейнелейтін маркерлер ретінде жиі жұмсалады. Паралингвизмдерді бұл мақсатта қолдану арқылы автор бірде кейіпкердің образын жасап шығып тұтас мәтін бойы бір паралингвизмдерге сүйенсе, кейде микромәтін көлемінде кейіпкердің сол ситуациядағы көңіл-күйін көрсетумен шектеледі. Эмотивті немесе мимикалы-ишаратты бейвербалды амалдар – кейіпкердің жүзіндегі өзгерістері немесе қимылдары арқылы көңіл-күйін білдіретін құралдар:

1) *– Абай сен де жүр!.. Атаң ғой, атаңа сәлем бер, - деп мысқыл еткендей* ***сылқ-сылқ күлді*** [58, 98].

2) *Қамысбай* ***тепсініп кеп****:- Неміз болушы еді? Сендерді ұлық шақыртып жатыр. Мына Қарашоқыда елдің игі жақсысы жиналып отыр, тосып отыр! – деді* [58, 31].

Кейіпкер эмоциясын білдіру үшін автор көбінесе кейіпкердің түрлі мимикаларын сипаттайды. Мысалы *тыжырыну , қабағын түю, езу тарту, ернін сылп еткізу, тістену, жер тепкілеу, мұрнын шүйіру, тілін тістеу, тізесін құшақтау, екі езуі екі құлағына жету, санын соғу* т.б. Сондай-ақ мысалда көрсетілгендей «тепсіну» секілді коммуниканттың ішкі күйінен хабар беретін қимыл-әрекеттер эмоцияны бейнелейтін маңызды элементке жатады.

Мысалы, немересін қатты сағынған әженің экспрессиясы романда былайша көрініс табады:

«*Кәрі әжесі Зере бәйбіше, таяғына сүйеніп, ұрсып тұр екен.*

- Қарашығым, қоңыр қозым... Абайжаным... - деп кемсеңдеп, жылауға айналып кетті» [94, 8].

Сағынысқан жандардың қауышу кезінде эмоцияға ерік беруі, көзінен жасын төгуі – барша халыққа, жалпы адам баласына тән ішкі күй. Ал ұлттық

сипаттағы тілдік емес құралдар – белгілі бір этномәдени топтың (халықтың, ұлттың) өзіне ғана тән, ұлттық танымдық ақпараты мол коммуникация бірлігі.

Шығармадағы паралингвизмдердің келесі бір ерекшелігі – сөйлеу актісіндегі «сөз» секілді жағымды және жағымсыз коннотацияға ие бола алуы. М.Әуезов кейіпкерлердің ым-ишараларын вербалдау барысында міндетті түрде аталған ым-ишараттардың позитивті және негативті коннотациясын сөзбен бейнелеп, оқырманның назарын аудартып отырады. Мысалы, *«Жауаптан іркіліп отырған Тойсарының жүзіне Жұмақан* ***қырын қарап, суық көз тастады*** *да:– Тыным тапқан ел көргем жоқ, шығын тапқан ел болмаса!*» [84, 226] деген мәнмәтінде «қарау» кинемасын толықтырып тұрған «қырын» компоненті, «көз тастау» фразеологизмін анықтап тұрған «суық» деген алдында тұрған сөз көзқарас арқылы коммуниканттың екінші бір субъектіні жақтыртпайтынын білдіріп тұр. Керісінше *«Лосовский бұл сөзге күлді де, Көкбайдың жүзіне* ***кешіріммен, жылы қарады****»* [84, 233] деген сөйлемнен қарау кинемасының позитивті мәнде қолданылғанын көруге болады, мәнмәтінде ол «кешіріммен», «жылы» деген жағымды мәндегі сөздер арқылы нақтыланған.

Кейіпкердің тілсіз сөзін жеткізу. Коммуникативтік актідегі секілді кейіпкер тілінде де сөздің орнына бейвербалды құралдар жиі қолданылады. Қатысым әрекеті кезінде бейвербалды хабар мынадай қызметтерді атқарады:

- Вербалды хабарды толықтырады;
- Вербалды хабарды жоққа шығарады;
- Вербалды хабарды алмастырады;
- Вербалды хабарды нақтылайды;
- Вербалды хабарды реттейді.
- Вербалды хабарға назар аудартады;
- Вербалды хабарға екпін түсіреді (сұқ саусақпен көрсету, дауыс тонын өзгерту);
- Вербалды хабарға эмоциялық реңк қосады.

Дәл сол секілді көркем шығармада да кейіпкерлердің өзара тілдесуі барысында автор бейвербалды кодтарды вербалдап отырады. Бұл әдіс шығарма сюжетін жандандыруға мүмкіндік береді. Вербалды және бейвербалды арналарды кейіпкер сөзінде кезектестіре қолдану шығарма тілінің шынайы болуына тікелей әсер етеді. Мысалы, «Бұнысын Мағаш мақұлдап, ***бас изеді»*** [84, 10] бұл мәнмәтінде автор кейіпкер аузына сөз салмағанымен бейвербалды амалын вербалдау арқылы, яғни «бас изеді» тіркесі арқылы кейіпкердің мақұлдап, келісіп отырғанын білдіреді.

Кейіпкердің сөз орнына немесе сөз арқылы берген ақпаратын толықтыра түсу мақсатында ақпараттық бейвербалды амалдар қолданылады.

1*) Құнанбай шешесіне қарап, үндемей* ***бас изеді*** [58, 85].

2) *Ербол төреші болғандықтан, енді жұрттың бәрі жаттап алған төрттікті өзі тағы бір айтып, аз ойланып,* ***бас шайқады*** [58, 5].

Шығарма мәтінінде ақпараттық бейвербалды амалдар белсенді қолданылады. Себебі М.Әуезов романда қазақ халқының мінез-құлқын, әңгімелесу әдебін дәл жеткізуге тырысқан. Ал қазақтың дәстүрлі қатысым

мәдениетінде көпсөзділіктен гөрі ыммен, ишарамен ұғындыру кең тараған. Мысалы келісетіндігін білдіру үшін ауызбен айтпай-ақ, «бас изеу», «бас шұлғу» ишараттары орындалады. Қазақ халқының ұлттық сипаттағы бейвербалды амалдарына қатысты Ж.Нұрсұлтанқызы О.Бөкеев шығармаларына арнаған зерттеуінде тоқтала келіп: «Қаламгер сомдаған кейіпкерлердің ішкі жылылықпен қол алып амандасуы, қауыша құшақтасуы, қуанышпен күлімсірей қарап, маңдайдан сүюі – ұлтымыздың мейірбандығының, асыл тәрбиесінің, сыпайыгершілігінің, ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің көрінісі» дейді [54, 4].

Шығарма мәтінінде бейвербалды хабарлар кейіпкер санын білдіру үшін де қолданылады:

1) *Бұл топқа қарай ауылдың үлкендері де жан-жақтан* ***дабырлап сөйлеп, ағылып келіп жатыр...*** [94, 9].

2) Үшеуі бірдей ***жамырай сәлем берді*** [94, 9-10].

3) Үйдің іші енді сезіп***, ду күлісті*** [94, 12-13].

Берілген мысалдардан бейвербалды амалды орындаушылардың бірнеше тіпті одан да көп адам екенін байқауға болады. Бұл паралингвизмдердің көркем мәтіндегі ақпарат беруінің тағы бір қыры деуге болады.

Бейвербалды амалдар көркем мәтін элементі болып қана қоймай, мәтіндегі ұлттық-мәдени контекстің негізгі репрезентаттарына айналады. Бейвербалды амалдар вербалдану арқылы мәтінді құраушы бөлшекке, яғни «сөзге» айналады. «Көркем шығарма тілін талдаудағы басты объект – сөз. Өйткені, сөз поэтикалық қызмет атқарғанда өзінің мүмкін (потенциалды) және жасырын жатқан, яғни контексте көрінетін ғана мағыналарын ашады» [139, 11], сөздің поэтикалық, потенциалды, контекстік мағыналарына қоса, олар тура мағынада тұрып та, бейнелі, әсерлі мағынаға ие болатыны белгілі. «Абай жолы» романындағы бейвербалды амалдар ұлт салт-санасын, әдет ғұрпын, ой-танымын бейнелейді. Олар көркем шығарма тілінде, адами қарым-қатынаста айтайын деген ойды жан-жақты, терең жеткізуге ықпал етеді. Мәтіндегі паралингвистикалық құралдар оқырманға көркем шығарма контексінің тереңіне бойлауға және автордың көркемдік ой-мақсатын ұғынуға көмектеседі.

2.3 «Абай жолы» роман-эпопеясындағы бейвербалды амалдардың лингвопрагматикасы

Көркем мәтіндегі тілдесімнің көмекші құралдарының лингвопрагматикалық қырын ашу бейвербалды амалдардың қатысым кезіндегі коммуникативтік, психологиялық және этикалық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Көркем мәтіндегі бейвербалды амалдардың қолданысы кейіпкерлердің позициясына, оқиға желісіне, уақыт пен кеңістікке тікелей байланысты болып келеді. А. Акишина орыс халқының ым-ишараларының коммуникативтік ерекшеліктері туралы сөз қозғағанда орыс ым-ишаратына, мимикасы мен дене қалыбына коммуникативтік жағдаят, сөйлеушілердің бір-бірі жайлы пікірі және олардың әлеуметтік мәртебесі ерекше ықпал ететінін ескертеді [140, 143]. А. Оналбаева еңбегінде сәлемдесу кезінде *орындалатын бас изеу, баскиімін шешу, қол бұлғау, қол алысу* секілді ым-ишараларды мысалға

келтіре отырып, олардың біреуін талғап қолдану тікелей *конситуацияға* байланысты деп тұжырымдайды [25, 104]. Зерттеуші М. Аргайлдың: «Бейвербалды сигналдардың мәні белгілі бір мәдениет аясындағы нақты әлеуметтік жағдайға байланысты болады. Сонымен қатар бейвербалды сигналдың мәні уақытқа және басқа сигналдармен байланысына да тәуелді. Мысалы, арқадан қағу жағдайға қарай – не шынайы құттықтау, не физикалық шабуыл ретінде қабылдануы мүмкін» [15, 8]. – деген пікірінен тілден тыс құралдарды түсіну мен қолданудың негізгі шарты *коммуникативтік жағдаят* екеніне тағы бір көз жеткіземіз.

Адамның тілдесім әрекеті тіл білімінде «сөйлеу актісі теориясы» (САТ) аясында сөз болып келеді. Прагмалингвистиканың негізін салушы Дж. Остин, Дж. Серль, Дж. Лич, А. Вежбицкая, В.В. Богданов, Д.Г. Богушевич, Г.Г. Почепцов сынды іргелі зерттеушілердің еңбектерінде тілдік қатысымның вербалды формасына, яғни «тілдік қатынасқа» (ф.ғ.д. Ф.Оразбаева ұсынған термин) үлкен мән беріледі. Айталық, Дж. Остин ұсынған сөйлеу актісінің үш түрі (локутивті, иллокутивті, перлокутивті акті), Дж. Остин зерттеуін тереңдеткен Дж. Серльдің иллокутивті акті туралы тұжырымдары, Дж. Личтің лигвопрагматика туралы ойлары, В.В. Богдановтың коммуникативтік құзыреттілік, коммуникативтік лидерлік, коммуникант позициясы туралы пайымдауларының барлығы қатысымның вербалды компоненті турасында өрбиді. Десе де, *сөйлеу әрекетін адамның вербалды және бейвербалды арналарды синхронды түрде қолдана отырып коммуникативтік тактикаларды жүзеге асыруы және сол арқылы коммуникативтік мақсатына қол жеткізуі* деп түсінген орынды болса керек. Ж. Ибраимова тілдік қатынастың ерекше түрі – сөйлесім әрекеті жайында: «Кез келген тіл бірлігінің мағынасы, оның толық табиғаты сөйлеуде ашылады. Яғни сөйлеу актісі – тіл бірліктерін қолданысқа түсіретін қатысымдық орта» [141, 4-5] деп тұжырымдайды. Осы орайда, біз сөйлесім әрекетін тіл бірліктерінің ғана емес коммуникацияның бейвербалды амалдарының қолданысқа түсетін ортасы деп толықтырғымыз келеді.

Дж. Остин зерттеуінде [142, 100] иллокутивті және перлокутивті актілердің бейвербалды түрде орындала алатынын атап өткен. Остиннің пайымдауынша, сөйлеу — тек ақпарат жеткізу емес, ол белгілі бір әрекет жасау құралы. Яғни, сөйлеген сөзіміз белгілі бір жағдайға ықпал етіп, іс-әрекет тудырады. Кез келген сөйлеу әрекеті үш түрлі сипатқа ие. Олар – локутивтілік, иллокутивтіклік және перлокутивтілік. Окфорд профессоры ұсынған САТ бойынша, *локутивті акт* – фонетикалық, семантикалық және грамматикалық құрылымы бар лебіздің дүниеге келуі (дыбысталуы); *иллокутивті акт* – сол лебіз арқылы коммуникативтік мақсатты жеткізу: хабар беру, бұйыру, өтіну т.б.; *перлокутивті акт* – лебіздің нәтижесінде коммуникативтік діттемнің орындалуы, яғни екінші тараптың коммуникация мақсатына сай әрекет етуі [142]. Осы тұрғыдан, локуция – семантиканың, перлокуция – риторианың, ал иллокуция – лингвопрагматиканың мәселесі деп саналады.

Кез келген хабар, яғни вербалды хабар да, бейвербалды хабар да локутивті болады. Себебі тілдесім грамматикалық жағынан да, лексикалық жағынан да

мәнді құрылымдарға негізделеді. Тілдесім барысында коммуниканттар коммуникация арқылы қол жеткізгісі келетін мақсатын әртүрлі амал-тәсілдер арқылы білдіреді. Вербалды тұрғыдан ол лексикалық бірліктер мен грамматикалық формалар арқылы көрінсе, бейвербалды тұрғыдан сөйлеушінің эмоциясы, ым-ишаралары т.б. арқылы жеткізіледі.

Коммуникативтік мақсатты адресатқа білдіру тілдесімнің иллокутивті күші деп аталады. Дж. Остин иллокуцияны жеткізуде белсенді қолданылатын перформативті етістіктердің классификациясын ұсынғаны белгілі. Перформативті етістіктер мен коммуникацияның бейвербалды амалдарының арасына параллель жүргізу арқылы, көркем мәтіндегі тілдесімнің көмекші құралдарының иллокутивті күшін бағамдауға болады:

1) Вердиктивтер – сөйлеу әрекетіндегі бағалауды, пікір мен шешімді білдіретін етістіктер. Мысалы, *make it* – орындау, жүзеге асыру, *understand* – түсіну, *describe* – сипаттау, бейнелеу, *analyse* – талдау, *characterize* – сипаттап көрсету, мінездеме беру, *rate* – бағалау, *judge* – үкім шығару, *assess* – бағалау, *classify* – жіктеу т.б.

Тілдесім кезінде КБА коммуниканттардың бір-бірін түсініп отырғанын білдіру арқылы және бағалауыштық қызмет атқару арқылы сөйлеу актісіне вердиктив ретінде қатыса алады. Оны төмендегі сөйлемнен көре аламыз:

❖ *Қадырбай мен Қуандық мына сөздің тұсында* ***бір-біріне қарасты да, іштен ұғысқандай болды*** [94, 312].

Берілген үзіндіде екі кейіпкердің көзқарасы арқылы тілдесуі бейвербалды құралдардың көпшілік ортасында адамдардың жасырын әрі ұтымды тілдесу құралы бола алатынын көрсетеді. Мұндағы көзқарас бір-екі ауыз сөз алмасу ғана емес, ол екеуінің ішкі интенциясы мен одан кейінгі әрекетін шешуші құрал болып тұр.

Бейвербалды амалдар сөйлеушінің ішкі бағасын білдірудің ұтымды амалы саналады. Күнделікті коммуникацияда белгілі бір объектіге қатысты пікірімізді, бағамызды білдіргенде міндетті түрде ым-ишараларға жүгінеміз. Мысалы «Абай жолы» романанында мынандай үзінді кездесті: «*Данияр болса, өзі тырс күлместен, өзгеше бір аңқау момақан ғана жүзбен әлі сөйлеп отыр. Байқаймын, Афтабымның топсасы босай бастағандай. Енді кешке ғана емес, ерте мен түсте де зарлаймын. Хауліміздің ең бір жемісі нашар, құрт түскен алма ағашының түбіне әдейі барып отырам.* ***Оның шіріп түскен алмаларын Афтаптың көзіне әдейі көрсетіп, мұрын шүйірем.*** *Сарыарқаның Афтабыма ұнаған шафталысы мен тотысын жиі-жиі жоқтай берем. Содан не керек, бір күні Афтабымның өзі «кеттік болмасам шу Сәмәйінә» демесі бар ма? деп әңгімесін аяқтады*» [71, 51].

Жоғарыдағы үзіндіде сөйлеуші алманы көрсету және мұрнын шүйіру арқылы объектіге деген бағасын жеткізген. Ым-ишарамен бағалаудың *ернін сылп еткізу* (әйел адамдарға тән), *басын шайқау, шапалақтау, бармағын көрсету* ((шошайту) сынды үлгілері бар.

2) Экзерситивтер – бұйыру, кеңес беру, ықпал ету, билік жүргізу мәніндегі етістіктер. Мысалы, *appoint* – тағайындау; *order* – бұйыру, әмір ету; *claim* – талап

ету, мәлімдеу; *advise* – кеңес беру; *degrade* – дәрежесін төмендету, шенінен айыру; *name* – атау, тағайындау; *press* – қыстау, қысым жасау, қысып айту; *choose* – таңдау; *sentence* – үкім шығару, соттау т.б.

❖ *Сондай бір нәрсені бұйырар деп күтіп отырғанда, Абай Баймағамбетке шұғыл бұрылып, жалт етіп салқын қарады да,* ***үйдің сол жақ бұрышына қарай қол созып, үн қатпастан, бір нәрсені "әкел" дегендей белгі етті*** [58, 565].

Абай мен Баймағамбет арасындағы қысқа ғана коммуникативтік актіде Абай ешқандай сөздің көмегінсіз екінші тарапқа бұйрық береді. Мұнда бейвербалды амал экзерситив етістіктің орнын толық алмастырып тұрғанын көруге болады.

3) Комиссивтер – уәде, міндет пен ниетті білдіретін етістіктер. Мысалы, *promise* – уәде беру; *espouse* – жақтау, қолдау; *plan* – жоспарлау; *favour* – жақтау, қолдау, оң көзқарас білдіру; *guarantee* – кепіл болу, кепілдік беру; *vow* – ант беру, серт беру*; champion* – қорғау, қолдау, жақтау; *oppose* – қарсы шығу, қарсылық білдіру.

❖ ***Қабағын түйіп, екі көзі жалт етіп, жақтырмай қарағаны болмаса,*** *Абай Майбасардай ағаға қатаң жауап айта алмады* [94, 100].

Берілген үзіндіде Абай Майбасардың ойын қолдамайтнынын ауызбен айтпаса да, эмоциясы арқылы байқатады. Осындай жағдаяттарда КБА вербалды формадағы комиссивтердің орнына жұмсала алады. Қазақтың дәстүрлі жүйесінде уәде беру, серт беру, ант беру кезіне орындалатын ритуалдар болғаны белгілі. Ант беру кезінде *нан ұстау, Құран ұстау, ант суын ішу, бармақтан қан шығару, қылыштың жүзін сүю* т.б. ишаралар орындалған. Комиссив сипаты осы секілді ритуалдарда көрініс табатын бейвербалды амалдардың бәріне тән.

4) Бехабитивтер – әлеуметтік мінез-құлықты танытатын етістіктер. Мысалы, *apologize* – кешірім сұрау; *thank* – алғыс айту; *compliment* – мақтау, мадақ айту; *congratulate* – құттықтау; *welcome* – қарсы алу, қошемет көрсету; *wish* – тілеу, тілек білдіру; *protest* – қарсылық білдіру, наразылық таныту.

❖ *- Әлбәттә, әлбәттә, Ибраһим мырза, тұман жоқ, сіздікі тура. Ғарибыңыз өзін ғайыпты санайды! – деп Сармолла қызарды да,* ***бөрік киген басын төмен иді»*** [71, 18].

Сармолланың коммуникация соңында басын төмен июі өзінің серігіне деген құрметін білдіріп тұр. Мәтіннің толық контексінен бұл бас ию тек қана құрмет емес, Абайдың өзін түсініп-қолдағанына деген алғысы мен разылығы екенін аңғарамыз, яғни бейвербалды амал сөйлеу актісінде бехабитив рөлін мінсіз атқарған.

5) Экспозитивтер – себепті түсіндіру, дәлелдер келтіру мәніндегі етістіктер. Мысалы, *remark* – ескерту жасау; *mention* – атап өту, сөз арасында айту*; inform* – хабарлау, мәлімдеу; *ask* – сұрау; *report* – баяндау, есеп беру, хабарлау т.б.

Абай осы кезде қатты булығып жетіп келді:

- Құтырма! Тоқта! - деп, ақырып қалды. ***Екі көзі қанталап, өзі сұп-сұр боп апты. Жұдырығы түюлі.*** *Екі жігіт тоқтай қалды* [94, 246].

Бұл үзіндідегі Абайдың түюлі жұдырығы адресаттарына қол жұмсауы мүмкін екені жайлы бейвербалды сигнал болып тұр.

Экспозитивтер ретінде сілтеу, нұсқау мәніндегі бейвербалды құралдар да қолданыла алады.

«*Бар Ырғызбайдың анасы. Өзінің ашуы әлі қатты. Томырылып кетсе, тіпті Құнанбайды да қорқыту қолынан келеді. Оны Майбасар талай көрген. Енді, ыза болса да, амал жоқ.*

Зере сөзін бітіргенде, Майбасар қасындағы Ұлжан жеңгесін түртіп қойып, ақырын күңкілдеп:

- Қап, мына тентек кемпір ме! Исі Ырғызбайдың ақсақал, қарасақалын жиып ап, қылып отырғанын қарашы. Енемізді әбден ұрды-ау, масқара-ай! Даңғой дегені ғой дәл мен осының! - деп еді. Қасында отырып, сөзін естіген жұрт күліп жіберді. ***Майбасар Ұлжанның тасасына бұғыңқырап отырып, қуланып көзін қысып****:*

- Әне біреу айтқаны кім екен десеңші, тағы бұның? Ана «мылжың» дегенін айтам! Ондай да бар ма еді? - деп, тоқтай қап, ***Жұманды көзінің астымен бағып отыр.***

Сағал көз, сары сақал Жұман бұның мысқылын сезген жоқ екен.

- Ой, сығыр мұндар, білмей отырмысың? Мылжың деп, қырт қып, жазған, мені айтат та! - дегенде, жұрттың бәрі ду күлді. Енді сөз бітіп, жұрт қысыр кеңеске кететін тәрізді. Абайлар іске асығып, тұрып кетісті…» [94, 253] - деген үзіндіде Майбасардың Зеренің «мылжың» деп кімді айтып отырғанын біле тұра, сөзімен айтпай көзінің астымен Жұманды бағып отыруы жасырын экспозитив қызметіндегі бейвербалды құрал екені сөзсіз.

Бейвербалды амалдар күрделі ақпаратқа қарағанда коммуникация барысындағы қарапайым ақпаратты жеткізуде жиірек қолданылады. Соған қарамастан тілдесім кезінде сұрақ қою немесе қандайда бір мәселеге ерекше назар аудару қажет болған кезде сөйлеушілер вербалды арнаға қосымша бейвербалды құралдарға да жүгінеді. Осындай жағдайларда КБА экспозитив етістіктерге пара-пар қызметті атқарады.

Талайдан бері Тоғжан жақтан Абайға тәуір сәлем әкеле алмай жүрген Ербол, қазір де ***сөз бастамай тұрып, әуелі Абайдың басындағы тымағын жұлып алды да:*** *– Шүйінші! – деді. Екеуі де іштерімен танысып, күлісіп жіберді* [94, 267].

Бұл үзіндідегідей Ерболдың Абайдың басындағы тымағын жұлып алуы – жақсы хабар әкелгені жайлы белгі. Вербалды хабардан бұрын жұмсалған бейвербалды хабардан-ақ Абай жақсы жаңалық бар екенін бірден ұғынады. Экспозитив позициясындағы бұндай бейвербалды құралдар – жалпыға түсінікті белгі-мәнді жеткізуші құралдар.

Бейвербалды құралдарды сөйлеу актісіндегі маңызды хабар беру қызметін атқаратын етістіктермен теңестіру арқылы тілдесімнің көмекші құралдарының хабар беру әлеуеті жоғары иллокутивті акті элементі екеніне көз жеткіздік. Осы орайда, Р.Ратмайр бейвербалды амалдардың қатысым барысындағы рөлін жоғары бағалап, Дж.Остиннің иллокутивті актісі негізінде *«бейвербалды*

иллокутивтер» терминін қолданғанын да атап өткен жөн [143, 112]. Бейвербалды иллокутивтердің әрдайым сөзге бағынышты бола бермейтіні, кейде сөзге қарағанда қатысымдық әлеуеті күштірек бола алатыны бұл тақырыпты әлі де тереңірек зерттеудің қажет екенін аңғартады.

Дж. Остин перлокутивті актінің бейвербалды амалдар арқылы орындалу мүмкіндігін төмен деп бағалайды. Десе де, іс жүзінде КБА – перлокутивті актіні сәтті жүзеге асырудың бірден-бірі құралы. Себебі адресатты қандай да бір әрекетке жұмылдыру үшін, ең алдымен, оған әсер ету қажет. И.М. Кобозева: «Бейвербалды құралдар кейде сөйлеу мазмұнын алмастыруы, толықтыруы, қайталауы немесе оған қайшы келуі мүмкін. Мұндай жағдайда коммуниканттың жағдайға деген шынайы көзқарасын ишара мен мимика дәл жеткізеді» [4, 18] - деп коммуниканттың жағдаятқа деген шынайы көзқарасы мен интенциясы, коммуникант ойының әсерлі әрі шынайы шығуы оның бейвербалды амалдарына, дауыс тонына, мимикасына, ишарасына, көзқарасына байланысты екенін айтады. Оның анық дәлелін мына үзіндіде байқай аламыз: *«Бір-біріне ұмтылып келгенде, Тоғжан жылап жіберіп, Абайдың* ***құшағына кіре берді. Жасқа толған көздерін сүйген жігітін төсіне басып, тұрып қапты. Екі иығы шошынып қысылғандай, дір-дір етті****. Абай: – Тоғжан, жыламашы! – деп, шашынан ғана сүйіп, қатты құшақтап қысып тұрғанда, Тоғжан басын жоғарырақ көтеріп: – Көрісейікші бір! Сағындым! – деді. Дәл осы уақытта: – Тоғжа-а-н! Қайдасың? Қасқырға берер Тоғжаным жоқ! Жүр, – деп айғайлап, күліп жүгіріп келе жатқан Керімбаланың даусы естілді. Абай Тоғжанды* ***асығып қысып, бір-ақ сүйді. Қызарып толқыған ыстық бетінен сүйді»*** [94, 274].

Бұл үзіндіде екі жастың сөзінен гөрі ым-ишарасы әлдеқайда мол ақпар беріп тұр. Тоғжан аузынан бір де бір сөз шықпаса да, оның ішкі сезімін, жан сырын Абай сөзсіз ұққан, екі ғашық тілсіз тілдескен. Тілдесім соңында Абайдың да ештеңе деместен жай ғана қысып, сүюі – оның бар сезімін жеткізудің ең жылдам, шынайы әрі әсерлі жолы. Бейвербалды амалдар осы секілді шиеленісті жағдаяттарда вербалды арнаға қарағанда әлдеқайда шешен әрі ұтымды коммуникация құралына айналады. Берілген мысалдан бейвербалды амалдың перлокутивті күшінің жоғары екенін аңғарамыз.

Коммуникацияның бейвербалды амалдарының перлокутивті күші екі түрлі сипатта көрініс табады. *Біріншіден,* сөйлеуші сөзінің адресатқа әсер етуіне атсалысса, *екіншіден,* тыңдаушының бірінші тараптың талабын қанағанттандырғанын білдіретін жауабының көрінісі ретінде бой көрсетеді.

Адресатқа әсер етуі және оны әрекетке жұмылдыруы жағынан бейвербалды құралдардың әлеуеті күшті. Себебі тілдесім кезінде вербалды хабардың мазмұнымен қатар оны дұрыс жеткізе білу де аса маңызды. Ешқандай эмоциялық бояуы жоқ, монотонды және ым-ишаралардың сүйемелдеуінсіз айтылған сөздің тыңдаушыға әсер ете қоюы неғайбыл.

Айталық, «Абай жолындағы» «*Алмай тынбас сенің әкең! Осыны айт! Бір мен емес, «Жігітек сәлемі» деп айт осыны! Ал мына жерін алсын, бір бұл емес, тағы тапсын, тағы алсын!* - деп, ***қолын бірақ сілікті*** *де тоқтап қалды*» [94, 157] - деген үзіндіде екінші тараптың бұл ситуацияда Байдалының «қолын бірақ

сілтеуі» бірінші тараптың өз мақсатына жеткенін білдіреді. Берілген мысалдан сөйлеу актісінде бейвербалды иллокутивтер ғана емес, бейвербалды перлокутивтердің болатынын көру қиын емес.

Профессор Б.Момыновaның пікірінше, *бейвербалды құралдардың сөйлеу әрекетіне қатысуы, кірігуі әртүрлі сипатта, әртүрлі қалыпта өтеді, олар міндетті болуы мүмкін, орындалуы міндетті болмауы да мүмкін, тек осы амалдар арқылы ғана коммуникацияға қатысушы тараптар арасында түсіністік орнауы мүмкін, - қалай дегенде де, аталған амалдар ақпарат алмасуға, ақпарат жеткізуге араласқанда ғана бейвербалды амалдар болып саналады* [45, 15]. Бейвербалды амалдар коммуникация барысында вербалды хабарды толықтырумен ғана шектелмейді, вербалды хабардың орнына қолданылуға да қабілетті болып келеді. Осы орайда, ым-ишараның қатысым кезіндегі рөліне қатысты пікірлерді А.Кендон лебіздің көмекші құралы теориялары (speech-auxiliary theories) және лебіз бен ым-ишараның серіктестігі туралы теориялар (gesture-speech partnership theories) деп жүйелейді [7]. Сөйлеу актісінде толық коммуникативтік басымдыққа ие болатын бейвербалды құралдар тек қана ақпараттық емес сондай-ақ эмоциялық жүк арқалайды. Мысалы:

Сөйлету зорлық сияқты. Бірдемені айту да орынсыз. Абай ***екі қолын төсіне қойып, әжесіне тағзым етті де, басын иді.*** *Өзінше: «Бар жүрегімнің құрметі, әулиедей ана, саған арналған» дегені. Сүйтіп* ***аз отырды да, әжесінің екі қолын ұстап, кішкентай алақандарына бетін басты. Иіскеп сүйіп отырғанда бірнеше ыстық тамшылар да сол әлсіз жүдеу алақандарға тамып еді****. Әжесі тағы да сыбырлап:*

- Қарағым... жалғыз қарашығым! - деп, Ұлжан жаққа қарады да, - анаңды күт! – деді [94, 303]

Жоғарыдағы үзіндіде бірінші коммуникант ешқандай сөздің көмегінсіз өз ойы мен сезімін жеткізді, яғни мұнда бейвербалды құрал вербалды құралды толықтай ығыстырып тұр. Бұл секілді коммуникативтік жағдаятта коммуникант үшін сөйлеуден гөрі тілсіз тілдесу әлдеқайда қолайлы екені даусыз. Кей жағдайда сөздерге қарағанда көздердің шешен келетін кездері де болады, яғни КБА сөйлеу актісінің компоненті ғана емес, сөйлеу актісінің сәтті жүзеге асуының (иллокутивті және перлокутивті актілердің) алғышарты.

М.Аргайл бейвербалды амалдар қатысым кезінде эмоцияны білдіру, тұлғааралық қатынастарды жеткізу, сөзді сүйемелдеу, рәсімдерді жүзеге асыру мақсатында қолданылатынын айтады [15, 5]. Ал қазақ зерттеушісі З.М.Нұржанова бейвербалды амалдардың қатысым кезіндегі функцияларын былайша бөліп қарастырады:

А) Белгі беру қызметі (қолды көтеру арқылы белгі беру);

Б) Әлеуметтік бағдарлау функциясы (амандасқанда белгілі бір иілу ұзақтығын сақтау, қол алысу формалары);

В) Өзін-өзі таныту функциясы (авторитарлық ишаралар арқылы әлеуметтік мәртебесін көрсету, әдетте басшылар қолдарын арқаға ұстап жүреді);

Г) Байланыс орнату (көзқарас немесе қол қимылы арқылы);

Д) Кері байланыс орнату (көзқараспен жауап беру, көз қысу, бас шайқау) [144, 122-123].

Бейвербалды амалдардың аталған коммуникативтік қызметтері көркем мәтінде де көрініс тауып отырады. Мәселен, «Абай жолы» романында паралингвизмдер мынандай қызметтер атқарады:

1. Вербалды қатысымның контакторлық қызметі. Алдыңғы тараушаларда сөз болғандай, ым-ишаралар вербалды қатысым басталғанға дейінгі және аяқталғаннан кейінгі қатысымды ұйымдастыру кезеңіне қатысады.

2. Бейвербалды амалдардың этикеттік қызметі. Профессор Д.Әлкебаева: «Сөйлеу жанрлары, сөйлеу актілері туралы сөз болғанда, сөйлеу этикасы туралы айту – оның негізгі заңды қағидаларының бірі» екенін айта келе, сөйлеу этикасының мәнін «әртүрлі қарым-қатынас ситуацияларындағы сөйлеу тәртібінің ережесі және этикалық нормалардың жиынтығы» деп түсіндіреді. Ғалым сөйлеу этикасының риторикалық этика деп те аталатынын еске салып өтеді [145, 220]. Сөйлесім барысында коммуниканттар вербалды этикамен бірге бейвербалды этиканы да сақтауы қажет. Бейвербалды этика сақталмаған жағдайда вербалды этиканың да мәні жоғалады. Қазақ халқында ер балаға және қыз балаға қатысты бірқатар этикетті бейвербалды амалдар бар. Мәселен *«Майсара Абайдан ұяла отырса да,* ***бетін баса сықылықтай күліп қапты****»* [71, 56] – деген мысалда Майсараның күлген кезде бетін басып күлуі – қыз баланың үлкендер алдындағы әдебінің көрінісі. Әдетте, кісінің көргенділігін қазақ ым-ишарасына қарап-ақ бағалап жатады. Бұл халқымызда тыйымдар жүйесінің қалыптасуына негіз болған (Кесте 13).

Кесте 13 – Этикеттік мәндегі паралингвизмдер

Дәмежанның жұпыны, жүдеу қорасының төрінде ауыз үйлі, төр үйлі екі бөлмесі бар еді. Әйел қонақтарын ертіп, төргі үйдің есігін ашып, Абайға **жол берді** [71,5].
Дауды естуге енді келіп кірген Тәкежан, Оспан, Ысқақ үшеуіне де есік жақта отырған би, болыстың бәрі жапырлап амандасты. **Түрегеп қол берісіп, көріскендері** де болды. Бұл ажар билердің Құнанбай ісін тергеуші емес, оның жоқшылары екенін анық танытқандай [84, 130].
– Қасымнан бетер қайным-ау? Бұл жерде де сыртымнан бағып, сынап тұр ма едің? – деп, Абайға **есік ашып**, үйіне кіргізді [84, 79].

3. Вербалды хабарды нақтылау қызметі.

1) - Жан ашырдың жоқ болғаны ғой! - деп, бағанағы көпшілік тағы қозданайын деп еді, Құнанбай Сүйіндікке қадалып тұрып, қамшысын жаңағы **сөйлегендер жаққа нұсқап**: - Тоқтат, **аналарыңды**! - деп, ақырып қалды [94, 67].

2) Құнанбай сол уақытта орнынан тұрып кеп, Майырды ту сыртынан құшақтап, қос қолын сыртына топшыдан қайырып тұра қалды да, Мырзаханға

қатты бұйрық етіп, **пешті басымен нұсқап**: - Тұр, Мырзахан! Сал, өрте ана қағаздардың бәрін! - деді [94, 216].

Бірінші мысалдағы «аналар» сілтеу есімдігі арқылы адресанттың кімдерді меңзеп тұрғанын білу үшін кейіпкердің ым-ишарасына мән беру керек. Бұл үзіндіде Құнанбайдың бейвербалды амалы вербалды хабарын нақтылай түскен, яғни тілдесім аралас синтаксиске негізделген. Коммуникативтік жағдаяттарда жиі қолданылатын сілтеу есімдігі көбіне нақтылаушы ишаралармен бірге жүреді.

Кей кезде бейвербалды амалдар тілдесім барысында түсіп қалған немесе вербалды түрде аталмай кеткен ұғымды меңзейді. Екінші мысалдағы Құнанбай репликасындағы «*Сал, өрте ана қағаздардың бәрін!*» деген бұйрықта қағаздарды қайда салып өртеу керектігі айтылмаған. Оны атаудың аса қажеті болмауы да мүмкін. Десе де кейіпкер пешті басымен нұсқау арқылы вербалды хабарды толықтыра түседі.

4. Вербалды хабарға экпрессия қосу

5. Коммуниканттардың бір-біріне деген көзқарасын білдіру

6. Коммуниканттың бағасын білдіру

7. Коммуникантты іс-әрекетке жұмылдыру

8. Коммуникант жайлы ақпар беру. Зерттеуші М. Ешимов паратілдік амалдар вербалды ақпараттардың мазмұнын толықтырып қана қоймай, сонымен бірге сөйлеушінің әлеуметтік, жастық ерекшеліктері, мінез қасиеттері туралы хабар беретінін айтады [146, 7].

9. Коммуниканттың көңіл күйі жайлы ақпар беру

10. Коммуниканттардың басқалардан жасырын құпия тілдесімін жүзеге асыру

11. Вербалды хабар алмасу мүмкін емес кезде хабар беру. Вербалды арнамен тілдесу мүкін болмаған кезде коммуниканттар визуалды бейвербалды құралдарға жиі жүгінеді. А.Кендонның: «Шынында да, кейбір жағдайларда, сөйлеу экологиялық, ритуалдық немесе физиологиялық себептермен мүмкін болмаған кезде, ым-ишараның өзі тілдің бір формасына айнала алады» [7, 3]. – деген пікірі ойымызды дәйектей түседі.

Бейвербалды амалдардың бұл қасиеті екі түрлі жағдайда көрінеді:

А) материалды кедергілерге байланысты: бір-бірінің тілін білмеген жағдайда, дистантты қатысым кезінде, шу-кедергілер болған кезде т.б.

Ә) коммуникативтік кедергілерге байланысты: коммуниканттардың бірі сөйлесуді қаламаған жағдайда, коммуниканттардың бірі бос болмаған жағдайда, вербалды хабар басқаларға кедергі келтіруі мүмкін болған жағдайда (жиналыс кезінде, сабақ үстінде, біреу ұйықтап жатқанда), вербалды амалға тыйым салынған жағдайда (емтихан кезінде) т.б.

12. Вербалды хабардың ақиқаттығын білдіру

13. Бейвербалды құралдардың фатикалық қызметі. Тілдесімнің фатикалық қызметінің ерекшелігі – ол хабар беруді, ақпаратты жеткізуді мақсат етпейтін әлеуметтік байланыс орнатуға және сақтауға бағытталатын қарым-қатынас түрі. Бұл тұрғыдан бейвербалды құралдар қысқа коммуникацияның ең белсенді элементі саналады. Мәселен алыстан танысыңды көргенде бір-біріңе

қол бұлғаумен аяқталатын қысқа интеракциялар күнделікті өмірде жиі көрініс табады. Мұндағы қол бұлғаудың мәні сені көрдім, таныдым, көргеніме қуаныштымын деген ойды жеткізіп, коммуниканттардың қарым-қатынасын, сыйластығын сақтауға қызмет етіп тұр. Бір-бірін танитын адамдардың кездейсоқ жүздескенде еш мезірет білдірмеуі олардың бір-бірі жайлы ойының өзгеруіне себеп болуы мүмкін. Фатикалық бейвербалды амалдарды қоғамдағы ынтымақты сақтаушы құралдар ретінде бағалауға әбден болады.

Бейвербалды құралдардың фатикалық қызметі қазақ тіл білімінде ең алғаш К.Ш. Кажгалиеваның кандидаттық диссертациясында вербалды хабармен қатар сөз болады. Зерттеуші паралингвистикалық амалдардың фатикалық функциясы турасында: «Фатикалық қарым-қатынаста ишара-кинемалар өте белсенді қолданылады, әрі олар көбіне айқын ұлттық реңкке ие болады» - [104, 21] дейді. Фатикалық бейвербалды құралдар сөйлеушінің назарын өзіне аудару, үзіліп қалған ойды жалғау, айтайын деп бірақ ұмытып қалған ойды жеткізу кезінде қолданылады.

Бір ұлт, мәдениет өкілдерінің арасындағы ұзақ уақыттан бері жалғасып келе жатқан коммуникативтік актінің негізінде ұлттық қарым-қатынас үлгісі қалыптасады. И.А.Стернин, Ю.Е.Прохоров сияқты орыс ғалымдары аталған құбылысқа ұлттық коммуникативтік мінез-құлық деген атау берген. Ұлттық коммуникативтік мінез-құлық – белгілі бір ұлтқа тән қарым-қатынас жасау мәнері. Кез келген халықтың мәдениеті, танымы, түсінігі, салт-дәстүрі адамдардың өзара қарым-қатынасына, ұжымдасқан тіршілігіне негізделген. Ол тілмен қатар халықтың ым-ишаратынан, дене қимылынан, өзін ұстау ерекшелігінен көрінеді. Бұндай амалдар сол ұлтқа қатысты ассоциативті ақпаратты туғызады. Мысалы, кәрістердің иілуі, арабтардың қол беруі, ағылшындардың қол бұлғауы, үндістердің аяқтары мен құлақтарын ұстауы т.б. Бұлардың әрқайсысы сол ұлттар туралы танымтүсініктің бөлінбес бөлшегіне айналған. Бұның себебін проф. Б.Момынова былайша түсіндіреді: «Бейвербалды амалдар – әлеуметтік стереотиптер саналады, бұлар белгілі бір ұлт өкілдерінің әлемді тануға болатын, әлемді қалай және қандай сипатпен қабылдайтынын көрсететін, танымдық ерекшелігі зор қатысым құралдары» [45, 14].

Басқа ұлт өкілі екінші бір халықтың мәдениетімен қаншалықты терең сусындаса да, ұлттық коммуникативтік мінез-құлқын толықтай бойына сіңіре алмайды. Себебі белгілі бір мәдениет өкілдеріне (ұлтқа) тән бейвербалды бірліктер ұлттық бірегейліктің ғана емес, ұлттық таным бірлігінің де көрсеткіші. Бұл туралы профессор Н. Уәли: «Тілдік таңбалардың мағынасы адресант-сана мен адресат-санада бірдей ұғынылуы тиіс. Бұл – коммуникацияның ойдағыдай өтуінің алғышарттарының бірі» [78, 12] – деген тұжырымға келеді.

Қазақ қатысым мәдениетінде әр ым-ишаратқа тән танымдық ақпараттың деңгейлері бар. Зерттеуде қарастырылатын амандасу кезіндегі ым мен ишараттың да мазмұны мен мәні терең. Бейвербалды амалдар – коммуникативтік актінің негізгі компоненті. Сол себепті тілдік емес құралдар қолданысы коммуникативтік жағдаятқа және коммуниканттар позициясына тікелей тәуелді. Коммуникация – тілмен бірге үнемі дамып, өзгеріп, түрленіп отыратын процесс.

Уақыт өте келе қатысымның көмекші құралдарының коммуникативтік сапасы өзгереді. Бұл тілдік сананың, ұлттық сананың өзгеруіне де ықпал етеді. Нәтижесінде коммуникативтік актінің элементтерін ескерместен тілдік емес құралдар стандарттала бастайды. Қазіргі таңда амандасу кезінде бір-бірінің бетінен сүю кең тараған. Алайда қазақтың дәстүрлі коммуникациясында беттен сүю коммуникативтік актіде таңдап қана қолданылған. Бұл халқымыздың ұлттық коммуникативтік мінез-құлқына, қатысым мәдениетінің ерекшелігіне байланысты. Зерттеуде осы секілді ұлттық сипатын жоғалтып бара жатқан бейвербалды амалдардың дәстүрлі үлгісі көрсетіледі. Мысалы, шығармадағы беттен сүю такесикасының қолданысы былайша көрініс табады: «Балалардың бәрін де Абай қасына шақырып алып, беттерінен сүйді» [84, 259 б.]. Оспан келе бергенде бұ да құшағын жайып бетінен сүйді [94, 11 б.].

Беттен сүю көбінесе «ересек адам-бала» коммуникациясында екінші коммуникантқа қатысты амал. Оның негізгі прагматикасы – балаға деген ішкі сезімді, мейірім, махаббатты білдіру. Сәлемдесу – кез келген коммуникацияның басы. Сәлемдесудің мазмұны коммуникативтік жағдаятқа байланысты өзгеріп отырады. Коммуникативік актінің сипатына қарай онда қолданылатын тілдік емес бірліктердің қызметі де әртүрлі. Осыған орай сәлемдесу кезіндегі дәстүрлі мәндегі бейвербалды амалдарды төрт түрге жіктедік. Олар: просодикалық амалдар, проксемикалық амалдар, такесикалық амалдар, кинесикалық амалдар. Сәлемдесу кезіндегі просодикалық амалдар. «Сөйленімнің өн бойынан ғана көрінетін интонацияда сөйлеушінің көңіл күйі, айтылған ой мен тыңдаушыға қатысы (сыйластық, салқын сыпайылық, енжарлық, мысқыл, ризашылық, құрмет, күдік, күмән, сенімсіздік, үгіт және т.б.) байқала алады» [147, 29]. Осыған орай сөйлеушінің дауыс ырғағына қарай сәлемдесу кезіндегі просодикалық амалдардың мынандай негізгі түрлері анықталды: үнсіздік, жоғары тон, төменгі тон, кідіріс.

Үнсіздік – сәлем бермеудің бір көрінісі. Шығармада жала жабылған кейіпкер Қодар өзін табалаушы топтың алдына келгенде сәлем бермейді: Қодар сәлем бермеді, өзі таңулы. Ішінде удай қайнаған ыза мен ашу бар [94, 26]. Коммуникативтік жағдаят амандасуды талап еткенімен, кейіпкердің амандаспай, үнсіз қалуы ішкі психологиялық күйіне, ашу, ызаға байланысты. Сәлем бермеу және сәлем алмау араздықты, алауыздықты білдіреді. Қазақ жақтырмаған, ұнатпаған адамына да амандаспаған. Одан бөлек жағдайда амандаспау, үнсіз қалу тәрбиесіздік, әдепсіздік саналған. Ауылда ақсақалды алыстан көрсе де жасы кіші кісінің алдына барып амандасуы – сол дәстүрдің бір үлгісі. Сәлемдесу кезіндегі үнсіздік алауыздық семантикасына жақын. Жоғары тон немесе ашық, айқын етіп сәлем беру – қазақ халқы үшін коммуниканттар арасындағы ізгі қарым-қатынасты көрсететін маркерлердің бірі. Ашық дауыспен сәлем берудің екінші мәні – ересектіктің, өзін сенімді сезінудің көрінісі. Мысалы Абайдың әкесі отырған қонақ үйге кіріп үлкендерге сәлем беру кезіндегі дауыс просодикасының прагматикасы осындай: *Абай есіктен кіре, үйде отырған үлкендерге* ***ашық дауыспен, айқын етіп сәлем берді****. Үлкендер де мұның сәлемін* ***дауыстап алды*** [94, 10]. Ашық дауыс просодикалық тұрғыдан дауыс тонының

жоғарылығын білдіреді. Үлкендер сәлемін дауыстап алуы арқылы Абайға, сұлтанның баласына деген құрметті танытады. Мұнда дауыс күші сенімділік, өзін көрсету мақсатында қолданылып тұр. Төменгі тон – дауыстың жай, бәсең шығуы. Қазақта сәлемдесу сәлем беру – сәлем алу деген екі бөліктен тұрады. Алайда коммуникация барысында коммуниканттар сингармотембрі арқылы одан бөлек ақпаратты да жеткізе алады. Мысалы: *Жігіт сәлемін салқын алды* [94, 270]. *Құнанбай мұның сәлемін алды да, тебініп қап, «жүр!» деді* [94, 46]. *Бөкенші тобы бұрын сәлем берді. Құнанбай ернін қыбыр еткізіп қана, үнсіз сәлем алды* [94, 50] дегенде адресаттың адресантқа деген көңілінің суықтығы көрінеді.

Оны автор сәлемді салқын алу, ернін қыбыр еткізіп, үнсіз сәлем алды деген тіркестер арқылы береді. Мұндағы салқын алу – коммуниканттың дауысын сипаттап тұрған тілдік емес құрал. Ол дауыстың төменгі тонын, қарқынының төмендігін және дауыстың соңына қарай бәсеңдей түсіп, жоқ болып кетуін, тыңдаушыға толық естілмейтіндігін білдіреді. Яғни қазақ халқының қатысым мәдениетінде амандасу кезіндегі дауыс жоғары, ашық болған сайын, адресаттың көңілі мен сезімінің де жайлы, жағымды екенін көрсетеді. Ал дауыстың төмендігі, керісінше суық қарым-қатынастың, қош көрмеудің көрсеткіші. Кідіріс – дауыс ағымының үзілуі [147, 16]. Интонология теориясын зерттеуші А.Фазылжан сөйлеуші кейде ұмытып қалған сөзін еске түсіру үшін де, кейде толғанысын білдіру үшін де пауза жасауы мүмкін екенін айтады [147, 28]. Кідірістің сөйлеу актісіндегі қызметі бұнымен шектелмейді. Сол секілді амандасу кезіндегі кідірістің де өзіндік мәні бар. Оған төменгі жолдардан көз жеткізуге болады: - *Шүкірлік, әке, - деп* ***біраз тұрды да:*** *- ат барған соң, дәріс тамам болмаса да, хазреттің рұқсатын, фатиқасын алып қайттым, - деді. Тіпті ересек адамша сөйлеп қапты* [94, 7]. Үзіндідегі амандасқан соң біраз тұру, басқаша айтқанда дауыстағы кідіріс сөйлеушінің, бала Абайдың байсалдылық, сабырлылық сипаттарын танытып тұр. Сәлем беруде коммуниканттар позициясы да аса маңызды рөл ойнайды. Мысалы, қазақта отбасыдағы сәлем берудің өзінің жүйесі қалыптасқан, оның реті әкеден шешеге қарай екені шығармада анық көрініс табады. Қазақ отбасындағы коммуникацияда ер бала анасының алдында баладай еркелесе, әке алдында нағыз жігіт боп бой көрсетеді. Әке-бала коммуникациясында тілдік емес құралдар белсенді қатыспайды, барлық коммуникативтік жүк дауысқа, яғни просодикаға түседі. Қазақ қатысым мәдениетінде баланың әке алдында нағыз жігіт, ересек адам ретінде көрінуге тырысуы – ер балаларға тән ұлттық коммуникативтік мінез-құлық. Бұл ерекшелікті шығармада автор «Бала ес білгеннен бері қарай әкесінің қабағын жұтаң қыста күн райын баққан кәрі бақташыдай бағып, танып өскен» [94, 7] - деп әкенің баласын қабақпен, тілсіз-ақ тәрбиелегенін анық танытады.

Сәлемдесу кезіндегі такесикалық амалдар. Сәлемдесу барысындағы белсенді такесика ретінде маңдайдан сүю, маңдайдан иіскеу және көзден сүюді атап өтуге болады. Көзден сүю – көпмағыналы бейвербалды амал. Профессор Б.Момынова «Қазақ ым-ишараттарының түсіндірме сөздігінде» оның жақсы көру, жаны ашу, сүйіскен жастардың өз сезімін білдіруі және ризашылық

(еркелеу, қуану), жұбату секілді негізгі бес түрлі мәнін көрсетеді [121, 240-241]. Шығармада: Бала топтан шыға бергенде, Айғыз күліп: - *Пай, жаман қатындар сілекейлеп, баламыздың бетінен сүйер жер де қалдырмады-ау, - деп паңдана күлді де, Абайды* ***көзінен сүйді*** [94, 8] - деген үзіндідегі аталған ишараның мәні жақсы көруді, ерекше ыстық сезімді аңғартады. Бұл мысалдан көзінен сүю өзара жақын адамдар арасындағы амал екенін көруге болады, аса таныс, жақын емес адамдар беттен сүюмен, қол алысумен шектеледі.

Қазақ қатысым мәдениетінде ана-бала, әже-немере коммуникациясында зор махаббат маңдайдан сүю және бауырына басу бейвербалды амалдары арқылы көрінеді. Маңдайынан иіскеу: 1) үлкен адамның баланы жақсы көріп отырғанын, еркелететінін білдіретін альтерадоптар; 2) аяу, мүсіркеу [9, 216 б.]. Сәлемдесу кезінде бұл көбінесе бірінші мәнде жұмсалады: *Кезек өз шешесіне келгенде, ол сүйген жоқ.* ***Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да, мандайынан иіскеді*** [94, 8].

Бауыр (бауырына басу мәніндегі), құшақ (құшақтау, құшағына қысу мәніндегі), маңдай (маңдайдан иіскеу, маңдайдан сүю) соматизмдері қазақ халқы үшін символдық мәнге ие. Сондықтан бұл соматизмдер қатысатын бейвербалды амалдар сезімнің ең жоғары деңгейін көрсетеді. Қолын қысу да ажырағысы келмеуді көрсететін тілдік емес құрал. Бұл көбінесе бір-біріне аса жақын адамдар арасында көрініс табады. Мысалы шығармада әже-немере коммуникациясында қолынан қысу арқылы олардың өзара өте тығыз қарым-қатынаста екенін, яғни қаншалықты жақын екенін байқалады: Абай ең алдымен кәрі әжесімен қоштасып: - *Қош, әже! - деп кеп, екі қолымен әжесінің кішкене кәрі* ***қолын қысты*** [94, 71]. Бұл Абайдың алыс жолға аттанып бара жатқанын сипаттайды. Қолды қысу – жібергісі келмеу, қимастық семантикасын білдіреді. Кинесика ым-ишарат және дене қалыбына қатысты параамалдарды қамтиды. Коммуникация кезіндегі адамның дене қалыбындағы өзгерістерге коммуникант жасы, әлеуметтік жағдайы, мәртебесі, мінезі сынды түрлі факторлар әсер етеді. Ал бет-жүздегі ишарат көбіне адресат пен адресант арасындағы байланыс деңгейін, бір-біріне деген көзқарасын байқатады. Мысалы: *Абай осыны аңғарып, анасының жүзіне қарағанда, Ұлжан бұған біраз көз салып тұрып: - Балам, үлкендер бірде тату, бірде араз бола беретін... Бөжекеңді көрген жерде сәлеміңді түзу бер... - деді. Абай жүріп кетті. Артына бірнеше бұрылып қарағанда, аналары үйге кірмей,* ***ұзақ қарап тұр екен*** [94, 72-73].

Абайға анасының қандай жағдай болса да өзінен үлкен кісіге дұрыс сәлем беру қажет екенін ескертуі отбасы институтының ұлттық коммуникативтік мінез-құлықты балаға дарытуының көрінісі. Сонымен қатар анасының баласына айтқан бұл сөздері сәлемнің қаншалықты маңызды екенін де айқындай түседі. Берілген үзіндіде оптикалық бейвербалды амалдардың қызметі ерекше. Ұзақ қарау жақсы мәнді де, теріс мәнді де білдіре алады. Тесіле қарау, қадала қарау, көзін алмау деген фразеологизмдерден аталған ишараның түрлі мағыналық реңктері бар екенін аңғаруға болады. Көбінесе «ұзақ қарау» тыңдаушының назарын толық өзіне аудару, бір нәрсені айтуға деген ниетін білдіру үшін қолданылады. Сол секілді анасының баласына ойындағысын айтпас бұрын ұзақ

көз салуының прагматикасы айтар ойына назар аудартып, мән беру болса; аналары үйге кірмей, ұзақ қарап тұр екен дегендегі ұзақ қарап тұру жақын адамға деген қимастық, қоштасуды жеткізіп тұр.

Қазақ халқында ер адам өзі құрмет тұтатын адамдарға амандасқанда қолын кеудесіне қойып, біраз иіліп сәлем береді. Бұлай сәлемдесу үш бөліктен тұрады: 1 – сөз, 2 – қолды кеудеге қою, 3 – алдыға иілу. Мұндағы қолды кеудеге қою кинесикасының мәні сәлемнің шын жүректен шыққанын білдірсе, алдыға иілу, басын, маңдайын төмен салу, яғни адресатқа деген зор құрметті білдіреді. Мысалы: – *Әссәламұғалайкүм, Абай аға! – деп, оң қолын төсіне қойып, мұсылманша тағзым білдірді* [84, 531]. Мысалдан байқағанымыздай коммуникант Абай аға деп әрі сөз арқылы, әрі тілдік емес құралдары арқылы шынайы ықыласын білдіріп тұр. Автор бұлай сәлемдесу жалпы мұсылман халықтарына ортақ екенін атап өткен. Қазақ қатысым мәдениетінде мұсылманша сәлем беру ұлттық сипат алып, тұрақтанған деуге болады. Қазақ жолаушының жүріп келген және жүретін жолына үлкен мән береді, құрмет танытады. Сондықтан алыс жолдан келген жолаушыны қарсы алу кезіндегі амандасу былайша қарқын алады: бетінен сүю – бауырына басу – құшағына қысу – маңдайынан сүю – көзінен сүю. Ал керісінше сапарға шығарып саларда көбінесе қолын қысу – маңдайынан иіскеу – жолына ұзақ қарап тұру сынды амалдар арқылы қимастығын білдіреді. Бұлар – қазақ халқының ұлттық коммуникативтік мінез-құлқындағы сағыныш және қимастық сезімін танытатын БА-лар.

Қазақтың амандасуынан бастап көрінетін бейвербалды құралдардың жұмсалу жүйесі мен ретін қазақтың ұлттық қатысым мәдениетінің бір көрінісі деп тани аламыз. Тілші-ғалым З.Ахметжанова қазақтың өмір салтының қатаң нормаларды қамтитынын және олардың бейвербалды формада жиі көрініс табатынын айта келе, мысал ретінде адамдардың дастархан басындағы орнын, ас тарту , сыбаға тарту кезіндегі реттілікті, амандасу әдебі мен сый-сыяпат көрсету кезіндегі тарту-таралғының сипатын атап өтеді [148, 51].

Коммуникацияның адам өміріндегі рөлі тілдің қатысым қызметімен тығыз байланысты. Ал тілдің коммуникативтік қызметі тек вербалды арнамен шектелмейтіні, ойды толық әрі жылдам жеткізуде бейвербалды арналардың да қатысатыны дау тудырмайды. *Коммуникацияның бейвербалды амалдары – тілге қарағанда аз зерттелген, алайда сөз субъектілері туралы хабар беруде тілге қарағанда әлдеқайда жылдам әрі шынайы ақпарат көзі саналатын тілдесімнің көмекші кейде негізгі құралы.* «Бейвербалды амалдар вербалды хабарламаны баса айтуы (күшейтуі) немесе бәсеңдетуі (жұмсартуы) мүмкін. Бейвербалды амалдар вербалды әрекетті реттеу үшін де қолданылады» [40, 9], яғни бейвербалды амалдар – коммуникацияның функционалды компоненті.

2.4 «Абай жолы» романындағы «қарау» кинемасының қазақ және орыс тілінде вербалдану ерекшелігі

Бейвербалды амалдар сыртқы формадан және сол форма білдіретін мазмұннан тұрады. Бейвербалды амалдардың сыртқы формасы түрлі референттер арқылы көрініс табады. Мысалы, «мұрнын шүйіру» бейвербалды

амалының референті – «мұрын» соматизмі. Ол жақтыртпауды, менсінбеуді білдіреді. Соматикалық бірліктердің ішінде «көз» соматизміне қатысты окулесикалық амалдар шығарма тіліндегі маңызды паралингвизмдерге жатады. Р.А. Бирюковтың орыс-ағылшын тіліндегі, Ю.В. Дмитриева ағылшын, неміс және орыс тіліндегі бейвербалды құралдардың қолданысын статистикалық түрде талдай келе, аталған тілдердегі адам эмоциясын жеткізетін лексика-фразеологиялық құрылымдарда ең көп қолданылатын соматизмнің көз, одан кейін қол екенін, ал ең аз кездескені қасқа қатысты мимемалар екенін анықтаған [119, 18], [149, 16].

Г.Почепцов коммуникация арналарының бірі визуалды арна деп көрсетеді және бұл терминді бейвербалды коммуникацияның эквиваленті ретінде ұсынады. Мұның мәнісі бейвербалды хабардың басым бөлігін адамдар көз арқылы алады. Халық арасындағы «өз көзіме сенбей тұрмын», «жүз рет естігенше, бір рет көр» сынды қолданыстар көз арқылы қабылданатын ақпараттың маңызын байқатады. Адамның көзқарасы ішкі жай-күйін бірден сыртқа білдіріп тұрады. Адам қанша езу тартып жымиса да, көзі күлімдемесе күлкісі жасанды болып шығады. Адамның бақытты немесе бақытсыз екенін де жанарына қарап ажырату оңай, яғни, көз – негізгі шынайы хабар беретін бейвербалды арна. Көз – жай ғана арна емес, өте өткір арна. Қазақ тіліндегі «тесіле қарау», «көз алмау», «көзін тайдыру», «қадалу» сынды тілдік бірліктер мен «көз тиюдің» өмірде жиі болуы адамның көзқарасы қаншалықты күшті екенін байқатады. Айталық біреу сырттай тесіле қарап тұрғанын адам тура қарамаса да байқап қояды. «Паралингвистикалық тұрғыдан көзді эмоцияны білдірудің басты құралы деуге болады. Адам жүзінің ең белсенді әрі ең сезімтал бөлігі саналатын көз – кейіпкер портретінің, нақтырақ айтқанда кейпікердің сырт келбетінің, мінез-құлығының, эмоционалды-психологиялық өзгерістерінің басты көрініс табатын орны. Кейпікер бойындағы күрделі эмоцияны бейнелеуде ым-ишаралардың басқа түрлеріне қарғанда жазушылар кейікер көзіндегі өзгерістерді көбірек сипаттауға тырысады, сол арқылы эмоцияның қаншалықты шынайы әрі қаншалықты терең екенін жеткізеді» [28, 6].

Зерттеушілер көз арқылы берілетін хабардың басқа арналарға қарағанда адамның санасындағы цензураға ұшырамайтынын және коммуниканттар бір-бірінің жүзін толық көрмей тек көзіне ғана назар аударса да бір-бірінің не сезініп тұрғанын аңғара алатынын айтады [85, 32]. Окулесикалық бейвербалды амалдар – адам сөзін үздіксіз сүйемелдеп отыратын просодикалық белгілер сияқты тілдесімнің тұрақты компоненті. Басқаша айтқанда, дауыс дыбыстық тілдің мазмұнынан айқындаса, көз адам жанындағы сезімдерді бейнелеп, айқындап тұрады. Көздің қатысымды сүйемелдеуі – ұлтқа бөлінбейтін, барша адамзатқа тән сипат. Десе де коммуникация кезіндегі адамның түрлі көзқарасын әр халық өзінің этнопсихологиялық ерекшелігіне сай вербалдайды. Мәселен Э. Эриксон орыс әдебиетін, соның ішінде Л.Н. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романын зерттегенде шығармадан көзқарастың орыс халқына тән ерекшелігін байқаған және орыс халқының көзді эмоциялық рецептор ретінде, ашкөз басып

алушы ретінде және жан дүниесінің сыр пернесін жеткізуші арна ретінде қолданатынын анықтаған [138, 159].

Ал В.Д.Нарожная орыс тілінде көздің көмегімен *жмурить глаза, манить глазами, мигать глазами, подмигнуть глазом, отводить глаз, вращать глаза, смотреть искоса* сынды 23 түрлі кинеманың жасалатынын атап өтеді. Зерттеуші бұл кинемалар сенімсіздікті, абыржуды, қорқуды, зәресі ұшуды, жасқануды, ұялуды, көндігуді, қызығушылық танытуды, назар аударуды, таңқалуды, түсінбеушілікті, екіұдайылықты, тілдесуге немесе қатынасты үзуге деген интенцияны және т.б. білдіруге болатынын айтады [150, 47]. Ал Р.Бирюков орыс тілінде көзқарастың іскери көзқарас (деловой взгляд), формалды емес көзқарас (неформальный взгляд), етене көзқарас (интимді көзқарас) және қырын қарау (взгляд искоса) сынды түрлері бар деп есептейді [119, 13]. Қарау кезіндегі бейвербалды сигналдарды анықтауда М.Аргайл коммуниканттардың көзқарасының бағыты, көзқарастың ұзақтығы, көзді ашу деңгейі, көз қарашығының үлкеюі сынды нәрселерге назар аудару керек екенін айтады. Зерттеушінің пікірінше, мұндай мәліметтерді тек эмпирикалық зерттеу арқылы анықтауға болады [15, 1].

Бейвербалды амалдардың кез келген түрі секілді окулесикалық амалдарды вербалдау ең алдымен халықтың этнопсихологиясымен ұштасып жатады. Себебі әр халық вербалдауда өзі үшін маңызды әрі актуалды деп санайтын межеге, ақпаратқа басымдық береді. Мәселен, «еуропа мәдениетінде жүзбе-жүз әңгімелесу барысында әдетте көзге тіке қарау қалыпты құбылыс. Осы арқылы әңгімелесуші өзінің назарын және қызығушылығын білдіреді. Алайда, көзге шамадан тыс тесіле қарау ерсі әрекет деп есептеледі. Егер әңгімелесуші көзге тіке қарамай, қайта-қайта көзін тайдырып отырса, мұндай мінез-құлық әдепсіздік немесе мәдениетсіздік ретінде қабылданып, коммуникантқа жағымсыз әсер қалдыруы мүмкін» [151].

Ю.В. Дмитриева орыс халқындағы паралингвистикалық құралдарды ағылшын, неміс ым-ишараларымен салғастыра келе, орыс халқының эмоцияны, әсіресе жағымсыз эмоцияларды ашық, айқын жеткізетінін айта келе: «Орыс тілді ұлт өкілдеріне қоғамда өзін көрсетуге тырысу, эмоцияларын білдіру, ішкі жай-күйін, әсерлерін басқалармен бөлісу сияқты қасиеттер тән. Бұл ерекшелік орыстардың сыртқы мінез-құлқынан айқын байқалады және, тиісінше, «бейвербалды мінез-құлық» тақырыптық өрісіне жататын лексикалық және фразеологиялық құралдардың репертуарын құрайтын бірқатар құрылымдарда, лексикографиялық дереккөздер мен көркем шығармаларда көрініс тапқан» - деп түйіндейді [149, 20]. Осы орайда, аударма процесіне тікелей ықпал ететін вербалдаудың тіларалық ерекшелігін тереңірек қарастыру мақсатында «Абай жолы» романындағы маңызды экспрессивтік қызметке ие окулесикалық амалдардың қазақ және орыс тіліндегі вербалды репрезентациясы назарға алынып отыр. Шығармадан «қарау» кинемасына қатысты 70 паралингвизм жинақталды (қайталанған нұсқалар назарға алынған жоқ). Олар түпнұсқада сегіз түрлі тәсілдің көмегімен вербалданған (Кесте 14).

Кесте 14 – «Қарау» кинемасының вербалдану тәсілдері

Жеке лексема арқылы вербалдану	
Қадалу	Қара сұр бала көптің көзі бір өзіне **қадалғанда** енді қысылыңқырап, **қызарып** еді [94, 13].
Шолу	Құнанбай жалғыз көзімен оңды-солын **шолып алған** [94, 63].
Фразеологизм арқылы вербалдану	
Көз қиығын тастау	Артына қорқақтай қарап, шала бұрылып, **көз қиығын тастап** көрді [94, 4].
Көз салу	Абай бұларға **көз сала беріп**, елең етіп, аласұрып қалды [94, 186].
Көз алмау	Сол даладан **көз алмай, тоя алмай, үнсіз телміріп, ұзақ-ұзақ қарайды**. Шамасы келсе, бұл жерлерді құбыжық көру емес, үрке қарау емес, құшағын керіп аймалар еді [94, 7].
Көз тастау	Майбасар Қаратайға **көз тастап, бір езуін тартып, басын шайқады** [94, 16].
Көзін қырын тастау	**Көзін бір рет қырын тастап** еді, жұрт тегіс аңырып, дағдарып қалыпты [58, 12].
«Үстеу + қарау» моделі	
Ұзақ-ұзақ қарау	Сол даладан **көз алмай, тоя алмай, үнсіз телміріп, ұзақ-ұзақ қарайды**. Шамасы келсе, бұл жерлерді құбыжық көру емес, үрке қарау емес, құшағын керіп аймалар еді [94, 7].
Тура қарау	Абай ұялыңқырап күлді де: - Барлас ақынның біздің үйге кеп азырақ қонақ боп кеткені бар еді, - деп,Қадырбайдың **жүзіне тура қарады** [94, 259].
Қалта қарау	Сүйіндік Абай сұрағына аз тіксініп, **қалта қарап**, ойланып қап еді [94, 142].
Суық қарау	Құнанбай **оқыс бұрылып** Абайға **суық қарады да, үндемеді** [94, 167].
Салқын қарау	Абай әкесіне **көз салып** еді, **үндемей, түйіліп** Айғызға аса **салқын қарап** қалған екен [94,167].
Қырын қарау	Жауаптан іркіліп отырған Тойсарының жүзіне Жұмақан **қырын қарап, суық көз тастады** да: – Тыным тапқан ел көргем жоқ, шығын тапқан ел болмаса! [58, 526].
Жылы қарау	Лосовский бұл сөзге күлді де, Көкбайдың жүзіне кешіріммен, **жылы қарады** [58, 533].
Тік қарау	Әбді байыпты мінез көрсетіп, әуелі Ербол сияқты өзге үлкендерге қарап, қысқа ғана амандасып алды. Сонан соң Абайға **тік қарап тұрып** сөйлеп кетті [84, 14].
Қырыс қарау	Бағанадан бергі Абай жауаптарының тұсында, от басынан бұрыла түсіп, Абайға **суық, қырыс қарап отырған** Әзімбай, енді қатқыл үнмен кекетіп, бір сөз тастады [84, 76].
Төмен қарау	Абай Бөжей мен өз әкесінің беттесіп отырған пішінін көруден ұялғандай. Өзінен-өзі **именіп төмен қарады** [94, 132].
«Көсемше + қарау» моделі	
Қорқақтай қарау	Артына **қорқақтай қарап**, шала бұрылып, көз қиығын тастап көрді [94, 4].
Тамашалай қарау	Абай да, Жұмабай да қызығып тыңдасты. Өзі сері, әнші, сұлу Байтасқа екеуі де - бірі кәрі, бірі жас бала - **қызғана да, тамашалай да қараған еді** [94, 6].
Іріленіп қарау	Байтас бұған **күліп, енді іріленіп қарап** [94, 6].
Тоя алмай қарау	Сол даладан **көз алмай, тоя алмай, үнсіз телміріп, ұзақ-ұзақ қарайды** [94, 7].

Кесте 14 жалғасы

Телміріп қарау	Сол даладан **көз алмай, тоя алмай, үнсіз телміріп, ұзақ-ұзақ қарайды** [94, 7].
Тіксіне қарау	Байдалы дауына жеткен жерде ғана **қабағын лезде қатты түйіп ап, Абайға тіксіне қарады** [94, 160].
Сығырая қарау	Сөз ұғатын бала сияқтысын ғой! - деп, Байдалы осы тұста Абайға **сығырая қарап** отырып, - дәл осы сөзді сенің әкең естімеген болар. Осыны да айта баршы [94, 158].
Зілдене қарау	Абайға жауап бермей, **зілдене қарап, қадалып қалды** [94,156].
Именіп қарау	Өзінен-өзі **именіп төмен қарады** [94, 132].
Күлімсіреп қарау	**Күлімсіреп қараған** үлкен көздерінде аса бір қызулы жалын көрінгендей еді [94, 117].
Қадала қарау	Кәнәлап, ренжіген жазықсыз баланың **отты көздері жарқ етіп**, Байсалға қадала қарады [94, 112].
Күле қарау	Абай әлгі де қысылмай, **күле қарап** Майбасарды мысқыл еткендей **мырс етті** де, арт жағында тұрған домбыраны алып, даңғылдатып тарта бастады [94, 116].
Жақтырмай қарау	**Қабағын түйіп, екі көзі жалт етіп**, **жақтырмай қарағаны** болмаса, Абай Майбасардай ағаға қатаң жауап айта алмады [94, 100].
Имене қарау	Торғайды айтқанда Майбасар шыдай алмай **күліп жіберді** де, Құнанбайдың **ашулы түсіне имене қарап,** тәуба қыла қалды [94, 104].
Барлай қарау	Осының түбін ойламаймысың? – деп, бар жиынға **барлай қарап**, **аз үндемей отырып**: – Мұнысы Кішекең, Бөбеңнің жер жапсары бір болсын [94, 73].
Барлап қарау	Абай Дәрменді **барлап қарап** отырып:/3,64/
Сүйсіне қарау	- Өй, Сүйіндік, сен ақылды мына Дәркембайдан сұрасаң етті. Еркектің сөзі мына кедейде жатыр ғой, мынау ер кедейде! – деп кеудесін көтеріп Дәркембайға **сүйсіне қарады** [94, 73].
Иіле қарау	Аз уақыт Тоғжанға **иіле қарап отырып**: – Тоғжан, менің сәлемдерімді есіттіңіз бе? Бар сөзім сізге арналған, сізді сағынудан туған сөз еді, ілтипат қып еледіліз бе? – деді [94, 221].
Сілейіп қарау	Тазысы қалың қорық ішінен кей уақыт қоянды айдап шығып жазыққа шығарып, көсілте қуғанға да, Абай аңырып, түсінбегендей боп, **сілейіп қарап** тұрып қалады [94, 209].
Кінәлай қарау	– Алда, жігіт-ай! Тым құрыса, бір табан бастырып тоқтатсаң нетті! Қанымды қыздырып кеп, осыншама мысымды құртып тоқтармысың! – деп, Базаралы **кінәлай қарап отыр** [84, 65].
Еміне, исіне қарау	Қасындағы айлашыл, алаяқ билер Оразбайға **еміне, исіне қарап қапты** [84, 39].
Жирене қарау	Дәрмен де сүйсіне күліп жіберді. Жуандар Оспанға дуана көргендей **жирене қарасты** да шығын кетті [84, 39].
Ызалана қарау	– Ой, өйтіп, жұрттың көз жасынан тығылып туған өлең адыра қалсын! Өнесі!? – деп Шұбарға Абай **ызалана қарады** [84, 15].
Бағып қарау	Абай айнала тұрған жастардың түріне **барлағандай бағып қарады** [84].
Көзін қысыңқырап қарау	Бұның селдір сұлу сақалына енді сәл ғана ақ араласқан. Айналасына азырақ әжім жиылған мұңлы **көзін** кейде **қысыңқырап қарайды**. Кейде әлдебір күндерді алаңсыз көңілмен есіне түсірмектей, **көзін жұмып тұрып ойланып қалады** [84, 7].
Сескене қарау	Әкесіне сене алмай, **сескене қарап**, «соны істейді-ау» деп бір ойлады [94].

Кесте 14 жалғасы

Ажарлана қарау	Абай осыдан соң ұрыға **ажарлана қарап** қатайып ап: – Ендеше айт шыныңды, өліп кетсең де айтшы! Алыппең мынаның малын, алмаппең? – деп, **ашулы көзбен қадала қарап** отыр [58, 571].
Ойлана қарау	Үлжан тартымды болумен қатар, сыншы да ана. Баласының жаңағы мінезіне біраз **ойлана қарап отырды**. Биыл денесі өскелендеп қалған баласы,мінез жағынан да ересек тартқан сияқты [94, 13].
Мысқылдай қарау	Абай **күлместен, мысқылдай қарайды** [94, 13].
Тесіле қарау	Сақал-шашы бір реңдес, қара бурыл Сүйіндік **оқта-текте бір қарап қойғаны болмаса, Құнанбайға тесіле қарамайды. Көзін төмендете береді** [94, 18].
Бұрыла қарау	Құнанбай бағанадан төмен отырған жорға Жұмабайды енді ғана еске алғандай **бұрыла қарады** [94, 21].
Ажырайып қарау	Бөжей мұның бетіне **қатты сұрланған жүзбен, ажырайып қарады да:** – Арысыңды, ендеше, арыстан жеді, - деп сырт айналып кетті [94, 36].
Сазара қарау	Абай Тәкежанға **сазара қарады** [84, 74].
Үңіле қарау	Е, қарағым, ол қай көш? - деп, Таңшолпан **таңданып, үңіле карап еді** [94, 60].
Жасқанып, жалына қарау	Екеуінің де көздері Абайға **жасқанып, жалына қарайды.** Қап-қара ашық көздері де жазықсыздан жаза шеккен панасыздық, сор үйелегендей [84, 78].
Күліп қарау	Қаражан өз ісінен қысылғандай болды. Бұл күнде әжім тартқан сұрғылт жүзін сәл жадыратып, Абайға **көзін сығырай-тып**, **күліп қарады** [84, 79].
Аңыра қарау	Ол терезеге бұрылып, **үнсіз аңыра қарады** да, жарапазаншы балаларды тыңдап қалды [71, 74].
«Зат есім+көм.сеп қарау» моделі	
Оттылықпен қарау	Екі беті кешкі аяздан қып-қызыл. Үлкен көзінің ақ-қарасы ап-айқын боп, жалт-жалт етіп, ширақ бір **оттылықпен қарайды**... [94, 114].
Ашумен қарау	- Е, не бұйрық? Немене тағы: ел көшті, жау жетті деп шетіңнен? - деді де, **қабағын түйіп**, Қамысбайға **ашумен қарады** [94, 74].
Салқын жүзбен қарау	- Абай қайда өзі? - деп еді, Үлжан Абайдың жатып қалғанын айтып, Жиреншеге біраз **наразы салқын жүзбен қарады** [94, 44].
Салмақпен қарау	**Ішінде ой шырағы жанғандай боп**, **салмақпен қараған** көздері анда-санда қарсыдағы терезеге қадалады [58, 565].
Шошынған жүзбен қарау	Жастар үріккендей боп түйілг**ен қабақпен, шошынған жүзбен қарасады** [84, 8].
Жылы шырай-мен қарау	Абай іркілген жоқ. Дәрменге қызыққандай, **жылы шыраймен қарады** да: «Оқы!..» – деді [84, 8].
Кекесін жүзбен қарау	Тәкежан қамшысын ердің қасына көлденең салып, екі қолын сол қамшы сабына таянып, үзеңгісін шіреніп тұрып, Базаралыны **жер қылардай кекесін жүзбен қарады**. О да қысқа сөйлемек [84, 83].
Бейілді жүзбен қарау	Ондағы киіз қаққан, үйлерді жасап жүрген, жерошақ басында самауырларды түтіндетіп қайнатқан, көп қазандар асқызып жүрген таза киімді әйелдерге, күтуші жігіттерге де **бейілді жүзбен қарайды** [84, 135].
Кешіріммен қарау	Барлық айналадағы кең дүниеге, әсіресе мынау өзі туған сахара, өлке белдеріне **соншалық бір туысқандық ыстық сезіммен, кешіріммен де қарайды** [94, 7].

Кесте 14 жалғасы

Көзінің астымен бағу	Майбасар Ұлжанның тасасына **бұғыңқырап отырып, қуланып көзін қысып**: - Әне біреу айтқаны кім екен десеңші, тағы бұның? Ана «мылжың» дегенін айтам! Ондай да бар ма еді? - деп, тоқтай қап, Жұманды **көзінің астымен бағып отыр** [94, 253].
«Еліктеу+қарау» моделі	
Жалт қарау	Абай **жалт қарап** барып жаңа көрді [94, 9].
Ежірейе қарау	Ал, қоймадым!.. - деп Майбасар, «қайтер екен» дегендей **ежірейе қарады** [94, 117].
«Қарау + аналит.формант» моделі	
Қарай түсу	Құлыншақ Абайға **қарай түсіп**, үлкен сар шақшасын тырнағымен сыртылдата қағып отырып, бір кезде көк бұйра насыбайын екі танауына құшырлана тартып қойды [94, 137].
Теңеу	
Атып жібергендей қарау	Құнанбай босаңсыған пішіндердің барлығына **жалғыз көзін оқтай қадап, атып жібергендей қарайды** [94, 132].
Қырандай қарау	Құнанбайға бұлардың ішінен **көз алмай, қырандай қарап отырған** – дәл төрдегі Байсал [94, 18].
Шоқтай қадалу	Оспан екі беті **нарттай жанып**, **үлкен көздерімен әкесіне шоқтай қадалып,** сазарып тұрып алды. Ұрғанына титтей міз бақкан да, қалт еткен де жоқ [94, 16].
Көзін оқтай қадау	Құнанбай босаңсыған пішіндердің барлығына **жалғыз көзін оқтай қадап, атып жібергендей қарайды** [94, 132].

Қарау кинемасының вербалдану тәсілдерінің сандық көрсеткіші бойынша қазақ тілінде ең жиі қолданылған тәсіл көсемше формалы етістікті «қарау» лексемасымен тіркестіру болса, ең аз қолданылған тәсіл қарау лексемасын аналитикалық формалы етістікпен тіркестіру арқылы вербалдау екені анықталды (Кесте 15):

Кесте 15 – «Қарау» кинемасының вербалдану тәсілдерінің сандық көрсеткіші

Жеке лексема арқылы вербалданған паралингвизмдер;	2
Фразеологизм арқылы вербалданған паралингвизмдер;	5
«Үстеу қарау» моделі арқылы вербалданған паралингвизмдер;	10
«Көсемше қарау» моделі арқылы вербалданған паралингвизмдер;	36
«Зат есім+көм.септік қарау» моделі арқылы вербалданған паралингвизмдер;	10
«Еліктеу сөз қарау» моделі арқылы вербалданған паралингвизмдер;	2
«Етістік+аналитик.формант қарау» моделі арқылы вербалданған паралингвизмдер;	1
Теңеу арқылы вербалданған паралингвизмдер	4

Шығарма аудармасында қарауды бейнелейтін фразеологиялық қолданыстарды сөзбе-сөз еркін тіркестер арқылы және сәйкес фразеологизмдер арқылы вербалданған. Мысалы:

- көз қиығын бір тастау – искоса бросить взгляд;
- көз салу – заглянуть;
- көз алмау – не сводить взгляда, не сводить глаз;
- көзін қырын тастау – искоса бросить взгляд.

«Абай жолы» романында қарау кинемасының атауыштық мәндегі мынандай лексемалары бар: қадалу, шолу, телміру, барлау, ажыраю, ежірею, үңілу, тесілу, бағу т.б. Шығармада орыс тілінде вербалды үлгісі жоқ окулесикалық амалдар ретінде *ажыраю, ежірею, телміру, бағу, үңілу, жалт қарау, қалта қарау, қырын қарау, қырыс қарау,* сынды қолданыстарды атай аламыз. Қазақ тіліндегі атауыштық мәндегі дара окулесикалық амалдар орыс тілінде еркін немесе тұрақты тіркестер арқылы ғана дәл вербалдана алады. Мәселен, шолу – *окинуть взором*, телміру – *смотреть не оторвая глаз* т.б. Сондай-ақ аударма мәтіндегі мысалдардан теңеу арқылы тілде бейнеленген *атып жібергендей қарау, қырандай қарау,шоқтай қадалу, оқтай қадалу* кинемаларының ешбірі орыс тілінде экпрессивті сипатын сақтап дәл вербалдана алмайтыны байқалды.

Романдағы «қадалу» окулесикалық қолданысы әртүрлі формада отыз үш рет кездесті. Орыс тіліндегі аудармасында «қадалу» окулесикасын вербалдаудың мынандай үлгілері бар (Кесте 16):

Кесте 16 – «Қадалу» паралингвизмінің аударма мәтіндегі көрінісі

үлкен көздерімен әкесіне **шоктай қадалып, сазарып тұрып алды** [94, 16].	сверкая большими глазами [152, 43].
қадалып қалады [94, 17].	**не отрывает взгляда** [152, 44].
қадалып отырған жалғыз көзін [94, 19].	перевел **пронизывающий взгляд** своего единственного глаза [152, 46].
қадала тыңдады [94, 27].	**чутко** прислушивается [152, 54].
көзі бұған **оқтай қадалып** [94, 35].	**мрачно уставившегося** на него [152, 62].
қадалып отырып [94, 44].	**пристально посмотрела** [152, 70].
қадалып тұрып [94, 67].	единственный **глаз впился** в [152, 71].
қадала қарап алды [94, 70].	**уставился** своим мрачным глазом [152, 73].
қадалып қарап [94, 102].	**Глядя** [152, 102].
қадалып қалды [94, 156].	**пристально** смотря [152, 169].
қадала қарап [94, 167].	продолжала **пристально** глядеть [152, 178].

Кесте 16 жалғасы

қадалып отырып [94, 173].	**сосредоточенно** смотрел [152, 183].
қадала қарап [94, 280].	**впились** взглядом [152, 273].
оқтай қадалып [94, 285].	**пристально** смотрел [152, 277].
қадалып қарап [94, 292].	**в упор** посмотрел [152, 283].
қадала қарап отыр [58, 571].	**уставился** [153, 237].

Орыс тіліндегі вербалды қолданыстардың ішінде «қадалу» сөзінің сөзбе-сөз баламасы «уставиться» етістігі екенін көруге болады. Ушаковтың түсіндірме сөздігінде бұл сөздің мағынасы: «Не сводя глаз, неподвижно устремить взор на кого-что-нибудь» [154] деп көрсетілген. Жеке лексема ретіндегі «уставиться» сөзімен қатар, қадалуды орыс тіліне қарау кезіндегі мұқияттылықты актуалдайтын *пристально смотреть, сосредоточенно смотреть* деген тіркестер арқылы және қарау кезіндегі көзқарастың өткірлігін бейнелейтін метафоралы сипаттағы *смотреть в упор, впиться взглядом, пронизывающий взгляд* сынды тіркестер арқылы вербалдауға болатыны мәтін талдауы кезінде анықталды.

Зат есім, үстеу, көсемше көмегімен еркін формада вербалданған қарау кинемасының вербалды үлгілерін орыс тілінде дәл вербалдану үлесі жоғары. Себебі тұрақты конструкциялар мен атауыштық сипаттағы сөздерге халықтың санасындағы тұрақтанып, символдана бастаған мән арқау болса, еркін тіркестердің құрамы босаң әрі мағынасы тура мағынадағы лексемаларға негізделетіндіктен, басқа тілдерде вербалдау әлдеқайда жеңіл.

Қазақ тіліндегі қарау кинемасына қатысты паралингвизмдердің орыс тілінде вербалдану мысалдарын назарға алу арқылы екі халықтың көзқарасты тілде бейнелеу ерекшелігі анық көрінді. Қазақ халқы көзқарасы арқылы адамның ішкі интенциясын, ойын, жай-күйін танып соны тілде вербалдауға тырысса, орыс халқы көзқарастың сыртқы сипатына көбірек мән береді екен. Айталық, «атып жібергендей қарау» тұрақты теңеуінде көзқарастың сыртқы тұрпаты бейнеленіп тұрғандай көрінгенімен, бұл қолданыс, ең алдымен, адресанттың ішкі интенциясынан, екінші коммуникантқа деген қарсылығынан, ашуынан хабар береді. Сондай-ақ, *тесілу, қадалу, үңілу, телміру, ажыраю, ежірею* кинемаларының бәрі көзқарастың ұзақтығы мен өткірлігіне қатысты ақпаратты қамтиды, алайда коммуникативтік мәніне келер болсақ, «тесілу» мен «қадалудың» жағымсыз коннотациясы басым, ал «ажыраю» мен «ежірею» тайсалмау, қарсылық білдіру мақсатын танытады, «үңілу» мен «телміру» - тыңдаушының ынта-ықыласынан, біліп қалсам, тани түссем деген ойынан келіп туындайтын көзқарас.

3 «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНДАҒЫ ПАРАЛИНГВИЗМДЕРДІ АУДАРУДЫҢ ТІЛДІК АСПЕКТІСІ

3.1. Лингвистикалық аударматану: «Абай жолы» романының аудармалары және аудармашы құзыреттілігі

Аударма – мәтін шығармашылығының ерекше түрі. Қоғам дамуында аударма мәдениеттер арасын байланыстыратын рухани көпір іспетті. Аударманың негізгі қызметі ол – әлем халықтарын жақындату, бір-біріне таныту. Аудармада «көркемдік» аса маңызды категория болғандықтан, жанрлық-стилистикалық ерекшеліктері жағынан аударма *көркем аударма* және *ақпараттық аударма* болып бөлінеді. С.Латышева мен С.Романовтар *ақпараттық аударма* үшін толық адекватты аударма жасау, аударма тілінің нормаларын сақтау маңызды болса, әдеби аудармада мәтіндердің эквивалентігімен қатар, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін де ескеру қажет [155, 63] екенін айтады. Мақсатына қарай аударманың *прагматикалық аударма*, *эстетикалық-поэтикалық аударма*, *этнографиялық аударма* (түпнұсқаның мәдени контексін қамтиды), *лингвистикалық аударма* (түпнұсқаның морфемалық мәніне негізделеді) сынды түрлері бар.

Көркем әдебиет – ойлаудың образды типінің нәтижесі екенін ескерер болсақ, «образдылықтың» көркем аудармада сәтті көрініс табуы оқырман тарапынан қойылатын маңызды әрі негізгі талап болмақ. Сондықтан аударма әдебиеттің, яғни көркем аударманың тілін зерттеу қай кезеңде болмасын өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек. Көркем аударма аударматанудың ғана емес, сонымен қатар әдебиеттану мен лингвистиканың да зерттеу нысанына енеді. Ж.Дәдебаев аударматануды әдеби аударматану және лингвистикалық аударматану деп екіге бөледі [156]. «Әдеби аударматану – аудармадағы көркемдік категориясын зерттейтін және аударманың қалыптасуымен өркендеуіне, зерттелуіне, әдеби амалдардың қолданысына, түпнұсқаның өзге тілге аударылу поэтикасына назар аудартатын сала» [157, 5].

Аударма – тек қана әдебиеттанудың немесе аударматанудың зерттеу нысаны емес, лингвистика аясында да қарастырулы тиіс мәселе. 70-жылдардан бастап фразеологизмдерді аударуды терең зерттеген академик Ө. Айтбаев көркем аударманың әдебиет пен тілге тікелей қатысты екеніне назар аудара келе: «Аударманың творчестволық процесс екеніне дауымыз болмаса, мұның тек тіл құралдары арқылы жүзеге асырылатыны анық», - дейді [158, 17].

Аударма ұғымын лингвистикалық аспектіде алғашқылардың бірі боп зерттеген структуралист Р. Якобсон мынандай категорияларға бөледі:

1) Тілішілік аударма (intralingual) – вербалды таңбаларды сол тілдегі басқа вербалды таңбалар арқылы интрепретациялау;

2) *Тіларалық аударма* (interlingual) – вербалды таңбаларды басқа тілдің вербалды таңбалары арқылы интпретациялау;

3) *Семиотика аралық аударма* (intersemiotic) – вербалды таңбаларды бейвербалды таңбалар арқылы интерпретациялау [159, 127].

Мұндағы тіларалық аударма – аударматанудағы зерттеулерге өзек болып жүрген аударманың дәстүрлі түрі. Дәстүрлі аударма контрастивті

лингвистиканың нысаны ретінде де қарастырылады. Тілдер арасындағы айырмашылықтарды салыстыра, салғастыра зерттеу контрастивті лингвистиканың аясына енсе, тілдердегі сәйкес бірліктерді қарастыру «конфронтативті лингвистиканың» нысаны саналады [160, 309]. Контрастивті лингвистика – аударма мәтінді назарға алған тіл біліміндегі алғашқы бағыттардың бірі. Аударманы зерттеудің негізгі әдісі саналатын салыстырмалы зерттеу әдіс арқылы салыстырылып немесе салғастырылып отырған екі тілдің өзара ерекшеліктері синхронды тұрғыда қарастырыла келе контрастивті лингвистиканың зерттеу нысанына енеді. Аталған әдістің негізін қалаушылар ретінде өткен ғасырдың 30-40 жылдарында терең зерттеулер жасаған Ш. Балли, Е.Д. Поливанов, Л.В. Щерба есімдері аталады. Ал контрастивті линвгистиканың қалыптасуына негіз болған зерттеу ретінде 1957 жылы жарық көрген Р. Ладоның «Лингвистика поверх границ культур» атты мақаласы есептеледі. Контрастивті лингвистика салыстырылып, салғастырылып отырған тілдердің барлық деңгейіндегі ерекшеліктерді (контрастарды) анықтайды. Оларға фонологиялық айрмашылық – диафония (фонологические расхождения), морфологиялық айрамашылық – диаморфия, синтаксистік айырмашылық – диатаксия, семантикалық айрамашылық – диасемия, лексикалық айырмашылық – диалексия жатады [161, 111]. Дж.Кэтфорд аударманы компаративті лингвистиканың бір бұтағы деп есептейді [162, 20].

Аударманы тіл білімінің нысаны ретінде жүйелі түрде қарастыру 1950-1960 жылдары қолға алынған. Бұл бағыттағы алғашқы зерттеулерге А.Федоровтың «Основы общей теории перевода» (1953/1968), Жан-Поль Вине (Jean-Paul Vinay) мен Жан Дарбельненің (Jean Darbelnet) «Француз және ағылшын тілдерінің компаративті стилистикасы» (1958), А.Мальбланның (A.Malblanc) «Француз және неміс тілдерін стилистикалық салыстыру» (1944/1963), Ж. Мунэннің (G. Mounin) «Аударманың теориялық мәселелері» (1963), Ю.Найданың (E. Nida) «Аударманың теориясы мен тәжірибесі» еңбектерін жатқыза аламыз.

Аударманың аталған «лингвистикалық кезеңіне» дейінгі еңбектерді Ньюмарк «аударманың лингвистикадан бұрынғы кезеңіне» (pre-linguistic period of translation) тән деп есептейді [163, 4]. Аударманың лингвистикадан бұынғы кезеңінің ерекшелігі, ол кезеңде «сөзбе-сөз» және «мағыналық» аударма түрлері кең тараған. Көне Грекия мен Римнің классикалық авторларының еңбегі жоғары бағланатын Батыс елдерінде аталған аударма түрлері екі мың жылға жуық уақыт бойы қолданылған. Мысалы, көне рим философы Цицерон өзінің шешендік өнер туралы «De optimo genere oratorum» еңбегінде антикалық философтар Эсхин мен Демосфеннің сөзін грек тілінен аударып, қолданған. Бұл туралы философтың өзі былай дейді: «Мен оларды аудармашы ретінде емес, шешен ретінде аудардым. Бірақ негізгі ойлары мен қалпын сақтап, біздің қоғамға түсінікті тілде бейімдеп жеткіздім. Мен үшін сөзбе-сөз аударма жасау маңызды емес болып көрінді, десе де авторлардың жалпы стилі мен сөз күшін сақтадым» [164, 364]. Мағыналық аударма барысында түпнұсқаны «толық аудару» мақсат етілмейді, бастысы негізгі идеяны оқырманға жеткізу, ұғындыру деп есептеледі. Мұндай

туындыларды тең дәрежелі еңбектер немесе шығармалар деп қарастыруға келмейді. Мағыналық аударма түпнұсқаның екінші бір тілдегі түсіндірмесі, қысқаша мазмұны секілді қызмет атқарады.

Аударманың басты нысанын Санкт-Петербург аударматану мектебінің негізін салушы А.В. Федоров *аударылатын мәтін* деп көрсетсе, Мәскеу мектебінің көрнекті өкілі В.Н. Комиссаров *аударма процесі* деп санайды. Аударма мәтін – тіл білімінің зерттеу нысаны ретінде аса өзекті тақырыптардың бірі. Бір тілден екінші тілге аудару қызметіне тілдік анализдің қажет екенін ең алғаш айтқан да орыс ғалымы А.В. Федоров болды [165, 16]. Аударматанудың көрнекті өкілі Л.С. Бархударов өз зерттеуінде: «Аударма дегеніміз – бір тілдің сөйлеу шығармашылығын, мазмұн межесін, яғни мағынасын өзгеріссіз екінші тілдің сөйлеу шығармашылығына айналдыру үдерісі», - деген анықтама берген [166, 204].

Аударманы лингвистикалық аспектіде қарастырғанда, ең алдымен, «аударманы негізге алатын мәтін талдауы» жасалады. Ол дегеніміз – аударылып отырған мәтіннің түпнұсқасы мен аударма нұсқасын өзара салыстыру үшін ондағы тілдік бірліктердің қызметін, рөлін, сапасын зерттеу. Ағылшын ғалымы Дж. Кэтфорд бұл тақырыпқа тереңдей келе өткен ғасырдың 60-жылдары «Аударманың лингвистикалық теориясы» деген еңбегінде: «Аударма тілмен байланысты болғандықтан, аударма процестерін талдау және сипаттау тілдерді сипаттауға арналған категорияларды негізге алуы керек. Басқаша айтқанда, ол тіл теориясына — жалпы лингвистикалық теорияға сүйенуі керек» - [162, 7] деп аударма материалды зерттеудің лингвистикалық құралдарсыз жүзеге асуы мүмкін емес екенін дәл көрсетеді. Сол секілді профессор А. Алдаш еңбегінде «Аударма лингвистика саласының да объектісі болуға тиіс, өйткені бір тілден екінші тілге тәржімалаудың негізгі өзегі – тіл» [117, 6] - деп аударма мәтінді талдау дегеніміздің өзі «тілдік талдаудан» тұратынын дәлелдей түседі.

Аударманың лингвистикалық принципі мен көркемдік принципі ұштасуы аса маңызды. *Лингвистикалық тұрғыдан* тілдік бірліктердің мағыналық, мазмұндық жағы толық сақталуы керек. Ал *көркемдік принцип тұрғысынан* аударма мәтін өзінің экпрессивтілігін жоғалтпай, екінші тілде де оқырман сезіміне әсер ете алуы қажет. Аударманың тіл ғылымы аспектісінде зерттелуі шетел ғалымдары – Дж.Кэтфордтың (John Cunnison "Ian" Catford), Ж.Мунэннің, О.Каденің, К.Райстың; орыс ғалымдары – А.В.Федоровтың, Л.С.Бархударовтың, В.С.Виноградовтың, И.И.Ревзиннің, Ю.В.Розенцвейгтің, Я.И.Рецкердің, В.Н.Комиссаровтың, А.Д.Швейцердің, Ж.Мунинниң, А.Латышевтің, З.Львовскаяның есімдерімен байланысты екенін айттық. Қазақ тіл білімінде аударматанудың алғашқы қадамдары Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов еңбектерінен бастау алып, аудармаға қатысты ғылыми негізделген тұжырымдар С.Талжановтың «Көркем аударма туралы», Ә.Сатыбалдиевтің «Рухани қазына», М.Әлімбаевтың «Өрнекті сөз – ортақ қазына» сынды еңбектерінде, сондай-ақ М.Әуезов, М.Қаратаев, Т.Әлімқұлов, Ә.Ипмағамбетов, Е.Букетов, Қ.Қанафиева, Е.Ғабдіров, Ш.Сарыбаев, Ә.Нұрпейісов, С.Нұрышев, С.Аманжолов, Ө.Айтбаев, А.Алдашева зерттеулерінде көрініс тапты. Аударма

мәтінді зерттеудің тілдік аспектісін қарастырған профессор А.Алдашеваның «Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер» монографиясы және Н.Рсалиеваның «Көркем аударманың келелі мәселелері (І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларының негізінде)» монографиясы қазіргі қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық аударматанудың бағытын айқындаған құнды еңбектер саналады.

Француз ғалымы Ж.Мунэн *аударманы тілдік қатынастың бір түрі әрі билингвизмнің бір көрінісі* деп санайды. Сол себепті аудармашының ең алдымен *кәсіби билингвалды тұлға* (профессиональный билингв) екеніне назар аудару керек екенін айтады. Ж.Мунэн аударма мен тіл білімінің байланысы туралы: «*Аударма ісі имплицитті түрде әрдайым лингвистиканың нысаны саналатын. Себебі қандай да бір тілдің құрылымы екінші бір тіл арқылы сипатталғанда және салыстырмалы тіл білімін қарастырғанда аударма әрекеті ашық немесе жасырын түрде көрініс тауып отырады»* - дей келе зертеуші аударманың әлі күнге дейін эксплицитті түрде лингвистикалық опреация немесе лингвистикалық факті ретінде арнайы қарастырылмағанын атап өтеді [167].

Қазақ лингвистикалық аударматануында аударма мәтінді зерттеу екі бағытта жүргізіледі. *Алғашқы бағыт* шетел әдебиетінің қазақ тіліне тәржімалану сапасын қарастырса, *екінші бағыт* қазақ әдеби туындыларының шет тілдерut аударылу деңгейін назарға алады. Қазақ ғылымындағы салыстырмалы әдебиеттану, аударматану, тіл білімі саласындағы зерттеулердің басым көпшілігі шетел әдебиетінің қазақ тіліне аударылуына қатысты. Атап айтар болсақ, қазақ лингвистикалық аударматануының теориялық негізін қалыптастырған әрі ғылыми тұрғыда жүйелеп берген құнды еңбек профессор А.Алдашеваның «Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер» докторлық диссертациясында орыс әдебиетінің қазақ тіліндегі аудармаларына ғылыми талдау жасалады. Ал қазақ тілінен әлем тілдеріне аудару, яғни қазақ мәдениетін әлемге тарататын ұлттық әдебиетіміздің шет тілдерге аударылу кезіндегі тілдік-ұлттық құндылығын сақтау мәселесіне қатысты зерттеулер көп емес.

Қазақ әдебиетінің мол қорын әлем жұртшылығына танытуда көркем аударманың рөлі зор. Әдеби туындыны аудару арқылы шығармадағы оқиғалар желісі ғана емес, ондағы ұлт тарихы, тұрмысы және жалпы ұлттық құндылықтар жүйесі де екінші бір тілде көрініс табады. Қазақ халқының тұрмысы мен тарихынан мол дерек беретін лингво-мәдени құндылығы жоғары көркем шығарманың бірі – жазушы М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы.

«Абай жолы» роман-эпопеясы – Мұхтар Әуезовтің әлемге әйгілі тарихи романдар топтамасы – қазақ халқының тұңғыш эпопеясы. Шығарманың басты ерекшелігінің бірі – *туындының «роман-эпопея» жанрында жазылуы.* Себебі роман-эпопея – әдебиеттегі аса күрделі әрі көлемді жанр. Роман-эпопея мәтініне (сөзқолданыс санына) байланысты ғана емес, шығармаға арқау болатын оқиғалар желісіне, үлкен бір тарихи кезеңді қамтуына байланысты көлемді туынды саналады. Л.Әуезова әдебиеттің ешбір жанры роман-эпопея секілді халықтың тарихи дамуының маңызды мәселелеріне актуалдандыра отырып,

халық тұрмысын әр қырынан, толық әрі терең бейнелей алмайтынын айтады [168, 4]. А.В. Чичерин роман-эпопеяның мазмұндық ерекшелігі жайлы: «Роман-эпопея – бір адамның өмірі арқылы бүкіл халықтың тағдыры мен тарихы бейнеленетін көлемді жанр. Онда қоғамдағы әлеуметтік топтардың қайшылығы анық көрінеді, отбасы әлеуметтік, тарихи мәнге ие феноменге айналып, көптің ішіндегі көкірек көзі ояу санаулылардың амал-әрекеті арқылы сол заман жастарының армандары мен трагедиялары сипатталады», [169, 14] – деп жеке тұлғаның өмірі арқылы бір дәуірдің тарихын тілге тиек ету роман-эпопеяға тән екенін айтады. Бұл пікірлерден роман-эпопеяны аудару шағын прозалық шығармаларды аударуға қарағанда көп күш-қуаттты қажет ететін әлдеқайда күрделі процесс екенін аңғарамыз, яғни роман-эпопеяны аудару – кез келген аудармашының тісі бата бермейтін ауқымды шығармашылық жұмыс. Оған қоса туындының тарихи романдар санатына жататынын ескерсек, аудармашыға кәсіби құзыреттілігімен қатар, жан-жақты ізденіс, мол танымдық, тарихи ақпаратты меңгеру қажет болатыны сөзсіз. Зерттеу дереккөзінің осындай үлкен көлеміне байланысты зерттеу нысаны ретінде бір ғана тілдік бірліктер тобы – паралингвизмдер және олардың аудармасы алынып отыр.

«Абай жолы» роман-эпопеясында қазақтың тарихы ғана емес, сан ғасырлық білімі, дүниетанымы мол көрініс тапқан. Қ.Сәтпаевтың: «Әуезовтің «Абай» романы аса көрнекті көркем шығарма ғана емес, ол сондай-ақ үлкен бағалы ғылыми еңбек. «Абай» романына әр саланың мамандары назар салмай өте алмайды. Қазақ халқының өткенін зерттегісі келетін ғалымдардың бірде-бірі бұл кітапты жанап өте алмайды: ғалым-филолог одан фольклордың бай материалдарына қанығумен қоса, қазақ әдеби тілінің тууы мен қалыптасуын көреді...», – [170, 39] - деп жоғары баға беруі аталған туындының тарихи, рухани, тілдік, танымдық құндылығын көрсетсе керек.

Шығарманың өміршең болуына автордың қазақ тарихы туралы туындыны жазуға аса үлкен дайындықпен келуі де зор ықпал еткен. Әдебиеттанушы-ғалым З.Қабдолов М.Әуезов туралы еңбегінде: «Абай жолы» – Мұхтар Әуезовтің бас кітабы. Мұхтар Әуезов жазушы ретінде эпос пен драманың шағын түрлерінен күрделі жанрларына дейін, одан әрі ұланғайыр ғасырлық шындықты туған халқының тарихи тағдырымен тамырластыра танытқан керемет кең құлашты эпопеяға дейін самғап, парлап көтерілген теңдесі жоқ сөз зергері болса, ғалым ретінде баяғы бағзы дәуірден күні бүгінге дейінгі бүкіл дүниежүзілік әдебиет пен өнер құпияларын бір басына сыйғызған білгір зерттеуші» [171, 294-295] – деп шығарманың әлемге танылуына әсер еткен автордың әрі жазушылық, әрі ғалымдық болмысының мықтылығы деген ойға келген. «Абай жолы» роман-эпопеясы қазіргі таңда да құнды әдеби мұра ғана емес, аса өзекті зерттеу дереккөзіне айналып отыр.

Туындының жазылу, жариялану тарихына келер болсақ, «Абай» деп аталған тарихи романның бірінші кітабы 1942 жылы, екінші кітабы 1947 жылы жарыққа шыққан. 1949 жылы дилогияға КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді. Ұлы ақын және оның халқы туралы тарихи романдар топтамын одан әрі жалғастырған «Абай жолы» да екі кітап – дилогия: бірінші кітабы 1952 жылы,

екінші кітабы 1956 жылы түзетіліп басылып шықты. Сөйтіп, «Абай жолы» деген кітап өзара тұтасқан төрт том (тетралогия) 1959 жылы Лениндік сыйлыққа ие болды» [171, 262-263].

«Абай жолының» тағы бір ерекшелігі – туындының жарық көрген бойда бірден орыс тіліне аударылып отырылуы. Атап айтар болсақ, алғашқы екі кітабы 1948-1949 жылдары қазақ, орыс тілдерінде қатар жарияланды. Туындының әлем тілдеріне таралуына дәнекер тіл қызметін атқарған орыс тіліне екі рет аударылуы роман-эпопея тілін жаңаша көзқарас тұрғысынан зерттеп, интерлингвистикалық ізденістер жасау қажет екенін көрсетеді.

«Абай жолы» осы уақытқа дейін орыс тіліне екі мәрте тәржімаланған. *Бірінші аударма* бригадалық жолмен жасалған. Аударма жасағандар – Леонид Соболев, Анна Никольская, Зоя Кедрина, Николай Анов сынды белгілі аудармашылар. Эпопеяның бірінші кітабының аудармасы 1945 жылы Мәскеуде «Советский писатель» баспасында жарық көрді. Жолма-жол аудармашылары А.Никольская мен Т.Нуртазин болса, редакцияны басқарған белгілі жазушы, аудармашы Л.Соболев болды. Тұңғыш аударманы жасау процесіне автор М.Әуезов тікелей қатысқан. М.Әуезов пен Л.Соболевтің «Абай жолы» роман-эпопеясының екінші және үшінші кітаптарын аудару жөніндегі жұмысы соғыстан кейінгі жылдары басталған. Қазақ тілінен орыс тіліне аударудың қиындығы туралы айта келе автор, шығармадағы реалийлердің, көшпелілер тұрмысына тән ерекшеліктер мол болғанына қарамастан Л.Соболевпен жемісті жұмыс істеуінің басты себебі аудармашының білім-білігінің мықтылығы деп топшылайды. М.Әуезов пікірінше, Л.Соболев Абайды, шығармашылығын, қазақ тарихы мен мәдениетін, әдебиетін терең зерттеп түсіне білген. [172]. Жазушы аудармашы автор мәтінін жақсартпауы, бастысы дәл аударуы қажет деген маңызды тұжырым жасайды. Ал Л.Соболев М.Әуезов жайлы естелігінде: «Қазақстанға жасаған сапарым мені осы ғажайып елге ұзақ жылдарға байланыстырды, мұқият оқырман менің теңіз тақырыбындағы әңгімелерімнің көбінен Қазақстанды көре алады. Бұл заңды да: Қазақстан менің қоғамдық санамды айқындаған ең маңызды қозғаушы күштердің біріне айналды. Ал санама серпін берген, ең әуелі, менің ақылды да ойшыл досым Мұхтар Әуезов» [173] – дейді. Л.Соболев М.Әуезовпен сапарлас болған кезінде жазушының қазақ даласы туралы айтқанда, орыс тілінде жоқ жаңа қолданыстар тудырып, өте көркем түрде сипаттағанын байқап, аударма процесінде сондай сөз орамдарын орыс тіліндегі мәтініне барынша мол енгізгенін, яғни роман-эпопеяны аударуда М.Әуезов үлгісін ұстанғанын атап өтеді.

Мықты аудармашылардан құралған топтың шығарманы аудару процесі М.Әуезовпен тығыз байланыс жасау арқылы жүзеге асқан. «Көркем аударма теориясында аудармашының автормен ақылдаса отырып жасаған, автордың тәржіманы құптап, ризашылығын білдірген аударманы мақұлданған аударма дейді» [157, 15]. Алайда Ә.Нұрпейісов, Г.Бельгер, Н.Анастасьев сынды жазушылар автор мақұлдаған аударманың орыс тіліне өз биігінде аударылмағанын айтады. Оның негізгі себебін аударма жасауға берілген

уақыттың тығыздығы, идеологиялық талаптар мен бригадалық әдістің тиімсіздігінен деп түсіндіреді.

Екінші аударма – жазушы М.Әуезовтің 100 жылдық мерейтойына орай 2007 жылы жасалған жаңа аударма. Аударманың авторы – Ресейдің белгілі жазушысы Анатолий Ким. Ал жолма-жол аударма жасағандар – Қайсар Жорабеков, Мырзахан Тнимов. Анатолий Ким – әлемге әйгілі орыс жазушысы, аудармашы. Оңтүстік Қазақстанда дүниеге келген А.Ким О.Бөкей, Т.Әбдіков, Ә.Кекілбаев, Ә.Нұрпейісов шығармаларын орыс тіліне аударған. Жаңа аударманы жазушының ұлы Мұрат Ауезов жоғары бағалаған. Орыс тіліндегі екінші аударма көпшілік тарапынан үлкен қолдау тапты. С.В. Ананьева, Г.К. Бельгер, Б. Канапьянов, М.М. Әуезов, А.Б. Наурызбаева жаңа аударма туралы жақсы пікірлерін білдірді. С.В. Ананьева жаңа аударма жаңа дәуір оқырманына арналып, бейімделіп жоғары шеберлікпен жасалған деп есептейді [174, 156]. Белгілі жазушы, аудармашы Г.К.Бельгер екі аударманы салыстыра оқи отырып Анатолий Кимнің үлкен жұмысты абыроймен атқарып шыққанына тәнті болады [175, 114]. Дегенмен екінші аударманың стилі көркемдіктен гөрі «публицистикалық» қолданыстарға толы екенін ескерткен пікірлер де бар.

Аударма мәтіннің түрлі белгілерін ескере келе, «Абай жолының» орыс тіліндегі аудармаларын былайша сипаттауға болады (Кесте 17):

Кесте 17 – «Абай жолы» романының орыс тіліндегі аудармаларына тән белгілер

Аударма тіл мен шығыс тілдің түріне қарай	- Тілішілік аударма; - **Тіларалық аударма**
Аударылу дереккөзіне қарай	- **Тура аударма** - Жанама аударма - Кері аударма
Аударманың қолданылатын бірліктері бойынша	- Морфемалық аударма - Сөзбе-сөз аударма - Фразалық аударма - Абзацты-фразалық аударма - **Тұтас мәтіндік аударма – мәтінді кішкентай бөліктерге бөлмей түгелімен аудару.**
Түпнұсқа мәтін мен аударма мәтінді ұсыну формасы бойынша	- **Жазбаша** - Ауызша - Аралас
Аударманың түпнұсқаға сәйкес келу сипаты жағынан	- Еркін аударма - **Эквивалентті аударма** - Дәлме-дәл аударма - Аутентикалық аударма - Канондық - Расталған аударма.
Жанрлық-стилистикалық ерекшеліктері жағынан	- **Көркем аударма;** - Ақпараттық аударма.

«Абай жолы» роман эпопеясының орыс тіліндегі екі аудармасы да дәстүрлі аударма саналады. Дәстүрлі аудармадағы ең негізгі субъект аудармашы емес, мәтін авторы. Мәтін авторының аударма процесіне қатысуына байланысты дәстүрлі аударманың мынандай үш түрі бар:


1) Авторлық емес аударма – шығыс тілдегі мәтіннің авторы болып табылмайтын аудармашы жасаған аударма. Аударманың бұл түрі негізінен тіларалық және мәдениетаралық коммуникацияның әртүрлі салаларында кездеседі;

2) Авторлық аударма (немесе автоаударма) – шығыс тілдегі мәтіннің авторы болып табылатын аудармашының өзі аударған аударма. Мұндай аудармаға Ш.Айтматовтың ертеректе жазылған туындыларының аудармалары жатады. Ш.Айтматов қырғыз тілінде жазған туындыларын орыс тіліне өзі аударған;

3) Авторизацияланған аударма – шығыс мәтінді аудармашы түпнұсқаның авторымен бірлесе отырып аударған және автор оның жариялануын мақұлдаған аударма түрі [176, 43].

«Абай жолы» романының алғашқы аудармасы авторизацияланған аудармаға жатса, жаңа аударма авторлық емес аударма болып саналады. Ә.Сатыбалдиев Кеңес дәуірінде кең етек жайған авторизацияланған аударма кезінде авторлар көбірек оқырманға танылуды, шығармаларының оқылуын мақсат еткендіктен кейбір сапасыз аудармалардың жарық көруіне рұқсат берілгенін айтады, алайда «аударма-шығарма» түпнұсқамен пара-пар қойылып, әлем әдебиеті үшін сол халықтың келбеті саналатынын ұмытпау керек екенін еске салады [177, 181].

Аударма мәтінді тудырушы тұлға – аудармашы. Аудармашының баламасы ретінде *тілмаш, тәржімашы, транскодтаушы* секілді бірқатар терминдер жарыса қолданылады. Мұндағы *транскодтау* дегеніміз, «тіл – код» деген түсінікке негізделеді, яғни аудармашы бір тілдегі ақпаратты екінші бір тілге транскодтайды, сол тілдің кодына салып береді деген сөз. Алайда бұл үш терминнің де қолданылу аясы «аудармашыға» қарағанда тар, «аудармашы» – жалпылама және кең қолданыстағы атау. Сондықтан біз де жұмысымыз да осы терминді пайдаланамыз. Аудармашының қызметі – бірінші тілдегі кодты қабылдау, декодтау және оны екінші тілге қайта кодтау. Қайта кодталған хабар екінші тіл қолданушысы декодтағанда алғашқы нұсқадағы күшін сақтауы маңызды. Олай болса, аудармашы – 1-кодтың рецепторы болса, 2-кодтың адресанты саналады. Аударма процесіндегі аудармашының қызметі төмендегі сызбада көрсетілген (Сызба 7):



Сызба 7 – Аударма үдерісіндегі аудармашы қызметі

Көркем аудармада маңызды рөл ойнайтын фактордың бірі – аудармашы немесе аудармашының шығармашылық тұлғасы және аудармашы құзыреттілігі. «Құзыреттілік» терминін XX ғасырдың ортасында американдық ғалым Н.Хомский енгізген. Бастапқыда оған ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қажет қабілеттер деген түсінік берді. Аудармашы компетенциясы (құзіреті) кәсіби міндеттерді шешудегі аудармашыға қажетті, білім, қабілет, дағдылар жиынтығы ұғымын береді. Аудармашыға қажет құзыреттілік «негізгі білім» мен «аялық білімді» қамтиды (Кесте 18):

Кесте 18 – Аудармашыға қажет құзыреттіліктер

Негізгі білім *(аудармашының қызметі онсыз еш мүмкін болмайтын негізгі білім)*	**Аялық білім** *(аудармашының қызметі онсыз еш мүмкін болмайтын қосымша білім, бірақ кәсіби деңгейде емес)*
1. шет тілін толыққанды меңгеру, оның ішінде: - фонетикасын - лексикасы мен фразеологиясын - морфологиясын - синтаксисін - стилистикасын - сол тілдің тарихын 2. Аударма жасаудың негізгі әдістерін, тәсілдерін және жолдарын білу.	1. белгілі бір ұлттың тілінен ғана көрініс табатын мәдени-әлеуметтік мәліметтерді білу. Олар: - сол ұлттық қауымның тарихының және мемлекеттік құрылысынң деректері; -географиялық ортасының ерекшеліктері; -өткені мен бүгінгі материалдық мәдениетінің ерекше бұйымдары; -этнографиялық және фольклорлық түсініктері.

Аудармада аудармашы шеберлігі өте маңызды. Себебі ол шығарманың мазмұнын ғана емес, ондағы барлық эмоцияны, әрбір нәзік әсерді де жеткізе алуы керек. Аударматанушы Қ.Нұрмаханов: «Жақсы шығарманың қазақ тіліне басқаша, ал орыс тілінде шыққаннан кейін басқаша бағалануының тереңіректе жатқан себептері де бар сияқты. Шығарманың екі тілде бір-біріне қарама-қарсы екі баға алуына, біздіңше, көп реттерде, аудармашы да себепкер», - дейді [178, 27].

Осы орайда, «Абай жолы» роман-эпопеясының аудармашыларының тілдік-мәдени, кәсіби құзыреттілігін былайша көрсетуге болады (Кесте 19):

Кесте 19 – «Абай жолы» романының аудармашылары Л.Соболев пен А. Кимнің тілдік-мәдени, кәсіби құзыреттілігі

Леонид Соболев	**Анатолий Ким**
Мамандығы: Жазушы, журналист, әскери тілші	**Мамандығы:** Прозаик, драматург, аудармашы, сценарист
Білімі: Александр кадет корпусы (1910-1916), Теңіз кадет корпусы (1916)	**Білімі**: Мәскеу сурет училищесі (1905), А.М.Горький атындағы Әдебиет институты (сырттай 1971)
Ұлты: орыс	**Ұлты**: кәріс
Туған жері: Иркутск	**Туған жері:** ОҚО, Ынтымақ ауылы
Ана тілі: орыс тілі	**Ана тілі:** кәріс тілі (орыс тілін жетік меңгерген)
Тілдік құзыреттілігі: Қазақ тілін меңгермеген	**Тілдік құзыреттілігі:** Қазақ тілін меңгермеген
Аудармалары: «Абай», «Путь Абая»	**Аудармалары:** «Последний долг» (Ә.Нұрпейісов, 2000); «Путь Абая» (М.Әуезов, 2007)
Әдеби шығармалары: «Капитальный ремонт» романы, «Морская душа» әңгімелер мен очерктер жинағы, «Зелёный луч» повесі; «Абай» трагедиясы, «Эпос и фольклор казахского народа», Абай, Жамбыл туралы мақалалар т.б.	**Әдеби шығармалары:** «Поклон одуванчику», «Луковое поле», «Лотос», «Поселок кентавров», «Мое прошлое», «Стена (Повесть невидимок)» т.б.

Көркем аударма процесі шығыс мәтінде эмоционалды-экспрессивті қолданыстардың мол кездесуіне, шығарманың жазушы тіліне тән стильдік айшықтарының болуына, ұлттық-мәдени компоненттер арқылы кодталған дүниетанымдық ақпараттардың көп қамтылуына байланысты күрделі шығармашылық жұмыс болып саналады. Көркем аударма жасау процесінде аудармашының кәсіби құзыреттілігімен қатар, мәдени, тілдік құзыреттілігі де маңызды рөл ойнайды. Осы бағытта ізденген А.А. Кручинина өз зерттеуінде аудармашы-маман (переводчик-специалист) мен аудармашы-филолог (переводчик-филолог) аударған екі мәтінді салыстыра келе, аудармадағы сөздің дәлме-дәл баламасын берумен қатар қосымша мәнін, мағыналық реңктерін ескеру үшін аудармашының кәсіби құзыреттілігімен қатар, филологиялық білімінің болуының маңызды екенін анықтаған [179, 54].

Бір халықтың өмірін екінші бір халықтың тілімен жеткізу үшін аудармашы берілген тарихи кезеңдегі халықтың тұрмыс-тіршілігін терең меңгеріп, таным-түсінігін өз бойына сіңіруі қажет. Бұл тұрғыдан туындыны аударған қазақ жеріне арнайы сапар шегіп, фольклорын терең зерттеген Л.Соболев та, бірқатар қазақ

жазушыларының тарихи, күрделі туындыларын орыс тіліне тәржімалап, оқырманның оң бағасына ие болған А.Ким де романдағы қазақ халқының болмыс-бітімін сезініп, ұғына алады деп айтуға болады. Алайда аудармашылардың «жолма-жол аударма» негізінде жұмыс істеуі, яғни тілдік құзыреттіліктерінің болмауы мәтіннің архитектоникасына, аударманың баламалану деңгейіне, тілдік тұрғыдан ала-құлалыққа себеп болғаны мәтіндерді салыстыра қарастырғанда анықталды. Қазақ тіліндегі шығармалардың жолма-жол аударма арқылы өңделіп, жарық көріп жатқаны турасында Ә.Сатыбалдиев 70-жылдары: «Аударылатын тілді жетік білу – бұл аудармашыдан талап етілетін ең басты нәрсе емес пе? Ешер аудармашылар жолма-жол аудармаға жүгінсе, ол жақсылықтың нышаны емес. Түпнұсқа тілін білетін біздер жолма-жол аударма арқылы жасалған аудармалардың қалай болып шығатынын көріп жүрміз. Мұндай жағдайда түпнұсқаның стилі, автордың интонациялары және басқа да құрамдас бөліктері жайлы айтудың өзі артық. Ал негізінде аударма мәтін түпнұсқаның барлық ерекшелігін, ұлттық колориттің барлық реңкін жеткізе алуы қажет» - деп аударманың негізгі проблемасы «аудармашының тілдік құзыреттілігінің төмендігі» деп тұжырымдайды [177, 181]. «Абай жолы» эпопеясының аудармаларындаағы аударылмай қалған паралингвизмдер тобы, паралингвизм-лакуналардың да жиі кездесуі Ә.Сатыбалдиев пікірін айғақтай түседі. Бейвербалды амалдарды зерттеу осы тұрғыдан аударматанумен тығыз байланысты екенін аңғарамыз. Себебі ым-ишаралардың тұрпат межесіндегі аз ғана өзгерістің өзі оның мән-мағынасын өзгертіп, басқа коммуникативтік мақсатта жұмсалатын құралға айналдырып жіберуі мүмкін. Ал көркем мәтінде жазушының паралингвизмдерді тек коммуникативтік мақсатта ғана емес, автор бағасын, идеясын, астарлы ойын жеткізетін бірліктер ретінде қолданатынын және бейвербалды амалдардың басым бөлігі ұлттық сипатқа ие, мәдени кодталған амалдар екенін ескерер болсақ, онда бейвербалды амалдардың көркем мәтіндегі аудармасын зерттеу паралингвистиканың негізгі мәселелерінің бірі саналуы тиіс.

Қазіргі таңда әлемдегі барлық елдер мен тілдер үшін аударма жасау күнделікті тіршілік пен ғылым кеңістігіндегі маңызды құбылысқа айналып отыр. Ал мәдениет айнасы саналатын көркем аударманың сапасы екінші тілде халықтың ұлттық бейнесін барынша дәл беру, тілдік, көркемдік қуатын сақтау секілді ерекшеліктері арқылы айқындалады. Осы тұста көркем мәтін аудармасын, ондағы тілдік бірліктердің, соның ішінде паралингвистикалық құралдардың баламалану деңгейін, тәсілдерін, стильдік бояуының сақталауын көпаспектілі бағытта талдау қазіргі тіл білімінің зерттеу аясына кіретін өзекті тақырып екені даусыз.

Аударма ісінің субъектісіне қарай, яғни орындаушының түріне қарай *дәстүрлі аударма* (адам орындайтын), *машиналық аударма* және *аралас аударма* болып бөлінеді. Дж. Кэтфорд еңбегінде: «Аударма-бұл қазіргі әлемде орасан зор маңызы бар қызмет және ол лингвистерді, кәсіби және әуесқой аудармашыларды және тіл мұғалімдерін ғана емес, сонымен қатар электронды инженерлер мен математиктерді де қызықтырады» [162, 7] - деп ғылым мен техниканың құлаштап

дамуы аударма процесіне де әсер еткенін айта келе, аударманың қолданбалы лингвистиканың да нысанына айналғанына назар аударады. Қазіргі таңда кең тараған аударма жасаудың тиімді әдістерінің бірі – машиналық аударма. Машиналық аударма – адамның көмегінсіз, берілген нұсқаулар мен оқыту процесінің нәтижесінде компьютерлік бағдарламалар көмегімен жүзеге асатын аударма жасаудың жаңа түрі. Машиналық аударма ресми, публицистикалық, ғылыми мәтіндерді сапалы аударғанымен, көркем мәтіндер машиналық аударманың шеңберіне сыя бермейді. Себебі көркем туынды – автордың алгоритмдеуге келмейтін метафоралы, бейнелі ойлауының, индивидуалды және ұлттық дүниетанымының, сөз шығармашылығының жемісі. Сол себепті әдеби шығармалардағы бейвербалды амалдарды да машиналық жолмен аудару сапалы болмайтыны сөзсіз. Десе де қазіргі таңда кең тараған тіл корпустары, машниалық жолмен аударуды жетілдіруге зор үлес қоса алады. Мысалы әдеби шығарамалардың параллель-мәтіндері қамтылған Параллель корпустар негізінде компьютерді оқытып, сәтті аударма жасауға үйрету әбден мүмкін.

Аударманың машиналық аударма түрімен қатар ЖИ арқылы жасалатын аударма кең тарай бастады. Жасанды интеллект сюжетті мәтін құрастыра алғанымен, автордың көркемдік ойлауын, сондай-ақ сол автор шыққан топырақтың мәдени, тарихи ерекшелігі негізінде қалыптасқан ұлттық санасын меңгере алмасы анық. Сондықтан көркем мәтін мен көркем аударманы ЖИ генерацияла алмайтын, адам зиятының даралығын танытатын мәтін түрі деп атауға болады. Бұл көркем аударманы зерттеудің қазіргі ғылым мен технология, әсіресе ЖИ дәуіріндегі өзектілігін көрсетіп отыр. Соның ішінде көркем туындыларда мол ұшырасатын паралингвизмдерді ЖИ-дің аудару қабілеті жетпейтін қабат деп бағалауға болады.

3.2 «Абай жолы» романының ағылшын тіліне сатылай аудармасындағы паралингвизмдердің аударылу сапасы

Аударма – ғылымның барлық саласына қатысты аса ауқымды ұғым. Аудармашылар шығарма мәтіні арқылы тілдер мен мәдениеттер арасында көпір болып, берік байланыс орнауына әсер етеді. Мысалы орыс әдебиетін әлем жұртшылығының назарына ұсынған бірқатар «ұлы аудармашылар шоғыры» болған. Олардың қатарында В.К. Тредиковский, М.В. Ломоносов, А.В. Сумараков, Г.Р. Державин, В.И. Лукин; әрі әдебиетші, әрі аудармашы болған Д.И. Фонфизин, И.А. Крылов, Н.М. Карамзин, А.Н. Радищев, В.А. Жуковский, П.И. Вейнберг, А.Л. Соколовский, А.И. Кронеберг, Н.В. Гербель, К. Бальмонт т.б. атап өтуге болады. Осындай үлкен топтың қажырлы еңбегінің арқасында қазіргі таңда әлемнің кез келген бұрышынан, кез келген кітапханасынан Л.Толстой мен Ф. Достоевскийді табуға болады.

«Көркем аударма – ежелден қалыптасқан дәстүрі мен мұраға бай әдебиет саласы, сондай-ақ әлемдік мәдениеттің ажырамас бір бөлігі. Бұлай дейтініміз, көркем аударма – ұлттық әдебиеттер арасындағы өзара алмасу және бірін-бірі байыту құралы. Кез келген ұлттық әдебиет мұндай үдерістен тыс өмір сүрген жоқ» [180, 14]. Академик Р. Нұрғали: *«Еш уақытта ешбір елдің әдебиет, өнері*

томаға-тұйық қалыпта, ұлттық шеңбердің ішінде ғана жетілген емес. Ана топырағында жаратылған өнер басқа жұрттардың озық, асыл қазыналарынан нәр алып байығанда ғана өркен жаймақ. Әдебиеттің интернационалдық сипаты көптеген халықтар өнері тәжірибесін қорыта отырып, байлам, тұжырым жасайтын теориялық мәні бар, күрделі проблема» [181, 394] – деп көркем аударманы халықтар арасындағы байланысқа негіз болатын арналардың бірі деп бағалайды. Ал академик Ө. Айтбаев: «Ғылымның, техниканың дамуына байланысты халықтар арасындағы кеңістіктер жақындасып, қашықтықтар қысқарды. Осының нәтижесінде ортақ мүдде, бірегей мақсат, бірегей сөздер пайда болды. Бірақ адамдар тілінің әртүрлілігі бұрынғы қалпынша қала берді де, халықтар достығының дәнекері ретінде аударма өнері жандана бастады. Аударма араласпайтын, аударма қатыспайтын мәдени өмірдің бірде бір саласы жоқ» [158, 3] – деп аударманың әдебиеттің ғана емес, жалпы адамзат өмірінің маңызды бөлшегі екеніне назар аударады.

Халықты көркем әдебиеті арқылы тану – әлемнің түкпір-түкпірінде үздіксіз жүріп жататын қоғамдық құбылыс. Себебі әрбір ұлттық тілде жазылған құнды туындыны әлем оқырманының назарына ұсыну – халықаралық байланыстардың бір түрі ғана емес, адамзат ойының дамуы үшін қажет маңызды процесс. Аударылған көркем туындылар арқылы әлем халықтары бір-бірінің мәдениеті, өмір салты, таным-түсінігі туралы жақсырақ біле алады, әлемге, дүниеге басқа қырынан қарауды үйренеді, дүниетанымы кеңейе түседі.

Қазақ болмысын, тұрмыс-салтын әлем назарына ұсынған әрі әлем жұртшылығының зор қызығушылығын тудыраған шығарманың бірі М.Әуезовтің «Абай жолы» дәуірнамасы екені белгілі. Америка тарихшылары С.М. Норрис пен У. Сандерлендтің 2012 жылы Indiana University Press баспасынан шыққан «Ресей империясының халықтары: Еуразияның өмір тарихынан (1500 жылдан бүгінге дейін)» (Russia's People of Empire: Life Stories from Eurasia, 1500 to the Present) еңбегінде М. Әуезов Кеңес үкіметіндегі XX ғасырдың ең ықпалды тұлғаларының бірі ретінде аталып: «Әуезовтің өміріне өзінің рухани ұстазы Абай Құнанбаевтың өмір жолы зор ықпал еткендіктен, жазушының өмірбаяны ерекше назар аударуға тұрарлық. Оның алғашқы еңбектері XX ғасырда Абайдың салған сара жолын жалғастыруға деген құштарлығын танытып қана қоймайды, сонымен бірге басты әдеби жетістіктері де Абайдың өміріне арналған. Жазушы есімін әлемге әйгілі еткен де Абай туралы тарихи романы. Тіпті Әуезов 1950 жылы романның басылымына кіріспе ретінде өзінің қысқаша өмірбаянын да енгізген» [182, 298], - деп оған негіз болған жазушының «Абай жолы» шығармасы екені тілге тиек етіледі.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап бүгінге дейін «Абай жолы» әлемнің көптеген тіліне үздіксіз аударылып келеді. «Аударматанудың заманауи мәселелері» зерттеуінде роман-эпопеяның шет тілдердегі аудармаларына қатысты мынандай мәлімет келтіріледі (Кесте 20) [183, 191-198]:

Кесте 20 – «Абай жолы» романының әлем тілдеріндегі аудармалары

Аударылған тілі	Жылы	Баспасы	Бет саны	Аудармашылар
Чех	1948	Прага: Свет Советов	306	И.Длау
	1949		457	И.Камуталиов, М.Лишков
Башқұрт	1949			Г.Рамазанов, кейін Б.Гареева
	1961	Уфа: Башкортостан	861	Н.Идельбаева
	1972	Уфа: Башкортостан	718	
Латыш	1948-1949	Рига	Т1 – 365 Т2 – 380	М.Шуман
	1963	Рига: Латгосиздат	Кн.1 – 375 Кн.2 – 397 Кн.3 – 367 Кн.4 – 398	
Болгар	1950	София: Наука и искусство	825	Б.Светлинова
	1964	София: Народная култура	794	З.Статков
Литва	1950	Вильнюс: Гослитиздат	Т1 – 438 Т2 – 438	К.Дилене, И.Брукас, А.Вайчюкас
	1960	Вильнюс: Гослитиздат	Т1 – 529 Т2 - 483	И.Станишаускач, К.Янкаускас
Эстон	1950-1951	Таллин: Эстогсиздат	Кн.1 – 458 Кн.2 – 522	Э.Ханге
	1960		Т1 – 424 Т2 – 423	Э.Ханге, Д.Ваарди, В.Даниель
			Кн.1 – 392 Кн2. – 340	М.Кябин, Х.Вялипыллу
Словак	1951	Братислава	420	И.Соларик
	1961		789	М.Лисков
Өзбек	1951-1953	Ташкент: ГослитиздатУз-ССр	Кн.1 – 416 Кн. 2 – 435	А.Ж.Зумрад
Украин	1952	Киев: Гослитиздат Украины	615	И.Ле
	1985	Киев: Днипро	639	Д.Гринько
Армян	1952	Ереван: Айпетрат	772	Борзанян
Әзірбайжан	1954	Баку: Азернешр	475	Ә.Абасов
Ағылшын	1953	М.Изд-во лит. на иност. яз.	Т1 – 449 Т2 - 431	Л.Наврозов, Л.Ильин
	1975	М.: Прогресс	460	Қысқартылған
Поляк	1950-1951	Варшава	Т1 – 413 Т2 - 396	С.Погоржельский И.Литвинюк
	1954		325	М.Даб
Тәжік	1955	Сталинабад: Таджикгосиздат	689	А.Моллохандов

Кесте 20 жалғасы

Қырғыз	1955	Фрунзе: Кыргызстан	Т1 - 428	Т.Суванбердиев
	1957		880	
	1989	Фрунзе: Адабият	Т1 – 816 Т2 - 798	Т.Суванбердиев, Д.Абдождаев
Ұйғыр	1955	Алматы: «Еңі хаят» журналының нәшрияты (араб графикасымен ұйғыр тілінде)	671	И. Ахметов, К.Хасамдинов
	1957	Ташкент: Правда Востока	692	А.Зунунов
Татар	1959	Алма-Ата: Казгослитиздат	Кн.1 – 430 Кн.2 - 484	Н.Мансуров, Г.Нигматов
	1960			С.Әбһамова
Түрікмен	1958	Ашхабат: Түркменгосиздат	679	Т.Қасымов, Т.Яйлымов
Молдован	1959-1963	Кишинев: Картя молдовеняскэ	Т1 – 410 Т2 – 434 Т3,4 - 839	М.Брухис, Л.Чемортан
Румын	1950	Бухарест: Карта Руса	345	О.Казимир, А.Ивановский
	1961	Бухарест	Т1 – 759 Т2 - 746	
Вьетнам	1965	Ханой: ван хуан	Т1 – 268 Т2 – 271	Чан Тяу, Хоанг Хунга, Зонг Зианг
Монғол	1972	Улаан-Баатар: Улсын хэвлэлийн газар	855	Ж.Ахмет, О.Тлейхан, Б.Хурматбек, А.Минисийы, С.Хайруулын, Ш.Жамлихаагийн
Неміс	1972	М.Б-ка изб. Произ.	Кн.1 – 565 Кн.2 - 576	Е.Ангарова
Қытай	1997	Пекин: Нац.издат	Т1 – 425 Т2 – 463	
Парсы	1997	Тегеран	Т1 – 790 Т2 - 790	А.Назими
	1998	Тегеран: нашур кангаре	Т1 – 887 Т2 – 790	Нозле Осгорзаде
Түрік	1997	Анкара	Т1 – 411 Т2 – 463	Ысмайл Зейнеш, Гүнгор Ахмет
Араб	1984	Ташкент: Радуга	585	Бурхан аль-Фатиб

Кестеде берілгендей (Кесте 19), роман-эпопеяны алыс-жақын халықтар тіліне аудару шығарма жарық көрісімен бірден қолға алынған. Алайда бұл аудармалардың барлығы түпнұсқа тіл – қазақ тілі арқылы жүзеге аспаған. Аударма теориясында аударылатын түпнұсқа мәтіннің бастапқы немесе екіншілік болуына қарай аударманы үшке бөліп қарастырады:

- *Тура (бастапқы, тікелей) аударма* – түпнұсқадан тікелей аударылған аударма.

- *Жанама (екіншілік, тікелей емес)* – түпнұсқадан тікелей аударылмай, оның басқа тілдегі аударма нұсқасынан аударылған аударма.

- *Кері аударма* – шығыс тіліне аударылып қойған мәтіннің оқыту немесе тәжірибе жүргізу мақсатындағы аудармасы [176, 50].

Осы тұста назар аударатын маңызды жайт – «Абай жолы» роман-эпопеясының әлем тілдерінің біразына тікелей қазақ тілі арқылы емес, дәнекер тіл – орыс тілі арқылы аударылып келгені. «Абай жолы» романының әлем тілдеріне орыс тілі арқылы жасалған аударма нұсқалары (ағылшын тілі, француз тілі т.б.) *жанама аударма* немесе *сатылы аударма* саналады. Жанама аудармаларға себеп болған туындының шет тілдерге ең алғаш орыс тілінде таралуы деп болжауға болады. Себебі шығарма жарық көрген тұста қазақ тілінен әлем тілдеріне шебер көркем аударма жасайтын аудармашылар шоғыры қалыптасып үлгермеген еді. Қазақ аударматануында қазақ тілінен орыс тіліне және орыс тілінен қазақ тіліне аудару ғана қарқынды жүргізілген.

Сатылы аударма ешқашан түпнұсқаның бар қуатын жеткізе алмайды. Себебі екінші аудармашы тікелей автордың емес, өзіне дейінгі басқа бір аудармашының түзген мәтінімен жұмыс істейді. Бірінші аудармашы мәтіннен мақсатты, мақсатсыз түрде қалдырып кеткен үзіктер (лакуналар), сәтсіз аударылған, тіпті қате аударылған тұстары да жанама аудармада көрініс табады. Әсіресе қазақ халқынан мәдениеті мен тұрмысы, тілі мен ділі мүлдем бөлек орыс тіліне аударылған туындыны, үшінші бір тілге аударғанда түрлі трансформациялардың болуы заңды.

Қазақ қаламгерлерінің шығармаларының шеттілдерге орыс тілі арқылы аударылуы кең тараған құбылыс деуге болады. Н.Рсалиева зерттеуінде «Көшпенділер» трилогиясының орыс тіліндегі және орыс тілі арқылы жасалған ағылшын тіліндегі аудармаларын аударма сапасы тұрғысынан талдай келе: «...Трилогияның жарты әлемге тараған «The Nomads» деп аталатын ағылшын тіліндегі аудармасын және соған негіз болған орыс тіліндегі аты әйгілі «Кочевникиді» жарамсыз деп тануға тиіспіз. Оған қоса, өзге отыз тілдегі аудармаларының қайсысы болмасын, егер орыс тіліндегі нұсқасы бойынша жасалған болса, онда сол тілдегі аударманы да жарамсыз деп танымасқа болмайды» [184, 59] – деген қатаң қорытынды жасайды. Тілтанушының бұл пікірі түпнұсқа мен шығарма аудармалары арасындағы мәтіндік қана емес, идеялық, идеологиялық алшақтықтардан келіп шыққаннын зерттеу жұмысынан анық көруге болады. О. Бөкей прозасының орыс тіліне аударылуы мәселесін қарастырған Л. Дәуренбекова да зерттеуінің соңын: «О.Бөкей шығармалары да бірнеше тілге дәнекер тіл – орыс тілі арқылы аударылды. Ал оның қандай дәрежеде жеткенін айтпаса да түсінікті. Сондықтанда жазушының туындылары қайта аударылуы тиіс» [157, 44] – деп түйіндейді. Дәл осындай ойды «Абай жолы» романының аудармаларына қатысты да айтуға болады.

«Абай жолы» романының орыс тілі арқылы жасалған сатылы аудармасының бірі – ағылшын тіліндегі нұсқасы. «Абай жолының» ағылшын тіліндегі аудармасы ең алғаш рет Мәскеуден «Литературы на иностранных языках» баспасынан шыққан. Шығарманы аударған Лев Наврозов, ал

редакциялаған Х.Перхам. Кітаптың алғашқы бетінде «Translated from the Russian by L. Navrozov» (орыс тілінен аударған Л.Наврозов) деп көрсетілген. Ағылшын тілінде туынды «Абай» деп аталып екі том болып жарық көрген. Шығарма ағылшын тіліне екі рет аударылған. Екінші басылымы 1975 жылы Мәскеуде «Прогресс» баспасынан шығады. Бұл – Л.Наврозов аудармасы негізінде жасалған шығарманың 451 беттен ғана тұратын қысқартылған басылымы. Екінші басылымның көркемдік редакторы – В.Пушкарева, техникалық редакторы – А. Токер. Зерттеуде сатылы аудармадағы паралингвизмдердің берілу ерекшелігін талдау үшін 1953 жылы шыққан Л.Наврозов аудармасы назарға алынып отыр.

Жанама аударма кезінде ең алдымен көзге түскен мәселе – лакуналардың өте көп кездесуі. Лакуна деп түпнұсқа мәтіндегі аударылмай қалған мәтін бөлігін атап отырмыз. Дәнекер тіл аудармасында (біздің мысалымызда орыс тіліндегі аудармасы) қамтылмаған түпнұсқа мәтін бөліктері екіншілік аударма кезінде де толықтай түсіріліп отырады. Сондықтан сатылай аударма үш мәтіннің ішіндегі ең ықшамы болып шығады. Мәселен, түпнұсқадағы «көз тастап», «бір езуін атртып», «басын шайқады», «ақырын күліп қалды», «түйіліп» сынды бір топ паралингвизм қатысқан төмендегі микромәтін бірінші аудармада да, екіншілік аудармада да қамтылмаған (Кесте 21).

Кесте 21 – Аудармадағы лакуна үлгісі

Түпнұсқа	**Аударма**	**Екіншілік аударма**
Майбасар Қаратайға **көз тастап, бір езуін тартып, басын шайқады.** - Қап, мына абыройсыз, бар абыройдан бір-ақ айрылды-ау! - деді. Қонақтардың кейбірі **ақырын күліп қалды.** Қаратай, Байсалдар Оспанның кетісін өз іштерінде: «қорқып кеткен жоқ, егесіп кетті» - деп бағалаған. Құнанбайдың бұрыннан да **түйіліп**, айтар сөзін бастамай ызаланып отырған қалпы бар еді [94, 16].	–	–

Шығарманың кейіпкерлер жүйесінде Оспан образын ашатын алғашқы шиеленісті шағын оқиға баяндалған тұста Оспанға қатысты басқа кейіпкерлердің көзқарасын білдіретін мәтін бөлігінің аудармада көрініс таппауы оқырманның көз алдындағы бала Оспанға тән қайтпас мінез бен әкеден сескенбейтін қайсарлығы толық ашылмай қалуына әсер еткені сөзсіз. Бұл мәтіннің кез келген үзігіне қатысты. Себебі мәтіндегі әр сөз, әр сөйлем, әр абзац – автор ойындағы күрделі сюжетті құраушы, автор идеясына қызмет етуші маңызды компоненттер.

Романдағы лакуналар әртүрлі ауқымда болып келеді. Тұтас сөйлемді аудармаған *лакуна-сөйлемдер* бар. Мысалы (Кесте 22):

Кесте 22 – Лакуна-сөйлем үлгісі

Түпнұсқа	Аударма	Екіншілік аударма
Абай шырайынан үлкен үміт етіп, енді қуана қарап тұрған Көкбай да **қатты қызарып, сүйсініп күлді** [58, 535].	–	–

Сонымен қатар сөйлемнен де көлемді аударылмаған *лакуна-абзацтар* кездеседі. Мысалы (Кесте 23):

Кесте 23 – Лакуна-абзац үлгілері

Түпнұсқа	Аударма	Екіншілік аударма
Бұл Бөжейдің **қабағын баққан** болатын. Өзі қалай көшерін айқын біле алмай, «соның бір білгені шығар» деген есеппен жалт берді [94, 21].	–	–
Екеуі асау көк құнанды жетектеп бара жатқанда, бір төбелесқой, тентек Сағит деген баланың бұларға істеген қырсығын да есіне алды. Қазір нығызсып отырған Жұмабайға қарап, **жымиып күліп қойды.** Бұлар қақпасының жанынан өте бергенде Сағит терезеден көре сала жүгіріп шығып, тас лақтырып, айғай салған. Асау құнанның үркетінін көріп алған соң, онан да жаман құтырып еді. Қақпаға қайта жүгіріп кіріп шыбық алып шығып, бұғып келіп асау құнанды шаптан да түртіп қалған. Сонда көк құнан ышқына шапшып, безе жөнелгенде Жұмабай айырылмаймын деп тырысып көріп еді, тай сүйреп, дедектетіп әкетіп, Жұмабайдың аяғы тарп-тарп етіп қаздаңдап, тымағы, тақиясы да ұшып түсіп қалған-ды. Басының жалтыры да көрініп, Абай **еріксіз күлген-ді.** Асау тоқтамаған соң, шылбырды беліне орап алған Жұмабай, шалқайып табандап тартып, көше бойының құмын боратып, тағы да рәсуа болған. Бұл тұста Сағитқа қосылып Абайдың да **шексілесі қатып еді.** Жұмабай көк құнанды зорға тоқтатып алған соң, Абай Сағитты маңайлатпай қуып жіберіп, сол бәледен Жұмабайды да, құнанды да өзі құтқарып шыққан [94, 24].	–	–

Кесте 23 жалғасы

Қара сұр бала көптің көзі бір өзіне **қадалғанда** енді қысылыңқырап, **қызарып** еді. Бірақ, көзінде жайнай жанған от білінеді. Өзге балаларының ажарынан бөлек, қызулы, саналы оты бар сияқты [94, 13].	–	–

Лакунаның көлемі ұлғайған сайын түсірілген ақпараттың көлемі артып отырады. Бұл шығармадағы оқиғалар тізбегінің аударылмай қалғанын көрсетіп отыр. Аудармадағы лакуна автор құрған жүйені бұзатыны сөзсіз. Себебі мәтіндегі ақпарат тізбекті түрде ғана емес, термелі түрде де бір-бірімен байланысады. Мысалы кейіпкер образын жасау үшін автор бір ғана коммуникативтік жағдаятты емес, шығарманың әр бөлігіндегі түрлі коммуникативтік актілерді тірек етеді. Сол арқылы тұтас бейнені қалыптастыратынын ескерсек, аударма мәтін түпнұсқаға әрі мағыналық, әрі көлемдік жақтан сәйкес келуі керек.

Екіншілік аудармада сәтті баламаланған паралингвизмдер ретінде әмбебап бейвербалды құралдардың аудармасын атай аламыз. Мысалы, «бас шайқау» ишараты әлем халықтарының барлығында дерлік келіспеуді білдіреді. Алайда кей контексте таңдану, түңілу мәніне ие болады. Эмоцияны білдіретіндіктен бас шайқаудың екінші мағынасы да барлық халыққа түсінікті, ортақ деуге болады (Кесте 24).

Кесте 24 – Паралингвизмдер аудармаларының салғастырмалы мысалы

Түпнұсқа	**Аударма**	**Екіншілік аударма**
- Бала деген қорқар болар еді. Ес бар ма өзіңде, пәруәрдігер, - деп Байтас **бабын таба алмай басын шайқайды** [94, 4].	Байтас **сокрушенно покачал головой**: — И как это мальчуган не боится? О господи, да есть ли у него рассудок?.. [152, 32].	"Why isn’t he afraid? Hasn't he any sense?" Baitas **shook his head reprovingly** [186, 22].

Берілген мысалдағы «бабын таба алмай басын шайқайды» паралингвизмі орыс тіліне «сокрушенно покачал головой» деп, екіншілік аудармада «shook his head reprovingly» деп сөзбе-сөз аударылған. Бұл үзіндіде «басын шайқады» амалының мәнін жанындағы «бабын таба алмай» тіркесі аша түскен, сондықтан аудармасы орыс тілінде де, ағылшын тілінде де сәтті шыққан. Екі аударма да бейвербалды амал мағынаны нақтылаушы компонентпен қосақтасып жүргендіктен жұмсалымдық мәнін болжау қиын емес, әрі «бас шайқаудың» таңдану мәні бұл тілдердің барлығында бар қолданыс.

Сонымен қатар қазақ тілінен орыс тіліне функциялық аударма арқылы, орыс тілінен ағылшын тіліне калькалау арқылы аударылған бейвербалды

амалдың мынандай да үлгісі бар: ***төбенден бір-ақ нұқу → стукнут тебя по голове→ hit you over the head*** (Кесте 25)

Кесте 25 – Паралингвизмдердің аудармаларының салғастырмалы мысалы

Түпнұсқа	Қоқырақтап жалғыз шабатын неме екен, түсіріп атын әпкел өзінің!» - дейді де, сені **төбеден бір-ақ нұқып**, мына бәйге бестіңді алады да кете барады, - деді Жұмабай да [94, 1].
Аударма	**Стукнут тебя по голове**! [152, 1].
Екіншілік аударма	And they'll **hit you over the head** [186, 21].

Бұл аударма да сәтті шыққан, себебі «төбеден бір-ақ нұқу» паралингвизмі тура мағынасында тұр, бұл амал нақты физикалық қысымды білдіретіндіктен барлық тілде дәл осы мағынада қолданылады. Алайда ағылшын тілінде «hit (someone) over the head» тіркесінің ауыспалы мағынасы да бар. Мәселен Collins сөздігінде бұл амалдың бір нәрсені ерекше екпінмен, дөрекі түрде баса айтуды білдіретін ауыспалы мағынасы көрсетілген [185].

Тілдегі мәдени семантикаға ие фразеологиялық паралингвизмдерді аударма тілдегі мағыналас фразеологиялық бірліктер арқылы аудару сәтті шешім екенін тәжірибе көрсетіп отыр. Мәселен үзіндідегі «шексілесі қату» бейвербалды амалы орыс тіліне «заливается смехом» фразеологизмі арқылы, ал ағышын тіліне «choking with laughter» фразеологизмі арқылы аударылған. Алайда берілген фразеологиялық паралингвизмді автор «шексілесі қатып, үнсіз күліп тұрған» деген күрделі құрылыммен вербалдайды, сондықтан мұндағы күлкінің дауыс шығармай күлуді білдіріп тұрғанын көруге болады (Кесте 26).

Кесте 26 – Паралингвизмдердің аудармаларының салғастырмалы мысалы

Түпнұсқа	**Аударма**	**Екіншілік аударма**
Қараса, бұның шоқпарын тартып ап, ақ боз аттың алдынан көлденең шығып, қазір **шексілесі қатып, үнсіз күліп тұрған** бағанағы шәкірт бала [94, 2].	Так вот кто налетел на него, отобрал шокпар, остановил коня и теперь **заливается смехом, не в силах вымолвить слова** [152, 2].	So that was the ,attacker who had disarmed him, stopped his horse and now sat there **choking with laughter** [186, 22].

Орыс тілінің фразеологиялық түсіндірме сөздігінде «заливаться смехом» тұрақты тіркесі қатты дауыс шығарып күлуді білдіреді (громко, с перекатами голоса), алайда ағылшын тіліндегі «choking with laughter» тіркесінің мағынасы қазақ тіліндегі «ішек-сілесі қатып күлу» фразеологизміне жақын, бұл тіркес күлкіден дем жетпеу, тұншығу дегенді білдіреді, яғни мұнда да күлкінің дауыссыз орындалатынын көруге болады. Екіншілік аудармадағы

паралингвистикалық балама бала шәкірттің эмоциясын дәлірек беріп тұр. Алайда ағылшын тіліндегі аудармасында «үнсіз күліп тұрған» - «не в силах вымолвить слова» деген бөлік түсірілген. Көркем аудармада лакунаның, яғни кей бөліктерінің аударылмауы жиі кездесетін құбылыс. Бірақ дәнекер тіл арқылы аудару барысында лакунаның көлемі артатыны сөзсіз. Себебі түпнұсқаны екінші тілге аудару кезінде жасалған лакуналардың қатарына оны үшінші тілге аудару барысында жасалатын лакуналар қосылады.

Сондай-ақ түпнұсқа мәтіндегі бейвербалды амалды нақтылау процессі екі аудармада да қатар жасалған мысалдар бар (Кесте 27).

Кесте 27 – Паралингвизмдердің аудармаларының салғастырмалы мысалы

Түпнұсқа	Аударма	Екіншілік аударма
Жұмабай зорға дегенде бойын түзеп ап, жаңа ғана тымағын кейін қайырып қап еді [94, 2].	Жумабай осторожно выпрямился и, **весь дрожа,** сдвинул со лба шапку [152, 2].	Zhumabai sat up cautiously and pushed his hat back **with trembling hands** [186, 22].

Үзіндінің аудармасы әсерлі болуы үшін қос аудармашы Жұмабайдың тымағын кейін қайыру әрекетін бейвербалды элементпен толықтыра түскен. Орысша нұсқасында «весь дрожа, сдвинул со лба шапку» деп аудармашы өз тарапынан сипаттама қосып өтсе, ағылшыншасында «pushed his hat back with trembling hands» деп жай ғана дірілдемей, қолының дірілдегенін нақтылай түседі. Кейіпкердің образын аша түсу үшін қолданылған нақтылау тәсілі аударманың көркемдігін арттырған әрі түпнұсқадағы кейіпкер бейнесін өзгертпеген, тек нақтылай түскен.

Екіншілік аударма дәнекер тіл мәтініне сүйенетіндіктен оның түпнұсқаны бұрмалап жіберетін кездері аз емес. Оны төмендегі үзіндіден анық көруге болады (Кесте 28).

Берілген үзінді шығарманың ағылшын тіліндегі аудармасы орыс тілінен алынғанын анық көрсетіп тұр. Біріншіден, қазақ тіліндегі «шала бұрылып, көз қиығын тастап көрді» деген бейвербалды амалдар орыс тілінде де, ағылшын тілінде де аударылмаған. Сондай-ақ шығарма кейіпкері қазақ тілінде «*қорқақтай артына қараған болса»*, орысша және ағылшынша мәтіндерде артына қарауға мүлдем бата алмаған, қарамаған болып шығады, яғни кейіпкердің әрекеті аудармаларында өзгерген.

Кесте 28 – Паралингвизмдердің аудармаларының салғастырмалы мысалы

Түпнұсқа	Аударма	Екіншілік аударма
- Әй, кәпір, содан қосылған жау болды-ау.	«Ох, вылез, нечистый! С мальчиком расправился	Zhumabai was beside himself with terror. "The

Кесте 28 жалғасы

Баланы алып, бізді баққан екен-ау! - деп аққөк атты тепкілей берді. Артына **қорқақтай қарап, шала бұрылып, көз қиығын тастап көрді.** - Мас көзіңді, мас! - деп, **әзірейілдей төніп келе жатқан бірдеме** [94, 2].	и гонится за нами! — мелькнуло в мыслях Жумабая, и, вне себя от страха, он погнал коня, даже **не смея оглянуться на всадника**. Но тут же он услышал **грозный гнусавый оклик:**— Закрывай глаза! [152, 2].	devils are loose! They've killed the boy," he thought, "and now they're after us." Lashing his horse wildly, he raced on, **afraid to look back.** Then suddenly **a rasping voice barked** the command: "Close your eyes!" [186, 22].

Сатылы аудармаға қарағанда тура аударма түпнұсқаға жақын болатыны сөзсіз. Мәселен «Абай жолы»романының түрік тіліндегі нұсқасын оқыған оқырман бұл аударманың түпнұсқадан жасалғанын бірден байқайды. Роман-эпопея түрік тіліне ең алғаш 1997 жылы М.Әуезовтің 100 жылдық мерейтойы қарсаңында аударылған. Анкараның «Біліг» баспасынан шыққан түрік тіліндегі «Абай жолының» аударған Зейнеш Ысмайыл, Ахмет Гүнгөр болса, редакциялаған – Осман Гүнгөр, Сәуле Дағайқызы. Шығарма «Abay Yolu» деп аталатын екі кітаптан тұрады. Түпнұсқадан жасалған бұл аударманың бірден көзге түсетін екі артықшылығы бар:

- *Біріншіден*, аудармашылар сөйлемдерді, ойды барыншы толық аударуға тырысқан, лакуналар аз.

- *Екіншіден*, қазақ және түрік тілі туыстас тілдер болғандықтан бейвербалды амалдарды аудару дәлдігі басым.

Түрік тіліндегі аудармадан шығарманы қазақ тілінен туыстас тілдерге аудару әлдеқайда жеңіл екені байқалды. Алайда тіпті туыстас тілдер мен халықтардың мәдениеті әрдайым бір-біріне толық сай келе бермейтін, аударуға көнбейтін түсініктердің кездесетін тұсы мол. Сол себепті кейбір реалийлердің түрік тілінде түсіндірмесі беріліп отырған. Мысалы «тымақ» деген сөзді *tımak: Kazak Türklerinin bir tür sapkası” деп көрсетеді.

Романдағы паралингвизмдерді аударудың күрделігін дәл байқаған аудармашы З. Ысмайыл түрікше аудармасының кіріспесінде романда «күлу» етістігінің 48 түрі кездесетінін айта келе, оларды былайша санамалап көрсетеді: *аңқылдап күлу, барқылдап күлу, балбырап күлу, ду күлу, жымиып күлу, жылмиып күлу, жырбиып күлу, жыртиып күлу, жырқылдап күлу, кеңкілдеп күлу, қаңқылдап күлу, қарқылдап күлу, қиқылдап күлу, қоңқылдап күлу, қорқылдап күлу, көркілдеп күлу, қылмыңжай күлу, миығынан күлу, мұртынан күлу, мырсылдап күлу, саңқылдап күлу, сақылдап күлу, селкілдеп күлу, сылқылдап күлу, сықылықтап күлу, сыңғырлап күлу, таңқылдап күлу, тарқылдап күлу, шаңқылдап күлу, шықылдап күлу, шіңкілдеп күлу, ырбиып күлу, ырқылдап күлу, ырсылдап күлу, әзәзіл күлкі, зәрлі күлкі, көмей күлкі, нәрлі күлкі, жалған күлкі, сайқал күлкі, шат күлкі, арсыз күлкі* [187, 5].

Шығарманың бір тілден екінші тілге аударылу мәселесіне келгенде аударылып отырған тілдің ерекшелігін ескеру керек. Себебі грамматикалық құрылымы бөлек тілдерге аударма жасау барысында тілдік бірліктердің сөйлемдегі орны ғана емес, формасы да өзгеріске түседі. Сол секілді лексика тұрғысынан да толық сәйкестік табуға ұмтылу орынсыз. Әр тілдің фразеологиялық, паремеологиялық қоры және басқа да тілдік бірліктері өз алдына бөлек болады. Сатылы аударма келгенде бұл мәселе одан әрі шиеленісе түседі. Сатылы аударма түпнұсқа мәтіннің сапалы үлгісі бола алатыны күмәнді болса да, аударманың бұл түрінің көркем туындыны дүниежүзіне кеңірек таратуда рөлі зор екенін де жоққа шығара алмаймыз. Сол себепті, аударманың аталған жанрына түбегейлі қарсы болу дұрыс емес. Мысалы, Ә.Сатыбалдиев белгілі жазушы Марк Твеннің әңгімелерін қазақшаға орыс тіліндегі нұсқасы арқылы тәржімалаған. Бұл аудармалар қазақ оқырманының ықыласына бөленген. Әлем оқырмандарының қазақ халқын ұлттық бояуы, қазақы қалпы сақталған, түпнұсқаға барынша жақын шығарма арқылы тануы маңызды, әрі солай болуы да керек. Сол себепті қазіргі таңда әлемдегі доминант тіл және лингвофранка болып отырған ағылшын тіліне шығарманы осы бағыттағы ізденістердің нәтижелері мен тұжырымдарын ескере отырып қайта аудару қажет екені сөзсіз.

3.3 Коммуникацияның бейвербалды құралдарын аудару тәсілдері

Әр оқырманның көркем мәтіннен қабылдайтын мағыналық және эстетикалық ақпаратының көлемі әртүрлі болады. Әдебиетте бұл ұғым «рецепция категориясы» деп аталады. «Рецепция, яғни қабылдау – компаративистиканың негізгі категориясының бірі. Жалпы аударманың өзі рецепцияның бір формасы ретінде қарастырылады. Әдеби туындыны қабылдау, итнерпретациялау мәселелері М.П.Алексеев, А.Н.Веселовский, Д.Дюришин, В.М.Жирмунский, И.Г.Неупокоева және т.б. ғалымдардың еңбегінде ішінара айтылады. «Аударма мәтінді қабылдау дегеніміз – оқырманның әдеби шығарма мазмұнын түсіну арқылы басқа рухани мәдениет құбылыстарына зер салуы» [157, 44].

Әрі тарихи, әрі этикалық-рухани шығарма ретінде ерекшеленетін «Абай жолы» романын өзге тілді оқырманның жақсы қабылдауы – аударма мәтіннің еншісіне тиетін жауапкершілік.

Роман-эпопея тіліне тән ерекшеліктің бірі – ұлттық білімнің ауқымды қорының шығарманың өн бойында үздіксіз көрініс тауып отыруы. Л.Әуезова жазушының А.Құнанбайұлының туған жерінен жинаған жазбаларының ішінде халық мақал-мәтелдері, көнерген сөздері мен сөз орамдары мол екенін айтады. Сондай-ақ жиналған деректердің қатарында қазақ халқының салт-дәстүрі, отау құру, жерлеу әдептері, күнтүзбесі және космологиялық түсініктері туралы этнографиялық мәліметтердің де барынша терең баяндалғанын және оларды автор шығармада толық қамтуға тырысқанын айтады [168, 12].

Шығарма тілінің шұрайлы болуына әсер еткен халықтың тіл қазынасы екенін А.Нұрқатов дәл байқайды: «Қазақтың ғасырлар бойы жасалып, молығып

келген тіл байлығын жазушы жете игерген және сонысын өзінің романдарында мейлінше мол әрі шебер пайдаланған. Яғни, ол туған тілінің бойынан бейнелілік мол қуат тапты. Бұл заңды да. Өйткені қандай сөз суретшісі болмасын тыңнан тіл жасай алмақ емес. Бірақ ол халық тілін молықтырады, оны жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен байытады, ол өз халқының тіл байлығын мол пайдалана отырып, қазақтың әдеби тілін жаңа биікке көтерді. Бұл ретте М. Әуезов романдарының атқарған рөлі ерекше. Жалпы алғанда, қазақтың қазіргі әдеби тілінің байлығы мен алуан түрлі қырын, оның суреттеушілік мүмкіншіліктерін М. Әуезовтің Абай туралы романдары мейлінше анық танытты» [188, 136] – дейді.

Шығарма тілінде көрініс тапқан тілдік-көркемдік қуаты жоғары құрылымдардың бірі – *вербалданған бейвербалды амалдар*. Бейвербалды амалдар – кез келген халықтың қатысым мәдениетінде тілмен (сөйлеумен) қатар қолданылатын коммуникацияның басты бірлігі.

Көркем мәтінде жазушы шығарманың эмоционалды бояуын күшейтіп, кейіпкерлер мен оқиға желісін «тірілту» үшін қолданатын бірден-бір тәсіл – «тілдік емес құралдарға тіл бітіру». Шығармадағы паралингвистикалық құралдар тек түпнұсқа мәтінде ғана емес, аударма мәтінде де қызметі мен қуатын сақтауы қажет. Осы орайда көркем мәтіндегі қазақ халқына тән паралингвизмдердің басқа бір мәдениетте берілуін, яғни, аударылу деңгейін бағамдау үшін «Абай жолы» романының орыс тіліндегі аудармалары зерттеу дереккөзі болып отыр [66, 121].

Аударма теориясының Германияда ғана емес, бүкіл Еуропада дамуына үлкен ықпал еткен белгілі неміс лингвисті О. Каде аударманың бірлігін «транслатема» деп атайды. «Транслатема» аударылып отырған элементтің әрі шығыс тілдегі , әрі аударылатын тілдегі мазмұны мен тұрпатын қамтиды. Зерттеуімізге негіз болып отырған бейвербалды амалдардың түпнұсқа және аударма мәтіндегі көрінісін «транслатема» ретінде қарастыруға болады. Ғалым аударманы қатысушылары әртүрлі тілдік кодтарға ие *ектілді коммуникация* деп есептейді. Мәтінді *коммуникат* деп атай келе, коммуникаттың мазмұны – мән, формасы – тілдік таңбалар мен олардың мағынасының тізбегі екенін айтады.

Әдеби туындының аудармасын тілдік бірліктері негізінде қарастыруды көркем аударманың микроанализі деп бағалауға болады. Себебі әр сөз – шығарманың архитектоникасын құраушы компонент болғандықтан, тұтас аудармаға зор ықпал етеді.

Аударма мәтіннің кез келген элементі лингвистикалық аударматанудың зерттеу нысаны бола алмайды. Профессор А.Алдаш дәл атап өткендей, «талдау үшін мәтіндегі кез келген тілдік единица емес, рухани-материалдық мәдениеттің нышаны бар, ұлттық мәдениеттің тілдегі көрінісін белгілейтін тілдік фактілер (лингвокультуремалар)» алынуы және «тіл жүйесіндегі дербес лексикалық единица ретінде емес, қолданысқа түскен элемент (функционирование в речи) ретінде танылуы» қажет [117, 9]. Паралингвизмдер бұл тұрғыдан ғалым атап өткен талаптарға толық сай келеді.

Аударманың ең басты талабы – түпнұсқаға жақын болуы, мазмұндық ауытқушылықтың болмауы. Сондықтан мәтіндегі әрбір элементтің аударылу сапасы жалпы аударманың эквиваленттілігіне тікелей әсер етеді. Баламаның *толық балама, абсолютті балама, контекстуалды балама, формалды балама, баламасыз лексика, ішінара сәйкестік, лексикалық алмастырулар* сынды түрлері бар. В.Н. Комиссаров аударма түпнұсқаға барынша сәйкес болуы үшін мынадай маңызды бөліктері сақталуы керек дейді:

1) Коммуникацияның мақсаты;

2) Жағдаят;

3) Жағдаятты суреттеу тәсілі;

4) Синтаксистік құрылымның мағынасы;

5) Сөз семантикасы [188, 55-56].

Бейвербалды амалдар мәтіндегі коммуникативтік жағдаяттың негізгі компоненті болғандықтан, бұл бөліктердің әрқайсысы паралингвизмдердің аудармасында да ескерілуі тиіс. Аударманың сапалық көрсеткіші саналатын «эквивалент» термині – «equi-valence», яғни «equal value» сөзінен шыққан. Оның мағынасы «құндылығы бірдей, тең», яғни аударма нұсқаның тілдік-мәдени құндылығы түпнұсқамен тең дәрежеде болуы қажет дегенді білдіреді. Эквивалент ұғымы әрі форманы, әрі функцияны қамтиды. *Формалды эквивалентке* аударылып отырған нысанның сөз саны мен грамматикалық құрылысының түпнұсқаға толық сәйкес келуі жатса, *функциялық эквивалент* аударылып отырған нысанның екінші тілде бірінші тілдегідей мағынаға ие болып, сәйкес қызмет атқаруын білдіреді. Мысалы, батыс Еуропа халықтары үшін «бас изеу» вербалды амалы келісуді білдірсе, түрік халқы үшін келіспеуді білдіреді. Осындай мәдени ерекшеліктерге кездескенде, формадан гөрі функцияға басымдық беру қажет. Әсіресе, көркем аудармада формалды эквивалент табу немесе тудыру сәтті шешім бола бермейді. «Формалды эквивалентке» қарама-қарсы түсінік ретінде динамикалы эквивалентті атай аламыз.

Мәдениетке бейімдеп аударуды американдық лингвист Е. Найда «табиғи эквивалент» (natural equivalence) деп те атайды. Е. Найда: «Аударма шығыс тілдегі ойды дәл жеткізе алатын мағынасы ең жақыны табиғи эквивалентті табуға негізделеді» - деп есептейді [190, 12].

Ньюмарктың семантикалық және коммуникативтік аударма терминдері де жоғарыда аталған ұғымдармен сай келеді [156, 39]. Аталған екі зерттеушінің бағыттарындағы ерекшелік Ньюмарк бұрынғы «сөзбе-сөз» аударманы сапалы аударма жасаудың жалғыз жолы деген көзқарасты берік ұстанады.

Белгілі тілтанушы О. Каде эквиваленттіліктің құрамына қарай төрт түріне тоқталады [191]

1. Бірге-бір (One-to-one/Eins-zu-Eins): шығыс тілдегі бір тілдік бірлікке аударылатын тілдің де бір тілдік бірлігінің сәйкес келуі. Мысалы, *бас шайқау – покачать головой*;

2. Біреуге – бірнешеу немесе бірнешеуге – біреу (One-to-several or several-to-one/Viele-zu-Eins): шығыс тілдегі бір ұғымға аударылатын тілдегі бірнеше

ұғымның сәйкес келуі немесе керісінше болуы. Мысалы: *бас изеу, бас шұлғу – кивнуть головой* (один раз или многократно наклонить и снова поднять голову), *мұрнын тыржиту, мұрнын шүйіру – сморщить нос* .

3. Бүтінге – бөлшек (One-to-part/Eins-zu-Teil): шығыс тілдегі сөздің мағынасын толық жеткізе алмайтын «жуық баламаны» білдіреді. Мысалы: *құшақтап көрісу – обнять, қабағын жыбырлату – шевелить бровями* т.б.

4. Бірге-нөл (One-to-none/Eins-zu-Null): Шығыс тілдегі сөзге сай келетін баламаның аударылатын тілде мүлдем болмауы. Мұндай жағдайда көбінесе калька, сөз алу немесе сипаттау әдістері қоланылады. Мысалы: «етегін сілку», «малдас құру», «қабағын бағу» сынды амалдардың орыс тілінде дәл баламасы жоқ.

Шығыс мәтін мен аударма мәтіннің эквивалент сапасына байланысты Я.И. Рецкер санамалап көрсеткен баламалардың 4 түрі де осыған ұқсас:

1) толық балама (полный эквивалент) – бір мағыналы сөздің мағынасын толық жеткізетін балама;

2) жартылай балама (частичный эквивалент) – аударылатын тілде түпнұсқа тілдің бірегей баламасы;

3) абсолютті балама (абсолютный эквивалент) – аударылатын тілдегі сөз түпнұсқа тілдегі сөзге мағыналық жағынан да, грамматикалық құрылымы жағынан да сәйкес балама,

4) қатыстық балама (относительный эквивалент) – түпнұсқа тілі сөзінің жалпы мағынасын беретін, бірақ оның стильдік жағынан мағынасын толық ашпайтын балама [192, 18].

Мәтінді аударуда дәл балама жасаудың жолдарын қарастырған француз зерттеушілері Виней және Дарбельнет аударма процесінде қолданылатын жеті түрлі тәсілді көрсетеді:

1. Кірме сөз (loan) - бір тілден екінші тілге еш өзгеріссіз немесе аздаған өзгеріспен енген сөз;

2. Калька (calque) - шет тіліндегі сөзді немесе сөз тіркесін тура аудару арқылы алынған жаңа атау.;

3. Әдеби аударма (literal translation) – берілген қолданысты сөзбе-сөз аудармай, мағынасын ашатын әрі әдеби тілдің нормаларына сай тілдік бірлік арқылы көркем әрі түсінікті етіп аудару.;

4. Транспозиция (transposition) – аударма барысында грамматикалық құрылымды өзгерту, яғни бір сөз табын басқа сөз табына айналдыру;

5. Модуляция (modulation) – мағынасы сақтап, бірақ тұрпатын өзгерту арқылы ойды басқа қырынан жеткізу;

6. Эквивалент (correspondence/equivalence) – аудармада түпнұсқаның мағынасын дәл беретін тұрақты сөз немесе тіркес қолдану.;

7. Адаптация (adaptation) – бір мәдениетке тән ұғымды екінші мәдениетке бейімдеп, өзгертіп жеткізу [193, 55].

Тізімдегі аудару тәсілдерінің барлығын көркем аудармада қолдануға келе бермейді. Мысалы кірме сөздерді пайдалану немесе калька жасау басқа тәсілдер ешқандай нәтиже бермеген жағдайда ғана қолданылады. Сондай-ақ француз

ғалымдары аудару кезінде сөйлем шеңберінде қолдануға болатын «стилистикалық процедураларды» да атап өтеді. Олар:

- Амплификация (Amplification) – ойды дәл жеткізу үшін аудармада шығыс мәтінге қарағанда көбірек сөз қолдану;
- Редукция (Reduction) – амплификацияға қарама-қарсы әдіс, яғни аударма мәтінде шығыс мәтінге қарағанда аз сөз қолдану;
- Экспликация (Explicitation) – түпнұсқа мәтіндегі негізгі ойды қысқаша баяндау;
- Импликация (Implicitation) – түпнұсқа мәтіндегі негізгі ойға қоса астарлы ойды да жеткізу;
- Генерализация (Generalization) – түпнұсқа мәтінді немесе мәтін элементін кеңейтіп, ұлғайтып аудару;
- Партикулизация (Particularization) – жалпы мәндегі ұғымды жалқы мәнде баламалау [186, 117].

Аударма туралы түсінік күннен-күнге кеңейіп келе жатқандықтан аудармада қолданылатын тәсілдердің де саны артқанын атап өту керек. Мысалы В. Дорслердің 2007 жылғы зерттеуінде «аударма процедуралары» деген атпен аударма тәсілдерінің 24 түрі көрсетіледі [194, 227]:

1. Аккультурациялау (acculturation) – бір тілдегі немесе мәдениеттегі ұғымды екінші тілдің мәдениетіне бейімдеп аудару.
2. Кеңейту (amplification) – түпнұсқада қысқа берілген ойды аудармада толық, кең етіп жеткізу.
3. Калька (calque) – сөзді немесе тіркесті тура аудару (құрылымын сақтап).
4. Орнын толтыру (compensation) – түпнұсқадағы аударылмай қалған қолданыстар немесе ақпаратты мәтіннің басқа бөлігіне қосу.
5. Қысқарту (Condensation) – ойды ықшамдап беру, артық элементтерді алып тастау.
6. Тура көшіру (direct transfer) – сөзді еш өзгеріссіз алу (мысалы, «internet» → «интернет»).
7. Түсіндіру (expansion) – түпнұсқада мағынасы таңсық мәдени немесе термин лексема туралы қосымша түсіндірме беру.
8. Имплицитациялау (implicitation) – мағына ашық айтылмайды, контекст арқылы түсінікті болады.
9. Интерпретациялау (interpretation) – сөзбе-сөз аудармай, тілдегі стильдік және мазмұндық тұрғыдан сай келетін формасы бөлек құрылымдар арқылы аудару.
10. Модификациялау (modification) – аудармада бастапқы құрылым немесе мазмұн өзгеріске ұшырайды.
11. Қайта категориялау (recategorization) – бір сөз табын басқа сөз табына ауыстырып аудару.
12. Сөз қосу (addition) – түпнұсқада жоқ болса да, аудармада мағынаны түсінікті ету үшін сөз қосу.
13. Қайта құру (reformulation) – ойды басқа сөздермен, жаңа құрылыммен жеткізу.

14. Қалдырып кету (omission) – мағынаға зиян келтірмейтін элементті аудармай кету.

15. Бейімдеу (adaptation) – мәдени тұрғыдан жақын ұғымды қолдану.

16. Кірме сөз алу (borrowing) – шет тіл сөзін өзгеріссіз алу.

17. Жаңа сөз жасау (coinage) – аудармада бұрын болмаған жаңа термин немесе атау енгізу.

18. Ықшамдылық (concision) – мағынаны барынша қысқа әрі дәл жеткізу.

19. Деноминализация (denominalization) – зат есімді етістікке айналдырып аудару

20. Әлсірету (dilution) – түпнұсқадағы экспрессивтілікті немесе күшті әсерді төмендетіп аудару.

21. Имитациялау (imitation) – түпнұсқаның стилін, ырғақтық немесе дыбыстық ерекшелігін қайталау.

22. Ауыстыру (interchange) – мәтіндегі элементтердің орнын өзгерту немесе басқа бірліктермен алмастыру.

23. Модуляция (modulation) – ойды басқа қырынан жеткізу.

24. Парафраз (paraphrase) – мағынаны сақтап, басқа сөздермен аудару.

«Абай жолы» романының аудармашылары бейвербалды амалдарды аудару кезінде жоғарыда аталған аудару тәсілдерінің әр түрін қолданған. Бұл тәсілдердің басым бөлігі – лексикалық трансформациялар. Л.С. Бархударов: «*Лексикалық трансформациялар* тілдердің формалық және семантикалық айырмашылықтарына қарамастан эквивалентті аудармаға қол жеткізу үшін қолданылады», - деп түсіндірсе, Ә.Сатыбалдиевтің пікірінше, «кейбір сөз ауыстыру, қосарлау, үстемелеу деген сияқты нәрселер шығарманың көркемдік бояуы мен эмоциялық әсерін жеткізе түсу мүддесімен келген» [195, 148].

Мәтіннің барлық элементін сәтті баламалау мүмкін емес. Себебі түпнұсқа мәтін ана тілін жетік білетін, ана тілі арқылы аялық білімді, мәдени-тарихи жолын бойына сіңірген, сол тілде сөйлейтін оқырманға бағытталып жазылады. Түпнұсқа мәтін – сол мәдениеттің нәрі сіңген, сол халықтың мінезін алған туынды. Оны дүниені тануы мен қабылдауы мүлдем бөлек басқа халықтың тіліне аударғанда, барлық қуаты мен тереңдігін сақтау оңай емес.

Бейвербалды амалдардың мәдениетпен шектелетін, аударуда қиындық тудыратын мағыналық реңктерінің мол болуы аудармашылардың аударма мәтінде мағынаны түрлендіру арқылы баламалауына ықпал еткен. Жоғарыда аталған баламалау тәсілдерін саралай келе, «Абай жолы» дәуірнамасындағы вербалданған бейвербалды амалдарды аудару кезінде мынандай тәсілдердің қолданылғаны анықталды:

1) Сөзбе-сөз аудару немесе калькалау;
2) Сөз қосу;
3) Генерализация (мағынаны ұлғайту);
4) Конкретизация (мағынаны нақтылау);
5) Функциялық аударма (теңестіре аудар).
6) Түсіндірмелі аударма
7) Транслитерациялау

8) Паралингвизмді аудармай, қалдырып кету.

1. Сөзбе-сөз аударылған тілдік бірліктер – түпнұсқа мәтіндегі сөздердің аударма мәтінде мағынасы мен формасы толық сәйкес келетін абсолютті эквиваленті арқылы баламаланған паралингвизмдер.

Сөзбе-сөз аударма тілдік бірліктің әрі семантикалық әрі грамматикалық дәлдігіне негізделеді. Көркем мәтінге образдылық, экспрессивтілік тән болғандықтан, лексика-грамматикалық жақтан тура баламалау сәтсіздікке, мағыналық, стильдік ауытқуларға әкелуі мүмкін. Қазақ және орыс тілінің типологиялық ерекшелігіне байланысты сөзбе-сөз балама жасау тиімді әдіс болып есептелмейді. Аудармада маңызды рөл ойнайтын фактордың бірі тілдердегі «формалық сәйкестік» (formal correspondence).

Сөзбе-сөз аударма – аударманың ерте кезеңде қалыптасқан түрлерінің бірі. Аудармадағы бұл тәсілді Ө. Айтбаев «әріпқойлық» деп атап, пайда болу себебін: «Әріпқойлық діни әдебиеттерге деген «киелі» көзқарастар негізінде қалыптасса, еркіндік римляндықтардың гректің бай әдебиетінен үйрену талабынан туса керек» - деп болжайды [158, 9].

Сөзбе-сөз аударма жасауды «калькалау тәсілі», «формальды-құрылымдық аударма», «таңбалық аударма» деп те атайды. Формальды-құрылымдық сәйкестіктері бойынша аударма – шығыс тілінің бірліктерін аударылатын тілдің формальды-құрылымдық сәйкестіктерімен алмастыратын аударма, яғни сөз дәл сол лексикалық мағынаны беретін сөзбен ауыстырылады.

Ж.Абдуллаева: «Ресми және ғылыми тілді аударуда сөзбе-сөз аудару амалы жиі қолданылғанымен, көркемдік аудармада тиімсіз болып келеді» - деп басқа стильдермен салыстырғанда калькалаудың көркем әдебиетте белсенді қолданылмайтынын айтады [180, 15]. «Абай жолы» романынан жиналған бейвербалды амалдардың аудармасында да сөзбе-сөз баламалардың көп кездеспеуі зерттеуші пікіріне айғақ бола алады. Ж.Алшинбаева сөзбе-сөз аударманы «Аударма тілінде семантикалық тұрғыдан сәйкес келетін балама болмаса немесе аударма тілінде балама болғанымен, бірақ оның қолданылуы мәтіннің ұлттық реңкінің жойылуына әкелетін жағдайда қолдану керек», - деп есептейді [196, 93].

Көркем мәтін аудармасына келгенде «сөзбе-сөз аударма» шартты түсінік. Себебі көркем мәтін элементін, әсіресе бейвербалды амалдарды толық сөзбе-сөз баламалау мүмкін емес. Оның орнына мағынасы жуық элементтер арқылы сөзбе-сөз баламалауға талпыныс жасалады деуге болады. Роман-эпопеяда сөзбе-сөз аударылған паралингвизмдердің мынандай үлгілері бар (Кесте 29).

Кесте 29 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	**А.Ким аудармасы**	**Л.Соболев аудармасы**
Абайдың үстіне, ол отырған бөлмеге Әбіш	Она была настолько смущена, что **осталась**	Через несколько минут Абиш в невеньком

Кесте 29 жалғасы

сәлем беріп кіргенде, Мағыш іркіліп ұялып **есік сыртында қалып еді** [71, 37].	**стоять за дверью,** когда Абиш, в своей новенькой военной форме, широко улыбаясь, вошел в комнату к отцу [197].	офицерском мундире вбежал в комнату отца и громко отдал ему салем. Магиш постеснялась войти вместе с мужем и **задержалась за дверью** [153, 348].
Әбіш ақырын ғана күліп отыр, ол жауап қатпады. «Мағыш қайтер екен!» деп келіншегінің нұрлана балқып отырған ақ жүзіне **көз тастады** [71, 50]	Абиш не сказал ни слова лишь тихонько рассмеялся. Украдкой он **бросил взгляд** на жену [197].	Абиш молчал, посмеиваясь и **искоса поглядывая** на заалевшие от смущения щеки жены [153, 357].
Ал біз, оқыған жігіттер мұндайда, әйеліміздің сенгіштігіне сүйеніп алдай да береміз! деп, **көзін қысып қойды** [71, 50].	Данияр продолжал свою игривую мысль, **весело подмигнув** Абишу Вот так мы, каратаяки, и обманываем своих жен, пользуясь их безграничной доверчивостью! [197].	Мы, каратаяки, умеем обманывать своих доверчивых жен! – И он **лукаво подмигнул** Магиш [153, 357].
– Айналайын, қоңыр қозым, – деп, **арқасынан қағып, маңдайынан иіскеді** [94, 266].	– Дорогой ты мой, ягненочек мой черный! – сказала она и **погладила внука по спине** [197].	– Айналайын, ягненочек мой! – ласково глядя на него, сказала она и **похлопала его по спине** [152, 417-418].
Майсара Абайдан ұяла отырса да, **бетін баса сықылықтай күліп қапты**. Қымыз құйып отырған Афтап та ажарлы **жүзі қып-қызыл боп қыстығып, кесек денесін дірілдетіп, үнсіз күліп отыр** [71, 56].	От смущения, что она сидела рядом с самим Абаем, и след простыл **закрыв лицо руками, она звонко рассмеялась.** Афтап **смеялась тихо, вся покраснев**, и оттого, что ей долго приходилось сдерживаться, все ее **пышное тело мелко вздрагивало**, а красивое лицо стало еще краше [197].	Стесняясь Абая и, **прикрывая лицо рукавом,** Майсара **заливалась смехом**. У Афтап, разливавшей кумыс, чуть **вздрагивали плечи** [153, 362].
Хазірет ұзын таяғын көлбей тастап, аласа	Хазрет повернулся и пошел, все еще	Выбрасывая вперед длинный посох и шаркая

Кесте 29 жалғасы

өкшелі кебісін мешіт қасындағы қиыршық тасқа тықыр-тықыр басып, **бетін қайта-қайта сипап**, жүріп кетті [71, 64].	**поглаживая лицо**, оставив невежественных торговцев стоять у стены мечети, слушать, как он стучит своим длинным посохом и шуршит маленькими кебисами по камешкам, рассыпанным во дворе [197].	каблуками низких кебисов по крупному песку, хазрет направился к дому, поминутно **гладя себя по лицу ладонью** [153, 368].

Сөзбе-сөз аудармаға оңай көнетін бейвербалды амалдардың бір түрі – дейктикалық ишаралар. Мәселен төмендегі мысалда «**қамшысын жаңағы сөйлегендер жаққа нұсқап**» паралингвизмінің «**указывая плетью на шумевших**» деген баламасы екінші тіл оқырмандарына түсінікті, әрі өзге тілді оқырман бұл аудармадан қазақ халқында «нұсқау» мақсатында қамшыны қолданатынын да аңғарады (Кесте 30).

Кесте 30 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармасы

Түпнұсқа	Л. Соболев аудармасы
– Жан ашырдың жоқ болғаны ғой! – деп, бағанағы көпшілік тағы қозданайын деп еді, Құнанбай Сүйіндікке қадалып тұрып, **қамшысын жаңағы сөйлегендер жаққа нұсқап**: – Тоқтат, аналарыңды! – деп, ақырып қалды [94, 67].	Кунанбай быстро смирил их. Его единственный глаз впился в Суюндика, и, **указывая плетью на шумевших,** он властно крикнул: – Уйми их! [152, 93].

Сөзбе-сөз аударма кездесетін қолданыстардың біразы – фразеологизмдер арқылы вербалданған бейвербалды амалдар. Аудармашылар мұндай бірліктерді екі тілдегі сәйкес фразеологизмдер арқылы аударған. Мысалы «көз тастау» фразеологизмін А.Ким орыс тіліне «бросить взгляд» деп сөзбе-сөз баламаласа, Л.Соболев «искоса поглядывая» деп аударады (Кесте 31).

Екі аударманың ішінен үзіндідегі фразеологиялық паралингвизмді орыс тіліне де фразеологиялық бірлік арқылы аудару аударманың дәл болуына ықпал еткенін көреміз. Себебі екі тілдегі фразеологиялық бірліктің мағынасы бір-біріне толық сай келіп тұр. Ал екінші аудармадағы еркін тіркес қайта-қайта қарауды әрі қырын қарауды білдіретіндіктен, кинеманың мағынасы бұрмаланған әрі орыс тілінде «искоса» сөзінің негативті коннотациясы басым. Ал бұл мәтінде сөз болып отырған «көз тастау» Әбіштің өз келіншегі Мағышқа қарауын білдіреді, яғни жағымды мәнде қолданылған.

Кесте 31 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	А. Ким аудармасы	Л. Соболев аудармасы
Әбіш ақырын ғана күліп отыр, ол жауап қатпады. «Мағыш қайтер екен!» деп келіншегінің нұрлана балқып отырған ақ жүзіне **көз тастады**. [71, 50].	Абиш не сказал ни слова лишь тихонько рассмеялся. Украдкой он **бросил взгляд** на жену [197].	Абиш молчал, посмеиваясь и **искоса поглядывая** на заалевшие от смущения щеки жены [153, 357].

Екі аудармада да сөзбе-сөз аудару субъектінің екінші бір субъектіге бағытталғанын іс-әрекетін сипаттаудың негізгі тәсілі болғаны анық көрінеді.

Берілген мысалда (Кесте 32) хазірет-халфелердің әрекетін бейнелеп тұрған «жағаларын ұстап» паралингвизмін А.Ким дәл сол қалпында «хватаясь за воротники» деп аударған. Алайда орыс тілінде жағасын ұстау ишараты ешқандай коммуникативтік мәнге ие емес, ақпараттық жүгі жоқ амал саналады. Сол себепті мұндай тек қана белгілі бір мәдениет өкілдері ғана түсінетін ишараларды аударуда аса мұқият болу қажет. Бұл үзіндіде жазушы «өтірік сұрқияланып, түршіккен кісі болып» деп паралингвизмнің алдында мағынасын нақтылайтын ақпарат беріп өткен. Сол себепті аударма мәтінде де ишараның не себепті орындалғаны оқырманға түсінікті. Ал егер нақтылаушы компоненттер болмаған жағдайда, ареалды ишаралардың сөзбе-сөз, еш түсіндірмесіз аудару аударманың сапасына кері әсер етеді

Кесте 32 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармасы

Түпнұсқа	А.Ким аудармасы
Өтірік сұрқияланып, түршіккен кісі болып **жағаларын ұстап**, «астағфиралла», «сүбіханалла» дей берген болды. Содан басқа түк айта алмай жым болысты [71, 32].	**Хватаясь за воротники**, притворяясь потрясенными, они только и могли, что гундосить Астапыралла! Субханалла! Впрочем, вскоре и совсем умолкли, опустив головы, глядя в землю [197].

Дәл сол секілді «санын шымшу» бейвербалды амалы да А.Ким аудармасында сөзбе-сөз «ущипнул за ляжку» деп аударылса, Л.Соболев «сан» дегеннің орнына «ногу» деп қолданып «крепко ущипнул за ногу» дейді (Кесте 33). Бұл ишаралар да орыс мәдениетіне тән емес. Әдетте орыс халқы назар аударту үшін шынтақпен түрту амалын орындайды. Аталған ишара қазақ халқында кең тараған бейвербалды амал болғандықтан, автор ишараның мағынасын ашатын компоненттерді мәтінге қоспаған. Ал аудармашылар, осы тұсты ескеріп паралингвизмдердің жанына мағынаны нақтылайтын «для

убедительности», «скрепил уговор» сынды түсіндірмелі ақпарат беріп өткен. Бұл өзге тілді оқырман паралингвизмнің мәнін ұғуы үшін қажет болғаны анық.

Кесте 33 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	А. Ким аудармасы	Л. Соболев аудармасы
Алдағы көшір естімесін деп бұл сөздерін Есентай **күбірлеп, міңгірлеп айтты** да, қаба сақал байдың **санын шымшып қойды** [71, 81].	И в дополнение к своим словам, для вящей убедительности, Есентай чувствительно **ущипнул за ляжку** бородатого, громадного бая Сейсеке [197].	Есентай нарочно **говорил тихо,** чтобы его не услышал кучер, а закончив, скрепил уговор, **крепко ущипнув** Сейсеке **за ногу** [153, 382].

Әмбебап паралингвистикалық құралдарға эмоцияны білдіретін паралингвизмдер жатады. Мәселен, ашуды білдіретін «орнынан атып тұру» паралингвизмінің «вскочил с места» деген аудармасы бейвербалды амалдың мәнін дәл жеткізіп тұр (Кесте 34).

Кесте 34 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармасы

Түпнұсқа	Л.Соболев аудармасы
Қодар ыза мен қорлықтан өлердей боп **булығып, орнынан атып тұрып:** - Уа, кет, жоғал! Құдайдың кәрін көріп болған Қодар Құнанбайдың кәрінен қорқар деп пе ең? Жоғал әрман! - деп **айдап жіберген** [94, 30].	Кодар в бешенстве **вскочил с места**. — Прочь отсюда! Убирайся с глаз моих! Что мне кара Кунанбая, когда сам бог не пощадил меня? Уходи прочь, уходи! — вне себя кричал он на Бектена [152, 57].

Сөзбе-сөз аударманы барлық халыққа ортақ амалдарды білдіретін паралингвизмдерді аударуда қолдануға болады. Мәселен, адам жаны жай таппай, бір нәрсеге қатты алаңдаулы болған кезінде бір орында отыра алмай кететіні бар. Романда Кәкітайдың мазасызданып тұрғанын білдіретін «бір отырып, бір тұрып ап» паралингвизмі екі аудармада да «то присаживаясь, то беспокойно вскакивая» және «взволнованный, он то садился, то вскакивал» деп сөзбе-сөз баламаланған (Кесте 35).

Осыған ұқсас әмбебап мәндегі «көзін қысып қойды» паралингвизмі де «весело подмигнув», «лукаво подмигнул» деп аударылған. Бұл амалдар универсалды бейвербалды құралдар болғандықтан, сөзбе-сөз аудару әдісі орынды қолданылған.

Кесте 35 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	А. Ким аудармасы	Л. Соболев а-сы
Сол келіс бетінің өзінде-ақ, сөйлеп тұрған бойында, Әбішке Абайдың хатын берді... Өзі болса **бір отырып, бір тұрып ап** ендігі халді ашық зор үнімен мәлімдеп жатыр [71, 88].	Затем, волнуясь**, то присаживаясь, то беспокойно вскакивая,** долго рассказывал о произошедших невероятных, опасных и замечательных событиях, связанных с Дарменом [197].	**Взволнованный**, **он то садился, то вскакивал**, его звучный голос поминутно срывался [153, 389].
Ал біз, оқыған жігіттер мұндайда, әйеліміздің сенгіштігіне сүйеніп алдай да береміз! деп, **көзін қысып қойды** [71, 50].	Данияр продолжал свою игривую мысль, **весело подмигнув** Абишу Вот так мы, каратаяки, и обманываем своих жен, пользуясь их безграничной доверчивостью! [197].	Мы, каратаяки, умеем обманывать своих доверчивых жен! — И он **лукаво подмигнул** Магиш [153, 357].

2. Сөз қосу (модификация) – түпнұсқа мәтіндегі параэлементтің аударма мәтінде аудармашы тарапынан әрі мағыналық, әрі формалық жағынан өзгертіліп, кеңейтіліп, түсіндіріле отырып баламалануы. Көркем аударма теориясында аудармашы тарапынан сөз үстемелеу – рецепторға коммуникациялық әсер ету мақсатында қолданылады» [157, 23]. «Абай жолы романында» сөз қосу тәсілінің мынандай мысалдары бар (Кесте 36):

Кесте 36 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	А.Ким аудармасы	Л.Соболев аудармасы
Бірақ Абай мұның тұсына таман кеп тұрып, **ақсия күлді** де: – Ал, құтқар енді! Мына Қарауыл қолға түсірейін деп тұр! – деді [94, 224].	–	Но Абай прошел по берегу и, став прямо против товарища, **рассмеялся, показывая свои белые зубы**. – Ну, выручай! Караул решил предать меня! – **крикнул** он [152, 390].
– Япырай, мына баланың өзіме соғуын қарай гөр. Сен бұл әңгімені естіген екенсің-ау, ә? – деп, үй ішіне **жағалай қарады** [94, 259].	– Ой, боже мой, значит, ты знаешь об этом случае? – И Кадырбай **обвел взглядом всех** присутствующих [197].	– Апырмай! Ты посмотри, как этот ребенок сумел поддеть меня! – Он оглядел окружающих, **прищелкнул языком** и с весельем в глазах молвил дальше [152, 407].

Кесте 36 жалғасы

Абайды көргелі үндемей, ойланып қалған Тоғжан күлген жоқ. Бірақ одан **көз алмай тұр** [94, 271].	Тогжан не могла смеяться. Она стояла молча, **не сводя с Абая сияющих глаз** [197].	Не смеялась одна Тогжан. Она **молча смотрела на него, в сияющих глазах ее плескалось счастье** [152, 422].

Сөз қосу – аудармада мағынаны нақтылау, түсіндіру, көбірек мәлімет берудің бір жолы. Мәселен, А.Ким «балалардың бастарынан сипап» дегенді «*погладил их по головкам»* деп қана қоймай, «обросшим космами волос» деп толықтырады (Кесте 37). Мұндағы аудармашы мақсаты балалардың әлеуметтік жағдайынан, жай-күйінен хабар беру, олардың сіңірі шыққан кедей отбасының балалары екеніне назар аудару екені анық.

Кесте 37 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармасы

Түпнұсқа	**А. Ким аудармасы**
Кішкене бөбектерден әлі көзін ала алмаған Абай балалардың **бастарынан сипап**, аттарын сұрады [84, 78].	Абай, не отрывавший взгляда от детишек, **погладил их по головкам**, **обросшим космами волос,** и спросил, как их зовут [197].

Төмендегі мысалда «жүзіне жаңа *қарады*» тіркесінің «поднял *боязливый* взгляд» деген бірінші аудармасында кейіпкердің ішкі күйін көрсету үшін аудармашы «боязливый» сын есімін қосқан және жай ғана «қарады» лексемасын «поднял взгляд» деген фразеологизм арқылы баламаласа, А.Ким дәл осы тіркесті «робко поднял свой целый глаз» деп көзді сипаттайтын «*целый*» сын есімін «поднял взгляд» фразеологизмімен тіркестіріп, әрекеттің орындалу қарқынын сипаттайтын «робко» үстеуін қосады (Кесте 38).

Кесте 38 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	**Л. Соболев аудармасы**	**А. Ким аудармасы**
Дәрмен көзінің жасын зорға тыйып, **иегі дірілдей түсіп**, Құнанбайдың **жүзіне жаңа қарады.** Құнанбай бұны да **оқтай атып тұр екен** [58, 13].	У мальчика **трясся подбородок**, – с трудом сдерживая слезы, он **поднял боязливый взгляд** на Кунанбая и встретил ответный, полный холодной ненависти [152, 355].	Еле сдерживая слезы, **с дрожащим подбородком** – больной мальчик **робко поднял свой целый глаз** на Кунанбая – и пришел в ужас, увидев перед собой такого же одноглазого, как и он сам [197].

Кесте 38 жалғасы

Сармолла кетер уақытта Абай **орнынан тұрып, сыпайылықпен қол алысты** [71, 18].	– Втолкуйте это для начала хотя бы своим ученикам, – сказал Абай, **пожимая гостью обе руки** [197].	–

Сөз қосу тәсілі бұл үзіндіде Дәрменнің көзқарасын сипаттауда ғана емес, Құнанбайға қатысты да қолданылаған (Кесте 37). А.Ким «оқтай атып тұр екен» паралингвизмін «встретил ответный, полный холодной ненависти» деп көзқарастың артындағы кейіпкердің пиғылын жеткізетін сөздер арқылы аударады. Ал Л.Соболев «и пришел в ужас, увидев перед собой такого же одноглазого, как и он сам» деп Құнанбайдың көзқарасын сипаттаудан гөрі Дәрменнің ішкі күйін жеткізуге тырысады. Сол себепті түпнұсқада берілмеген сипаттамаларды қолданады. Шығармадағы теңеу-паралингвизмдердің көбі – әрі мағынасы әрі құрамы жағынан мәдени кодталған әрі тұрақталған қолданыстар. Сондықтан аудармашылар теңеу-паралингвизмдерді аударуда олардың мағынасынан гөрі әсерін, қызметін, прагматикасын жеткізуге тырысқан.

Хазіреттің қарамағынадғы халфелердің жасап жүрген сұмдық әрекетін естіген сәттегі эмоциясы бейнеленген үзіндіде автор хазіреттің барлығын үнсіз тыңдағанын жеткізсе, жаңа аудармада жай ғана «молча» деп қоймай, аудармашы хазреттің эмоциясын әсірелеп жеткізу үшін «испуганными глазами посматривая то на одного, то на другого» деген бөлікті өз жанынан қосқан (Кесте 39). Алайда шығармадағы хазірет образынан ондай қаталдықтан гөрі ұстамды әрі ойлы кейіпкер екені байқалады. Сол себепті бұл қосымша бөлікті артық деуге болады.

Кесте 39 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	**А.Ким аудармасы**	**Л.Соболев аудармасы**
Бұл шаққа шейінгі сөздерді **үнсіз тыңдаған** хазіреттің жаңағы соңғы сөзден соң **сақалы жиі сілкінді**. Ол **төмен қарап күбірлеп** тұр. Кейбір "фәләкәттарды" естіген жерде, соны зарарсыз етпек ниетпен оқитын "Лаухынаманың" тиісті дұғалығын оқыды [71, 23].	Хазрет слушал **молча**, **испуганными глазами посматривая то на одного, то на другого**, но в конце зычной речи муэдзина у него почему то стала **подрагивать борода**. Вместо ответа он начал читать молитву Лаухынама, которая, как он думал, должна была оградить от всяких напастей [197].	Ишан слушал **молча**, но при последних словах Самурата у него **затряслась борода**. **Опустив голову**, он **забормотал** молитву из «Заух-Намэ», которая, как известно, отгоняет надвигающиеся беды [153, 337].

Аудармашы мәтіннің экпрессиясын жеткізу үшін екінші тілдегі экпрессивті элементтерді пайдаланып, түпнұсқаны әрі құрылымдық әрі мағыналық тұрғыдан байыта түсу үшін сөз қосу тәсіліне жүгінеді.

3. Нақтылау (конкретизация) тәсілі аударатын элементтің жалпы аудармасын ғана емес, нақты сипаттамасын беру үшін қолданылады. Мәселен, Құнанбайдың көзқарасын бейнелейтін мәтін үзіктерінде көбінесе аудармашылар жай ғана «көз» деудің орнына «жалғыз көзі» деп ерекше екпін түсіретінін байқаймыз. Мысалы Л. Соболев *«Үй ішінің **қабағын** әрқашан сергек, танығыш көзбен болжай қарайтын әдеті еді»* [58, 7] деген бөлікті «...проницательный взгляд своего ***единственного глаза***, сразу определявший все оттенки и настроения окружающих» [153, 8] деп аударып, «болжай қарайтын еді» тіркесін «взгляд своего единственного глаза» деп береді, яғни түпнұсқада кездеспейтін «единственный глаз» тіркесін қолданады. Ал А. Ким: «Мынау үйге Құнанбай Ұлжан жанына отырды да, Мәкіш пен Абайдың жүздеріне ***қарады***» [58, 7] деген сөйлемін «Кунанбай грузно опустился рядом с Улжан и ***поднял взгляд единственного своего глаза*** на Абая, потом перевел его на Макиш» деп аударады. Түпнұсқадағы «қарады» кинемасын «поднял взгляд единственного своего глаза» деп кейіпкердің көзқарасын дамыта отырып бейнелейді.

Аудармаларды салыстыра қарағанда конкретизация тәсілі А.Ким аудармасында көп ұшырасты. Мысалы «қолына су құйып» деген бейвербалды компонент жаңа аудармада «сливала воду из кувшина» деп суды құманнан құйғанын нақтылау арқылы аударылған (Кесте 40):

Кесте 40 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	**Л.Соболев аудармасы**	**А.Ким аудармасы**
Мәкіш бұны қонақ тұтып сыйлап, **қолына су құйып** тұрғанда: – Мәкіш, суың жайлы тиіп барады, сергіп алайын. Басыма да құйып жібер! – деп, бас-мойнын түгел жуып алды [58, 4].	Макиш **поливала ему,** ухаживала за ним, как за гостем. – Приятная нынче вода, полей-ка мне на голову, Макиш, надо освежиться, – попросил он сестру, подставляя затылок. [153, 350]	Услуживая брату, как хозяйка дома гостю, Макиш сама **сливала ему воду из кувшина,** держа в одной руке полотенце. Абай попросил ее: – Макиш, айналайын, хочу немного взбодриться! Полей-ка холодную воду мне на затылок! – и нагнулся над тазиком [197].

Бұл аудармадан конкретизация мәдени білімді жеткізу үшін ұтымды тәсіл екені аңғарылады. Себебі «қолына су құю» әдебі – қазақ халқына тән амалдардың бірі. Су құю үшін құманның қолданылатынын қалың қазақ оқырманы бірден түсінсе, басқа мәдениет өкілдері біле бермеуі мүмкін.

Белгілі бір объекті арқылы орындалатын, алайда түпнұсқадағы паралингвизм объектіні атамайтын және оны атаудың да қажеті болмайтын бейвербалды амалдарды аудармашылар нақтылап отырғанды жөн көреді. Мәселен, қазақ оқырманына «етегін сілку» амалының ер адамның шапанының етегін сілкіп тұрып кету арқылы өз қарсылығын, ашуын білдіруі екені белгілі. Мұндағы «етектің» шапанның етегі екенін нақтылаудың қажеті жоқ. Алайда «шапан» ұғымы жат боп келетін орыс мәдениетінің өкілі үшін оны нақтылап аудару керек. Сол себепті, А. Ким «*етегін сілкіп тастап, атып тұрып*» паралингвизмін «*тряхнув полами чапана*» деп аударады (Кесте 41). Бұл аударма түпнұсқаны нақтылап тұрғанымен, бұл амалдың мәні анық көрінбейді. Оқырман бұл әрекеттің мәнісін мәнмәтін арқылы түсінуі мүмкін.

Кесте 41 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	**А. Ким аудармасы**
Әзімбай жауап қатқан жоқ. Бірақ Абай сөзін бітірместен тағы да **ернін шығара** «мырс» берді де, **етегін сілкіп тастап**, **атып тұрып**, үйден шығып кетті [84, 76].	Азимбай, не дождавшись, когда Абай кончит говорить, пренебрежительно **скривил губы** и, **тряхнув полами чапана**, вышел из юрты [197].

Шығарманың аудармаларында конкретизацияның киім түрін нақтылау үшін қолданылған тұстары өте көп. Мысалы, «киім шешпестен» дегенді екі аудармашы да «не сняв даже чапана», «не снимая чапана» деп ұқсас үлгімен нақтылау арқылы аударған (Кесте 42).

Кесте 42 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	**А. Ким аудармасы**	**Л. Соболев аудармасы**
Өзінің суыт жүрген оқшау хабарын Кәкітай **киім шешпестен** баян етті [71, 88].	Какитай вошел и, стоя у двери, **не сняв даже чапана**, сразу же передал Абишу письмо Абая [197].	**Не снимая чапана**, он поспешил рассказать о причине своего необычного посещения и передал Абишу письмо Абая [153, 389].
Өзің салған бәле дедің ғой. Оның рас. Өкінбеймін деп салған пәлем болатын. Басыммен де, барыммен де жауапты өзім беремін.	А вы, уважаемые мырзы и бии, сидите на месте, тряситесь от страха, согнув спины, не смея поднять головы. Сказав это, Базаралы поднялся,	–

Кесте 42 жалғасы

Бұқпа билер бүк түсіп жата бер! – деп **етегін сілкіп, қабақ түйіп**, Жігітек тобынан кетіп қалды [94, 123].	**отряхнул полы чапана** и вышел [197].	

Көркем аудармада нақтылау тәсілін қолдану мәдени мәнге ие қолданыстарды екінші тіл оқырманына түсінікті етіп жеткізу үшін өте тиімді екенін көз жеткіздік. Бұл мәтіннің ұлттық колоритін сақтаудың, халықтың қатысым мәдениетін дәл бейнелеудің бір жолы деуге де болады.

Алайда кей тұстарда конкретизация мәтіннің бұрмалануына себеп болады. мәселен «ақсия күлді» паралингвизмін нақтылау тәсілі арқылы «за сухими, треснутыми губами показались желтые сломанные зубы», «обнажил в озорной улыбке сверкнувшие белизной зубы» деп аударғысы келген екі аудармашының да аудармалары сәтті дей алмаймыз (Кесте 43). Себебі ҚӘТС бойынша ақсия күлу аузын кең ашып, тістерін түгел көрсетуді білдіреді және бұл паралингвизмнің мағынасында тістің түсі ешқандай рөл ойнамайды, оған мән берілмейді. Нақтылап аудару салдарынан екі аудармада біресе кейіпкер тісі сары әрі сынған делінсе, енді бірінде аппақ делінген. Сондықтан конкретизация тәсілін кез келген паралингвизмге әсіресе нақтылауды қажет етпейтін паралингвизмге қатысты қолдануға келмейтініне көзіміз жетті.

Кесте 43 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	**А. Ким аудармасы**	**Л. Соболев аудармасы**
Сейіл әжімді **жүзін өте сирек күлкімен тыжырайтты** да, жарылған ернін ашып, **ақсия күлді** [71, 44].	но Сеил в ответ лишь **засмеялся**, отчего его лицо еще больше сморщилось, а **за сухими, треснутыми губами показались желтые сломанные зубы** [197].	Лодочник **обнажил в озорной улыбке сверкнувшие белизной зубы** [153, 353].

4. Жалпылау (генерализация) барысында жалқы мәннің орнына жалпы мәтіндегі балама қолданылады. Мысалы «Ұлжан баласының «қолын ұстап отырып» деген бейвербалды амалды Л. Соболев генерализация тәсілі арқылы «она задержала его» деп аударады. Алайда аудармашы қолданған жалпылау тәсілі бейвербалды компонентті сыртқы формасы жағынан жалпы мәнге ауыстырғандай боп көрінгенімен, ішкі мағынасын мүлдем өзгертіп жіберген. Себебі «қолынан ұстап отырып әңгіме айту» ол – адамды тоқтату, назарын аудартудан гөрі, адресанттың ішкі сезімін жеткізу үшін орындалатын амал.

Қазақ халқында «қол» соматизмі түрлі коммуникативтік жағдаятта белсенді қолданылады. «Қолынан ұстау» такесикасы жақын адамдардың қарым-қатынасына тән.

Сондай-ақ ер жігіт өзі жақсы көрген қызына жақындағанда ең алдымен қолын ұстайды, сол арқылы өзінің адал көңілін білдіреді. Мысалы: *Тоғжан, сізді қайтіп ұмытайын? - деп кеп, Абай Тоғжанның әдемі* ***аппақ қолын ұстады****. Тоғжан қолын тартыңқырап, ұялды да, ығысып қалды* [94, 222] - деген сөйлемде Абай Тоғжанның қолынан ұстап тұрып өзінің сезімін білдіреді. Қазақта жігіт қызға сөз сала келгенде оны «қолын сұрай келді» деп айтады. Қолдан ұстау арқылы адам «жаным, жүрегім қолыңда» деген мәнді меңзейді. Абай Тоғжанның жеңгесіне шын жүректен алғысын, ризашылығын білдіру үшін қолынан ұстап тұрап тіл қатады: *Абай жеңгенің* ***екі қолын қапсыра ұстап тұрып****:*

- Жеңешетай, ұмытпаспын! Өлсем де ұмытпаспын осы жақсылығыңды! - деп қоштасты да, кішкене есікті ақырын ашып, жай салмақпен басып жүріп кетті [94, 223].

«Қолын қысу» такесикасы – ажырағысы келмеуді көрсететін тілдік емес құрал. Бұл көбінесе бір-біріне аса жақын адамдар арасында көрініс табады. Мысалы шығармада «әже-немере» коммуникациясында немересі әжесінің қолынан қысу арқылы олардың өзара өте тығыз қарым-қатынаста екенін, яғни қаншалықты жақын екенін көрсетеді: *Абай ең алдымен кәрі әжесімен қоштасып:*

- Қош, әже! - деп кеп, екі қолымен әжесінің кішкене кәрі қолын қысты [1, 71]. Бұл Абайдың алыс жолға аттанып бара жатқанын сипаттайды. Қолды қысу – жібергісі келмеу, қимастық семантикасын да қамтиды [196].

Бұл мәнді А.Ким дәл байқап өз нұсқасында «Устроившись поудобнее, она наклонилась к нему и, взяв его за руку, сказала на прощание» деген сәтті аударма жасайды (Кесте 44).

Кесте 44 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	**Л. Соболев аудармасы**	**А. Ким аудармасы**
Күйменің артына ұзынша бір сандықты лық толтырған кітаптарын тиеп беріп, Абай шешесін өз қолымен қолтықтап арбаға мінгізген жерде, Ұлжан баласының **қолын ұстап отырып,** соңғы бір ақылын айтты [58, 27].	Повозкой, куда Улжан села с Калихой, правил жигит Масакпай, укротитель необъезженных коней. Когда Абай посадил мать в повозку, **она задержала его** [153, 366].	Надежно обвязав и приторочив сзади арбы продолговатый сундук с книгами, Абай помог матери взобраться на повозку. Устроившись поудобнее, она наклонилась к нему и, **взяв его за руку**, сказала на прощание [197].

Автор бейвербалды амалды сөзбе-сөз баламалап қана қоймай, «она наклонилась к нему» деген бөлікті өз жадынан қосады. Сол арқылы анасының баласына барынша жақын отырғанын нақтылай түседі.

5. Функциялық аударма тілдік бірліктерді мағынасы сәйкес емес, бірақ қызметі ұқсас элементтермен алмастыру арқылы жасалады. Функциялық аударманы *трансформациялық* немесе *мағыналық аударма, теңестіру* деп те атайды. Шығыс тілдің бірліктері аударылатын тілдің тікелей сәйкестіктерімен емес, трансформаланған, қайта жасалған бірліктері арқылы беріледі, сөз лесикалық мағынасы басқа сөзбен алмастырылуы мүмкін. Роман-эпопеядан функциялық аударманың мынандай мысалдарын атауға болады (Кесте 45):

Кесте 45 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	А. Ким аудармасы
Шөпіш бала кетейін десе, кете алмай, құрбыларынан ұялып, **жалтақ-жалтақ етіп**, асын да жей алмай аландап қояды [84, 79].	Шопиш с беспокойством **оглядывался** на дверь. За мясо он еще не принимался, но было ясно, что ему не вырваться из цепких рук бабушки [197].
Әзімбай жауап қатқан жоқ. Бірақ Абай сөзін бітірместен тағы да **ернін шығара** «мырс» берді де, **етегін сілкіп тастап**, **атып тұрып**, үйден шығып кетті [84, 76].	Азимбай, не дождавшись, когда Абай кончит говорить, пренебрежительно **скривил губы** и, **тряхнув полами чапана**, вышел из юрты [197].
Ұрты салбыраған қызыл қабақ Әзімбай жуан ақтаяқты өткір қара пышақпен жонып отырып, ұялмастан **ернін шығарды** да, **мырс етіп** күліп қойды. «Сенгенім-ақ» дегендей, ішінен жауыққандай сес білдіреді [84, 74].	Азимбай, продолжая стругать ножом толстую палку, пренебрежительно **скривил губы** и **ехидно усмехнулся**. На лице его, вислощеком, с припухшими красными веками, можно было прочесть: «Плевать мне на тебя и на твою совесть» [197].
Жиренше Оразбайдың **санын шымшып, сықылықтап, қызарып, үні өшкенше күліп қалды.** Үй ішінде бұл сөзді түсінбеген жан жоқ. Нұрғанымды білетін, Құнанбайға өшікегі бардың бәрі де дәл осы арада **бүркіті түлкі алғандай мәз болысып, жымың қағысты** [84, 55].	Жиренше **толкнул** Уразбая **в бок** и **повалился в припадке неудержимого хохота,** весь **побагровев**. Кунту и Абралы, тоже отлично знавшие о любви Базаралы к молодой жене Кунанбая — Нурганым, довольно **защелкали языками**, словно их беркут схватил лисицу [197].

Кесте 45 жалғасы

Абай бұл сөздерді жақтырмай, енді **қабағын шытынып, мойнын теріс бұрып**, амалсыз тыңдап отыр. Жұман даңғырлаған даусын көтере түсіп: [84, 35].	Абай, явно показывая свое нежелание слушать вечные кляузы, **отвернулся** от Жумана, **нахмурившись**. Но тот повысил свой скрипучий голос и с важностью продолжал [197].

Теңестіру тәсілі көбінесе баламаланбайтын тілдік бірліктердің мағынасын жеткізу мақсатында қолданылады. Баламасыз лексика туралы А.А. Реформатский: «Аударылмайтын бірліктердің болуы таза тілдік фактіге негізделеді, атап айтқанда бір тілде бар қолданыс (сөз) екінші тілде болмауы мүмкін» – деп түсіндіреді [200].

Кесте 46 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	**Л. Соболев аудармасы**
Жиренше **қабағын бір шытып, қозғалақтап қалды** [94, 18].	Вот Жиренше **нахмурил брови и зашевелился**… [152, 45].

Жоғарыдағы үзіндідегі «қабағын бір шытып, қозғалақтап қалды» паралингвизмінің «нахмурил брови и зашевелился» деген аудармасын функциялық балама деп бағалауға болады (Кесте 46). Мұндағы «қабағын бір шытып» бөлігіндегі «бір» сөзі аудармада ешқашан «один раз нахмурил брови» деп келе алмайды. Сол секілді қазақтың «қабақ» сөзін дәл беру де оңай емес. Шығармада «қабақ болжасқандай», «қабақ білдіру», «қабақ түю», «қабақ шытыну», «қабақ танысу», «қабақ шыту», «қабағын бағу» сынды тіркестер кездеседі. Мұндағы «қабақ түю» мен «қабақ шытыну» бір-бірімен мағыналас. Алайда тең дәрежелі варианттар емес. Бұл екеуі де орыс тілінде «нахмуриться» етістігінің формалары арқылы аударылған.

Аударма барысында аудармашы шығыс тілдегі мәтінді аударылатын тілде қабылдайтын оқырманның түсінуіне ыңғайлы тілдік бірліктер арқылы аударуға тырысады. Сондықтан сөзбе-сөз баламаның орнына функциялық баламаларды пайдаланады. Мысалы «ым қағу» амалын Л.Соболев «подмигнул» деп аударған (Кесте 47).

Кесте 47 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	**Л. Соболев аудармасы**
Осы кезде Жиренше Абайға **ым қақты да, тысқа шығып кетті** [94, 23].	Воспользовавшись этим. Жиренше **подмигнул** Абаю и **кивнул** на дверь юрты [152, 51].

Кейбір қолданыстардың аудармада түрлі баламалармен берілуі олардың тіркесімділік ерекшелігінен келіп туындайды. Себебі бір сөз әр тіркестің құрамында әртүрлі семантикалық реңкке ие болады. Сондай-ақ әр халықтың түсінігінде бір ұғымның басқа-басқа лексикалық бірліктері арқылы берілуі – қалыпты құбылыс. Айталық, «туыстықты, жақсы көруді образды беру үшін орыс тілінде *сердце* сөзі арқау болатын тіркестер көп қолданысқа түссе, қазақ ұғымында осындай қасиет сапаларды беруге *бауыр* сөзінің семантикалық өрісі жұмсалады. Әр халықтың тіліндегі бұндай айырмашылықтар ұлттық бітім мен мәдениеттің өзгешеліктеріне тәуелді» [117, 17]. Сондықтан *қабақтың* орыс тіліне «қас» (брови) деп аударылуы орынды болғаны секілді, *бауырдың* кей мәнмәтінде «жүрек» (сердце) деп баламалануы да әбестік емес. Мысалы төмендегі үзіндіде «бауырына қысу» паралингвизмі «прижала сына к груди», «маңдайынан иіскеді» паралингвизмі «жадно вдыхая запах его волос» деп аударылса, «мұртынан жымия тұрып» қолданысы «посмеиваясь в усы» деп, «санынан түртіп қойды» қолданысы «толкнул в бок» деп, «қол жаю» «поднял ладони» деп баламаланады (Кесте 48). Аудармадағы паралингвизмдер түпнұсқаның сөзбе-сөз аудармасы болмаса да мағыналық және стильдік тұрғыдан автор ойын дәл жеткізген.

Кесте 48 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	**Л. Соболев аудармасы**
Кезек өз шешесіне келгенде, **ол сүйген жоқ**. **Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да, мандайынан иіскеді** [94, 11].	Когда наконец он прильнул к родной матери, та **не поцеловала** его: она **только крепко обняла и прижала сына к груди, жадно вдыхая запах его волос** [152, 38].
Жиренше бір кезекте **мұртынан жымия тұрып,** Оразбайды **санынан түртіп қойды** [84, 50].	Жиренше, довольно **посмеиваясь в усы, толкнул в бок** Уразбая:
Хазірет: – Бәрәкалла, бәрәкалла... бирахматика я арха-мәррахимин, – деп отырып, Абайға **қол жайып бата берген-ді** [94, 25].	Хазрет не замедлил с ответом. – Аллах милосердный и всемилостивый да пошлет блага свои и щедрой милостью своею да наградит его, – торжественно произнес мулла и, **подняв ладони, благословил** Абая [152, 51-52].

Функциялық аудармаға жүгінудің тағы бір себебі түпнұсқа мәтіндегі астарлы ойды ашып жеткізу, сондықтан теңестіру кезінде вербалды амалдарды бейвербалды амалдар арқылы бейнелеу жиі кездеседі (Кесте 49). Мысалы, «ойлана түсті» деген қолданыс Л. Соболев аудармасында «лицо его стало еще суровее» деп аударылған. Аудармашы кейіпкердің ойланғанын нақты атаудан гөрі жүзіндегі өзгерістер арқылы білдіруді жөн деп тапқан. А. Ким де осы тәсілге

жүгінген тұстары мол. Жаңа аудармада «ойлана түсу» етістігінің орнына «нахмурился» кинемасы қолданылған. «Ойлану» амалы түрлі сипатта болуы мүмкін, сондықтан аудармашылар ойланудың артындағы ауыр жүкті сездіру үшін бейвербалды амалдарды пайдаланған.

Кесте 49 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	Л.Соболев аудармасы	А.Ким аудармасы
Мәкішке тағы бір рет көз тастап, **ойлана түсті** де Құнанбай үн қатты... [58, 9].	Он снова взглянул на Макиш, и **лицо его стало еще суровее** [153, 352].	Вновь взглянув на расстроенную, едва сдерживающую слезы дочь, Кунанбай чуть **нахмурился** и начал прощальную речь [197].

Бейвербалды құралдардың ішінде просодикалық вербалды амалдардың вербалды үлгілері күрделі болып келеді және дәлме-дәл аударуға көне бермейді. Мәселен, *ақыру, жекіру, зеку, арс-арс ету, күңкілдеу, күбірлеу* сынды паралингвизмдердің орыс тілінде сәйкес баламалары жоқ [201]. Осындай бірліктерді аудару кезінде функциялық аударма тиімді тәсіл саналады. Мысалы, «даурыға сөйледі» тіркесін Л.Соболев «заговорил громче» деп теңестіре аударады (Кесте 50).

Кесте 50 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	Л.Соболев аудармасы	А.Ким аудармасы
Бірақ Дәркембай одан ығысқан жоқ. Енді **үнін қатайтыңқырап**, мына топтан Құнанбай мен Майбасардың қысылып тұрғанын байқап, әдейі **даурыға сөйледі** [58, 12].	Однако Даркембай не смутился. Заметив, что Кунанбаю неловко перед окружающими, он **заговорил громче**: [153, 355].	Даркембай не обратил внимания на угрозу Майбасара и **продолжил** [197].

Мұндағы «громче» үстеуі «даурыға» етістігінің мағынасын толық аша алмаса да, осы сөздің бойындағы дауысты қатты шығарып, ұрсу мәніне жуық мағынаны білдіре алады. Ал А.Ким аудармасында аталған қолданыстың паралингвистикалық сипаты ескерілмей жай ғана «продолжил» деп, әрекеттің жалғасқанын білдіретін етістік арқылы аударылған. Жаңа аудармада аудармашы кейпікердің дауысындағы өзгеріске еш мән бермейді және түпнұсқадағы сипаттамалардың көбін түсіріп, үзіндідегі оқиғаны қысқа қайырады. Алайда дәл бұлай кейпікердің бейвербалды амалын ескермеудің салдарынан Дәркембайдың қолында еш билігі болмаса да Құнанбайдан тайсалмастан айтарын жетер жеріне

жеткізіп айтуының және әдетте Құнанбайға қарсы сөз айта алмайтын Дәркембайдың не себепті даурыға сөйлегенінің себебін біле алмаймыз. Дәл осы үзікті аударуда Л.Соболев нұсқасы сәтті шыққан.

Кесте 51 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармасы

Түпнұсқа	Л.Соболев аудармасы
Әрқашан жан күйер жақын қабырына **ыстық-ыстық жастар төгеді. Қайта-қайта бас қояды. Үндемей иіндері тиісіп, көздерін алмай, ұзақ-ұзақ отырысады** [94, 31].	Приходя на могилу, каждый из них всегда мысленно творил свою собственную молитву: делился своим горем с Кутжаном и тихо упрекал его, зачем он их покинул, и **слезы их скатывались на могилу**. По многу раз они **припадали к ней лицом** и, **прижавшись друг к другу, молча сидели, не отрывая от нее взгляда** [153, 58].

Функциялық аударма фразеологиялық паралингвизмдерді аударма мәтінде берудің негізгі жолы. Себебі екі тілдегі фразеологиялық бірліктердің құрамы бір-біріне толық сай келе бермейді. Ал фразеологиялық паралингвизмді еркін тіркеспен аудару оның стильдік бояуын әлсіретеді. Мұндай паралингвизмдерді функциясы жағынан жақын фразеологиялық бірлікпен аударудың сәтті шығатынын мәтіндегі «жас төгу» амалы орыс тіліне «слезы скатывались» деп аударылғанынан көруге болады (Кесте 51). Бұл мысалды орыс тіліне сөзбе-сөз баламаласақ «слезы лились» болар еді, алайда аудармашының ұсынған нұсқасы мәтіндегі кейіпкерлердің жай-күйін әсерлі бейнелей алған.

6. Түсіндірмелі аударма паралингвизмдерді аударудың маңызды тәсілдерінің бірі. Себебі бейвербалды амалдардың бір тобына әмбебап сипат тән болса, бір тобына ұлттық сипат тән, сонымен қатар бұлардың ортасында аралық сипаттағы тұрпаты барлық халықта болуы мүмкін бірақ мағынасы өзгешеленетін қолданыстар бар. Осыған орай Р.Ш. Бердалиева бейвербалды амалдарды былайша жіктейді:

1) Реалий ым-ишаралар – белгілі бір мәдениетте ғана қолданылатын, басқа мәдениетте мазмұндық та, формалық та сәйкестігі жоқ ерекше ишара түрлері;

2) Эквивалентті ым-ишаралар – мағынасы бірдей, бірақ көрініс (өрнек) тұрғысынан сәйкес келмейтін кинетикалық бірліктер. Бұл сәйкессіздіктің сипатына қарай олар мүлдем өзгеше формадағы ишаралар болуы мүмкін немесе тек орындалу мәнерімен ерекшеленетін вариативті жесттер тобына енуі мүмкін;

3) Ареалды ым-ишаралар – салыстырылып отырған мәдениеттерде мазмұндық та, формалық та жағынан бірдей болып келетін ишаралар» [202, 30].

Ұлттық және аралық мәндегі паралингвизмдерді вербалдау кезінде мәдениетаралық түсініспеушілік болмас үшін, паралингвизмдердің мағынасын көрсететін факультативті элементті қатыстыра отырып аудару, басқа сөзбен айтқанда түсіндірмелі аударма қажет болады (Кесте 52).

Кесте 52 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	А.Ким аудармасы	Л.Соболев аудармасы
Бұның 15-17 жастағы, жаңа өзі атап шақырған Әсма, Бибісара деген жіңішке, сұңғақ бойлы екі қызы аталарының **алдынан есік ашты** [71, 65].	Две худенькие, высокие девушки,пятнадцатилетняя Асма и семнадцатилетняя Бибисара, отозвались немедленно, бегом кидаясь из дальней комнаты к отцу. Девушки **с почтением проводили** его, зная, что он скоро вернется домой [197].	Дочки, высокие хрупкие девушки, **почтительно открыли отцу дверь** [153, 368].
Үйге келген соң да Сармолла өзінің өш-қастарына қаншалық зақым келтіргенін сүйсініп ойлады. **Сан рет жымия түсіп, қабағын жыбырлатып қояды** [71, 24].	Своей речью во дворе мечети он нанес ненавистным врагам первый удар. Придя домой, он все не переставал **ухмыляться**, **шевеля бровями** от удовольствия [197].	Вернувшись домой из мечети, Сармолла переживал радостное чувство победы: противникам нанесен первый чувствительный удар! – Нечестивцы черноликие, я вам покажу еще! – мысленно повторял он, **ухмыляясь** и **шевеля густыми бровями** [153, 338].

7. Транслитерациялау әдісі түпнұсқа мен аударма тіл арасындағы мәдениет алшақтығының көрінісі саналатын этнобейвербалды компоненттерді аудару кезінде қолданылған. Транслитерациялау, транскрипциялау әдістерін *фонологиялық* және *графологиялық* әдіс деп те атайды [162, 23].

Аудармада қиындық тудыратын баламаның бірі – баламасыз лексика. Эквивалентсіз лексика – басқа тілдің лексикалық бірлігі ішінде толық немесе жартылай эквиваленті жоқ, сол себепті екі тілді сөздіктерге енбеген сөздер мен сөз тіркестері. Олар аударылатын тілде және аударма адресатының мәдениетінде жоқ, сол ұлтқа ғана тән реалийлер мен ұғымдарды білдіретін түпнұсқа мәтіннің сөздері. Мұндай шығыс тілдің лесикалық бірліктері аударылатын тілдегі дәл сол мағынаны беретін сөздермен емес, түсіндіру (интерпретация) арқылы беріледі. Олардың кейбіреуі қалыптасқан дәстүр бойынша аударылмайды [176, 63].

Этнобейвербалды амалдардың мәдениетпен шектелеуі оларды реалийлердің қатарына қосуға болатынын көрсетеді. Реалий атауларының екінші тілде дәл баламасы, сөздіктегі сәйкестігі болмайды; сондықтан аударманың теориктері оларды *баламасыз лексика* (безэквивалентная лексика) дейді.

Реалий атауларға желек, салы (шаль), тымақ – малахай, қара (жалау) – полотнище, стяг; қаралы тең – траурное убранство сынды материалдық мәдениет элементтерімен қатар төр, босаға сынды проксемаларды, қол ұстату, шаш сипату, етік тартар, шашу сынды салт-дәстүрлерді жатқызуға болады.

Бейвербалды амалдар белсенді қатысатын этнографизмдердің бір тобы – салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар. Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне назар аударар болсақ, басым бөлігі бейвербалды компоненттерден құралады. Мысал: *сәлем салу, тұсау кесу, беташар, отқа май құю* т.б. «Абай жолы» романында кездескен бейвербалды элементі бар салт-дәстүрлерлі Л.Соболев былай аударады: *барымта – барымта, сүйінші – суюнши, той – той, шашу – шашу, ұрын келу – торжественный приезд, жыртыс салу – приезд с подарками, есік көре келу – переход через порог, қол ұстату – поездка для рукопожатия, шаш сипату – поглаживание волос, етік тартар – разувание* (Кесте 53). Қазақ халқына тән мәдени ерекшелік болғандықтан мұндай этнографиялық атауларды аударғаннан гөрі транслитерациялау әдісі арқылы берген дұрысырақ. Себебі аударма салт-дәстүрдің мағынасын бұрмалап жібереді және бұл амалдың салт-дәстүр екенін тұмшалап тастайды.

Кесте 53 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармасы

Түпнұсқа	**Л. Соболев аудармасы**
– Әлбәттә, әлбәттә, Ибраһим мырза, тұман жоқ, сіздікі тура. Ғарибыңыз өзін ғайыпты санайды! – деп Сармолла **қызарды** да, **бөрік киген басын төмен иді** [71, 18].	Конечно, Ибрагим-ага, у меня нет ни тени сомнения, в этом вы правы, безусловно… – залепетал Сармолла, **густо покраснев, низко опустил голову в борике**.
– Алыңдар! **Көрімдік** сендердікі! Бірақ бізге баламыздың жүзін көрсетіңдер, алыңдар! – деп, үлкен бәйбіше қолына шашуын алды. Сол сәтте атлас шымылдық шалқая ашылды. Күйеулер бұл кезде **төмен иіліп, тәжім қып тұр** екен. Үлкен бәйбіше: – Өмір-жасың ұзақ болсын! Алдыңнан жарылғасын, қарағым! – деп **шашуын шашты**. Лақтырғаны бір табақ өрік, мейіз, кәмпит [94, 234].	– Поднимите занавес! Вот вам **выкуп**! – ответила байбише, шашу*. показывая атласный занавес широко распахнулся. Жених **стоял, скромно потупив голову, в немой покорности**. – Да будет жизнь твоя долголетней! Да пошлет тебе бог счастливое будущее, свет мой! – сказала старшая байбише и начала **бросать девушкам шашу.** Посыпался урюк, изюм, конфеты [152, 236]. *Шашу – конфеты и другие сладости.

Мысалы Л.Соболев «шашу» дәстүрін т.б. транскрипция әдісі арқылы ұсынып, қосымша сілтеме берген. Сілтемеде: «Шашу – конфеты и другие сладости» [152, 782] деген түсіндірме береді. Шығармада ұлттық ойындардың атауы, кісі есімдері (еркелету мәнідегі, құрметте мәніндегі), тағам аттары,

өлшем-бірлік атаулары, шығарма атаулары (терме, күй) т.б. мәдени мәнге ие ұғым-түсініктер транслитерацияланып, сілтеме арқылы мағынасы көрсетілген.

Ұлттық және тарихи колоритті аудару мәселесінің бір қыры бұл шығарманың қандай да бір элементтерінің мағынасын сақтауды ғана емес, сондай-ақ олардың колориттілігін сақтауға тіреледі. Қазіргі таңда реалийлерді аударуда бірнеше тәсіл қолданылып жүр, атап айтсақ:

- *толық транслитрециялауда* шет тілдегі сөздің дыбысталуы аудармада сол қалпында беріледі;

- *жартылай транслитерациялауда* шет тілдегі сөздің түбірі сақталып, аударылатын тілге тән жұрнақ немесе жалғаулықтардың жалғануы арқылы беріледі [180, 22].

В.Н.Комиссаров баламасыз лексиканы аударудың мынандай әдістерін ұсынады: *транскрипция, калькалау, аналогтер, аудармашылық трансформациялар, экспликация* (мәтін ішінде суреттеме, түсіндірме, сілтеме түрінде мағынасын ашу) [189]. Мұндағы реалийлерге сілтеме беру (экспликация) көркем аудармада кеңінен қолданылатын техникалық әдіске жатады.

Дәуірнаманың алғашқы аудармасына қарағанда, жаңа аудармада паралингвизмдердің құрамындағы реалий атаулар көбіне транслитерацияланып берілген. Мәселен, Дәрменнің суыт жүрісі сипатталған төмендегі үзіндіде екі аудаманың ерекшелігін көре аламыз.

Кесте 54 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	А.Ким аудармасы	Л.Соболев а-сы
Оның ендігі **отырысы да оқыс екен. Қамшысына таянып, тымағын басынан алмай, бір тізерлеп отыр. Өңі аппақ құдай. Сәл қанталай түскен ажарлы, отты сұлу көздерін Абайға қадай түсіп, Дәрмен асыға сөйледі** [71, 76].	Джигит все же **присел на корпе, но как то неспокойно оперся на камчу, не снял с головы тымак, опустился на одно колено. Его красивые глаза сейчас были красными, так и горели на светлом лице, веки припухли** [197].	Дармен, **опираясь на кнутовище, не снимая малахая, присел на одно колено. Подняв на Абая воспаленные глаза, в которых сверкал дерзкий огонек,** он заговорил торопливо [153, 378].

Кесте 55 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	Л.Соболев аудармасы
Сылдырлаған шолпысы, әлдекандай былдырлаған тілменен Тоғжанның келері мен кетерін паш етеді [94, 140].	**Шолпы [78] своим** звоном предупреждало о ее приходе [152, 157].

Кесте 55 жалғасы

Шолпысының ендігі сылдырынан өзі қысылған тәрізді [94, 148].	Казалось, что каждый шаг ее звенит серебряными переливами **дорогого украшения** [152, 162].

Түпнұсқадағы «қамшысына таянып», «тымағын басынан алмай» паралингвизмдерін А.Ким «оперся на камчу», «не снял с головы тымак» деп жартылай транслитерациялау тәсілі арқылы аударған (Кесте 53). Мұнда «қамшы» – камчы, «тымақ» – тымак болып бейімделген. Ал дәл осы қолданыстарды аударуда ағлашқы аударма авторы «опираясь на кнутовище», «не снимая малахая» деп орыс тіліндегі мағынасы жуық баламаларға сүйенген. Ұсынылған екі аударманың ішінен А.Ким аудармасын сәтті балама дей аламыз. Себебі көбінесе «кнут» деп аударылып жүргенімен қазақтың «қамшысының» орыс тіліндегі «кнут» сөзінен ұғымдық және мәдени тұрғыдан сипаты бөлек. *Қамшы* мен *кнут* – функционалдық тұрғыдан ұқсас, екеуі де «басқару, бағындыру, бағыттау» әрекеттерімен байланысты болғанымен, мәдени және тілдік дүниетанымда әртүрлі символдық мәнге ие құралдар. Түркі мәдениетінде қамшы ердің серігі, билік пен тектіліктің белгісі ретінде қалыптасқан. Кнут – герман-скандинавиялық *knut* (байлау, түйін) сөзінен шыққан. Орыс мәдениетіне солтүстік Еуропадан енген және ерте кезде жазалау құралы ретінде қолданылған.

Қазақ тілінде «қамшы» сөзі қатысқан тұрақты тіркестерде «қамшы» мықтылықтың символы ретінде жұмсалады:

- *қамшы ұстау* – ер болу, ел қорғау;
- *қамшы салдырмау* – мықты, епті, шебер болу;
- *қамшы салдыру* – болдыру, шаршау

Қамшы қалдыру, қамшы қайтару, қамшы тастау сынды қамшы арқылы орындалатын символдық мәндегі бейвербалды амалдар бұрынғы қазақ қоғамының ажырамас бөлігі болған:

Қамшы қалдыру – құда түсу салтында қыз көруге келген адамдардың құда болуға ниеті бар екенін білдірудің тілдік емес (бейвербалды) белгісі. Қыз әкесі келген қонаққа қонақжайлылық танытып, қонақасысын береді. Қызды көріп, жібі түзу екен десе, жолға аттанар алдында өзінің қамшысын кереге басына іліп қалдырып кетеді.

Қамшы қайтару – құда түсу салтында құда болуға ниет етіп келгендерге «қыздың бас бос емес» немесе «құда болудың жөні келмейді» деген мағынаны білдірудің тілдік емес жолы.

Қамшы тастау – белгілі бір даулы мәселеде билердің төрелігіне жығылуға келген талапкердің немесе жауапкердің сөзін ұстаушы бидің төбе биден тілдік емес (бейвербалды жолмен) сөз кезегін сұрауы [198, 566].

Ал орыс тіліндегі «кнут» сөзінен туындайтын тіркестердің мәні мүлде бөлек:

- *под кнутом* – билік қысымында;
- *кнут и пряник* – жазалау мен мадақ оппозициясын білдіреді.

Қазақ мәдениетінде «қамшы» — рух, еркіндік, ерлік концептілерін бейнелесе, славян мәдениетінде «кнут» — жаза, қорқыныш, билік ұғымдарының когнитивтік нышаны. Бұл екі құралдың семантикалық және концептуалдық мазмұны әртүрлі: бірінде – еркіндік пен намыс, екіншісінде – тәртіп пен бағыну басым.

Дәл осы үзіндіде А.Кимнің «отырысы да оқыс екен» паралингвизмін аудару үшін «присел на корпе» деп «көрпе» атауын қолданғанын байқауға болады.

8. Паралингвизмді аудармай, қалдырып кету. «Абай жолы» романының аудармасында аудару процесімен қатар, «аудармау» әрекеті де кездеседі. Аудармашы мәтіннің белгілі бір компоненттерін (сөз, сөйлем, абзац) аудармашылар мақсатты түрде немесе басқа себептерге байланысты мүлдем аудармаған. Аударма мәтіндегі аударылмай қалып кеткен бөлігін «лакуна» (лат. lacuna – бос орын, бос кеңістік) деп атайды. «Абай жолы» дәуірнамасындағы бейвербалды құралдардың аудармаларын талдау барысында мәтін бөлшегін «баламаламау» (аудармау) себептерін де қарастырдық. Ә.Сатыбалдиев аудармадағы лакуна жауапты аудармашылардың «жолма-жол аудармаға» арқа сүйегенінен туындайтын айтады [177, 181]. Лакуна аудармашының түпнұсқадағы ойды қысқа қайырып, аз сөзбен жеткізуі кезінде де кездесіп жатады. Аудармадағы лакунаны Дорслер зерттеуіндегі «қалдырып кету» әдісінен ажыратып алған жөн. Себебі қалдырып кету (omission) – мағынаға зиян келтірмейтін элементті аудармай кету. Ал лакуна – аудармашының мағынаны, сюжеттік желіні ескерместен интенциялы түрде мәтін бөлігін аудармау және аударма мәтінге қоспау әрекеті, яғни шешімі.

Көркем аудармада лакунаға себеп болатын әдістің бірі – қысқарту. Көбінесе ой қайталаулар кездескен тұста, аудармашылар аталған әдісті қолданып, сөзді азайтып жатады. Алайда, «түпнұсқада қайталанып берілетін кейбір ой қайталаулар аударма барысында қысқартылғанымен мағыналық сәйкестік сақталыну керек» [157, 31]. В.Д. Нарожная лакунаны: «тілдегі, санадағы, мәдениеттегі лакуна – таңбалық материяның немесе құндылықтардың екінші бір мәдениетте болмауы ғана емес, лакуна – әр мәдениеттің өзіне тән ерекшелігінің көрінісі» [65, 27-28] – деп сипаттайды. В.Д. Нарожная пікірінен лакуна мәтінмен бірге мәдениеттерге де қатысты екенін аңғаруға болады, әдетте, мәдениеттегі лакуна мәтіндегі лакунаға себеп болады. З. Темиргазина лакунаны мәдениеттердегі бос кеңістік деп түсінуден гөрі, белгілі бір мәдениет үшін ақиқат дүниенің бөліп көрсету маңызды да, мәнді де болып саналмаған аспектісі деп түсіну қажет екенін айтады [1, 41].

Шығармадағы аударылмаған компоненттер көлеміне қарай *толық лакуна* және *жартылай лакуна* деп жеке-жеке талданды.

1. Толық лакуна – шығарманың аударма мәтінінде түпнұсқадағы сөз, сөйлем, абзацтардың толықтай аударылмауына байланысты баламаланбаған компоненттер (Кесте 56).

Кесте 56 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	Л. Соболев аудармасы	А. Ким аудармасы
Үндемей ғана отырып астарын ішкен-ді. Кейін шешесінің қабағынан **күндегі дағдылы ажарын танып**, бөгелместен жұмыстарына жөнелген-ді [71, 9].	–	–
Салқын жүзді билердің **сыздана қалған ажарын** Базаралы бағып отыр [84, 130].	–	–
Тәкежан енді **қатты сұрланып**, ызалана түсіп, Абайға анық зекіп отыр [84, 82].	–	–
—Е..бәсе!.. Абзац — Бәрекелді, Абай аға! - десіп қалды. Абзац — Айтпап па ем, бала! Тоқтай қал!— деп Ербол **сыбыр етті** [84, 80].	–	–
Көкбай мен Шұбар мынандай оқыс мінезден қысылғандай қыбылжып, бір нәрсе айтардай болысып еді. Абай тыныштық тілеп, **екі қолын шапшаң сермеді** де, барлық топқа тыйым салып, Дәрменді тыңдауға бұйрық етті [84, 8].	–	–

Түпнұсқа мәтіндегі екінші сөйлем Л.Соболев аудармасында мүлдем аударылмаған. Аудармашы қоштасу сәтінде көрініс тапқан әкенің баласына деген ыстық сезімін бейнелемейді. Сол арқылы орыс тілді оқырман қатал әке образына жасырылған зор махаббаты көре алмауы мүмкін. Лакунаның мұндай түрі – аудармашының интенциялы әрекеті. Себебі бұл мәнмәтіндегі бейвербалды компоненттер аударуға қиын баламасыз лексикаға жатпайды. Ал А.Ким бұл көріністі *стискивал сына в объятиях*, – руки его еще были могучи. Отец *приник лицом к нему и надолго замер*... деп сәтті аударады.

Лакуналар Л.Соболев аудармасымен қатар А.Ким аудармасында да ұшырасады (Кесте 57):

Кесте 57 – Түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа мәтін	Л.Соболев аудармасы	А.Ким аудармасы
Құнанбай көпке шейін үн қата алмай, ішінен күбірлеп, тәубе қылған кісідей **сілейіп тұрып** қапты [58,15].	Кунанбай долго не мог сказать ни слова и **стоял недвижно,** читая про себя покаянную молитву [153, 358].	–

Берілген сөйлемді А.Ким аудармасынан таба алмадық. Себебі аудармашы бұл ақпараттың шығарма сюжеті үшін маңызын ескерместен, аудармай тастап кеткен. Романдағы басты кейіпкерлердің бірі Құнанбай екені сөзсіз. Сол себепті автор Құнанбайдың әр қимылы мен сөзіне ерекше мән берген. Контекстен тыс ешқандай бейвербалды қызмет атқармайтын «тұру» қимылы, көрсетілген мысалда «сілейіп тұру» тіркесінің құрамында бейвербалды мәнге ие болған. «Сілею» лексемасы жеке-дара да қолданыла береді. Мағынасы адамның бір сәт естен танғандай абдырап, ойы шашырап тұрып қалуын білдіреді. Бұл бейвербалды амал арқылы автор кейіпкер ойында болып жатқан ішкі күресті бейнелейді. Сондықтан бұл сөйлемді аудармай қалдыру оқырман үшін кейіпкер образын ашатын бір кілтті жасырып қалумен бірдей. Л.Соболев те «сілейіп тұру» қолданысын сәтті аудармаған. «Стоял недвижно» деген баламаны функциялық аудармаға жатқызуға болады, алайда бұл аударма толық эквивалент бола алмайды.

2. Жартылай лакуна – параэлементтердің аударма мәтінде белгілі бір бөлшегі аударылмауы немесе түсірілуі.

Кесте 58 – «Абай жолы» романының аударма мәтініндегі жартылай аударылған бейвербалды амалдар

Түпнұсқа	**Л. Соболев аудармасы**
Ызғұттыға **қарап**, **қамыңа кіріс дегендей белгі етті**. Ол орнынан тұра бергенде Тәкежан, Ғабитхан, Оспан сияқты жастың бәрі ілесе тұрды. Абай да әке қасынан тұруға ыңғайланып еді, Құнанбай бұны **тізесінен алақанымен ақырын басты** да: – Жә, тапқаның мен танығаныңды сен мәлім етші, балам! – деді [58,10].	И Кунанбай **посмотрел** на Изгутты. Тот встал, вслед за ним поднялась молодежь — Такежан, Габитхан, Оспан и другие. Абай хотел присоединиться к ним, но Кунанбай задержал его, **положив ему руку на колено.** — Ну, сын мой, расскажи, что ты узнал? [153, 353].
Павлов Абайдың аударуынан бұл сөзді естігенде, **төсіне оң қолын қойып, бас иді.** Дәмежанға үлкен, сұлу көздерімен **жылы қарап**, аса биязы алғыс айтты. Бірақ асқа қалған жоқ [71, 15].	Абай перевел Павлову слова Дамежан. Тот с благодарностью посмотрел на хозяйку, улыбнулся и **приложил руку к груди**, однако на трапезу не остался…
Абайдың үлкен үйіне кірісімен Шұбарды көрген жерде Тәкежан **жиырылып**, **қырыс қарап қалды** [84, 117].	Увидев Шубара в абаевском доме, Такежан **скривился от досады** и недовольно проворчал:

Кесте 58 жалғасы

– Сөз ғана дейсің-ау! Табандап тұрып, төбеден сойылмен ұрғандай емес пе? Салмағы қандай? – деп, біраз отырды да: – Қой, Базеке! Мынандай сынның артынан айтылатын сөз қалған жоқ. Тек жинал, атқа қонайық! Жол болсын, ниет қабыл болсын! – деп, **ширыққандай атқып тұрды**. [84, 89].	– Аксакал! Это не просто слова, а удар соилом прямо по голове! – добродушно хохотнув, молвил Абылгазы. Помолчал и добавил: – Хватит нам жаловаться! Настала пора садиться в седло и выходить на дело. Базеке, вперед! И пусть нам сопутствует удача! Иншалла! – С этими словами он **вскочил на ноги.**
Қаражан өз ісінен қысылғандай болды. Бұл күнде әжім тартқан сұрғылт жүзін сәл жадыратып, Абайға **көзін сығырайтып**, күліп қарады [84, 79].	Каражан, **щурясь**, посмотрела на Абая.
Шұбар **сөз қатпаса** да ызаланып, Көкбайға **салқын көз тастап**, **сырт айналып**, атына міне берді [84, 13].	Шубар только **презрительно взглянул** на Кокпая и под общий смех стал садиться на коня.

Көркем мәтінде бірнеше амалдан құралған кешенді бейвербалды компоненттер жиі қолданылады. Мысалы жоғарыдағы мәтін үзігінде Құнанбай Ызғұттыға жай ғана қарамай, көзқарасы арқылы белгі береді (Кесте 58). Мәтінде бұл амалдың нақты қалай орындалғаны анық баяндалмағанымен, мұндағы көзқарас бейвербалды қызмет атқарып тұрғанын «белгі етті» деген тіркес дәлелдеп тұр. Л. Соболев аудармасында аталған бейвербалды амалдың «қарау» деген бөлігі ғана аударылып (посмотрел) «қамыңа кіріс деп белгі етті» деген жалғасы түсірілген. Көзқарастың бейвербалды сипаты баламаланбағандықтан оқырман кейіпкердің қарауына жасырылған мәнді ұғына алмауы мүмкін. Дәл осы мысалды А.Ким «посмотрел на Изгутты, давая ему знать, что пора подниматься» деп анығырақ аударады. Екі аударманы салыстырар болсақ, екінші аударманың коммуникативтік әлеуеті жоғары деп бағалауға болады.

Кесте 59 – «Абай жолы» романының аударма мәтініндегі жартылай аударылған бейвербалды амалдар

Түпнұсқа мәтін	**Л.Соболев аудармасы**	**А.Ким аудармасы**
– Бұл не қылған бала? Арызы не? Айтшы шапшаң! – деп Құнанбай әлі де **түйілген қабақпен енді ызалы үн қатты** [58, 13].	— Кто этот мальчик? Что за просьба? Говори скорее… — Кунанбай, явно раздраженный, приостановился, **насупив брови** [153, 355].	– Ну и чего же хочет от меня этот мальчик? – произнес он **осевшим, глухим голосом** [197].

Шығармадағы бірнеше бейвербалды амал қатар келген жоғарыдағы сөйлем екі аудармада жартылай лакуна түрінде аударылған (Кесте 59). Берілген тілдік емес құрал «түйілген қабақ» және «ызалы үн» деген екі амалдан тұрады. Л. Соболев аудармасында Құнанбайдың ашулы екенін білдіретін «ызалы үн» деген бөлік түсірілсе, А.Ким керісінше кейіпкердің сыртқы бейнесінен орын алған ашудың белгісі «түйілген қабақ» деген мимиканы аудармайды. Екі аудармашының екі түрлі компонентті түсіруі бұл да аудармашылардың шешімі екенін білдіреді. Өкіншіке орай бейвербалды амалдарды түсіріп тастау шығарманың эмоционалды-экспрессивті бояуын әлсіретеді. Бейвербалды элементтер мәтінді елестетуге мүмкіндік беретін «визуалды құрал» қызметін атқара алатын бірден бір тілдік бірліктер болғандықтан, М.Әуезов шығармасында барынша мол пайдаланған.

Кесте 60 – «Абай жолы» романының аударма мәтініндегі жартылай аударылған бейвербалды амалдар

Түпнұсқа мәтін	**Л.Соболев аудармасы**	**А.Ким аудармасы**
Құнанбай қанша кәрлі, зәрлі болса да мынадай кінәдан қатты сасып, **құп-қу болып, дірілдеп кетті** [58, 14].	И как ни страшен был гнев Кунанбая, слова эти поразили его так, что он даже **задрожал** [153, 356].	Как ни был разъярен грозный Кунанбай, но последние слова Даркембая сразили его, он **вздрогнул, лицо его мгновенно побледнело, стало серым, каменным** [197].
Сармолла тағы да **басын шұлғып**: - Әлбәттә, әлбәттә! деп, әлденеге қысылғандай асыға басып ширыға жөнелді [71, 18].	- Да-да! — Сармолла **закивал головой** и, смущенный, скользнул за дверь [153, 333].	Такие слова несколько смутили Сармоллу торопливо ступая, он направился к выходу. Абай слышал, как, уходя, в дверях комнаты, он бормотал Конечно, безусловно! Барекельди, ага! [197].

Кейіпкер эмоциясын дәл беру үшін автор бейвербалды компоненттерді тізбектей отырып қолданған. Оның алғашқысы жүзіндегі өзгерісті білдірсе, екіншісі дене қалыбын танытады. Л. Соболев аудармасында «құп-қу болып» деген кейіпкер түсінің қашқаны аудармада бейнеленбейді, ал А. Ким керісінше жүзіндегі құбылысқа екпін беріп қана қоймай, экспрессиясын үстемелеп көрсетуге тырысады (Кесте 60). Ол үшін А.Ким «құп-қу болып» дегенді «лицо его мгновенно побледнело, стало серым» деп қана шектелмей «каменным» деген метафорланған қолданыспен толықтырады.

Лакуна аударманың нақтылығына, толықтығына, көркемдігіне кері әсер етеді. Себебі «нақты аударма (транскодтау) – бұл толығымен түпнұсқаға (шығыс тілдегі мәтінге) бағдарланған тіларалық және мәдениетаралық дәнекерліктің бір түрі. Бұл жағдайда аудармашының міндеті – түпнұсқа мәтінде берілген барлық ақпаратты аударылатын тілдің құралдары арқылы жеткізу. Оның нәтижесі – аударылатын тілде адресат (2-қатысушы) түпннұсқаны оқып отырғандай етіп қабылдайтын мәтін» [176, 25].

Шығарма тілінде жалпыхалықтық ым-ишаралармен қатар автор тудырған индивидуалды-образды бейвербалды амалдар да, кірме бейвербалды амалдар да бар. Мәтінде ең жиі көрініс тапқан авторлық паралингвизмнің бірі – «сақалы сілкіну». Ақ сақалды кейіпкерлердің қатысым кезіндегі ым-ишараларын бейнелеуде қолданылған бұл паралингвизмнің мәнмәтіндік талдау арқылы мынандай мағыналары анықталды.

Сақалы сілкіну. 1. Аузын, иегін қатты қозғалтып, сөйлеу: *Мол, сұлу сары* ***сақалы сілкіне түсті*** [71, 27].

2. Қатты күлу: «*Қалың* ***қара сақал, сары мұртының бәрін сілкінтіп***, *Баймағамбет те мәз боп отыр*» [71, 6].

3. Қорыққаннан дұға оқу: *«Бұл шаққа шейінгі сөздерді үнсіз тыңдаған хазіреттің жаңағы соңғы сөзден соң* ***сақалы жиі сілкінді****. Ол төмен қарап күбірлеп тұр. Кейбір "фәләкәттарды" естіген жерде, соны зарарсыз етпек ниетпен оқитын "Лаухынаманың" тиісті дұғалығын оқыды»* [71, 23].

Авторлық паралингвизмнің мағынасы нақты көрініп тұрмаған жағдайда, аудармашылар үшін аударуда қиындық тудыруы мүмкін. Мәселен, «сақалы сілкіну» паралингвизмі аудармада әрдайым сөзбе-сөз аудару арқылы беріліп отырған. Алайда Л. Соболевке қарағанда А. Кимнің бұл паралингвизмнің мәнін түсінбегені байқалады.

Кесте 61 – «Абай жолы» романындағы авторлық бейвербалды амалдар

Түпнұсқа	**А. Ким аудармасы**	**Л. Соболев аудармасы**
Бұл шаққа шейінгі сөздерді **үнсіз тыңдаған** хазіреттің жаңағы соңғы сөзден соң **сақалы жиі сілкінді**. Ол **төмен қарап күбірлеп** тұр. Кейбір "фәләкәттарды" естіген жерде, соны зарарсыз етпек ниетпен оқитын "Лаухынаманың" тиісті дұғалығын оқыды [71, 23].	Хазрет слушал **молча**, испуганными глазами посматривая то на одного, то на другого, но в конце зычной речи муэдзина у него почему то стала **подрагивать борода**. Вместо ответа он начал читать молитву Лаухынама, которая, как он думал, должна была оградить от всяких напастей [197].	Ишан слушал **молча**, но при последних словах Самурата у него **затряслась борода**. **Опустив голову**, он **забормотал** молитву из «Заух-Намэ», [82] которая, как известно, отгоняет надвигающие-ся беды 153, 337].

Берілген үзіндіде А.Кимнің «*но в конце зычной речи муэдзина у него почему то стала подрагивать борода*» деп аударғанын көреміз (Кесте 61). Мұндағы «почему то» деген қолданыстан аудармашының бұл амалдың не себепті қолданғанын мәнмәтін арқылы түсіне алмағаны байқалады. Бұл тұрғыдан Л.Соболевтің «но при последних словах Самурата у него **затряслась борода**» дегені сәтті шыққан. Себебі шығармадағы оқиға желісі бойынша Сармолла хазреттің айналасындағы халфелердің істеп жүрген сұмдық істерін баяндайды, сөз соңында айтқан табыт қағуға қатысты тұсы шарықтау шегі деп бағалауға болады. Халфелердің бұл әрекетінен қатты шошынған хазрет Сармолла сөзін аяқтай бере бірден тез-тез пәле-жаладан сақтайтын дұғаларын оқи бастайды, осы сәтте аузының тез қимылынан сақалы дірілдеп кетеді. Бұл бейнелі паралингвизмнің мәнісін түпнұсқаны оқыған оқырман түсіне алғанымен, А.Ким аудармасын оқығанда түсінуге қиын соғары анық. Осындай күрделі паралингвизмдерді аударуда аудармашының мәтінді терең талдай алатын, мәнмәтін арқылы мағынаны филологиялық білімі қажет екені аңғарылады.

Кесте 62 – «Абай жолы» романындағы авторлық бейвербалды амалдар

Түпнұсқа	**А. Ким аудармасы**
Философия ғылымы, астрономия, космогония және дүниенің жаралысы, адам ағзасының әрекет сырлары турасындағы ғылымдар бар — бәрі туралы құран баян ететін ойлар қарын ашырады. Күлкі де болып шығады, дейді!— деп бір тоқтағанда, Көкбай «астапыралла» дегендей, **қабақ түйіп, төсін басты** [84, 30].	Все, что сказано в коране о строении вселенной, о человеческом обществе, о теле человека и об его сокровенной тайне — душе, ничего не объясняет. Более того, говорит он, иногда получаются даже смехотворные выводы… Абай помолчал, обводя взглядом слушателей. Ербол и Акылбай сидели нахмурясь, опустив головы, а Кокпай даже **приложил руку к груди жестом покаяния**, будто повторяя про себя «Астапыр, алла» («Господи, прости мое согрешение») [199, 31].

Авторлық паралингвизмдерді сөзбе-сөз аударған кезде мағынасын нақтылайтын факультетивті элемент арқылы аударудың сәтті шығатынын берілген мысалдан көруге болады (Кесте 62). «Төсін басты» паралингвизмін А.Ким «*приложил руку к груди жестом покаяния*» деп аударады. Мұндағы бейвербалды амалдың жалпы халыққа тараған негізгі мағынасы қолын кеудеге қойып амандасу екені белгілі. Ал қолын төсіне қойып жаратқаннан қорыққанын білдіру – бұл ым-ишараға автор қосқан авторлық мән.

Шығармада М.Әуезов қолданған авторлық әрі ситуативті бейвербалды амалдардың бірі – «алақанын жазу» кинемасы. Қазақ қатысым мәдениетінде кездесе бермейтін бұл ишара автор қаламынан туған. Оның мағынасын мәнмәтін арқылы ғана ұғуға болады.

Кесте 63 – «Абай жолы» романындағы авторлық бейвербалды амалдар

Түпнұсқа	А. Ким аудармасы	Л. Соболев аудармасы
Оюлы, аламыш шәлілерін бір иығынан қолтық астына қарай шалыс жамылып, құлақтарына үлкен сырға салған, алақандай қара көзді, қара шашты сыған әйелдері оралды. Абайға бал ашып берем деп, "бақытыңды тауып, атап берем" деп сусылдап, **алақанын жаза** сөйлеп жүр.	Тут же к нему подскочили цыганки разного возраста женщины с большими, черными, как смоль, глазами, с массивными серьгами в ушах, одетые непременно во все пестрое, в узорчатых шалях, небрежно свисающих с плеч. **Раскрыв ладони**, они привычно затараторили Эй, господин! Давай, погадаю! Хочешь узнать свое счастье? [197].	Возле чьей-то тележки Абая обступили черноволосые и кареглазые цыганки в ярких цветастых шалях, перекинутых через плечо. — Погадаю на счастье! — привязалась к Абаю одна из них, позванивая огромными серьгами и **протягивая смуглую ладонь** [153, 363].

Бұл үзіндіден автордың «алақанын жазу» ишарасының сыған әйелдердің бал ашу ишараты екенін болжау қиын емес. Бұл паралингвизмді А.Ким сөзбе-сөз баламаласа, Л.Соболев «протягивая смуглую ладонь» деп нақтылау тәсілі арқылы аударған. Екі аудармада да ишараның мағынасы ашылған (Кесте 63).

Аударма мәтін түпнұсқаның коммуникативтік-функционалдық сапасы, яғни коммуникативтік эффектісі тең немесе біршама жақын түсетін нұсқасы болуға тиіс. Аударма әдебиеттің тілін лингвистикалық және лингвомәдени тұрғыдан талдау *мәдениет-ұлт-тіл* үштағанының тығыз байланысын, бұлжымас бірлігін дәлелдеуге септігін тигізеді. Көркем шығармадағы кейіпкердің сырт пішіні мен характерін бейнелеуге, суреттеуге игерілетін екі тіл арасындағы лингвомәдени сыппаттардың аудармашы тарапынан ескерілуі және ескерілмеуі аударманың сапасын бағалау үшін негізгі межелердің бірі болады. «Абай жолы» романындағы паралингвизмдер аудармасын талдай келе, аударуда қолданылатын тәсілдердің сәтті таңдап алынуы, түпнұсқадағы қолданыстардың мәнмәтіндік мағынасын аудармашының дұрыс түсінуі және аударма мәтінде көркемдігі мен эквиваленттігін сақтай отырып аударуы көркем аударманың лингвомәдени құндылығының сақталауына әсер ететін ең негізгі факторлар екені анықталды. Шығарманың екі аудармасында да паралингвизмдерді аударуда сөз қосу және теңестіре аудару тәсілдері жиі қолданылған. Мұның мәнісі паралингвизмдердің динамикалы сипатын толық жеткізуге, мағынасын жан-жақты ашуға деген аудармашылардың талпынсында деуге болады. Салғастырмалы зерттеу арқылы вербалдануы ұлттық және авторлық дүниетаным арқылы жүзеге асатын паралингизмдердің шығарма тіліндегі ең жиі кездесетін әрі мағынасы мен құрылымы күрделі қолданыстар екені анық көрінді.

3.4 Паралингвизмдерді аударудың қиындықтары: аудармадағы симметрия және ассиметрия

Көркем аударманы аударматанушылар *дәстүрлі аударма* деп атайды. Дәстүрлі аударманың басты ерекшелігі – автор құқығының сақталуы мен шығарма мәтінінің баламалығының жоғары деңгейде болуы. Көркем аудармадағы баламалық – түпнұсқа мен аударма мәтіннің арасындағы коммуникативтік теңбе-теңдіктің негізі. В.Г.Белинский: «Әдеби шығармаларды аударудың бір ғана ережесі бар, ол – аударылып отырған шығарманың рухын жеткізу. Ал ол үшін аударылып отырған шығарманы автордың өзі орыс болып орыс тілінде жазғандай етіп аудара алуы қажет» [203, 87]» - деп көркем мәтінді аударуда аударылатын тілдің мүмкіндігін сарқып пайдалану керек екенін атап өтеді.

Мәтін семантикасын терең қарастырған тілші-ғалым Ғ.Әнес: «Мәтін белгілі бір мақсатты көздейді, белгілі бір адресатқа арналады, адресаттың қабылдауына сай қалыптасқан формасы, қабылдауға ыңғайлы тілдік құрылымы болады, құрылым элементтері мәтін тұтастығы мен автордың мақсатына қарай, ақпарды нақты және толық жеткізетіндей болып, реттілікпен, жүйелікпен орналасады. Сонымен бірге әрбір мәтін қоғам мүшелері үшін ақпараттық, коммуникативтік, кумулятивтік қызметтер атқарады» [3, 42] – деп мәтіннің мақсатты түрде құрылатынына баса назар аударады. Түпнұсқа мәтін ол автор мақсатына негізделсе, аударма мәтін де дәл солай автор мақсатын аудармашы қаламы арқылы жеткізеді. Алайда аударма мәтінде де ғалым атап өткен адресат қабылдауына сай қалыптасқан форма, қабылдауға ыңғайлы тілдік құрылым, реттілік, жүйелік болуы аса маңызды.

Көркем мәтін аудармасын зерттеудегі маңызды мәселелердің бірі – аударма сапасы. Ю.В. Дмитриева паралингвизмдерді аударудағы қиындықтардың негізгі себебі – «мәдени ерекшеліктерге негізделген тіларалық айырмашылықтар, нақтырақ айтқанда халық санасындағы ақиқат өмірді тілде бейнелейтін және аударуға көне бермейтін лексика-фразеологиялық құралдар» деп түсіндіреді [149, 20].

Қазіргі таңда аударма сапасын аудармадағы симметрия және ассиметрия арқылы өлшеу кең тараған. «Симметрия» және «ассиметрия» ұғымдары көптеген ғылым салаларының категориялар аппаратында кездесетіндіктен, түрлі аспектіде қарастырылып жүр. Атап айтқанда, *симметрия/ассиметрия* бинарлы оппозициясы Г. Вейл, Ю.В. Вульф, В.Г. Гак, Н.К. Гарбовский, В.В. Иванов, В.А. Карпов, С. Карцевский, В.А. Копцик, Н.Л. Мышкина, И.Н. Пономаренко, В.Д. Цветков, А.В. Шубников еңбектерінде кездеседі.

Аудармадағы симметрия және ассиметрия мәселесі аударма теориясына қатысты еңбектерде ішінара аталса, орыс ғалымдары Л.В.Кувшнина және Н.Г. Гончар еңбегінде жеке зерттеу нысанына алынған. Зерттеушілер аудармадағы ассиметрияны *автор кеңістігі, аудармашы кеңістігі, қабылдаушы кеңістігі, мазмұндық кеңістік, энергетикалық кеңістік, фатикалық кеңістік* негізінде талдай келе, аударма мәтіннің мынандай мәндік ерекшеліктері сақталуы керек екенін айтады: *модальды мән, индивидуалды-образды мән, рефлективті мән,*

фактуалды мән және *мәдени мән* [204, 10]. Авторлардың пікірінше, аудармаға келгенде, мағына мен мән тең емес, аудармашының көздейтіні – мағынадан бұрын сол мағынаның астарында жатқан мәнді түсіну және дәл жеткізу. Осы орайда тілші-ғалым А. Салқынбай мәтін мәнінің *өзекмән* және *өздікмән* деген екі түрлі сипатын бөліп көрсетеді. «Өзекмән – мәтіннің өн бойындағы басты мазмұн, яғни оқырманға жалпы түсінікті болатын негізгі ой. Ал жеке оқырман үшін аңғарылатын, өзіндік таным-түсінігіне сай ерекше маңызды мазмұнды анықтау – мәтіннің өздік мәнін табу болады» [205, 16]. Өздікмәні қалыптасуы үшін оқырман, ең алдымен, өзекмәнді ұғынуы тиіс. Бұл – аударма мәтінге де қатысты мәселе. Себебі оқырман аударма мәтінді оқып отырғанда, сол көркем әлемге ене алуы, сол мәдениетті толық сезініп, шығарма арқылы басқа өмірді сүріп шығуы, автор идеясын ұғынып, оқығанынан ой түйе алуы маңызды. Аудармадағы өзекмәнді оқырманның дәл анықтап, сол арқылы өздікмәнін қалыптастыруына сөзсіз аударма сапасы үлкен әсерін тигізеді. Аудармашы шығыс тіл мен аударылатын тіл арасындағы тілдік және мәдени деңгейдегі симметрия және ассиметрия мәселелерін жіті назарда ұстауы қажет.

Аударма сапасы тек дұрыс аударма жасаумен ғана емес, автор интенциясы мен мәтін қуатын толық жеткізіп, оқырманға жағымды әсер ететін, санасына жеңіл бекитін сәтті аударма жасаудың күрделілігімен өлшенеді. Осы орайда оқырман қабылдауы мен бағалауына әсер ететін негізгі факторлар – аударманың сииметриялы және ассиметриялы болуы.

Аудармадағы симметрия аударма тәсілдерін ұтымды пайдалану арқылы үйлесімді аударма мәтінін дүниеге әкелуге мүмкіндік береді. *Үйлесімді аударма мәтіні* деп отырғанымыз – түпнұсқадағы «мәндер жүйесін» басқа тіл мен мәдениетке дәл баламалайтын мәтін. Үйлесімді аударма мәтіні басқа елдің әдеби кеңістігіне еніп қана қоймай, сол әдебиет пен тілдің таңдаулы туындысына айналады.

Қазіргі таңда аудармада «симметрия» терминімен аталып жүрген мағынаның сәйкес келуін білдіретін ұғым, ең алғаш Р.Якобсонның зерттеуінде 1959 жылы «мағына» және «эквиваленттілік» деп аталып, талқыланған. Ғалым атақты швед лингвисті Ф. де Соссюрдің линвгистикалық жүйе «langue» мен жеке қолданыс «parole» жайлы ойларына сүйенеді. Соссюр «langue» туралы теориясында айтылған немесе жазылған қалып «signifier» мен оның мәнін білдіретін ұғым «signified» тілдік таңбаны құрайды деп қорытындылайды. Осы ойды дамыта келе Р.Якобсон тіл-тілдегі тіл кодтары ешқашан бір-біріне толық эквивалент бола алмайтынын айтып, оған мысал ретінде орыс тіліндегі «сыр» ұғымы мен ағылшындардың «cheese» ұғымының арасындағы ерекшеліктерді атап көрсетеді.

Зерттеуші Найданың пікірінші сөзбе-сөз аударма табуға тырысу ол – ескі дәстүр, ал сауатты аударма жасау үшін жеке сөздің емес, оның мәнмәтіндегі мағынасын анықтау керек. Еңбегінде ғалым сөз мағынасының үш түрін көрсетеді:

1) Лингвистикалық мағына: сөздердің бір-бірімен байланысқа түскенде анықталатын мағынасы. Мысалы, ағылшын тіліндегі «his» есімдігі мына үш

мысалда үш түрлі лингвистикалық мағынаны білдіріп тұр: *his house* (оның үйі) – сол адамға тиесілі, меншікті үй, *his journey* (оның сапары) – ол жүріп өткен жол, *his kindness* (оның мейірімділігі) – «мейрімділік» оған тән қасиет.

2) Негізгі мағына (referential meaning): сөздің сөздікте көрініс табатын бастапқы мағынасы. Мысалы, «ұл» деген ер баланы білдіреді.

3) Эмотивті немесе коннотативті мағына: сөзге қатысты туындайтын ассоциативті мағыналар. Мысалы, «Оған уайымдама, балам» деген сөйлемде «балам» сөзі жылы қарым-қатынасты білдіріп тұр [183, 33].

Мағынаға тән осындай күрделі құрылымды ескере келе Найда аудармашылар аударма процесінде сөздерге «семантикалық құрылымдық талдау жасау» қажет екенін айтады [190, 107]. Бұл симметриялы аударма жасаудың ең негізгі жолы саналады.

Аударманың тігісін жатық етіп, жаттығын білдірмей, түпнұсқаның коммуникативті-функционалдық белгілерінің іргесі қозғалмай, шашырамай тұтас жеткізілуіне жол ашатын, қазақ тілінің барлық әлеуетінен сөз таңдауға, аудармашы қаламгердің суреткерлік даралығын, аудармашылық шеберлігін танытуға мүмкіндік беретін тәсіл – адекватты бала немесе аудармадағы симметрия. Сәтті аударма жасау арқылы аудармашы көркем мәтінге ғана емес, аударма теориясына өзіндік үлесін қосады. Себебі тіл барлығына ортақ болғаны секілді, ондағы тілдік бірліктер де барша мәтіндерге, соның ішінде көркем мәтіндерге де ортақ.

Эквивалентті (адекватты) аударма – аударылатын тілдің құрылымдық, стильдік, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктері ескеріле; ережелері мүлтіксіз сақтала отырып, түпнұсқа тілдің мазмұнын да, тілдік формасын да барынша қамтитын аударма. Мұндай аударма шет тілде сөйлейтін адресаттың (2-кодпен сөйлеушінің) интеллектуалдық және эмоционалдық жағынан назарын түпнұсқа мәтіннің авторының коммуникативтік байланысына сәйкес етіп аудартады [176, 43-44]. Адекватты аударманы «толыққанды», «реалистік» аударма деп те атайды.

Н.Рсалиева баламалы аудармада түпнұсқадағы автордың ойын, идеясын, эмоциясын жеткізу міндеті мәтіннің мәдени және контекстуалдық ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылатынын айтады [184, 56].

Адекватты балама жасау үшін аудармашылар түрлі тілдік тәсілдерді қолданады. Оның негізгі жолдары ретінде аудармашы мынандай қадамдар жасайды:

- түпнұсқадағы ақпаратты мүмкін болғанынша қамти алатын баламаны қолданады;
- аударылатын тілдің лексикалық-грамматикалық нормаларын қадағалайды;
- мәтіннің ерекшеліктеріне қарай аудармашы сөздіктегі сәйкестікті, екітілді лексикографиялық еңбектерде ресімделген баламаны пайдаланады;
- семантикалық құрылымы жақын-жуық, стильдік қызметінде айырмалары бар функционалды сәйкестік жасайды;

- коммуникативті-функционалдық белгілер үшін аудармашы тарапынан нақтылау (конкретизация), ұлғайту (генерализация), мағыналық дамыту әдістері пайдаланылады;

- мәтіннің ерекшелігіне қарай сөздердің орны ауыстырылады;

- дербес лексикалық единицаның орнына сөз тіркестері қолданылады;

- синонимдердің бірнешеуінің қатар жұмсалуы арқылы мағына дамытылады, стильдік бояу үстеледі.

Сәтті аударылған бейвербалды амал деп аудармадағы бейвербалды амалдың мәні, мағынасы түпнұсқамен сәйкес келетін және оның эмоциялық реңкін бере алатын аударманы атап отырмыз. Басқаша айтқанда, сәтті аударылған тілдік бірліктер – түпнұсқа мәтіндегі параэлементтің семантикалық, экспрессивтік реңктері толық сақталған және аударма тілде кең тараған қолданыстар арқылы баламалануы.

Роман-эпопея аудармаларындағы паралингвизмдерді саралай келе бейвербалды амалдардың симметриялы аудармасын жасаудың мынандай шарттарын анықтадық.

1) Мағынасы паралингвизмнің мағынасына жуық екінші тілде кең тараған экпрессивті қолданысты пайдалану. Мұнда мағына дәлдігімен бірге аударманың оқырманға әсері назарға алынады. Оған мысал ретінде «Абай жолы» романының аударма мәтініндегі мынандай аударманы айтуға болады (Кесте 64):

Кесте 64 – «Абай жолы» роман-эпопеясындағы паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	**Л. Соболев аудармасы**
Қодар **қиналып, қатуланған соң** Жәмпейіс өз естігенін тегіс айтқан жоқ [94, 29]	Увидев **потемневшее лицо** Кодара, Жампеис понял, что лучше не растравлять его раны и не рассказывать дальше [152, 56]
Қаражан мен Әзімбай болса салқын, **сызды қабақтарын ашқан жоқ**. Үнсіз ғана кезек әмір етісіп, қазан астыруға белгі беріскен [84, 73].	Каражан и Азимбай **сумрачно** молчали, жестами приказывая слугам подать кумыс, поставить чай, варить мясо.

Берілген мәтін үзігіндегі *қиналып, қатулану* – кейіпкердің ішкі күйін білдіріп тұрған симптомдық паралингвизм. Мұндағы «қатулану» - «қиналудың» сыртқы көрінісі, яғни бейвербалды элемент болып саналады. Орыс тіліндегі нұсқада *потемневшее лицо* деген тұрақты эпитетті қолдану арқылы аудармашы кейіпкердің әрі ішкі психологиялық күйін, әрі соған байланысты бет-жүзінде көрініс тапқан сыртқы өзгерістерді дәл сипаттап отыр. Сол себепті бұл баламаны сәтті аударылған тілдік бірліктердің қатарына енгізуге болады. *Потемневшее лицо* қолданысы – орыс тілінде ауыспалы мәндегі эпитет түрінде көркем әдебиетте кең тараған образды тіркес, сол себепті оқырманға түсінікті әрі түпнұсқаға жақын аударма.

Сәтті аударма жасаудың тағы бір жолы – «экспрессивті бірліктер арқылы аудару», әсіресе екінші тілде дәл баламасы жоқ бейвербалды компоненттерді оқырманға әсер ететін бірліктер негізінде экспрессивті аудару арқылы мағынасын толығырақ жеткізуге болады.

Кесте 65 – «Абай жолы» роман-эпопеясындағы паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	**Аудармасы**
Ұлжан тартымды болумен қатар, сыншы да ана. Баласының жаңағы мінезіне біраз **ойлана қарап отырды**. Биыл денесі өскелеңдеп қалған баласы, мінез жағынан да ересек тартқан сияқты. Ұлжан көппен бірге күлген жоқ еді. Енді байқай отырып, **ақырын мырс етті де** [94, 13].	Его мать, Улжан, засмеялась не сразу. Она **задумчиво глядела на сына**. Как он вырос за этот год! Как возмужал, какая острота ума в его глазах, как не похож он на своих братьев!.. **Легкая улыбка скользнула по ее губам** [152, 41].
– Үйлерінде қонақ жоқ, оңаша шығар деп ем. Жаңағы арбаның үстіне тиеп қойған сақалдарың немене? Бұ қап-қап сақал жиып, базарға сатқалы отырсыңдар ма? – дегенде, ең алдымен **аппақ ұзын тістерін ақсита ашып**, Дәмежан **сақылдап күлді**. Абайға сонша сүйсіне қарап қапты. Қоңыр **сұр жүзі қып-қызыл бола** күледі [71, 6].	А что за бороды громоздятся на желтой арбе? – обратил он в шутку дальнейший разговор. – Уж не собираешься ли ты торговать ими на базаре, набивая шерсть в мешки? Дамежан рассмеялась, поглядывая на Абая с явным восхищением. Смех ее был, как всегда, **звонок, и белые зубы сверкнули в свете ламп** (А.Ким)

Қазақ тілінде күлкіні бейнелейтін паралингвистикалық қолданыстар өте көп. Олардың бәріне орыс тілінен сәтті балама табу оңай емес. Сондықтан аудармашылар түсіндіру, бейнелі құралдар арқылы баламалау тәсілдерін қолданып мұндай кинемалардың мағынасын толығырақ жеткізуге тырысады. Берілген үзіндідегі «мырс ету» паралингвизмі екінші тілге образды қолданыс арқылы «*легкая улыбка скользнула по ее губам*» деп баламаланады (Кесте 65). Бұл аударма «мырс етудің» микромәтіндегі мәні анық күлуден гөрі жай ғана белгілі-белгісіз жымию екенін дәл жеткізіп тұр әрі оқырманға әсер ететін экспрессивті бояуы да бар. Дәл сол секілді келесі үзіндідегі Дәмежан күлкісін сипаттаған «*аппақ ұзын тістерін ақсита ашып*, Дәмежан *сақылдап күлді*» паралингвизмі А.Ким аудармасында «Смех ее был, как всегда, *звонок, и белые зубы сверкнули в свете ламп*» деп көркем бейнеленген.

Аудармашы жасаған метафоралы қолданыстар Мағыш образын одан әрі аша түскен. Мәселен, «көзі құрмет ізетпен қарай түсіп, төмендей берді» деген Мағышқа тән әдеп пен ибаны сұлулығымен ұштастыра бейнелеген паралингвизм

аудармада «Ее лучистые глаза почтительно и благодарно глянули на Абая из-под черных бровей и тотчас словно погасли в длинных ресницах» деп қыз сұлулығын әсірелей түскен (Кесте 66). Яғни көркем аударма үшін аудармашының кәсіби құзыреттілігімен қатар жазушылық шеберлігі, көркемдік ойлауы да үлкен рөл ойнайды.

Кесте 66 – «Абай жолы» роман-эпопеясындағы паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	**А.Ким аудармасы**	**Л.Соболев аудармасы**
Абайдың жүзіне Мағыш **көзі құрмет ізетпен қарай түсіп, төмендей берді**. Толық сұлу еріндері мен сопақша келген аппақ қызғылт беті де әдептілік танытады. **Қызыл еріндерінде сәл ғана сыпайы жымию бар** [71, 37].	Так, большие серые **глаза, которые она подняла и тотчас опустила**, самым удачным образом сочетались с темными волосами и черными дугами бровей, а дивная форма ее полных розовых губ, **сложенных в легкую чарующую улыбку**, подчеркивала кротость и беспорочность ее белого, как чистое молоко, лица [197].	Ее лучистые глаза почтительно и благодарно **глянули** на **Абая из-под черных бровей и тотчас словно погасли в длинных ресницах.** В овальном ее лице, чуть тронутом нежным румянцем, в белизне лба и сочных ярких губах были и свежесть и чистота, неподдельная скромность и своеобразное достоинство юности [153, 348].

2) Паралингвизмдерді сәтті аударудың екінші тәсілі – мағынасы мен стильдік бояуы сай келетін сөзбе-сөз аударма жасау. Эмоцияны білдіретін ишараттардың бірнеше тілде ортақ мәнге ие болуы – жиі кездесетін құбылыс. Сол себепті мұндай паралингвизмдерді сөзбе-сөз баламалау аудармашы үшін ең ұтымды тәсіл болмақ. Мәселен «Қолын сілікті» паралингвизмінің «махнув рукой» деген баламасының мәні екі тілде бірдей. А.Акишинаның сөздігінде қолды басқаға қарата сілкудің мәні *«недовольство, досада, раздражение, негативное оценка чего-либо. Может сопровождаться словами: «Ох!», «Эх!» и т.п.»* [138, 85] деп көрсетілген (Кесте 67).

Кесте 67 – «Абай жолы» роман-эпопеясындағы паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	**А.Ким аудармасы**
Оразбайдың мына жиын алдында дауласқысы келген жоқ. **Қолын сілікті** де [84, 61].	Уразбаю не хотелось вступать с ним в спор перед сторонниками Абая. Абзац **Махнув рукой**, он проговорил загадочно и угрожающе [197].

Кесте 67 жалғасы

Ал Сармолла Абай сөзіне қоса өзінің күндегі өш мәзін, халфелерін көбірек жамандайды. **Көзін жұмып, басын шайқап, таңдайын қаға берді** [71, 17].	Казалось, что Сармолла внимательно слушает и все понимает, но, едва начав отвечать, он снова принялся поносить ненавистных ему муэдзинов, халфе. Закончив свои речи, Сармолла **закрыл глаза, качая головой, цокая языком…** [197].
Федор Иванович үндемей **құшақ жайып кеп, сүйісіп амандасты.** Абайдың **қолын ұзақ сілкіп, қатты қысты** [71, 13].	Федор Иванович **раскрыл объятия еще на подходе и горячо обнял Абая. Крепко сжимая его руку, долго, молча тряс ее** [197].
Тәкежан күйіп кетіп, ұрыса жөнелді. – Ата жолынан да, шариғат жолынан да, мұсылман қауымынан да бездім десеңші! Бүйткенше, айыпкерім, құныкерім неге болмадың, Абай! – деп, **қамшының сабымен үстел үстінде,** Абай алдында жатқан қалың кітапты **салып қалды**. Абай Тәкежанға **қабағын түйе ашулана қарады** да [84, 120].	– Так ты что, отрекаешься от священной веры предков, не признаешь мусульманских законов? Абай! Лучше бы ты стал моим кровником, чем докатиться до такой ереси! И с этим выкриком **Такежан изо всей силы ударил плетью по книге**, лежавшей на столе перед Абаем. – Кровником, говоришь?! – переспросил Абай, **грозно сверкнув глазами** на брата [197].

3) Нақтылау және сөз қосу тәсілі арқылы паралингвизмнің мәнін аша түсу.

Кесте 68 – «Абай жолы» роман-эпопеясындағы паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	**А.Ким аудармасы**
«Жетем, қазір жетем, жан балам!» деп жатты. Дәл үзілер шағында сол сөздерін ақырын, сыбырмен ба, стап, **ернінің үнсіз қыбырымен** аяқтаған [84, 68].	«Скоро… скоро буду с вами…» — говорил он в забытьи. И в самый последний миг он повторил эти слова уже **беззвучным движением холодеющих губ** [197].
Әйгерімнің күлкісі қатты келсе де, қайнағаға күлуден **именіп, қысыла қызарып**, артындағы Зылиқаға бір нәрсе айтқан болады [84, 34].	**Айгерим, считая неприличным смеяться над старшим родственником, обернулась к Злихе как бы по хозяйству, борясь с душившим ее смехом** [197].

Бірінші мысалда аудармашы өлім аузында жатқан кейіпкердің ернінің үнсіз қыбырын ғана бейнелеп қоймай, оны «холодеющих губ» деп нақтылай түседі (Кесте 68). Сол арқылы кейпікердің өмірден озғалы жатқанын, соңғы секундтары екенін әсірелей түседі. Ал екінші мысалда «бір нәрсе айтқан болады» дегенді «обернулась к Злихе как бы по хозяйству» деген баламасы да сәтті шыққан. Себебі аудармашы осы арқылы Әйгерімнің біреу жайлы айтып жатпағанынан да хабар беріп өткен.

4) Сыртқы эмоцияны бейнелейтін паралингвизмді ішкі күйді білдіретін қолданыспен ауыстыру:

Шығармадағы «басын төмен салып» паралингвизмін «опустив голову» деп аударуға болар еді, алайда оның мәнісін нақтылап тұрған «сөніп, сынып қалды» деген бөлікті дәл жеткізу қиынға соғар еді (Кесте 69). Сол себепті аудармашы бірден кейіпкер жан дүниесіндегі ауыр күйді бейнелейді, сол арқылы экпрессияны сақтап қалады.

Кесте 69 – «Абай жолы» роман-эпопеясындағы паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	А.Ким аудармасы
Алысқа кеткен шақ та күйзелтеді. Дәурен өтіп, жас жетіп келеді. Ол ғана емес, мына тұста Базаралы Оралбайын ойлап қылғандай. Біраз уақыт **басын төмен салып**, сөніп, сынып қалды [84, 63].	Уходят годы, уносят молодость… Но не только об этом подумал Базаралы. Вспомнился ему младший брат Оралбай — прекрасный певец, загубленный преследованиями сильных врагов**. Острой болью кольнуло сердце** [197].
Қаражан мен Әзімбай болса салқын, **сызды қабақтарын ашқан жоқ**. Үнсіз ғана кезек әмір етісіп, қазан астыруға белгі беріскен [84, 73].	Каражан и Азимбай **сумрачно** молчали, жестами приказывая слугам подать кумыс, поставить чай, варить мясо [197].

Көркем мәтінді аударуда барлық аудармаларға тән ортақ қиындықтардың болатыны белгілі. Ондай қиындықтарға мынандай төрт түрлі факторды жатқызуға болады:

1. Біріншісі – тіл және мәдениет алшақтығы. Тілдің алшақтығы – бірінші және екінші тілдің екі түрлі типке жатуы, грамматикалық құрылысының әралуандығы. Мысалы қазақ және орыс тілдерін алсақ, қазақ тілі түркі тілдер тобына жататын аглютинативі (жалғамалы) тіл; орыс тілі – славян тілдер тобына жататын флективті тіл. Ал мәдениет алшақтығы деп отырғанымыз екі мәдениет арасында тарихи, геосаяси жақындықтың болмауына байланысты ортақ мәдени ұғымдар мен түсініктердің де болмауы, дүниетаным ерекшелігі. Қазақ жері мен орыс жері шегаралас орналасқанымен, мәдениеті мен дүниетанымы мүлдем

бөлек халықтар. Сол себепті бір мәдениетке тән қоғамдық-әлеуметтік, мәдени нормалар, стереотиптер екіншісінде кездесе бермейді.

2. Аударма мәтінде қиындық тудыратын тағы бір мәселе – сөздердің полисемантикалы болып келуі. Бұл аудармашының сөзді сыртқы тұрпатына қарай, яғни сырттай аударуына ықпал етуі мүмкін. Ондай сөздерге омонимдер мен көпмағыналы сөздерді, көріктеуіш құрал қызметінде тұрып ауыспалы мағынаға ие болған тілдік бірліктерді, троптарды жатқызуға болады.

3. Аударма мәтінде қиындық тудыратын төртінші фактор – сөздердің бояуын толық жеткізе алмау, яғни экспрессивті бояуы солғын аударма. Оның негізгі себебі тілдік бірлікті толық немесе дұрыс аудармау болуы мүмкін.

Мысалы, төмендегі сөйлемде көзқарастың өткірлігін білдіретін «қырандай қарап отыру» бөлігі аудармада көрініс таппаған (Кесте 70). Сәйкесінше Байсалдың көзқарасы арқылы оның Құнанбайға сөзі өтетін бірден-бір тұлға екенін білдіретін астарлы мән аударма мәтін оқырманына жетпеген.

Кесте 70 – «Абай жолы» роман-эпопеясындағы паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	**Л. Соболев аудармасы**
Құнанбайға бұлардың ішінен **көз алмай, қырандай қарап отырған** – дәл төрдегі Байсал [94, 18].	Один Байсал, сидящий на переднем месте, **смотрит прямо на Кунанбая** [152, 45].

Аударма мәтіндер бір тіл мен мәдениеттің туындысын мүлдем бөлек басқа бір тіл мен мәдениетке тасымалдайтын құрал болғандықтан, екі ортада бір-біріне сай келмейтін «айырмашылықтар» болады. Сондықтан аудармадағы ассиметрия немесе «әрбасқалық» аударма мәтінді құраушы элементтің бірі саналады. «Ассиметрия» кең мағынасында кез келген деңгейдегі бірліктердің құрылымдық және функциялық жақтан жүйесіздігін білдіреді. Аудармадағы ассиметрияны *лексикалық ассиметрия, грамматикалық ассиметрия* және *этномәдени ассиметрия* деп жіктеп қарастыруға болады.

Лексикалық ассиметрия. Тіларалық ассиметрияның лексикалық деңгейдегі көрінісіне тілдердегі сөздердің сөздік мағыналарының сәйкес келмеуін жатқызамыз. Екі тілдегі лексемалардың қатынасы *эквиваленттер* (мағынасы бір-біріне толық сай келетін тең дәрежелі баламалар), *вариенттар* (бір сөзге мағынасы сай келетін бірнеше балама), *мағынасы сай келмейтін баламалар* арқылы жүзеге асады. Паралингвизмдердің ішінде лексикалық ассиметрияның көрінісі ретінде симптомдық бейвербалды амалдардың вербалды үлгілерін атаймыз.

Симптомдық бейвербалды амалдар – коммуникант эмоциясының сыртқы белгілері. Оған адам өңіндегі өзгерістер, түрлі мимикалары жатады. Симптомдық бейвербалды амалдар әлем халықтарының бәріне тән құбылыс екені белгілі. «Дүниенің әр бұрышында жатқан, әртүрлі тілдерде сөйлейтін халықтардың кей ым-ишаралардың мәні бір-біріне сай келіп жатады. Мәселен

әлем халқының бәрі дерлік таңданғанда қасын көтереді, ал қуанған, риза болған адамның бәрі, тіпті, зағип жандар да жымиып қуаныштарын білдіреді. Ал уайымдап тұрған немесе көңіл күйі жоқ адамдардың қабағын түйіп тұратыны белгілі [1, 51]. Алайда аталған эмоция көрсеткіштерін тілде белгілеуде әр халықтың танымдық ерекшелігі үлкен рөл ойнайды. Сол себепті тілдегі симптомдық паралингвизмдердің екінші тілде дәл баламасын табу қиын.

Көркем мәтінде кейіпкер эмоциясы имплицитті және эксплицитті түрде көрініс табады. Имплицитті мәндегі тілдік бірліктерге эмоцияны атаушы сөздер (ашулану, ренжу, қуану, күлу, мұңаю т.б.) жатады, яғни имплицитті тілдік бірліктерден кейіпкердің сыртқы өзгерістерін анықтау мүмкін емес. Автордың мақсаты да экпрессиядан гөрі ақпарат беруге жақын. Ал эксплицитті компоненттер – керісінше эмоцияның сыртқы белгілерін сипаттап, сол арқылы оқырманның көз алдына кейіпкерді елестететіндей көркемдік қуатқа ие құрылымдар. Мысалы: *қызару, қабағын түю, мұрнын шүйіру* т.б.

Аудармада қиындық тудыратын бейвербалды амалдың бірі – адамның түр-түсінің өзгеруін бейнелейтін элементтер. Адам өңіндегі мұндай өзгерістер «каузатор-референт-субреферент-рең-бақылаушы» бестігіне негізделеді.

Каузатор: референттің немесе субреференттің түсінің өзгеруіне әсер ететін себепті мәтінде имплицитті немесе эксплицитті лексика арқылы білдіретін сөздер;

Референт: әртүрлі каузаторға байланысты өңі өзгеретін субъект немесе кейіпкер;

Субреферент: ішкі, сыртқы факторларға байланысты түсі өзгеретін дене мүшелері: көз, қол, бет, құлақ т.б.

Рең: эмоцияның әсерінен адамның жүзінде пайда болатын өзгеріс, түс.

Бақылаушы: белгілі бір себепке байланысты өңі өзгерген референттің өзгерісін байқайтын екінші бір субъект [206, 14].

«Абай жолы» романында эмоцияны сипаттауда субреферент қызметін атқаратын «бет» ұғымымен қатар оның алты түрлі синонимі қолданылады.

Орыс тіліндегі аударма нұсқасында қазақ тіліндегі жеті лексемаға эквивалентті лексема саны – біреу (Кесте 71):

- Бет – лицо;
- Түс – эквиваленті жоқ;
- Жүз – лицо;
- Ажар – взгляд (мәнмәтіндік балама, эквивалент емес);
- Пішін – лицо;
- Шырай – эквиваленті жоқ;
- Өң – лицо.

Бір ғана бет ұғымына қатысты жеті түрлі синонимнің қолданылуы, автордың эмоцияны вербалдауда әр детальға аса мән бергенін көрсетеді. *Өң, түс, шырай* сынды синонимдерінің «колор» (түс) ұғымымен мәндес келуі ерекше назар аудартады. Аудармашы аталған жеті лексеманы бірді-екілі тіркес түрінде аударса, мәнмәтіндердің басым бөлігінде мүлдем түсіріп отырған. Мысалы «оң

шыраймен» дегенді аударуда «приветливо» деген мағыналас, алайда толық балама бола алмайтын функциялық аударманы қолданады [207].

Кесте 71 – «Бет» субреферентінің синонимдері мен олардың аудармадағы көрінісі

«Бет» ұғымының синонимдері	Қазақ тіліндегі мысалы	Орыс тіліндегі аудармасы
Бет	Оспан екі **беті** нарттай жанып, үлкен көздерімен әкесіне шоктай қадалып, сазарып тұрып алды [94, 16].	**Лицо** мальчика запылало, но он неподвижно застыл перед отцом, сверкая большими глазами [152, 43].
Түс	**Түсі** суық [94, 17].	От Кунанбая веет холодом [152, 44].
Жүз	Бөжей мұның бетіне қатты сұрланған **жүзбен**, ажырайып қарады да... [94, 36].	Божей круто повернулся и взглянул на него. Его **лицо** было мрачно и сурово [152, 63].
Ажар	Құнанбай шешесінің **ажарын** сезді де, жуаси түсті. Көзі де шеше көзінен тайқып кетті [94, 167].	Под этим решительным **взглядом** он сразу сдал и отвел глаз в сторону [152, 178].
Пішін	Майбасар бұл үйге ашулы **пішінмен** кірді [94, 197].	Майбасар вошел в юрту со злым **лицом** [152, 201].
Шырай	Қастарына Абай келіп сәлем бергенде, бұл үлкендер бұрынғыдай емес, оң **шыраймен** амандасты [94, 249].	Когда Абай подошел и отдал салем, аксакалы встретили его приветливо, без тени прежней суровости [152, 249].
Өң	Абайдың **өңі** ақшыл тартып сұрланып, екі көзі қызарып тұр еді [94, 274].	**Лицо** его было бледно, глаза покраснели [152, 350].

Төмендегі мысалдағы «қызара түсіп» деген тіркес Л.Соболев аудармасында «побледневшее лицо» деп аударылса, А.Ким бұл паралингвизмді мүлдем аудармаған (Кесте 72):

Аудармашының «қызару» орнына «бозару» мәніндегі сөзді қолдануы екі халықтың эмоцияны бейнелеу ерекшелігін ескеруінен болса керек. Себебі *қызару* орыс халқы үшін ұялуды ғана білдірсе, қазақ халқы үшін іштегі ашуды, толқуды да білдіреді [208]. Дәл сол секілді өң өзгерісін бейнелейтін басқа да паралингвизмдерді де екі тілдегі лексикалық ассиметрияның мысалы ретінде көрсетуге болады.

Кесте 72 – «Абай жолы» роман-эпопеясындағы паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа мәтін	Л. Соболев аудармасы	А. Ким аудармасы
Мәкіш те Абайдан осы жөннен жауап естімекке ынтық сияқты. Ол шешесінің сұрауымен қатар: – Бәсе, соны айтшы, қалқам Абай! – деп **қабағын түйіп, қызара түсіп**, өз көңілінің ауыр бір уайымын сездірді. Абай апасының түсіне қарап аз бөгеліп, ойланап қалды [58, 5].	Но тут была еще и Макиш… — Да, да, расскажи нам все, Абай, милый! — присоединилась она к матери. **Нахмуренные брови и чуть побледневшее лицо** выдавали ее душевную тревогу, и Абай, заметив это, помедлил с ответом [153, 351].	...Макиш проявила большой интерес к рассказу Абая. –Рассказывай, Абайжан, все-все рассказывай! - **просила** она. Абай вдруг заметил, в каком сильном душевном напряжении находится его сестренка, и, помедлив с продолжением рассказа, внимательно посмотрел на нее [197].

Төменде берілген мысалдардан шығармада «бледен» лексемасы *сұр, боз, қу, көк, қара* түске қатысты балама ретінде ұсынылған көруге болады (Кесте 73 және Кесте 74). Орыс тілінде бес түрлі эмоцияны бейнелеуде бір ғана сөз қолданылса, қазақ тілінде бес түрлі лексема қолданылған, яғни екі халықтың өң өзгерісін тілде вербалдауы әр басқа.

Кесте 73 – «Абай жолы» роман-эпопеясындағы паралингвизмдердің орыс тіліндегі аудармалары

Түпнұсқа	Л. Соболев аудармасы
Құнанбай **қатты сұрланып алып**, түрулі тұрған есіктен алыстағы көк адырға қадалып отырып... [94, 173].	Кунанбай **сидел бледный** и сосредоточенно смотрел сквозь открытую дверь на холм, зеленевший вдали... [152, 183].
Ұлжан тыста тұр екен. Баласы үйге тақай бергенде, өңіне көзін салып, тіксініп қалды. Абайдың **түсі құп-қу**, қатты өзгерген. Тіпті Абай сияқты емес [94, 43].	Улжан стояла у входа. Когда сын подошел ближе, она взглянула на него, и сердце ее болезненно сжалось. Абай **был смертельно бледен,** изменившееся его лицо показалось чужим [152, 69].
Бұл телеграмма хабары Абайды қатты шошытты. Қоңыр жүзі аппақ боп **бозарып**, көйлекшең отырған қалпында кең жеңдер дірілдеп тұр.	Рукав его широкой рубашки мелко дрожал Абай прикрыл глаза и, словно еще раз прочитав сообщение про себя, только теперь понял его жуткий смысл. Все видели, как **побледнело** его лицо.

Кесте 73 жалғасы

Бетінде жалғыз тамшы қан жоқ. Ашудан **көкпеңбек боп**, булығып алған еді. Ернін тістеп, қабағын тастай түйіп ап, шыдай бермек болды [94, 77].	**Побледнев как смерть** от злобы к негодования и стиснув зубы, он решил выдержать все [152, 103].
Құнанбай демігіп тыныс алып, **қап-қара боп кетті** [94, 169].	Кунанбай слушал ответ Божея, опустив глаза. **Лицо его страшно побледнело**, он часто дышал [152, 180].

Кесте 74 – «Абай жолы» романындағы эмоцияны бейнелеуші түр-түс атаулары және аудармасы

Негізгі лексема	**Түбірі (түс атауы)**	**Аударма нұсқа**	**Негізі (түс атауы)**
Сұрлану	Сұр	Побледнеть	Бледный
Түсі құп-қу	Қу	Смертельно бледен	Бледный
Бозарып	Боз	Побледнело	Бледный
Көкпеңбек боп	Көк	Побледнев как смерть	Бледный
Қап-қара болу	Қара	Страшно побледнеть	Бледный

Екі халықтың лексикасындағы бұл ерекшеліктің негізгі себебін В. фон Гумбольдтың «Тіл – интеллектуалды инстинкт» теориясы арқылы түсіндіруге болады. Ғалым әр халықтың атау беруде өзіне тән интеллектуалды инстинктіне, түйсігіне сүйенетін айтады және оны былайша түсіндіреді: «разные языки—это не различные обозначения одного и того же предмета, а разные видения (Ansichten) его ... Путем многообразия языков непосредственно обогащается наше знание о мире и то, что нами познается в этом мире; одновременно расширяется для нас и диапазон человеческого существования» [209, 9]. Гумбольдт тілді ұлтты ұлт етуші бірінші белгі деп есептей келе, «ұлт» деген ұғымның түбінде ұлттық ойлау, қабылдау, бейнелеу ерекшелігі жатқанын атап өтеді. Сол себепті әр халық бір ұғымды тілінде түрліше вербалдайды, яғни әр халықтың интеллектуалды түйсігі әртүрлі. Ол бірдей болуы мүмкін емес, алайда ұқсас бола алады.

Паралингвизмдерді аударуда ең үлкен қиындық тудыратын мәселе лексикалық ассиметрия екені анықталды және лексикалық ассиметрияға өте көп мысал жиналды (Кесте 75). Лексикалық ассиметрияның үлгісіне жататын қолданыстардың біразын баламасыз фразеологиялық паралингвизмдер құрайды. Мұндай фразеологиялық бірліктердің құрамында халықтың құндылықтар жүйесі, әлеуметтік қатынастарының ерекшеліктері, әлем туралы түсінігінің даралығы ғана емес, қарым-қатынас мәдениетінде көрінетін сол халыққа ғана түсінікті әдебі, ишарасы, қатысым үлгісі мен иерархиясы көрініс табады.

Кесте 75 – Лексикалық ассиметрия үлгілері

Лексикалық ассиметрия	Түпнұсқа	А. Ким аудармасы
Шырай бермеу Томсара сыздану	Бірақ қазір фидия, садақа бергелі отырған, қаза көрген осы дастарқан иесі Жақып бай, бұл сәтте жаңағы сөздерге бірде-бір **шырай бермеді. Томсара сызданып, үндемей қалған** [71, 34].	Все это не нравилось Жакыпу, хозяину дома и сыну, чей отец был только что похоронен. Он **сидел молча, глядел мрачно** на этих людей, которым ему придется сегодня выдать фидию, подаяние от дома усопшего [197].
Шаншыла қарау	Сармолла тек хазіретке қарап, бұлардың бар сөзін елеген жоқ. **Үнсіз** сыздана түсіп, кейде сәл ғана **иығы сілкініп** кекеткендей **мырс береді**. Жирен **мұрты астынан езу тартады.** Аласа бойымен Сармоллаға **шаншыла қарап**, жоғарылата көз тастап тұрған хазіретке естіртіп, Сармолла қысқа ғана айтты [71, 29].	Сармолла, казалось, не слышал этих слов, лишь чуть **дернул плечом. Под его рыжими усами скрывалась едва заметная улыбка** если он и сердился на мулл, то хорошо это скрывал. **Глядя** только на хазрета, который также уставился на него снизу вверх, Сармолла повторил лично ему, в сущности, уже раз произнесенные слова [197].
Тақымдарын қысысу	Тобықты тымағын киіскен бір-екі қара сақал мен тағы бір бурыл сақал үшеуі **бірін-бірі түртіп, тақымдарын қысысып**, дәмеленіп отырысқан [71, 28].	Невдалеке от входа в мечеть сидели, **поджав ноги**, люди степи двое в тымаках на манер тобыктинцев и еще один с русой бородой [197].
Қабақ танысу	Әкесін ішкі қызық, әділ ойларынан тоқтата алмаған Мағаш, Кәкітаймен **қабақ таныстыы** [84, 115].	Понимая это, Магаш не смог вовремя остановить отца, чтобы тот не высказывал вслух некоторых своих выводов насчет дяди Такежана, и теперь решил отвлечь его… Магаш **переглянулся** с умным Какитаем, и они оба постарались в дальнейшем не поддерживать разговора на эту тему [197].
Қабақ түйіскен үркек түстер	Шай ішілмей қалды. Дөңгелек стол айналасында отырған Әйгерім, Зылиқа да Ақылбайдың аузына қарасты. Сұмдық көргендей, **қабақ түйіскен үркек түстер бар** [84, 112].	Чай остался нетронутым. Айгерим и служанка Злиха, сидевшие у самовара за низеньким столом, тоже придвинулись к Акылбаю и стали слушать его. Он, по своему обыкновению, неторопливо и обстоятельно рассказал все, что знал. Джигиты **примолкли и слушали, нахмурившись** [197].

Кесте 75 жалғасы

Қырыс қарау Қатқыл үн	Бағанадан бергі Абай жауаптарының тұсында, от басынан бұрыла түсіп, Абайға **суық, қырыс қарап отырған** Әзімбай, енді **қатқыл үнмен кекетіп**, бір сөз тастады [84, 76].	Азимбай, который при каждом гневном ответе Абая поворачивал к нему **хмурое лицо,** теперь вмешался [197].
Төс соғысу	Базаралы орнынан тұрғанда, оны кезек-кезек құшақтап, **төс соғысып** амандасын жатқандар Көкбай, Шұбар, Ақылбай, Мағаш, Ербол сияқты кісілер болатын [84, 58]	И неизвестно, как закончился бы этот вечер, если бы не появились нежданные гости — Ербол, Кокпай, Шубар, Акылбай и Магаш. Войдя в комнату, они **кинулись обнимать** Базаралы [197].
Сазару	Үн қатпай **сазарды** да, өз ішінде жұмылып қалды [84, 57].	Замкнувшись в себе, **сурово** молчал [197].
Қалта қарасу	— Уә, тақсыр ұлық! Болыстыққа атайтын тағы бір кісіміз бар. Оны да тіркеуіңізді өтінеміз!— деді. Ұлықтар **қалта қарасты**. Сыртқы жиын мен Тәкежандар жақтан таңырқаған, сескенген үндер шығып қалды [84, 48].	— Ваше брлагородие! Запишите еще одного! Казанцев и Никифоров **переглянулись**. И в толпе и в кучке Такежана раздались удивленные и встревоженные возгласы [197].
Тіксіне қарау	Абай Шұбарға **қатты қадалып, тіксіне қарады** [84, 15].	Абай **испытующе посмотрел** на него [197].

Шығарма аудармасында қазақ халқына тән күлкіге қатысты паралингвизмдер солғын баламаланған. Мысалы күлкінің біраз түрі «рассмеялся» деп қана аударылған (Кесте 76):

Кесте 76 – «Күлкіге» қатысты паралингвизмдердің аударма мәтіндегі көрінісі

Сақылдап күліп жіберу	– Болды, жетті! – дескен ширақ үндер, шапшаң жауаптар естілгенде, Абылғазы **сақыл-дап күліп жіберді** [84, 90].	– Скорее, вперед! – раздались нетерпеливые голоса. Абылгазы **рассмеялся** [197].
Сақылдай күлу	— Уәй, Оразбай, не дауың бар!? Шын жақсы болсаң, саған айтылған сөз емес. Ал жаман болсаң, жаңағы сөзден өзіңді-өзің танысаң — өз обалың өзіңе!.. Мүрдем қат!—деп, Оспан **сақылдай күлген-ді** [84, 39].	— Э, Уразбай, а что тебе обижаться? — ответил Оспан, **хитро посматривая на него**. — Если ты в самом деле почтенный и хороший человек, песня эта не про тебя! А если ты узнал в ней самого себя, так злись не на песню, а на бога, что он тебя сделал таким… [197].

Кесте 76 жалғасы

Сылқылдап күлісу	Бұның соңғы сөзінің тұсында Базаралы мен Абылғазы шіміркене сүйсініп, **сылқылдап күлісіп отырды.** Базаралы Дәркембайдың бір сөзін әсіресе қуаттап, қайталап айтты [84, 88].	Базаралы и Абылгазы были довольны словами старика, **посмеиваясь** дружелюбно, они восхищенно смотрели на него [197].
Ақсия күлу	Өлең айтса Кәкітайдың бір обқа жығылатынын білуші ем. Барып шыққан жерін қарасаң-шы,- деп Мағаш күліп келеді, Дәрмен де **ақсия күліп** [84, 5].	Стоит Какитаю взяться за стихи, обязательно придумает какую-нибудь чушь! Дармен **заливался хохотом** [197].
Қарқылдап күлісу	Әмірлі бұйрықпен Дәрменге қолын да созды. Абай мен Ербол қатты **қарқылдап күлісіп**, араға түсті [84, 81].	Абай и Ербол, стараясь все свести к дружеской шутке меж близкими, стали удерживать, тянуть за полу Такежана, **со смехом** оттаскивая его от Дармена, который вовсе и не собирался расставаться с рукописью Абая [197].
Бір танауынан күлу	— Абай да осы жер ортасына жеткен жоқ па еді? Жастың, жігіт-желеңнің сыңқыл-сылтыңына килікпесе болмады ма?— деп, Оразбай **бір танауынан күлді** [84, 60].	— Абай достиг уже зрелых лет. Какое же ему дело до молодежи? — подхватил Уразбай. — Зачем он вмешивается в их шутки, в веселье жигитов и девушек? [197].
Бір танауынан күле түсу	Бірақ айлакер, тақыс ақын **бір танауынан күле түсіп**, қымсынбай қайта түзеліп, тағы соза жөнелді. Тағы да алғашқы айлалы есебінің арнасына түсті [84, 57].	Он посмотрел на Базаралы **с надменной и злой улыбкой** и, не пытаясь снять его тяжелую руку со струн, пропел без домбры четверостишие на другой напев [197].
Сылқ-сылқ күлу	Айтылған сөздің бар сырын бұлжытпай танып жүйрік, зерек Жиренше енді Әріптің жүзіне сәл ғана **сығырая қарап**, ақырын ғана **сылқ-сылқ күледі.** Оқта-текте бір сөз тастап, шым-шымдатып тіл қатады [84, 57].	Акын, на частых состязаниях набивший руку в искусстве словесного поединка, поразил слушавших язвительностью и мгновенностью ответа. Жиренше, **прищурясь**, посматривал на Арипа и **посмеивался** в бороду, негромко выражая свое одобрение [197].
Сылқылдап күлу	Абай қатты **сылқылдап күлгенде**, Жұман оянып кетіп, басын көтерген [84, 31].	**Смех** юношей разбудил Жумана [197].
Мұртынан жымию	Жиренше бір кезекте **мұртынан жымия тұрып,** Оразбайды **санынан түртіп қойды** [84, 50].	Жиренше, довольно **посмеиваясь в усы, толкнул в бок** Уразбая [197].
Бір танауынан мырс беру	Қазақ тілмашы **бір танауынан мырс бергендей** сәл жымия түсті де, өзі көріп тұрған ақ шарлар көлемін әуелі алақанымен бір сипап өтті [84, 49].	Толмач, опустив руку в ящик, **усмехнулся** и начал выкладывать на стол шарики, громко считая [197].

Кесте 76 жалғасы

Ақырын сыңғырлап күлу	– Абай-ау, жұт жылғы аязды күнді сұрағандай таң атқаннан бері қайта-қайта күнді сұрай беретініңіз қалай? – деп **ақырын сыңғырлап күлді** [84, 22].	Айгерим **с улыбкой** подняла глаза на мужа. – Что вы все беспокоитесь о погоде, Абай, будто сейчас зима и грозитджут? [197].
Лекіте күлу	– Бұл қайдан алған ұйқасың, қазақ естімеген сөзді қайдан сүйреп әкелдің, Кәке-ау? – деді. Кәкітай олардың күлкісін біраз еркіндетіп жіберіп, **екі көзі күлімдеп, өзі де лекіте күлді де,** енді жауаптасып, дауға кірісті [84, 5].	– Ой, Каке! Откуда ты приволок такое слово, какого ни один казах не знает? Какитай дал им посмеяться вволю, но потом начал защищаться [197].

Лексикалық ассиметрияны тудыратын тағы бір мәселе ол – сөздердің тіркесім заңдылығын ескермеу. Себебі сөздік мағынасы бір-біріне дәл келіп тұрған қолданыстар басқа сөздермен тіркескен кезінде екі тілде екі түрлі комбинация жасауы мүмкін. Лексикалық ассиметрия сөздік мағынаны (словарное соответсвие) дұрыс түсінбеу және лебіздік мағынасына (речевое соответсвие) мән бермеуден туындайды. Лексикалық жақтан толық аналог бола алатын сөздердің өзі мәнмәтінде коммуникативтік жақтан бір-біріне балама бола алмайтын жағдайлар да болады. Сол себепті аудармашы баламалау процесінде сөздің мағынасын стильдік реңкін және коннотациясын да назарға алуы керек.

Грамматикалық ассиметрия. Грамматика деңгейіндегі ассиметрия сөздердің морфологиялық құрамының (морфологиялық формалардың шығыс және аударма тілде кездеспеуі, бір форманың екі тілді әртүрлі қызмет атқаруы т.б.) және синтаксистік құрылысының (сөйлем мүшелерінің сөйлемдегі орын тәртібінің сәйкес келмеуі т.б.) ерекшелігіне байланысты пайда болады. Грамматикалық ассиметрия калькалау кезінде қате аудармалардың туындауына себеп болады.

Грамматикалық ассиметрия тілдердің типологиясы мәселесімен ғана шектелмейді, сонымен қатар тілдің ішкі грамматикалық заңдылықтарын да қамтиды. Мәселен, ресейлік лингвист, профессор Г.И. Кустова тілдің грамматикасын сипаттайтын ғылыми грамматика, яғни академиялық грамматика да дәл осындай ерекшеліктерді тіркеп отыруы қажет екенін баса атап өтеді. Зерттеушінің пікірінше, «академиялық грамматика тілдің барлық құрылымдарын, соның ішінде ауызекі тілдік құбылыстарды да қамтып, сипаттауы тиіс. Бұл – орыс тілінің бет-бейнесі, оны басқа тілдерден ажырататын ерекше белгілері. Грамматиканың міндеттерінің бірі – бір тілдің басқа тілдерден қандай айырмашылығы бар екенін сипаттау» [6, 334].

Қазіргі қазақ тіліндегі аударма мәтіндердің басым бөлігінде кездесетін жасанды қолданыстар грамматикалық ассиметрияны ескермегендіктен туындап отыр. Берілген мысалда «қабағын шытына түсті» паралингвизмінің грамматикалық құрылымынан «–а түс» аналитикалық формантын көруге болады (Кесте 77).

Кесте 77 – «Абай жолы» роман-эпопеясындағы паралингвизмдердің аударма мәтіндегі көрінісі

Түпнұсқа	А. Ким аудармасы
– Сол жеті ауыл бүгінде қатты зорлық пен қорлық кәріп тұрмыз. Зорлықшы – Әзімбай! – дегенде, Абай **қабағын шытына түсті** [84, 14].	– Все семь аулов терпят жестокую обиду: насилие и разбой! А насильник – Азимбай. Абай **нахмурился** [197].

Бұл формантты (-а түс) мағынасы – іс-әрекеттің қарқынын білдіру, бұл мәнмәтінде Абайдың қабағы түюлі отырып «Әзімбай» есімі аталғанда оның үстіне тағы бір қабақ шытқанын білдіреді. Ал аударма мәтіндегі «нахмурился» етістігінің грамматикалық мағынасында қимыл қарқынына қатысты сема жоқ болғандықтан, Абай Әзімбай туралы айтылғанда ғана қабақ шытқан болып шығады. Грамматикалық ерекшеліктер аса үлкен рөл ойнамайтындай боп көрінгенімен, мұқият зер салғанда паралингвизмдердің мағынасына әсері зор екені байқалады.

Қазақ тілі мен орыс тілінің сөйлем құрылысы бір-біріне сай келе бермейді. Сол себепті сөйлем құрамындағы бейвербалды амалдардың орын тәртібі де әртүрлі. Мәселен, шығармадағы паралингвизмдердің құрамында бейвербалды амалдарды «бір» сөзін қатыстыра отырып вербалдау жиі кездеседі. «Бір» сөзі қазақ тілінде әрі есептік мәнде сан есім ретінде, әрі белгісіздік мәнде есімдік ретінде жұмсалады. Романда «бір» есептік сан есім қызметінде қолданылғанда екі тілде дәл баламаланған қолданыстар бар (Кесте 78).

Кесте 78 – Паралингвизмдер құрамындағы «бір» сан есімінің аудармадағы көрінісі

Көзін де төмен салған қалпынан бір көтермеді - ни разу не поднял опущенного взгляда	
Құнанбай ұзақ сөйлеп отырған кезде Бежей **қыбыр етіп қозғалған жоқ. Көзін де төмен салған қалпынан бір көтермеді** [94, 18].	Во время длинной речи Кунанбая Божей **не шелохнулся, ни разу не поднял опущенного взгляда** [152, 45].
Бір ауыз тіл қатқан жоқ - не сказал ни слова даже	
Өзімен аталас болса да, жол бойы артындағы Жетпіспен де **бір ауыз тіл қатқан жоқ** [94, 32].	Буду говорить с самим управителем…»— подумал Кодар и за всю дорогу **не сказал ни слова даже** Жетпису, хотя тот и приходился ему сродни [152, 59].

Мәселен, берілген мысалда болымсыз мәндегі етістіктермен тіркескен кезде «бір көтермеу» паралингвизмі орыс тіліне «ни разу не поднял», «бір ауыз тіл қатқан жоқ» паралингвизмі «не сказал ни слова» деп сөзбе-сөз балмаланған, бұл сөйлемде екі тілдегі «бір» – «раз» сөздері мағыналық тұрғыдан тең.

Кесте 79 – Паралингвизмдер құрамындағы «бір» сан есімінің аудармадағы көрінісі

Бір тізелеп отырып қалды - присев на одно колено	
- Іс тығыз, бұйрық тығыз... асығып жүрміз! - деп, Қамысбай **төрге шықты.** Жұмағұл **от басына бір тізелеп отырып қалды** [94, 75].	— Срочные дела! Срочный приказ… Торопимся, — ответил Камысбай, проходя к переднему месту. Жумагул остался у очага, **присев на одно колено** [152, 79].

Сондай-ақ «бір тізерлеп отыру» амалы да «присев на одно колено» деп сөзбе-сөз баламалауға толық көніп тұр (Кесте 79). Алайда «қатты бір қысу», «бір езуін тарту», «қабағын бір шыту», «бір ырғалып қою», «сыздана бір қарау», «көз қиығын бір тастау» сынды эмоцияның жылдам әрі қысқа орындалғанынан хабар беретін паралингвизмдерді орыс тіліне «бір» сөзін қатыстырып аударуға келмейтінін аударма мәтіннен анық байқай аламыз.

Кесте 80 – Паралингвизмдер құрамындағы «бір» сан есімінің аудармадағы көрінісі

Қатты бір қысып – только крепко обняла	
Кезек өз шешесіне келгенде, **ол сүйген жоқ**. **Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да, мандайынан иіскеді** [94, 11].	Когда наконец он прильнул к родной матери, та **не поцеловала** его: она **только крепко обняла и прижала сына к груди, жадно вдыхая запах его волос** [152, 38].
Бір езуін тартып (аударылмаған)	
Майбасар Қаратайға **көз тастап, бір езуін тартып, басын шайқады.** - Қап, мына абыройсыз, бар абыройдан бір-ақ айрылды-ау! – деді [94, 16].	–
Оқта-текте бір қарап қойғаны болмаса – исподтишка, вскользь, вскидывает глаза на Кунанбая	
Сақал-шашы бір реңдес, қара бурыл Сүйіндік **оқта-текте бір қарап қойғаны болмаса, Құнанбайға тесіле қарамайды. Көзін төмендете береді** [94, 18].	Борода Суюндика серебрится ровною проседью. Время от времени **он точно исподтишка, вскользь, вскидывает глаза на Кунанбая, но прямо на него не смотрит** [152, 45].
Қабағын бір шытып – нахмурил брови	
Жиренше **қабағын бір шытып, қозғалақтап қалды** [94, 18].	Вот Жиренше **нахмурил брови и зашевелился**… [152, 45].
Бір ырғалып қойды (аударылмаған)	
Өзінде үйелмен-сүйелмен төрт ұл бар. Ондай көп ұлы бар тоқал, өзінен-өзі өр боп кететін әдеті, Таңшолпан Құнанбайдың үнсіз отырғанын жақтырмай, **бір ырғалып қойды да**: - Сыбағаны Күнкеге әкеп отырғанымыз жоқ [94, 59].	Молчание Кунанбая не понравилось ей, она снова оживленно заговорила: — Мы угощаем не Кунке, а тебя: ты молод, но уже стал нашим главою [152, 132]
Сыздана бір қарады – бросил холодный взгляд	

Кесте 80 жалғасы

- Бұйрық ұлықтікі. Құнанбай мен Майбасардікі. Мен шығарды деп пе ең? - деп, Қарашаға **сыздана бір қарады** да, - бол, болыңдар! Ақылдасыңдар да, үй қамдаңдар [94, 74].	— Таков приказ Кунанбая и Майбасара, не моя же эта выдумка, — сказал Камысбай и **бросил холодный взгляд** на Карашу. — Посоветуйтесь между собой и готовьтесь! [152, 79].
Көз қиығын бір тастап – искоса бросил взгляд	
Алшынбай үн қатқанда түрегеп тұрған Майыр Құнанбайға **көз қиығын бір тастап** байқап өтті [94, 105].	При первых же словах Алшинбая он, стоя во весь рост, **искоса бросил взгляд** в сторону Кунанбая [152, 105].

Бұл үзінділерде «бір» сан есімі әртүрлі мақсатта қолданылған. Күлу кинемасының қазақ халқына тән вербалдану үлгілерінің бірі «бір миығынан күлу», «бір езуін тарту» сынды үлгілері – коммуниканттың келекелеу, келемеждеу, сынау сынды ішкі ойын білдіретін паралингвизмдер (Кесте 80). Шын өмірде де бір жақ езуін ғана тартып күліп тұрған адам мен екі езуін екі жаққа тартып күлген адамның эмоциясы туралы екі түрлі ой қалыптасатыны белгілі. Сондықтан күлу кинемасын бұлайша вербалдау кинеманы сөзбен дәл сипаттаудың нәтижесі деуге болады.

Сонымен қатар «бір» сөзі белгісіздік есімдігі ретінде қолданылғанда да сөзбе-сөз баламалауға келе бермейді.

Кесте 81 – Паралингвизмдер құрамындағы «бір» есімдігінің аудармадағы көрінісі

Ширақ бір оттылықпен қарайды - быстрый взгляд блестящих черных глаз горел совсем по-новому	
Екі беті кешкі аяздан қып-қызыл. Үлкен көзінің ақ-қарасы ап-айқын боп, жалт-жалт етіп, **ширақ бір оттылықпен қарайды**... [94, 114].	Щеки его зарумянились от мороза, **быстрый взгляд блестящих черных глаз горел совсем по-новому** [152, 114].
Ащы бір мысқылмен күліп қойды - горько усмехнулся	
- Қайтпек керек? Ақперді! Ақперді! Ақпердіге құдай бақ берді, - деп, Құлыншақ **ащы бір мысқылмен күліп қойды** [94, 138].	— Что ж делать, — вздохнул Кулиншак и **горько усмехнулся**. — Не знал бы я беды, если б не было Акберды [152, 155].

Берілген мысалдарда бір сөзі «оттылық», «мысқыл» сөздерінің санына қатысты емес екенін мәнмәтіннен аңғарамыз (Кесте 81). Мұндағы «бір» - сипаттау мақсатында жұмсалған белгісіздік есімдігі. Автор паралингвизмдердің құрамына «бір» есімдігін қосу арқылы эмоцияның әсерін күшейтуді көздейді. «Бір» есімдігі арқылы сипаттау сын есімдер арқылы сипаттауға қарағанда тіркеске ерекше экспрессия беріп тұр. Бір жағынан, бұл есімдікке жасырылған белгісіздік мәнін оқырман өзі болжап, өзі бағалауы керек. Бұл сөйлемдердегі «бір» есімдігі грамматикалық тұрғыдан паралингвизм құрамында болғанымен, аударма нұсқасында көрініс таппайды. Себебі орыс тіліне сөзбе-сөз аударған

жағдайда аударманың сапасы мен көркемдігіне кері әсер етер еді. Сөзбе-сөз баламалаудан туындайтын аномальды синтаксистік құрылымдарды жасау сөйлемнің логикалық байланысына әсер етіп, оқырман қабылдауына ауыр тиеді.

Этномәдени ассиметрия. Көркем мәтінге лингвомәдени талдау жасауда танымдық, коммуникативтік, тәрбиелік қызметімен қатар ұлттық колоритті сақтау, жектізу қызметін де атқарады. «Абай жолы» романындағы ұлттық сипаттағы бейвербалды амалдар – мазмұндық, функциялық тұрғыдан күрделі, кешенді тілдік бірліктер. Сол себепті аударма мәтінде этнобейвербалды құралдарды аударуда ұлт мәдениет ерекшелігі, аудармашының лингвоэтникалық құзыреттілігі және ұтымды аударма тәсілдері басты назарға алынуы керек.

К. Норд «Аудармадағы мәтін талдауы» («Text Analysis in Translation») еңбегінде аударылатын өнімнің екі түрі бар екенін атап өтеді. Оларға деректі аударма (documentary translation) мен инструментал аударманы (instrumental translation) жатқызады [210, 80]. Зерттеушінің пікірінше, *деректі аударма* мәтін жазылған тілдің оқырмандары мен автор арасындағы мәдени байланысты жеткізуге тырысады. Мұндай аударманы өзге тілді оқырман қолға алған кезде «аударма мәтін» екенін бірден байқайды. Себебі ондағы мәдени ұғымдар сол қалпында беріледі. Ал инстурментал аударманы өзге тілді оқырман оқыған кезде өз ана тілінде жазылған шығармадай қабылдауы мүмкін. Алайда бұлай аудару көп жағдайда қиындық тудырады.

«Мәдени ұғымдарды аудару» аударма теориясындағы күрделі мәселелердің бірі екені белгілі. Мәдени лексиканы танымастай бейімдеп аудару немесе мүлдем өзгертпей тек дыбыстық аударма арқылы ұсыну секілді аударма тәсілдерінің тек біріне ғана басымдық беру сәтті шешім бола бермейді. Сондықтан толық деректі аударма немесе толық интструментал аударма жасау әсіресе көркем шығармалар үшін тиімсіз болуы мүмкін. Аударма мәтінде түпнұсқадағыдай ұлттық түрдің сақталуы аса маңызды. Ұлттық түрдің қаншалықты жақсы сақталғаны тілдік бірліктердің аудармасын талдау арқылы ғана анықталып, бағаланады.

«Этнолингвомәдени ассиметрия – дихотомиялық сипатқа ие күрделі құбылыс. Этнолингвомәдени ассиметрия, бір жағынан, мәтіннің эквиваленттігіне кері әсер ететін аудармадағы қателер мен сәйкессіздіктерді тудырса, екінші жағынан, этнолингвомәдени ассиметрияны ескере отырып жасалған сәтті аударма басқа тілдің де қоржынын толтырып, мәдени байланыстың негізіне айналады» [204, 6-7]. «Көркем аударма – ұлт пен ұлтты таныстыратын негізгі құрал болғандықтан, аудармашы аударып отырған шығармасында, бір ұлттың адамдарына басқа бір ұлтқа тән, ерекше болып көрінетін экзотикасын сақтауға міндетті» [157, 27]. А. Акишина атап өткендей, ұлттық мәндегі ым-ишараларды айтпағанда, кез келген ым-ишараның, тіпті, барша халыққа түсінікті деген ым-ишараның басқа ұлт өкілдерінің түсінбеуіне немесе қате түсінуіне ықпал ететін өзінің ұлттық бояуы болатынын ескерер болсақ, [140, 3] бейвербалды амалдардың аудармасында мәдени ассиметрияның үлкен рөл ойнайтыны анық. Этномәдени ассиметрияның бейвербалды амалдардағы үлгілеріне роман мәтініндегі тек қазақ халқына тән және аударма

мәтінінде ұлттық мәнге ие екені көрініп тұратын дәстүрлік бейвербалды амалдар жатады.

«Бейвербалды амалдардың, оның ішінде дәстүрлік бейвербалды амалдардың семантикасы жайдан-жай қалыптаспайды. Ондағы семантика халықтық ойлау жүйесімен, дүниетанымымен байланысып, белгілі бір символдық мәнге ие болады. Сөйтіп, тұтас бір ұлттың тіл қолданудағы тәжірибесі негізінде орныгып, коммуникативтік сипат алады, яғни белгілі бір ақпараттық ауқымы бар ұлттық код есебінде қалыптасады» [211, 101].

А. Жусупова Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясының орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларындағы ұлттық элементтерге талдау жасай келе, этномәдени ассиметрияның халық образын ашуда үлкен мәнге ие екенін айтады [212, 12].

Этномәдени ассиметрияға негіз болатын реалий ым-ишараларды К.Кажгалиева «этнокинемалар» деп атайды. Этнокинемалар – ұлттық сипаты басым, белгілі бір мәдениет өкілдері арасында кеңінен қолданылатын және сол мәдениет өкілдеріне ғана түсінікті болып келетін мағынасы символдана бастаған ым-ишаралар (Кесте 82).

Кесте 82 – Этномәдени ассиметрияның үлгілері

Түпнұсқа	**А. Ким аудармасы**
Не көрмеген басым! Телі-тентегің «бір сойқанды бастауға дәл осы дәмнің үстінде бекінді» деп біл, Дәке!—деді де, Базаралы дастарқаннан **бір түйір ірімшікті алып, ант ырымен жасағандай болып, аузына салды** [84, 72].	«По вашим советам действовал, видите, как хорошо понял вас!» Погоди, Даке, ты еще увидишь! Мне сдается, что в беседе с тобой я нашел верное решение… Чего мне бояться? Я видел вещи и пострашнее! — И Базаралы, смеясь, **взял со скатерти кусок сыра**. — Вот, Даке, над этим кушаньем твой неугомонный бунтарь клянется устроить немалый шум в степи! — сказал Базаралы и торжественно, словно совершая обряд клятвы, положил в рот высохший сыр [197].

Түпнұсқа	**А. Ким аудармасы**	**Л.Соболев аудармасы**
Өңі-жүзін, нұрлы, қарақат көзін шыны қасірет жасымен жуып отырған Дәмежанға Абай **құшақтап көрісіп**, жұбату айтты [71, 32].	Теперь он пришел к Дамежан Женщина не переставала плакать, подняв навстречу Абаю заплаканное лицо, красоту которого не могло испортить даже такое горе. Абай **обнял** ее, успокаивая и утешая [197].	Абай **обнял** плачущую женщину и, глядя в ее черные, похожие на спелую смородину глаза, стал говорить ей ласковые, ободряющие слова [153, 347].

Этномәдени ассиметрия паралингвизмдердің аудармасына да тікелей әсер етеді. Мысалы:

1) Халықтың ұлттық коммуникативтік мінез-құлқын бұрмалау. Этномәдени ассиметрияның тағы бір ерекшелігі мұндай аударма

лингвистикалық тұрғыдан жуық немесе дәл аударма болуы мүмкін, алайда этномәдени тұрғыдан екінші тілде өзінің мәдени коннотациясын сақтамауы немесе қайшы мәнге ие болуы ұшырасады. Мысалы (Кесте 83):

Кесте 83 – Этномәдени ассиметрияның үлгілері

Түпнұсқа	**Л. Соболев аудармасы**
Үлкендер тобына бір жақтан, **әкеден төмен отырып**, **телміре қараған** Абай болса, дәл осы тәрізденіп, барынша **бой салып, қарап отырған** - ана шеттегі жас жігіт Жиренше [94, 18].	Круг аксакалов с одной стороны замыкает Абай, **сидящий рядом с отцом**, а с другой — молодой жигит Жиренше [152, 45].

Осы үзіндіде «*әкеден төмен отырып*» деген проксемикалық бейвербалды компонент аударма*да «сидящий рядом с отцом»* деп берілген. Бұл аударма мағыналық жақтан түп нұсқаға жақын екені сөзсіз. Алайда қазақта «төмен отыру» ұғымы мәдени мәнге ие, құрметтеу семантикасын білдіретінін естен шығармау керек. Қазақ үшін «қатар отыру» мен «төмен отырудың» айтарлықтай айырмашылығы бар. Әсіресе киіз үйдің ішкі кеңістігіндегі әр орынның символдық, тұрақты мәні бар екенін назарға алар болсақ, қақ төрдің оң және сол жақ қапталы, төрден төменгі орын, босағаға жақын орын, кіреберіс секілді әрбір прокесеманы аударуда аса абай болу қажет. Мәселен, «төр» - мәдени семантикасы терең тұрақты бейвербалды ұғым. Шығармада «төр» проксемасын «переднее место» деп аударған. Алайда төрдің кеңсітіктегі орны алдыңғы дегеннен гөрі жоғары, ортадағы орын дегенге саяды. Сондай-ақ бұл ұғым танымдық мәнге ие. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: «ТӨР – зат. 1. Үйдің есігіне қарама-қарсы жоғарғы жағы. Киіз үйдің ішін екіге бөлгенде, от жағатын ошақтан жоғары бөлігі – төр, есік жақ бөлігі босаға аталады. 2. этн. Жасы үлкен адамдар, сыйлы қонақтар отыратын құрметті орын» [213] деген сынды алты түрлі мағынасы көрсетілген. Олардың ешбірі «алдыңғы орын» дегенді білдірмейді. Сондықтан «төр» сөзін «переднее место» деп аудару аудармадағы ассиметрияның бір үлгісі деуге болады.

Кесте 84 – Этномәдени ассиметрияның үлгілері

Түпнұсқа	**Л. Соболев аудармасы**
Жүгініп отырған Байкөкше көтеріле беріп, қуана жадырағандай болды, **қабағын керіп жіберіп**, лезде іле жөнелді [58, 528].	Акын **сидел на корточках**. Он привстал, насмешливо **поднял брови** и быстро закончил в лад Абаю [153, 281].

Дене қалыбының, соның ішінде отырыстың қазақ халқына тән түрлеріне «жүгініп отыру» және «малдас құру» жатады (Кесте 84). Бұл – қазақ халқының

киіз үйде тұрып, жерге көрпе жайып, жер үстелді айнала отыратын тұрмыстық ерекшелігінің бір көрінісі. Отырыстың мұндай түрлері орыс халқына тән болмағандықтан, орыс тілінен баламасы табыла бермейді. Сондықтан болса керек аудармашылар отырыстың осы екі түрін кейде қате аударып жатады. Мысалы жоғарыдағы мысалда «жүгініп отырған» тіркесін «сидел на корточках» деп аударған. «Сидеть на корточках» тіркесі орыс тілінде кең тараған қолданыс. Тіркес құрамындағы «корточки» сөзі орыс тілінде жеке қолданылмайды, «сидеть на корточках», «опуститься на корточки», «присесть на корточки» сынды тұрақты конструкциялардың құрамында кездеседі. Орыс әдеби тілінің фразеологиялық сөздігінде *«на корточках – Согнув ноги в коленях и держась на носках (сидеть). О человеке»* деген анықтама береді. Мысал ретінде А.П.Чеховтың «Старый дом» шығармасынан мынандай мысал келтіреді: «Перед печкой сидит на корточках Егорыч и сует железку в огонь» [214]. Сөздіктен көріп отырғанымыздай «сидеть на корточках» қолданысы жүгініп отыруға да, малдас құрып отыруға да толық балама бола алмайды. Себебі отырыстың бұл екі түрі де жерге отыруды білдіреді. Сидеть на корточках қазақ тіліндегі жүресінен отыру тіркесіне мағыналас. Ал жүгініп отыруды «опускаться на колени» деп аударған орындырақ болады.

Аудармадағы осы сынды қателерді *эрратология* саласы қарастырады. Эрратологиялық материалдар аударма сапасын бағамдауға ғана емес, сапалы аударма жасауға қажет білімді жүйелеуге көмектеседі. Осыған қатысты В.Н.Комиссаров аудармадағы қателердің 4 түрін көрсетеді:

1) Түпнұсқа мәтіннің мағынасы толық өзгеріске ұшырауы, негізгі мағынаның бұрмалануы;

2) Түпнұсқадағы мағынаның дәл баламаланбауы;

3) Түпнұсқаның стильдік сапасының төмендеуі;

4) Аударманың негізгі нормалары сақтламаса да, баламалануы деңгейінің қанағаттанарлық болуы [189, 136].

В.Б. Кашкин: «аудармадағы қателердің негізгі себебі тіларалық ассиметрияға байланысты деп есептейді [215, 37].

Кесте 85 – Этномәдени ассиметрияның үлгілері

Түпнұсқа	**А.Ким аудармасы**	**Л. Соболев аудармасы**
Баймағамбет жартылай ашық қалған есікті тартып жапты да, Абайдың **төменгі жағына келіп, шапшаң ғана жүгініп отырып алды** [71, 81].	Баймагамбет молча и деловито выполнил его повеление и прикрыл плотнее дверь, а сам **опустился на корточки рядом** с Абаем [216, 81]	Баймагамбет понял, поэт не желает, чтобы во время беседы с Есентаем и Сейсеке в комнату вошел кто-нибудь из посторонних, и, плотно притворив дверь, **присел на корточки возле** Абая [153, 382].

Мысалдардан көріп отырғанымыздай, екі аудармашы да жүгініп отыруды «опустился на корточки», «присел на корточик» деп, ал «төменгі жағына» дегенді «рядом», «возле» деп аударған (Кесте 85).

Жүгініп отыру амалы алдыңғы мәнмәтінде қате аударылғанымен келесі бірінде өзінің дәл аудармасын тапқан (Кесте 86):

Кесте 86 – Этномәдени ассиметрияның үлгілері

Түпнұсқа	Л. Соболев аудармасы	А.Ким аудармасы
Отырыста да жайылып отырмайды. Ұлжанға ерсі көрінген бір әдетпен **бала шәкіртше жүгініп отырды**. Жоғары шық дегенге шықпай, Мәкіштің ғана жоғарғы жағынан кеп жайғасқан. Онда да Құнанбайдың **шынысын өзі әперіп, қызмет қып отыру үшін** әдейі осы араны алған екен [58, 7].	Не проходя на почетное место, он опустился на корпе рядом с Макиш. Он не развалился на подушках, как мог бы сделать хозяин дома, но, подобно какому-нибудь ученику медресе перед наставником, **присел на согнутых коленях,** чтобы **самому ухаживать за Кунанбаем и подавать ему чай из своих рук** [153, 352-353].	Не проходя на почетное место, сел рядом, пониже. Не стал разваливаться на подушках, важничать, показывая, кто здесь хозяин, а присел, **опустившись на колени,** словно школяр медресе перед хазретом, и **принялся собственноручно наливать Кунанбаю чай** [197].

Л.Соболев «жүгініп отырды» дегенді «присел на согнутых коленях» деп аударса, А.Ким «присел, опустившись на колени» деп баламалайды. Бұл екі балама да сәтті шыққан, бейвербалды амалдың мағынасын жеткізіп тұр. С. Кенжеахметұлы «тізе бүгу» турасында былай дейді: «Ертеден келе жатқан бұл ырым шаңырақка деген құрметтің белгісі. Егер келген адам түрегеп тұрып шаруасын айтып үйден шығып бара жатса, онда үй йесі «тізеңді неге бүкпейсің, біздің үйдің сиыры түрегеп тұрып бұзауласын дейсің бе?» - деп өкпесін айтады» дейді [217, 50], яғни қазақ халқы үшін тізе бүгіп отырудың өзі коммуниканттың шаңырақка деген құрметі мен әдебін танытады.

Жоғарыдағы үзіндідегі «*шынысын өзі әперіп, қызмет қып отыру үшін*» деген бөлік А. Ким аудармасында ассиметрияға ұшыраған. «Шынысын өзі әперіп» тіркесін А. Ким «*принялся собственноручно наливать Кунанбаю чай»* деп шай әперуді шай құю деп аударады. Қазақ халқында қонаққа шай құйып беру – ер адамның емес отбасыдағы әйел адамның атқаратын ісі. Сыйлы қонаққа «шайды алып беріп отыруы» мүмкін. Бұл үй иесінің қонағына деген ықаласын, ілтипатын білдіру жолы. «Шынысын әперу» қолданысын Л.Соболев «чтобы *самому ухаживать за Кунанбаем и подавать ему чай из своих рук»* деп сәтті баламалайды.

Аталған үзіндідегі аудармадағы ауытқулар мәтіннің басқа бөліктерінде де кездеседі.

Романда кейіпкерлердің киіз үйде отыру әдебі, көрінісі жиі сипатталады. А.Ким аудармасында осыған қатысты өрескел қате кездесті (Кесте 87).

Кесте 87 – Этномәдени ассиметрияның үлгілері

Түпнұсқа	**А.Ким аудармасы**
Дәмежан сол уақытта тізе бүгіп **күйеуінен төмен отыра бере**, Абайлардың неғып кешігіп келгенін, қайдан шыққанын сұрады [71, 5].	Когда гости расположились, она, присев на корточки пониже мужа, принялась расспрашивать, откуда едут гости и почему так припозднились [197].

Түпнұсқа	**А.Ким аудармасы**	**Л.Соболев аудармасы**
Әбіштің қоңырқай қызыл тартқан тотыққан **жүзі қып-қызыл боп кетті.** Ол қысыла күлген бойында, **әскери қозғалыспен шұғыл бұрылып**, есікті аша берді де, **Мағышты өзінен бұрын кіргізді** [71, 37].	Однако такие слова смутили и самого Абиша его обветренное **лицо загорелось алой краской.** Он **повернулся, резко, повоенному щелкнув каблуками**, и распахнул дверь, за которой стояла красавица Магыш [197].	Посмуглевшее от степного загара **лицо Абиша покрылось густым румянцем. Повернувшись по-военному на каблуках,** он отворил дверь и позвал жену [153, 348].

«Күйеуінен төмен отыра бере» паралингвизміне қатысты «присев на корточки пониже мужа» деген аудармада екі түрлі қатені көреміз. Ең біріншісі, әйел адамның малдас құрып отыруы қазақ халқына жат, ерсі саналса, екіншіден, «на корточки» деген отырыстың өзі малдас құрып отырудан да бөлек мәнге ие екені. Бұл аударма оқырманның ойында күмән тудырары сөзсіз.

А.Ким кей мәтін үзіктерінде «малдас құруды» аударуда «скрещенные ноги» тіркесін қолданады (Кесте 88).

Кесте 88 – Этномәдени ассиметрияның үлгілері

Түпнұсқа	**А.Ким аудармасы**
Нұрке жиынға жариялап «енді сөзге кірісеміз!» деген жерде Базаралы **үлкен кісесі бар, күміс белдігін белінен шешті. Қаптал шапанының омырауын серпіңкіреп ашып, малдас құрған қалпында** төрдегі билерге қарады: – Уәй, билер! – деді [84, 131].	Когда бай Нурке объявил начало суда и произнес: «Теперь выслушаем сторону обвиняемых», – Базаралы **неторопливо расстегнул и снял с себя пояс с серебряной пряжкой, свободно раскинул по сторонам скрещенных ног полы чапана и, высоко подняв голову, спокойным, мужественным взглядом обвел лица**

Кесте 88 жалғасы

	судей. – Эй, судьи! – властно произнес он, заставив всех присутствующих вмиг стихнуть, замолчать и невольно посмотреть на него [197].
Бұлардың кейбірі **малдас құрған**, кейбірі **жүгінген**, тағы біреулері **шынтақтап сүйеніскен қалыпта**, бастарынан **тымақтарын алып**, ұлықтар ажарын қалт еткізбей бағып отыр. Болысты сайлайтын отыз елубасылар осылар [84, 46].	Из всей огромной толпы ближе к юрте были допущены только тридцать елюбасы. Они сели вблизи столов: одни — **поджав ноги под себя**, другие — **на согнутых коленях**, некоторые — боком, опираясь на локоть [197].

Сол секілді діни мәнге ие ым-ишаралар да этномәдени ассиметрияның бір көрінісі саналады. Романдағы Бөжейдің қайтыс болғаны туралы эпизодта автор қазақ халқының өлім-жітім кезінде орындайтын түрлі салт-жоралғыларын барынша айқын сипаттайды. Бұл үзінділерде паралингвизмдер де мол ұшырасады (Кесте 89).

Кесте 89 – Этномәдени ассиметрияның үлгілері

Түпнұсқа	**Л. Соболев аудармасы**
Үлкен күмбез ақ үйдің іші оң жақ босағадан дәл төрдің ортасына дейін қатар тізіліп, **мықындарын қос қолдарымен таянып**, **аңырап жылап** отырған қатындарға толы екен. **Тап орта тұста** басына қара желек жамылған Бөжейдің бәйбішесі аңырап отыр. Көзінен шын жас, зар жасы бірсін-бірсін ағып жатыр. Одан жоғары төрт-бес қыз дауыс айтып отыр. Үйдің іші бұл кезде тұтас аңырап зарлаған мол жылау еді. Отырған әйелдердің алдына жылап келген еркектер **тізе бүгіп отыра кетіп, құшақтасып** көрісіп жылайды [94, 192-193].	Большая юрта была полна женщин. Они сидели рядами от двери до переднего места и **вели похоронный плач, раскачиваясь и упираясь руками в бедра.** В самом центре причитала в голос байбише Божея. На ее голову была наброшена черная шаль. Из глаз градом катились слезы неподдельного безутешного горя. Несколько дальше сидели пять девушек и тоже **громко причитали**. Купол Большой юрты, казалось, не мог вместить стонов и заунывного воя. Мужчины, входя в юрту, **становились на колени перед сидящими женщинами, обнимали их и плакали** вместе с ними [152, 197].

Берілген үзіндідегі «мықындарын қос қолдарымен таяну», «аңырап жылау», «дауыс айту», «тізе бүгіп отыра кетіп, көрісу» сынды амалдарды аудармада сөзбе-сөз баламалауға тырысқан. Мұндағы паралингвизмдер орыс

халқына жат болғанымен, оқиға желісінен оқырман бұлардың діни сипаттағы бейвербалды амалдар екенін аңғара алады.

2) Аудармада кездесетін ауытқулардың тағы бір түрі – бейвербалды амалдың бағытталған адресатын бұрмалау.

Кесте 90 – Паралингвизмдердің аудармасындағы мағыналық ауытқулар

Түпнұсқа	А. Ким аудармасы	Л. Соболев аудармасы
Ойлағандай, енді аз уақытта Абайдың үстіне **дауыстап сәлем беріп, өңі қашқан** Дәрмен кірді. Көптен көрмеген іні досы, аса жақсы көретін жас ақын досы ойда жоқта кіргенде, әуелі Абай қуанып еді. Сол сәтте және де Дәрменнің түсінен өзгеше жайды аңғарып, сескеніп қалды [71, 76].	Стоя посреди комнаты, Абай ждал, когда они войдут в дом. Дверь распахнулась, и на пороге появился Дармен. Абай вовсе не ожидал увидеть своего молодого друга, любимого им акына. Радость захлестнула его прежде, чем он увидел, **как бледен и мрачен** Дармен. **Громко поприветствовав** Абая, он даже не улыбнулся [197].	Через минуту, **громко отдавая салем**, в комнату вошел Дармен. Абай обрадовался приходу молодого поэта, которого он любил, как младшего брата, и которого давно не видел. Но, разглядев **мертвенно бледное лицо** его, всполошился, почуяв недоброе [153, 377].

Берілген түпнұсқа мәтінде Дәрмен Абайдың үстіне дауыстап сәлем беріп кіргені айтылса, А.Ким аудармасында «громко поприветствовав Абая» деген аудармасынан сәлемнің көпшілікке емес, тек Абайға бағытталғанын көреміз (Кесте 90). Ал қазақ қатысым мәдениетінде көп адам отырған кезде үстіне кірген адамның тек бір адамға сәлем беруі әдепсіздік саналады. Бұл үзіндіні де Л.Соболев «громко отдавая салем» деп дәл аударған әрі аудармашының сәлем сөзін транслитерациялап беруі де сәтті шешім болған.

Чех компаративист-ғалымы И.Левый біз тілге тиек етіп отырған аудармадағы ассиметрияны қалыпты құбылыс деп санайды. Зерттеуші: «...түпнұсқа мен аударманың тілдік материалының сан алуандығы салдарынан олардың берілуі арасында семантикалық тепе-теңдік бола алмайды, олай болса, лингвистикалық дәл аудару мүмкін емес, тек интерпетациялауға болады» - деп лингвистикалық дәл баламаны табудың мүмкін емес екенін айтады [218, 66].

3) Кейіпкер образын әсіре жиіркеніште етіп көрсету. Бейвербалды амалдар – халықтар туралы ассоциативті ойды тудыратын бірден-бір визуалды, аудиалды арна. Оның рөлін ұлттық рәміздер мен ұлттық киім секілді нышандармен де салыстыруға болады. Себебі кез келген ұлтты көз алдымызға елестеткенде халықтың түр-түсімен бірге эмоцияны жеткізу, өз-өзін ұстау ерекшеліктері мен

мәдениеті бірден ойға оралады. Сондықтан, «бейтаныс мәдени сфера ортасына келіп түскен адам сөздік пен грамматика заңдылықтарын білумен қатар, сол белгілі мәдениеттің өкілдері туралы қосымша ақпараттардан хабардар болу керек» [45, 15]. Сол себепті аудармадағы паралингвизмдердің әрі мағыналық, әрі көркемдік, әрі идеялық тұрғыдан түпнұсқадан ауытқымауы ұлт мәдениеті мен образын әлем алдында дұрыс таныта алу үшін де маңызды. Әсіресе аудармада бұрмаланған транслатема шығармадағы образдардың ғана емес, жалпы халықтың бет-бейнесіне дақ түсіруі мүмкін. Мәселен, аударма мәтінде Есентай образын әсіре жеккөрінішті етіп сипаттауға деген талпыныс байқалады. Төмендегі келтірілген үзінділерден бұл анық көрініп тұр (Кесте 91).

Кесте 91 – Паралингвизмдердің аудармасындағы мағыналық ауытқулар

Түпнұсқа	А.Ким аудармасы	Л.Соболев аудармасы
Жұмылған көзін ақырын ғана аша түсіп, Абайға әлі де **қырындай қарап отырып**, Есентайдың бар айтқаны [71, 82].	Тут Есентай **чуть приоткрыл жирные глазки, скосил** их на Абая и промолвил [197].	Есентай **чуть-чуть приоткрыл прищуренные глаза и, по-прежнему искоса глядя** на Абая, обронил [153, 383].
Осы сөзді айтқанда **сары жүзіне қызыл қан ойнап шығып,** Есентай анық **төбелеске шыққан кісідей құтыра қарады** [71, 83].	Потеряв степенность, сорвавшись на крик, **эта гора мяса и жира с красным от ярости лицом**, Есентай готов был**, казалось, кинуться с кулаками** на Абая [197].	**Багровый** от ярости, Есентай, казалось, сам **готов был наброситься** на Абая [153, 384].
Есентайға қадалғанда, анау салмақпен ырғала түсіп, үн қатпастан сіресіп тұрды да, есікке қарай тарта берді [71, 83].	Есентай с **трудом поднялся на ноги, постоял, тяжело раскачиваясь на месте, словно оживший степной истукан, потом молча направился** к двери [197].	**...тот, не сказав больше ни слова, поднялся и медленно, стараясь сохранить важную осанку и надменное выражение лица, направился** к двери [153, 384].

Роман-эпопеяның жаңа аудармасында аудармашы Есентай образын барынша жиіркеніште етіп сипаттауға тырысқан. Сол себепті түпнұсқада кездеспейтін сөздерді қосып Абай мен Есентай арасындағы сөз таласын, образды бұрмалауға пайдаланған. Мысалы, *«жұмылған көзін ақырын ғана аша түсіп» - «чуть приоткрыл **жирные** глазки», «сары жүзіне қызыл қан ойнап шығып» - «эта **гора мяса и жира** с красным от ярости лицом», «салмақпен ырғала түсіп,*

*үн қатпастан сіресіп тұрды» - «с трудом поднялся на ноги, постоял, тяжело раскачиваясь на месте, **словно оживший степной истукан**»* деп аудару кезінде автор қолданбаған «жирные глазки», «гора мяса и жира», «словно оживший степной истукан» сынды тіркестерді өз тарапынан қосып, Есентай портретін барынша жиіркенішті етіп көрсетуге күш салып бағады. Алайда бұлайша еркін аударманың элементтерін қолдануы арқылы аудармашы мәдениеттер арасында қайшылық тудырған, себебі қазақ халқына кейіпкерді бұлайша тұрпайы етіп бейнелеу жат екені қазақтың көркем әдебиетінен белгілі. Сондықтан бұл үзінділердегі паралингвизмдер және жалпы микромәтіннің өздері Л.Соболев аудармасында сапалырақ аударылғанын мойындауымыз керек.

Екінші бір мәселе – аудару кезінде паралингвизмнің эмоциялық реңкін өзгерту.

Кесте 92 – Паралингвизмдердің аудармасындағы мағыналық ауытқулар

Түпнұсқа	**А.Ким аудармасы**	**Мағынасы**
Абай осы көрініске **ызалана жиреніп қарады** [71, 58].	Абай **наблюдал эту сцену с нарастающим чувством досады** [197].	**Доса́да**, -ы, ж. Раздражение, неудовольствие, огорчение, вызванное чем-л.» [219].
Намаз оқылып болған соң зор дауысты семіз мәзін Самұрат жаңағы Сармолла тұрған алаңға шықты. Ширақ қозғалып, халыққа **қол көтерді** де: «Жамағат!» деп екі-үш рет үн қатты. Намаздан тарамай, бұған қарай қалған жұртқа ол **сартылдаған үнмен** бар сөзін анық сөйлеп жар етті [71, 25].	Когда намаз завершился, из мечети во двор вышел жирный муэдзин Самурат **с высоко поднятой рукой**. Люди добрые! Не расходитесь, произнес он **звонким голосом** [197].	**Звонкий голос** — чистый, ясный, громкий и приятный на слух голос, который хорошо разносится [219].
Абай Тәкежанға **сазара қарады** [84, 74].	Абай **спокойно на него посмотрел** [197].	**Спокойно.** Не сопровождая свои действия заметным выражением эмоций, сохраняя душевное равновесие [220].

Кесте 92 жалғасы

Кейде ол алпамсадай алып денесімен сол жайды жанкүйер жақындар арасында күйзеліп айтқан шақтарында **еңкілдеп жылап та жіберетін** [84, 43].	Рослый, плотный, могучий — этот великан, делясь своей печалью с близкими родными, порой **всхлипывал**, называя себя то однорогим оленем, то соколом с перебитым крылом [197].	**Всхлипывать** — или всхлебывать, всхлипнуть, рыдать как бы задыхаясь; плакать без рыданий, не голосом, но прерывая дыхание икотой [219].
Күлімдей жымыңдап, **көзі ойнақшып отырған** Өтегелдіге Әбіш оқыс сұрау берді [71, 56].	Утегельды сидел на корпе и, плутовато улыбаясь, **бегая глазами**, посматривал по сторонам. Абиш спросил его с хитрецой в голосе [197].	**Бегать глазами** — смотреть быстро, не останавливая взгляда на чём-либо; суетливо, беспокойно озираться [221].

Түпнұсқадағы «ызылана жиреніп қарады» паралингвизмінің мағынасы жаңа аудармада бұрмаланған (Кесте 92). Біріншіден, «жирену» сезімі «нарастающим чувством досады» деп баламаланған. Орыс тілінің түсіндірме сөздігіне сүйенетін болсақ, «ДОСА́ДА, -ы, ж. Раздражение, неудовольствие, огорчение, вызванное чем-л.», яғни «досада» сезімі қапалануды, көңілсіздікті білдірсе, ал жирену сезімі жақтыртпау, жеккөруді білдіреді. Аталған паралингвизм алғашқы аудармада «с презрением посмотрел» деп мағыналық жақтан дәл аударылған. Соңғы аудармада паралингвизмнің этикеттік сипаты солғындаған.

Зерттеу барысында А.Ким аудармасында сөзбе-сөз аудару тәсілі жиі қолданылғанына қарамастан, паралингвизмдерді аудару дәлдігі Л.Соболев нұсқасына қарағанда төмен екені байқалады. Жаңа аударма детальдардың мағынасын бұрмалайтын тұстары мол. Мәселен, «Терезенің түбінен тасырлатып өткен аттылар дүбірі осы қақпаға, осы үйге оқтала келгендей» деген сөйлемнің «Вдруг где то вдали послышался топот копыт» деп «терезенің түбі» деген тіркестің «бір жерден» деп мағынасы өзгерген.

Қате аударма немесе аударманы бұрмалау аударма сапасына ғана емес ондағы образдар жүйесі мен оқиға желісіне де өз кесірін тигізуі мүмкін.

Үшінші бір мәселе – экпрессия қосу мақсатында мағынаны өзгертіп жіберу (Кесте 93).

Кесте 93 – Паралингвизмдердің аудармасындағы мағыналық ауытқулар

Түпнұсқа	**Аудармасы**
Мол, сұлу сары сақалы **сілкіне түсті** [71, 27].	Пышная золотистая **борода** Сармоллы **сияла** под слепящим полуденным солнцем [153, 340].

Кесте 93 жалғасы

Өзі байқамастан тамсанып, **басын шайқап еді** [94, 259].	Он **в нерешительности** задумался и **покачал головой** [152, 255].
Абайдың бұл келісі: **ұрын келу** деп, **жыртыс сала келу** деп, кейде **есік көре келу, қол ұстау** деп те аталады [94, 235].	Первый приезд жениха называется «**торжественным**»; иногда его еще называют **«приездом с подарками» или «переходом через порог», а то — «поездкой для рукопожатия»** [152, 237].

Бірінші мысалдағы «сақалы сілкіне түсу» паралингвизмі ақпараттық мәнге ие, ол Сармолланың – екілене сөйлегенін білдіреді. Ал аударма молданың сақалын сипаттаумен шектелген. *«Сартылдаған үн – звонким голосом», «сазара қарады – спокойно на него посмотрел», «ду етіп қызарып қалды да, сыпайы күліп жіберді – покачала головой», «ызалана қарады – окидывая Шубара сердитым взглядом», «Өзі байқамастан тамсанып, басын шайқап еді - Он в нерешительности задумался и покачал головой», «Ішінен аса ыңғайсызданып отырып, Абай сол ақшаны жеңгеге тастады - Абай кинул деньги женге почти с отвращением», «сырт беріңкіреп, қырындау отырды – она села на указанное ей место боком к жениху», «қол ұстау – поездка для рукопожатия», «тік қарап тұру - устремив на Абая свой острый взгляд», «көзі құрмет ізетпен қарай түсіп, төмендей берді - серые глаза, которые она подняла и тотчас опустила, самым удачным образом»* паралингвизмдердің мағыналық алшақтығы тайға таңба басқандай көрініп тұр.

Адамзат қоғамының мүшелері өз өскен мәдени ортаның кодтарын қиындықсыз декодтай алғанымен, басқа мәдени, тілдік ортаға түскенде бұл тұрғыдан қиналуы, түсінісе алмауы мүмкін. Мәдени және тілдік айырмашылықтар адамдардың вербалды байланысынан ғана емес, бейвербалды амалдарынан да анық көрінеді. П.А. Самовардың: «Только в процессе коммуникативного акта с представителями иной культуры осознаешь, что его движения − это не что иное, как проявление его культуры» [222, 45] – деген пікірі ойымызды дәйектей түседі. Халық тіліндегі сөздердің сол халықтың дүниетанымымен байланысты екенін Сепир-Уорф теориясы да қуаттайды. Уорфтың пікірінше, Американдық Хопи тілінде уақытты атайтын бірде бір сөз жоқ көрінеді, ал эскимостарда қарға қатысты тілдік бірліктердің басқа халықтарға қарағанда әлдеқайда көп екені анықталған [223]. Десе де аударылмайтын, аударуға қиын соғатын бірлектердің мол болуына қарамастан «аударма» саласы әлем үшін, ғылым үшін аса қажет. Сондықтан аударма процесі жүз пайыз толық баламалауға ұмтылудан гөрі сәтті әрі сауатты баламалауға ұмтылуы қажет екені сөзсіз. Себебі әлем тілдерінің құрамы мен құрылымы әртүрлі, *грамматикалық құрылымдары, семантикалық өрістері бірдей болуы мүмкін де емес*.

«Абай жолы» романын тілдік тұрғыдан алғаш зерттеген ғалым Е.Жанпейісов «Абай жолы» – әдебиеттің ғана емес, аса бағалы тіл ескерткіші де болып табылады. Онда қазақ тілінің байлығы, сарқылмас мүмкіншіліктері, ғасырлар бойына қалыптасқан сөздік қорының арғы-бергі қат-қабаты барынша мол қамтылған. Төрт кітаптан тұратын бұл шығармада осы күнгі сөздіктерде кездесе бермейтін де тіл құбылыстары жиі ұшырайды... Әр тарауы этнографиялық жағынан бас-аяғы бүтін жеке-жеке ғылыми еңбек десе де болады,» - [224] деп шығарманың сөздік қоры аса бай екенін және оның тілтанушылар тарапынан зерттелуінің маңыздылығын атап өтеді. Ғалымның жоғарыдағы тұжырымы 1976 жылғы еңбегінде берілсе, содан бері қарай (1976 жылдан бері қарай) көркем мәтіннің әдеби-лингвистикалық ерекшеліктерін назарға алған зерттеулер қатары көбейді.

Осы орайда «Абай жолы» роман-эпопесының түпнұсқа мәтініндегі паралингвизмдерді орыс тіліндегі балалмаларымен салғастыра қарастыру барысында коммуникацияның бейвербалды амалдарына тән мәдени мән олардың мағынасы мен коммуникативтік қызметінен және вербалды үлгілерінен көрінетіні анықталды. Қазақ халқы ерте заманнан тоқсан ауыздың сөздің тобықтай түйінін айтуды, артық сөзден гөрі ыммен-ақ ойын жеткізуді жөн көрген. Қазақ тіліндегі вербалданған ым-ишараттар халқымыздың терең психологиялық білімін, дүниетанымын, қоғамдық ұйымдасу ерекшелігін көрсетеді. Зерттеу нәтижесінде аталған ерекшеліктер бейвербалды амалдарды аудару процесін күрделендіретін негізгі себептер екеніне көз жеткіздік. Осы орайда шығармадағы бейвербалды амалдардың аудармасына қатысты мынандай қорытынды жасауға болады:

Біріншіден, адамзат қарым-қатынасында ым-ишарат, көзқарас, үн мен үнсіздік, дауыс ырғағы сынды бейвербалды амалдардың ұлттық сипаты, мәдени ерекшелігі басым болғандықтан паралингвизмдердің көп бөлігі лингвокультуремаларға жатады. Мұндай бейвербалды амалдарды әртүрлі мәдениет өкілдерінің, өзге тілді оқырманның түсінуі қиынға соғады, әркім оны өзінше интерпретациялап, басқа мағынада ұғуы мүмкін.

Екіншіден, бейвербалды құралдарды баламалаудағы сәтсіздіктер: аудармашы құзыретінің төмендігі, аудару тәсілдерін дұрыс таңдамау, түпнұсқа мәтінде баламасыз бейвербалды элементтердің көп кездесуі, сәйкес баламаларды қолданбау т.б. мәселелер паралингвизмдердің аударма мәтіндегі лингво-мәдени құндылығын түсіреді. Оның алдын алу үшін паралингвизмдерді аударудың ұтымды тәсілдері мен аударылу ерекшеліктерін анықтап алу қажет.

Үшіншіден, бейвербалды амалдар мол шоғырланған мәтін үзіктерін аудармау, яғни аудармадағы лакуналар мәтіндегі оқиға желісінің бұзылуына, кейіпкерлер репликасы арасындағы байланыстың үзілуіне, автор идеясының күңгірттенуіне т.б. мәтіндегі маңызды коммуникативтік, сюжеттік ақпараттың бұрмалануына, мәтіннің оқырманға берер әсерінің төмендеуіне ықпал етеді.

Төртіншіден, ұлттық сипаты жағынан паралингвизмдер реалий сөздерге, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерге ұқсас болғанымен, паралингвимздердің мәтінде қолданылу жиілігі аталған тіл бірліктеріне қарағанда әлдеқайда жиі

болып келеді. Себебі шығармадағы кейіпкерлердің әрбір тілдесімін автор нарративіндегі паралингвизмі толықтырып отырады. Паралингвизмдер – мәтіннің кейбір үзіктерінде ғана кездесетін санаулы құрылымдар емес, мәтінде үздіксіз көрініс тауып отыратын тұрақты мәтін элементі.

Бесіншіден, паралингвизмдер номинативтік сипатта емес, динамикалы сипатта болатындықтан, әрекетті, процесті білдіретіндіктен оларды транслитерациялау арқылы аудару мүмкін емес және паралингвизмдер әр микромәтінде автордың прагматикасына сай әртүрлі мақсатта жұмсалады. Паралингвизмдерді сәтті аудару үшін аудармашы сол халықтың ұлттық коммуникативтік мінез-құлқын жақсы білуі қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысында «Абай жолы» роман-эпопеясындағы коммуникацияның бейвербалды амалдарының вербалдану жолдары және шығарманың орыс тіліндегі аударма мәтініндегі паралингвизмдердің аударылу ерекшеліктері назарға алынды.

✓ **Бірінші тарауда** тіл білімінің жаңа бағыттарының қатарына енетін паралингвистика саласының зерттелуі және ғылыми аппараты қарастырылды. Бұл тарауда:

Паралингвистиканың пәнаралық зерттелуінен бастап лингвистика саласы ретінде қалыптасу кезеңдері назарға алына отырып, паралингвистика зерттелу хронологиясы және бағыттары негізінде төрт кезеңге бөлінді. Паралингвистикалық ізденістер Ч.Дарвин бастаған эволюционист ғалымдардың антропологиялық зерттеулерінен бастау алып, Дж.Трейгердің фонологиялық, Р.Бердвистелдің кинесикалық бағыттағы ізденістеріне ұласқан. Паралингвистика ғылым мен техникадағы жаңалықтар негізінде ауқымын кеңейтіп, қазіргі таңда ым-ишараны модельдеу, компьютерлік паралингвистика сынды заманауи ізденістер қолға алынған.

Қазақ паралингвистикасының негізін қалаушылар мен іргелі еңбектерінде қарастырылған мәселелер көрсетілді, қазіргі бағыты айқындалды. Қазақ тіл білімінде өткен ғасырдың 70-жылдарынан бері ым-ишаралар лингвомәдени аспектіде қарастырылып келеді. Бұл бағыттағы ізеністердің жаңа бір арнасы социолингвистикамен байланысты. Ал паралингвизмдерді аудармалары негізінде салғастыра отырып талдау берілген зерттеу жұмысының еншісіне тиіп отыр. Ал орыс тіл білімінде ым-ишараларды бірнеше тіл деректері негізінде зерттеп, ұлттық сипатын анықтау мәселесін екі мыңыншы жылдардан бастап бір топ зерттеушілер қарқынды түрде зерттеп келеді.

Паралингвистиканың метатілі талданып, ғылыми аппаратына қатысты қайшы пікірлер талданып, оларға қатысты ұсыныстар жасалды. Пәнаралық сипатқа ие паралингвистика тіл білімі саласы ретінде орныққанына жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, әлі күнге дейін зерттеу нысаны мен салалық терминологиясына қатысты басы ашылмаған мәселелер бар. Аталған қиындықтарды ескере келе, бұл зерттеу жұмысында паралингвистиканы кең мағынасында қатысымның барлық тілдік емес құралдарының вербалды үлгілерін зерттейтін ғылым ретін тану және вербалданған параамалдарды «паралингвизмдер» деп атау ұсынылды.

✓ **Екінші тарауда** бейвербалды амалдардың көркем мәтін кеңістігінде вербалдану жолдары мен шығарма тіліндегі көркемдік, лингвопрагматикалық, танымдық қызметтері сараланды.

Қатысымның көмекші құралдары автор қаламы арқылы көркем мәтін кеңістігінде вербалданатын – маңызды лексикалық қабат. Ым-ишараларды вербалдауда автор жалпыхалықтық паралингвизмдерді пайдаланады әрі авторлық индивидуалды паралингвизмдерді тудырады. Бейвербалды амалдардың вербалдаудың ең ұтымды тәсілі – фразеологиялық

паралингвизмдерді қолдану, ал паралингвизмдердің экпрессиясын арттыруда метафора мен теңеу таптырмас құралдар.

Паралингвизмдер шығармада образдар жүйесін жасауға және кейпікерлер коммуникациясында лингвопрагматикалық мақсатта қолданылады. Паралингвизмдер көркем мәтінде кейіпкер портретін жасау үшін, кейпікер эмоциясын сипаттау үшін, кейіпкердің тілсіз сөзін жеткізу үшін және коммуникативтік жағдаятты сипаттау үшін жұмсалғаны анықталды. Кейіпкер тілінде ым-ишаралар вердиктив, комиссив, экзерситив, бехабитив ретінде жұмсала алады, сонымен қатар кейіпкерлер коммуникациясында контакторлық, этикеттік, фатикалық қызметтермен қатар, вербалды хабарды сүйемелдеу қызметі, экпрессия қосу, коммуниканттардың бір-біріне деген көзқарасын білдіру, адресатты іс-әрекетке жұмылдыру, коммуникант жайлы ақпар беру, коммуниканттардың басқалардан жасырын құпия тілдесімін жүзеге асыру, вербалды хабар алмасу мүмкін емес кезде хабар беру, вербалды хабардың ақиқаттығын білдіру сынды маңызды қызметтерді атқара алатыны дәлелденді.

✓ **Үшінші тарауда** лингвистикалық аударматанудың зерттелуі және паралингвизмдерді аударудың ерекшеліктері сөз болды.

Тіларалық аударма – аударматанудағы зерттеулерге өзек болып жүрген аударманың дәстүрлі түрі. А.В. Федоров ауарманың негізгі зерттеу нысаны *аударылатын мәтін* деп көрсетеді, ал аударма мәтіннің микроанализі тілдік бірліктерді талдау арқылы жүзеге асады. Көркем шығарма тіліндегі ұлттық болмысты, қатысым мәдениетін танытатын құралдардың бір тобы – паралингвизмдер. «Абай жолы» роман-эпопеясының орыс тіліндегі аударма мәтіндерінде паралингвизмдер сөзбе-сөз аудару немесе калькалау, сөз қосу, еркін аударма, генерализация (мағынаны ұлғайту), конкретизация (мағынаны нақтылау), функциялық аударма (теңестіре аудар), түсіндірмелі аударма, транслитерациялау тәсілдері арқылы аударылған. Шығарма аудармасында паралингвизмді аудармай, қалдырып кету яғни лакуна құбылысы да жиі кездеседі. Бұл мәселе түпнұсқаның сапасы мен идеялық бірлігіне, шығарманың тұтастығына, сондай-ақ автор тілінің шұрайлығының аудармада солғындауына әсер етіп қана қоймай, қазақ халқының ұлттық-коммуникативтік мінез-құлқының, образдардың бұрмалануына себеп болған.

Зерттеуде «Абай жолы» романының алғашқы және соңғы аудармасы қатар назарға алынып, салыстырылды. Сол арқылы бейвербалды амалдарды аударудағы ұтымды тәсілдер мен қолданыстарды анықталды. «Абай жолы» романының орыс тіліндегі аударма мәтініндегі бейвербалды амалдардың сәтсіз аудармаларына себеп болған факторларды лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар деп бөліп қарай аламыз.

Лингвистикалық факторларға жоғарыда аталған лексикалық, грамматикалық және этномәдени ассиметрия жатады. Ал экстралингвистикалық факторларға аудармашының тілдік құзыреттілігінің төмендігі, аудармашының мәдени құзыреттілігінің төмендігі, жолма-жол аударманы пайдалануы, науқаншылдық және идеологиялық мәселелерді атай аламыз.

Аударма процесі тіларалық шығармашылық түрі болғандықтан бір тілден екінші тілге аудару кезінде бірқатар кедергілер туындайды. *Паралингвизмдерді аударудағы негізгі қиындық – мәдениетаралық ассиметрия екені дәлелденді.*

Аударманың негізгі мақсаттарының бірі – түпнұсқа мәтін оқырманымен аударма мәтін оқырманы бір мәтіннен бірдей әсер алып, бірдей түсінуін қамтамасыз ететін мәтін түзу. Сол себепті аударма сапасына әсер ететін кез келген фактор жіті қарастырылып, талданып отыруы әрі қиындықтарды шешу жолдары ұсынылып отырылуы қажет. Көркем мәтіндердің аудармасы – әлемді мәдени жағынан танудың, адамзат баласының ұджымдық зейінін кеңейтудің құралы, сондықтан бұл – мәдениетаралық коммуникацияның ерекше – мәдени-этникалық және көркем-эстетикалық түрі саналады.

Аударма тілдік-мәдени құндылығы жоғары мәтін саналатындықтан, аударма материалды зерттеу компоративті лингвистика, контрастивті лингвистика, конфронтативті лингвистика аясында зерттеуді қажет етеді. Зерттеу нысанының ерекшелігіне қарай паралингвистиканың да нысанына кіріп отыр. Коммуникацияның бейвербалды амалдарының вербалды үлгілері ұлттық болмыс пен дүниетанымның тілдегі көрінісін ашуға мүмкіндік береді. Бейвербалды амалдарды аудармаларымен салыстыра отырып талдау тілдесімнің көмекші құралдарын ұлттық-мәдени семантиканың компоненттері ретінде зерттеудің бір жолы екені ғылыми талдау барысында толық дәлелденді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Темиргазина З.К. Современные теории в отечественной и зарубежной лингвистике: Учебное пособие: Курс лекций для магистрантов и студентов-филологов старших курсов. Изд. 3-е, дополн. – Павлодар, 2009. – 135 с.

2 Пименова М.В. Языковая картина мира: учебное пособие. – Кемерово: КемГУ, 2011. – 114 с.

3 Әнес Ғ.Қ. Мәтін кеңістігі: семантикалық, этимологиялық аспект: филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2010.

4 Оразбаева Ф., Дәулетбекова Ж. Коммуникативтік-прагматикалық парадигма: айтылым мәдениетін қалыптастырудың маңызы мен мүмкіндіктері // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. – №183 (3). – 40-49 бб.

5 Кобозева И.М. «Теория речевых актов» как один из вариантов теории речевой деятельности. Новое в зарубежной лингвистике. – Москва: Прогресс, 1986. – С. 7-21.

6 Mamynova B.K., Slyambekov Q.B., Soltanbekova A.A., Imangazina M.A., Ramazanov T.B. The fourth generation of academic Kazakh grammar // Новые исследования Тувы, 2024. – №3. – С. 326-340. https://doi.org/10.25178/nit.2024.3.20

7 Kendon A. Gesture. Visible Action as Utterance. – Cambridge: Cambridge University Press, 2004. – 418 p.

8 Spencer H. The principles of psychology. – London: Longman, Brown, Green, and Longmans, 1855. – 636 p.

9 Darwin Ch. The Expression of the Emotions in Man and Animals. – London, 1872. – 401 p.

10 Geiger L. Ursprung und Entwicklung der menschlichen Sprache und Vernunft. – Stuttgart: Cotta, 1868. – 544 p.

11 Wundt W. Völkerpsychologie. Eine Untersuchung der Entwicklungsgesetze von Sprache, Mythus und Sitte. – Leipzig: Wilhelm Engelmann, 1900. – 640 p.

12 Trager G.L. The Typology of Paralanguage // Anthropological Linguistics. – 1961. – №3 (1). – p. 17–21.

13 Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии: Пер. с англ./Общ. ред. и вступ. ст. А.Е.Кибрика. – М.: Издательская группа «Прогресс», «Универс», 1993. – 656 с.

14 Birdwhistell R.L. Kinesics and Context: Essays on Body Motion Communication. – Pennsylvania: University of Pennsylvania Press, 1970. – 337 p.

15 Argyle M. Bodily Communication. 2nd Edition. – London: Routledge, 1988. – 384 p.

16 Judith A. Hall. Gender Effects in Decoding Nonverbal Cues // Psychological Bulletin. – 1978. – Vol. 85, No. 4. – p. 845-857.

17 The SAGE Handbook of Nonverbal Communication / [edited by] Valerie Manusov, Miles L. Patterson. – USA: SAGE Publications, 2006. – 624 p.

18 Liu Lanmiao, Ghaleb E., Özyürek A., Yumak Z. SemGes: Semantics-aware Co-Speech Gesture Generation using Semantic Coherence and Relevance Learning // https://iccv.thecvf.com

19 Gullberg M. Some reasons for studying gesture and second language acquisition (Homage à Adam Kendon). // International Review of Applied Linguistics in Language Teaching, 2006. - №44 (2). – P. 103-124.

20 Валиханов Ч. Собрание сочинений. – Алматы: Жазушы, 1985. – 687 с.

21 Аймауытұлы Ж. Психология. – Алматы: «Marfu Press» баспасы, 2023. – 300 б.

22 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: «Самға» баспасы, 2023. – 144 б.

23 Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. – Алматы: Мектеп, 1987. – 234 б.

24 Хасенов Ә. Тіл білімі. – Астана: Ер-Дәулет, 2007. – 128 б.

25 Оналбаева А.Т. Социокультурный аспект невербального общения // Международный журнал экспериментального образования, 2013. – №7. – С. 103-106.

26 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы: РБК, 2000. – 207 б.

27 Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Три лингвострановедческие концепции: лексического фона, рече-поведенческих тактик и сапиентемы. — М.: «Индрик», 2005. – 1040 с.

28 Иванова Ю.В. Паралингвистические элементы художественного текста (на материале французской прозы XX- XXI веков): автореф. дис. канд. фил. наук. – Москва, 2009. – 19 с.

29 Музычук Т.Л. Невербальная составляющая дискурса персонажа в модели и языковой репрезентации: автореф. дис. докт. фил. наук. – Москва, 2013.

30 Кобзева, О. В. Вербальная репрезентация кинемы в художественном тексте: семантика и прагматика: дис. канд. фил. наук. – Ростов-на-Дону, 2009. – 190 с.

31 Русина Е.А. Сравнительный анализ параязыковых явлений в русских и английских художественных текстах: На материале романов И. Гончарова "Обрыв" и Т. Гарди "Тэсс из рода д'Эрбервиллей": дис. канд. фил. наук. – Москва, 2002. – 215 с.

32 Григорьев Н.В., Григорьева С.А., Крейдлин Г.Е. Словарь языка русских жестов. – М. – Вена: ЯРК, 2001. – 254 с.

33 Боева Е.Д. Прагматические параметры средств невербальной коммуникации (на материале русского, немецкого и французского языков и культур): дисс. канд. фил. наук. – Краснодар, 2000. – 166 с.

34 Потапова Е. Р. Фонетика и паралингвистика: Очерки по теории коммуникации. – М.: Языки русской культуры, 1998. – 224 с.

35 Момынова Б., Бейсембаева С., Жан Диң-Джиң. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша-қытайша түсіндірме сөздігі. – Пекин: Орталық ұлттар университеті баспасы, 2013. – 131 б.

36 Байтанаев Ә. Шын шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1969. – 140 б.

37 Ахманова О.С. Паразык: Словарь лингвистических терминов. — Изд. 4-е, стереотип. – М.: КомКнига, 2007. –576 с.

38 Колшанский Г.В. Паралингвистика. – Москва, 1974. – 352 с.

39 Крейдлин Г.Е. Невербальная семиотика: язык тела и естественный язык. – М.: Новое лит. Обозрение, 2004. – 581 с.

40 Зекенова Ш.З. Омоним және синоним мағыналы бейвербалды амалдардың эмотивті-коммуникативтік сипаты: фил. ғыл. канд. автореф. – Алматы, 2010. – 31 б.

41 Камешева Г.Қ. Қазақ тілдесімінің көмекші құралдары: филол. ғыл. канд. дис. – Астана, 2007. – 172 б.

42 Мағжан С. Қазақ тіліндегі бейвербалды элементтердің көп мағыналылығы: филол. ғыл. канд. дис. автореф. – Алматы, 2007. – 29 б.

43 Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 440 б.

44 Әлеуметтік лингвистика сөздігі / Абасилов А. – Алматы, 2016. – 168 б.

45 Момынова Б.Қ. Қазақ ым-ишараттары: сөйлеу этикеті мен қатысым мәдениетінде. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2016. – 496 б.

46 Ло Шаньлинь. Элементы параязыка в художественной прозе курских писателей. автореф. дис. канд. фил. наук. – Белгород, 2016. – 22 с.

47 Кодухов В.И. Введение в языкознание. – Москва, 1987. – 286 с.

48 Лабунская В.А. Невербальное поведение (социально-перцептивный подход). – Ростов: Изд-во Ростов, ун-та, 1986. – 135 с.

49 Мәдениаралық қарым-қатынас. Қазақша-орысша терминдер оқу сөздігі / құраст.: Г.Б. Мадиева, Ж.Р. Сейітметова, М.М. Мәмбетова, Д.Б. Мәдиева. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 89 б.

50 Старикова Г.В. Лексика портретных описаний. Дисс. На соиск. Уч. Степ. Канд. Филол. Наук. – Алматы, 1984. – 188 с.

51 https://tbisozdik.kz/

52 Бизақов С., Болғанбаев Ә., Дәулетқұлов Ш. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 720 б.

53 McNeill D. Hand and mind: What gestures reveal about thought. – Chicago: University of Chicago, 1992. – 440 p.

54 Нұрсұлтанқызы Ж. О.Бөкеев шығармаларындағы бейвербалды амалдар: филол. ғыл. канд. дис. автореф. – Алматы, 2006.

55 Benitez-Quiroz C. F., Srinivasan R., Martinez A. M. Facial color is an efficient mechanism to visually transmit emotion // Proceedings of the National Academy of Sciences. – 2018. – Vol. 115. – no.14. – pp. 3581-3586.

56 Боровикова К.В., Третьякова М.Ф. Прагматический аспект перевода невербальных коммуникативных средств в художественном тексте // Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского – 2019. – № 2 – С. 176.

57 Оразгалиева Г.Ш. Некоторые эмоции, отраженные в русских фразеологизмах и их английских соответствиях // Наука, образование и культура. – 2020. – №4 (48). – С. 28-35.

58 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Екінші кітап. – Алматы: «Жазушы», 2009. – 432 б.

59 Петрова Л.И. Человеческое тело и эмоции в контексте лингвокультурологии // Вестник Псковского государственного университета. Серия: Социально-гуманитарные науки. – 2007. – №1. – С. 133-144.

60 Poyatos F. Textual Translation and Live Translation: The Total Experience of Nonverbal Communication in Literature, Theatre and Cinema. – Amsterdam: John Benjamins Publishing Company, 2008. – 365 p.

61 Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. – М.: Русский язык, 1990. – 234 с.

62 Коваленко М.Ю. Теория коммуникации: учебник для бакалавров / М.Ю. Коваленко, В.А. Коваленко. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство Юрайт, 2013. – 415 с.

63 Тамаева Б.Ғ. Құрмет және оның паралингвистикалық белгілері // Тілтаным. – 2004. – №4. – Б. 51-56.

64 Колшанский Г.В. Паралингвистика. Изд. 2-е, доп. – М.: Комкнига, 2005. – 96 с.

65 Нарожная В.Д. Невербальная коммуникация как этнокультурный феномен (теоретико-экспериментальное исследование): автореф. дис. докт. фил. наук. – Көкшетау, 2010. – 46 с.

66 Момынова Б.Қ., Имангазина М.А. «Абай жолы» романындағы бейвербалды амалдардың аудармасы: ерекшеліктері мен кемшіліктері // Ш.Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – №1. – Б. 121-135.

67 Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2008. – 356 б.

68 Калашникова Н.М. Имидж и семиотика народного костюма // Имиджеология – 2005: Матер. III международ.сипозиума по имиджеологии. – М.: РИЦ АИМ, 2005. – С. 325-327.

69 Гетьманенко Н. И. Невербальные средства общения: трудности перевода в иной культурной среде // Гуманитарный вектор – 2013. – № 2 (34). – С. 126.

70 Серль Дж. Что такое речевой акт? // Новое в зарубежной лингвистике.– М., 1986. – Вып. 17. – С. 151-169.

71 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Төрінші кітап. – Алматы: «Жазушы», 2009. – 400 б.

72 Efron D. Gesture and Environment. – New York: King’s Crown Press, 1941. – 194 p.

73 Ekman, P., Friesen W.V. The repertoire of nonverbal behavior: Categories, origins, usage, and coding // Semiotica. – 1969. – №1(1). – P. 49–98.

74 McNeill D. So you think gestures are nonverbal? // Psychological Review. – 1985. – №92. – P. 271–295.

75 Danesi M. Understanding nonverbal communication: a semiotic guide. – New York: Bloomsbury Academic, 2021. – 256 p.

76 Крейдлин Г. Невербальная семиотика. – М.: Новое литературное обозрение, 2002. – 577 с.

77 Васильева Е.Л. Невербальные компоненты коммуникации и речевые акты (на материале современного английского языка): автореф. дис.канд.фил.наук. – Минск, 2002. – 19 с.

78 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ...дисс. автореф. – Алматы: Арыс, 2007. – 56 б.

79 Николаева Т.М. Структура речевого высказывания и национальная специфика жеста // Актуальные вопросы преподавания русского языка и литературы. – М., 1969.

80 Верещагин Е. Вопросы теории речи и методика преподванаия иностранных языков. – Москва : Изд-во Моск. ун-та, 1969. – 90 с.

81 Маслыко Е.А. К психолингвистической природе паралингвистических явлений // Материалы III Всесоюзного симпозиума по психолингвистике. – М., 1970.

82 Бейсембаева С.Б. Невербальные компоненты коммуникации в казахском языке: автореф. дис. канд. фил. наук. – Алматы, 2002. – 28 б.

83 Зекенова Ш.З. Омоним және синоним мағыналы бейвербалды амалдардың эмотивті-коммуникативтік сипаты: филол. ғыл. канд. ...дис. – Алматы, 2010.

84 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Үшінші кітап. – Алматы: «Жазушы», 2009. – 384 б.

85 Галичев А.И. Кинесический и проксемический компоненты речевого общения. – М.: МВИ, 1987. – 125 с.

86 Пиз А. Язык жестов: Увликательное пособие для деловых людей (пер.с анг. Яз.). – Воронеж: НПО «МОДЭК», 1992. – 218 с.

87 Вилсон Г., Макклафлин К. Язык жестов. – Санкт-Петербург, 2001. – 106 с.

88 Mehrabian, A. Silent Messages. – Belmont, CA: Wadsworth, 1971. – 344 p.

89 Имангазина М. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы бейвербалды амалдардың тақырыптық топтары // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – №147(2). – 97-107 бб.

90 Базарбаева З.М. Казіргі қазақ тілі интонациясының негіздері. – Алматы: Комплекс, 2002. – 202 б.

91 Martin P. Intonation pattern recognition // Proc. Int. Symp. on Intonology. – Prague, 1970.

92 Кулиш Л.Ю. Психолингвистические аспекты восприятия устной речи (зависимость восприятия от речевых характеристик говорящего): дисс. докт. фил. наук. – Киев, 1984. – 434 с.

93 Түйте Е.Е. Паралингвистикалық амалдардың коммуникативтік қызметі // Вестник Карагандинского университета. Серия «Филология». – 2015. – №1(77). – 18-23 бб.

94 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы: «Жазушы», 2009. – 376 б.

95 Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2-том: дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. – 416 б.

96 Тимашева О.В. Введение в теорию межкультурной коммуникации: Учебное пособие. – М.: Изд-во УРАО, 2004. – 192 с.

97 Филиппов А.В. Жесты и их отображение в тексте художественного произведения // Лингвистический сборник. - М., 1975. – С. 185-194.

98 Тымболова А. Бейвербалды қатынас құралдары // Қазақ диалектологиясының мәселелері және профессор Хасан Кәрімұлы. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – Б. 197-202.

99 Жэнь Фэй. Невербальная коммуникация и её отражение в художественном тексте (на материале произведений А.Н.Чехова): автореф. дис. канд. фил. наук. – Пермь, 2017. – 26 с.

100 Серғалиев М. Стилистика негіздері. – Астана, 2006. – 276 б.

101 Мартынова Е.М. Невербальный аспект аномальной коммуникации автореф. дис. докт. фил. наук. – Белгород, 2016. – 39 б.

102 Ешімов М.П. Қарым-қатынастағы бейвербалды амалдар: қол қимылдарының семантикасы // ҚазҰУ Хабаршысы. Филолгия сериясы. – 2014. – №3 (149). – 91-96 бб.

103 Формановская Н.И. Речевое взаимодействие: коммуникация и прагматика / Н.И. Формановская. – М.: Изд-во «ИКАР», 2007. – 480 с.

104 Кажгалиева К.Ш. Национально-культурная специфика фатической речевой коммуникации в казахском языке: автореф. дис. канд. фил. наук. – Алматы, 1991. – 24 с.

105 Почепцов Г. Теория коммуникации. – Москва: «Рефл-бук», 2003. – 651 с.

106 Mehl Matthias, Vazire Simine, Ramírez-Esparza Nairán, Slatcher Richard, Pennebaker James. Are Women Really More Talkative Than Men? // Science. – 2007. – №317(5834):82. https://doi.org/10.1126/science.1139940

107 Бейсембаева С.Б. Приемы трансформации кинесических элементов в устную речь // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2015. – №5 (157). – 11-14 бб.

108 Allan & Barbara Pease. The Definitive Book of Body Language. – Australia: Pease International, 2004. – 404 p.

109 Гарькавец С.А. Психология невербального общения: учебное пособие. – Северодонецк: Изд-во «Петит», 2015. – 214 с.

110 Bull P. State of the art: Nonverbal communication // The Psychologist. – 2001. – Vol 14 No 12. – P. 644-647.

111 Шаховский В.И. Лингвистическая теория эмоций. Монография. – Москва: Гнозис, 2008. – 416 с.

112 Slama-Cazacu, T. Nonverbal Components in Message Sequence: ‘Mixed Syntax’ // Language and Man… - 1976. – P. 217-227.

113 Виноградов В.В. Некоторые задачи изучения синтаксиса простого предложения (на материале русского языка) // Вопросы языкознания. – 1954. – №1. – С. 29.

114 Горелов И.Н. Невербальные компоненты коммуникации. Изд. 4-е. – М: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2009. – 112 с.

115 Bühler K. Theory of Language: The Representational Function of Language. Trans. Donald Fraser Goodwin (with Achim Eschbach). – Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins, 2011. (e-book).

116 Паршукова Л.П., Карлышев В.М., Шакурова З.А. Физиогномика. – Ростов н/Д: Феникс, 2004. – 384 с.

117 Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы: Арыс, 1998. – 215 б.

118 Формановская Н.И. Речевой этикет и культура общения. Науч.-попул. – М.: Высш. шк., 1989. – 159 с.

119 Бирюков Р.А. Лексическая номинация внешних форм поведения человека в контексте коммуникативной ситуации (на материале английского и русского языков): автореф. дис. канд. фил. наук. – Москва, 2006. – 26 с.

120 Зуева Е.А. Вербализация паралингвистических актов в художественном тексте современной немецкой литературы.): автореф. дис. канд. фил. наук. – Белгород, 2005. – 20 с.

121 Момынова Б. Қазақ ым-ишараттарының түсіндірме сөздігі. – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2017. – 288 б.

122 Алимтаева Л.Т. Қозғалыс атаулары ретіндегі етістіктердің семантикалық сипаты және грамматикалық потенциалы: филол. ғыл. канд. ...дис. автореф. – Алматы, 2010. – 24 б.

123 Ешімов М.П. Бейвербалды амалдардың мағыналық түрлері // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – №9 (71). – 124-127 бб.

124 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 130 б.

125 Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: "Арыс" баспасы, 2007. – 800 б.

126 Зекенова Ш.З. Вербалды және бейвербалды қатынастардың өзара үйлесімділігі мен ерекшеліктері // ҚазҰУ Хабаршысы. – 2010. – №3 (127). – 176-179 бб.

127 Қаратаев М. Қазақтың тұңғыш эпопеясы // Мұхтар Әуезов тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1987. – 152 б.

128 Блинова А.А. Взаимодействие вербальных и невербальных средств коммуникации. – М., 1998.

129 Әбікенов М.Т. Сафуан Шаймерденов прозасының көркемдік ерекшеліктері: фил. ғыл. канд. ...дис. – Астана, 2006.

130 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 240 б.

131 Тарақов Ә., Сейденова С. Кейіпкер портретінің бейнеленуі және аудармада берілуі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2015. – №1 (153). – 296-301 бб.

132 Сәрсеке Г. Р.Сейсенбаев шығармаларындағы кейіпкерлерді мінездеуші тілдік-стильдік тәсілдер: филол. ғыл. канд. ...дис. – Алматы, 1999 – 130 б.

133 Әбдуова Б.С. Тарихи романдар тілінің көріктеуіш амалдары (І.Есенберлин шығармалары бойынша): филол. ғыл. канд. ...дис. – Астана, 2000.

134 Богданов В.В. Предложение и текст в содержательном аспекте. – Санкт-Петербург, 2007. – 278 с.

135 Ершов П.М. Искусство толкования. Часть первая. Режиссура как практическая психология. – Дубна: Феникс, 1997. – 352 с

136 Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем). Монография. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.

137 Аймаганбетова О.Х. Невербальные средства межэтнического общения // ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және социология сериясы. – 2004. – №2 (13). – 92-95 бб.

138 Стефаненко Т.Г. Этнопсихология. – М.: Аспект Пресс, 2004. – 368 с.

139 Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1995. – 208 б.

140 Акишина А.А., Кано Х. Жесты и мимика в русской речевой коммуникации. – М., 1991. – 144 с.

141 Ибраимова Ж.Т. Қазақ тіліндегі тұрмыстық лексиканың қатысымдық сипаты (М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы киім атаулары негізінде): филол. ғыл. канд. ...дис. – Алматы, 2008. – 125 б.

142 Остин Дж.Л. Слово как действие // Новое в зарубежной лингвистике. Вып. XVII. – Москва: Прогресс, 1986. – С. 22-129.

143 Ратмайр Р. Прагматика извинения: Сравнительное исследования на материале русккого языка и русккой культуры / Пер. с нем. Е.Араловой. – М.: Языки славянской культуры, 2003. – 272 с.

144 Нуржанова З.М. Невербальные компоненты коммуникации в произведении М.Ауэзова «Путь Абая» // ПМУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2009. – №4. – 120-127 бб.

145 Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастилистикасы: оқулық. – Стер. бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 247 б.

146 Ешімов М.П. Ым семантикасы: универсалды және ұлттық табиғаты: филол. ғыл. канд. ...дис. автореф. – Алматы, 2004. – 29 б.

147 Фазылжанова А.М. Сөз сазы және интонация (эксперименттік-фонетикалық зерттеу). – Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ баспасы, 2022. – 208 б.

148 Ахметжанова З.К. Очерки по национальной концептологии. – Алматы: Издательство «Елтаным», 2012. – 148 с.

149 Дмитриева Ю.В. Невербальная семиотика я ее отражение лексико-фразеологическими средствами языка (на материале английского, немецкого и русского языков): автореф. дис. канд. фил. наук. – Москва, 2013. – 24 с.

150 Нарожная В.Д. Невербальные средства общения: аспекты межкультурной коммуникации. Монография. – Шымкент: МКТУ им А.Ясави, 2010. – 214 с.

151 Averkina, L.A. Communication is an important aspect of intercultural communication // Herald of Moscow State Linguistic University, 2008. – P. 123-133.

152 Әуезов М. Путь Абая. I том. (ауд. А.Никольский, Л.Соболев). – Алматы: «Ана тілі», 1997. – 336 с.

153 Әуезов М. Путь Абая. II том. (ауд. А.Никольский, Л.Соболев). – Алматы: «Ана тілі», 1997. – 351 с.

154 Ушаков Д.Н. Большой толковый словарь русского языка: современная редакция. – Москва : Дом Славянской кн., 2008. – 959 с.

155 Латышева С.И., Романов С.В. Теория перевода и проблемы обучения переводу // Гуманитарные исследования в Восточной Сибири и на Дальнем Востоке. – 2009. – № 1. – С. 61-66.

156 Дадебаев Ж. Әдеби компоративистика және көркем аударма: оқу құр. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 182 б.

157 Дәуренбекова Л.Н. Көркем аударма тәжірибесі: көмекші оқу құралы. – Алматы: «Елтаным» баспасы, 2013. – 58 б.

158 Айтбаев Ө. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. – Алматы: Ғылым, 1975. – 228 б.

159 Jakobson, R. (1959/2012) On Linguistic aspects of translation. – Cambridge, 2012. – P. 126-131.

160 Хельбиг Г. Языкознание – сопоставление – преподавание иностранных языков // Новое в зарубежной лингвистике. – М., 1989. – Вып. 25. – С. 309-310.

161 Шевнин А.Б. Эрратология: Теория ошибок и переводческих несоответствий // Вестник ЮУрГУ. Серия «Лингвистика», выпуск 2. – 2005. – №11. – С. 111-113.

162 Catford J.C. A Linguistic Theory of Translation. An Essay in Applied Linguistics. – Oxford: Oxford University Press, 1965. – 110 p.

163 Newmark P. Approaches to Translation. – Oxford and New York: Pergamon, 1981. – 220 p.

164 Cicero M.T. (46 bce/1960 ce) ‘De optimo genere oratorum’, in Cicero De invention, De optimo genere oratorum, topica. Translated by H.M. Hubbell. – Cambridge, MA: Harvard University Press; London: Heinemann, 1960. – P. 347-373.

165 Федоров А.В. Основы общей теории перевода (лингвистические проблемы): Уч. Пособие. – М.: Высшая школа, 1983. – 303 с.

166 Бархударов Л.С. Язык и перевод. Вопросы общей и частной теории перевода. – М.: «Международные отношения», 1975. – 240 с.

167 Мунэн Ж. Теоретические проблемы перевода. Перевод как языковой контакт. philology.ru.

168 Ауэзова Л.М. Исторические основы эпопеи «Путь Абая». – Алма-ата: Наука, 1969. – 316 с.

169 Чичерин А.В. Возникновение романа-эпопеи. – Москва: Сов. писатель, 1958. – 372 с.

170 Сәтбаев Қ. Аса үздік шығарма // Мұхтар Әуезов тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1987. – 35-45 бб.

171 Қабдолов З. Менің Әуезовім. – Алматы: Санат, 1997. – 395 б

172 Ауэзов М. Из неопубликованного // Казахстанская правда, 1967. 16 апреля.

173 Соболев Л.С. Духовный брат Абая. // Собрание сочинений. Т. 4. – Москва: Советская Россия, 1988 . – 399 с.

174 Ананьева С. «Путь Абая» М.О. Ауэзова в переводе А. Кима. – Керуен. – 2009. – №2 (15). – С.136-157.

175 Бельгер Г.К. Жизнь – эпопея. – Алматы : Жибек жолы, 2009. – 144 с.

176 Амирова Ж.Г. Аудармашы қызметінің кәсіби негіздері. – Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2009. – 144 б.

177 Сатыбалдиев А. Пути казахского перевода // Художественный перевод взаимодействие и взаимообогощение литератур. – Ереван: Издатель Ереванского университета, 1973. – 534 с. – С. 176-183.

178 Нұрмаханов Қ. Дәстүрлі достық. – Алматы: Жазушы, 1972. – 289 б.

179 Кручинина А.А. Информационная составляющая специального текста и ее реализация в переводе // Вестник Нижегородского государственного лингвистического университета им. Н. А. Добролюбова. – 2009. – № 6. – С. 47-55.

180 Абдуллаева Ж.Т. Ф.М. Достоевскийдің «Ағайынды Карамазовтар» романының түпнұсқасы мен аударма мәтіні поэтикасының сәйкестігі: фил. ғыл. канд. ...дис. – Алматы, 2010.

181 Нұрғали Р. Діңгек, Екі томдық. Т. 1. – Алматы: Арда, 2009. – 592 б.

182 Russia's People of Empire : Life Stories from Eurasia, 1500 to the Present, edited by Stephen M. Norris, and Willard Sunderland. – Indiana University Press, 2012. – 298 p.

183 Аударматанудың заманауи мәселелері: ұжымдық монография / Ж.Дәдебаев, Ә.Тарақов, Т.Есембеков, А.Жақсылықов, Л.Мұсалы, С.Сейденова, А.Айтмұханбетова, И.Әзімбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 207 б.

184 Рсалиева Н. Көркем аударманың келелі мәселелері (І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларының негізінде). – Алматы: «Sardar G», 2024. – 256 бет.

185 Онлайн сөздік https://www.collinsdictionary.com/

186 Auezov M. Abai. Book one. – Moscow: Foreign Languages Publishing House, 1957. – 457 p.

187 Awezov M. Abay Yolu I. (translated by Dr. Z. Ismail, A. Gungor). – Ankara: Bilig, 1997. – 438 b.

188 Нұрқатов А. Ел өмірінің айнасы // Мұхтар Әуезов творчествосы: Мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1965. – 18-14 бб.

189 Комиссаров В.Н. Общая теория перевода. – М.: ЧеРо, 1999. – 136 с.

190 Nida E.A. Toward a Science of Translating. – Leiden: E. J. Brill, 1964. – 352 p.

191 Kade O. Zufall und Gesetzmäßigkeit in der Übersetzung. – Leipzig: VEB Verlag Enzyklopädie, 1968. – 124 p.

192 Рецкер А.Д. Теория перевода и переводческая практика: Очерки лингвистической теории перевода. – М.: Международные отношения, 1974. – 216 с.

193 Vinay J., Darbelnet J. Stylistique comparée du français et de l'anglais : méthode de traduction. – 2-е изд. – Montréal: Beauchemin, 1972. – 352 p.

194 van Doorslaer Luc (2007) 'Risking conceptual maps', in Y. Gambier and L. van Doorslaer (eds) // The Metalanguage of Translation, special issue of Target. – 2007. – №19.2. – P. 217-233.

195 Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына. – Алматы: Жазушы, 1987. – 229 б.

196 Алшинбаева Ж.К. Көркем мәтіндегі фразеологизмдердің этномәдени семантикасы және оның тіларалық берілуі (қазақ және ағылшын тілдері материалы негізінде): филос. докт. дис. – Нұр-Сұлтан, 2022. – 125 б.

197 https://qazcorpus.kz/_paralel-ishkorpus

198 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. – 856 б.

199 Ауэзов М. Путь Абая. / Перевод А. Кима. Кн. 3. – Алматы: ИД «Жибек жолы», 2012. – 504 с.

200 Реформатский А.А. Введение в языкознание. – Москва: Аспект Пресс, 1996. – 536 с.

201 Имангазина М.А., Момынова Б.Қ. Ұлттық мінез-құлықтың коммуникацияда бейвербалды амалдар арқылы көрінуі // Абылай хан Хабаршысы. Том 73 (2). – 2024. – 88-103 бб.

202 Бердалиева Р.Ш. Специфика невербальной модели общения казахского народа // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. «Филология ғылымдарының» сериясы. – 2018. – №2 (64). – 28-34 бб.

203 Топер П.М. Перевод в системе сравнительного литературоведения. – М.: «Наследие», 2000. – 87 с.

204 Гончар Н.Г. Асимметрия в переводе художественного текста: этнолингвокультурный аспект: автореф. дис. канд. фил. наук. – Тюмень, 2009. – 22 с.

205 Салқынбай А. Абай сөзінің лингвопоэтикасы: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 242 б.

206 Имангазина М.А. Аудармадағы коммуникант эмоциясы: түр-түс атауларының қызметі мен семантикасы // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2024. – №3. – 41-52 бб. https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-3.04

207 Имангазина М.А. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы бейвербалды амалдардың тақырыптық топтары // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университетінің Хабаршысы. – 2024. – №2 (147). – 97-107 бб. https://doi/org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-97-107

208 Imangazina M., Pimenova M., Develi H. Language representation of nonverbal means: peculiarities of verbalisation in the Kazakh and Russian languages // Tiltanym. – 2024. – №(2). – P. 111-124. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-2-111-124

209 Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию: Пер. с нем. / Общ. ред. Г.В. Рамишвили; Послесл. А.В. Гулыги и В.А. Звегинцева. – М.: ОАО ИГ «Прогресс», 2000. – 400 с.

210 Nord C. Text Analysis in Translation: Theory, Methodology, and Didactic Application. Revised Edition. – Amsterdam / New York: Rodopi, 2005. – 275 p.

211 Кенжеғалиев С.А., Айтжан Д.К., Калыбекова К.С. Қазақы дәстүрдегі бейвербалды амалдар// Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №4 (130). – 101-115 бб.

212 Жусупова А.У. Проблема перевода этнокультурной идентичности в трилогии А.Нурпеисова «Кровь и пот»: дис. докт. филос. – Алматы, 2020. – 162 с.

213 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық. Т. 1: А–А. – Астана : Ақару баспасы, 2011. – 744 б.

214 Фразеологический словарь русского литературного языка / под ред. А. И. Фёдорова. – Москва: Государственное издательство иностранных и национальных словарей, 1957. – 846 с.

215 Кашкин В.Б. Асимметричность знака и межъязыковые различия // Теоретические проблемы современного языкознания. Сборник в честь проф. З.Д. Поповой. – Воронеж, 2009. – С. 32-37.

216 Ауэзов М. Путь Абая. / Перевод А. Кима. Кн. 4. – Алматы: ИД «Жибек жолы», 2012. – 528 с.

217 Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: «Ана тілі», 1994. – 80 б.

218 Левый И. Искусство перевода / перевод с чешского и предисловие Вл. Россельса. – М.: Прогрес, 1974. – 396 с.

219 Толковый словарь русского языка: 72500 слов и 7500 фразеологических выражений / С. И. Ожегов, Н. Ю. Шведова ; Российская АН, Ин-т рус. яз., Российский фонд культуры. – 2-е изд., испр. и доп. – Москва : Азъ, 1994. – 907 с.

220 Большой универсальный словарь русского языка: около 30 000 наиболее употребительных слов / В. В. Морковкин, Г. Ф. Богачёва, Н. М. Луцкая ; под редакцией профессора В. В. Морковкина. Государственный институт русского языка имени А. С. Пушкина. – Москва: АСТ-ПРЕСС, 2018. – 1451 с.

221 Большой фразеологический словарь русского языка / отв. ред. - В.Н. Телия. – Москва: АСТ-Пресс, 2009. – 781 с.

222 Самовар П.А. Невербальная интеракция. Инокультурная коммуникация. – Бельмонт, 1985. – 312 с.

223 Whorf B.L. Language, thought, and reality: Selected writings of Benjamin Lee Whorf (J. B. Carroll, Ed.). – Cambridge, MA: MIT Press, 1956. – 302 p.

224 Жанпейісов Е. Язык эпопеи М. Ауэзова «Путь Абая». – Издательство «Наука» Казахской ССР, 1976. – 168 с.